

Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Ғылым комитеті  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

**«ОТАНДЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ  
АКАДЕМИК ЗӘКИ АХМЕТОВ ДӘУІРІ:  
ТАРИХ, ТЕОРИЯ, ӘДІСНАМА»**

*Әдебиеттанушы-ғалым, ҚР ҰҒА академигі,  
филология ғылымдарының докторы Зәки Ахметовтың  
95 жылдығына арналған  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
материалдары*

*Алматы  
4 мамыр 2023 жыл*

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3 (5Қаз)**

**О 81**

*Басылым BR20281009 «Қазіргі әдебиеттану мен өнертанудың өзекті мәселелері» іргелі зерттеулер бағдарламасы аясында әзірленді.*

**Редакциялық алқа:**

К.І. Матыжанов (төраға), С.А. Қасқабасов, А.Қ. Қалиева (төрағаның орынбасары, жауапты редактор), Т.Е. Қыдыр, Қ.Қ. Мәдібаева, Д.А. Қонаев, А.Б.Кенжеғұлова, Н.Ж. Мағазбеков (жауапты шығарушы, құрастырушы).

**О 81 «ОТАНДЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ АКАДЕМИК ЗӘКИ АХМЕТОВ ДӘУІРІ: ТАРИХ, ТЕОРИЯ, ӘДІСНАМА»:** әдебиеттанушы-ғалым, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы Зәки Ахметовтың 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / жауапты редактор А.Қалиева, Н. Мағазбеков (жауапты шығарушы, құрастырушы). – Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2023. – 176 бет.

**ISBN 978-601-7026-40-0**

Ұсынып отырған жинақта әдебиеттанушы-ғалым, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы Зәки Ахметовтың 95 жылдығына арналған «Отандық әдебиеттанудағы академик Зәки Ахметов дәуірі: тарих, теория, әдіснама» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары топтастырылды. Конференцияда академик З.Ахметовтың қазақстандық әдебиеттану ғылымындағы орны мен ролі, әдеби байланыстар, өлең сөз теориясы, әдебиеттанудағы жаңғырған әдіснамалар, отандық ғылыми мектептердің қалыптасу тарихы туралы мәселелер зерделенді. Сонымен бірге фольклор, әдебиет тарихы, қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті ғылыми аспектілері де назардан тыс қалған жоқ.

Кітап әдебиеттанушы ғалымдар мен оқытушыларға, магистранттар, докторанттар мен студенттерге және жалпы оқырманға арналған.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3 (5Қаз)**

© М.О. Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институты, 2023  
© ЖШС «Литера-М», 2023

**Кенжехан Матыжанов,**  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет  
және өнер институтының бас директоры,  
ҚР ҰҒА корп. мүшесі, филол.ғ.д.

## КІРІСПЕ СӨЗ

### *Құрметті әріптестер!*

*Академик Зәки Ахметов – еліміздегі әдебиеттану ғылымының қалыптасып, даму тарихында өзіндік орны бар бірегей тұлға. Зәки Ахметұлы жарты ғасырдан астам ғұмырын ғылым мен ұстаздық жолына арнады.*

*Аса дарынды теоретик-ғалым ретінде Зәки Ахметов қазақ өлеңтануын жеке ғылыми бағыт ретінде нығая түсуіне айрықша үлес қосты. Ғалымның өлең сөздің теориясы, қазақ өлеңінің өзіндік табиғаты, болмысы мен бітімі туралы көпжылдық зерттеулері ірі монографиялар, оқу құралдары ретінде тиянақ тапты. Осылайша, З.Ахметов қалыптаған ғылыми парадигма бүгінгі таңда қабырғалы ғылыми мектепке ұласты. Академик З.Ахметов мектебінен өткен 24 ғылым кандидаты мен 6 ғылым докторы бүгінгі таңда еліміздің барлық өңірлерінде абыроймен қызмет етіп, ұстаздың сара жолын, ғалымдық өнегесін жалғастырып келеді.*

*Өзі ұдайы назарында ұстаған абайтану мен әуезовтану салаларында да Зәки Ахметұлының айрықша қолтаңбасы сақталып қалды. Егіз ілімнің теориялық-әдіснамалық тұрғыда жетіліп, қанат жайған тұсындағы отандық әдебиеттанудың табыстары қатарында Зәки Ахметов еңбектері бар. Оған бүгін ортамызда отырған абайтанушы, әуезовтанушы ғалымдарымыз күә.*

*Ғалымның әр жылдары жарық көрген «Лермонтов және Абай», «Қазақ өлең құрылымы», «Өлең сөздің теориясы», «Қазақ әдебиетінің қазіргі заманда дамуы және дәстүрлері», «Абай жолы» эпопеясының поэтикасы», «Абайдың ақындық әлемі» сынды еңбектері ғылымилық принциптері, теориялық нақтылығы жағынан бүгінгі таңға дейін жоғары сұраныстағы іргелі зерттеулер қатарында.*

*Біз үшін академик З.Ахметовтың ғылыми-шығармашылық жолы – өз кәсібіне адал нағыз Ғалым болудың жарқын үлгісі.*

*Зерделі ғалымның ғылыми мұрасы еліміздің классикалық зерттеулері қорында өз орнын тапты. Ал осы сан салалы ғылыми қазынаны жан-жақты зерттеу бүгінгі әдебиеттанушылардың алдында тұрған аса маңызды мәселе деп ойлаймын.*

*Академик Зәки Ахметовтың шығармашылық ғұмырнамасында М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының алатын орны ерекше. Мерейтойлық шараға ғалым-ұстазымыздың замандастары мен ғылымда жолдары тоғысқан ізбасарлары, шәкірттері қатысып отыр. Академик З.Ахметовтың қырғыз әдебиеттануының өркендеп дамуына, білікті кадрлар даярлау ісіне қосқан қайраткерлігі мен қамқорлығы үшін зор ризашылықтарын білдіріп, Қырғызстан Республикасы Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының бірқатар ғалымдары келді. Қазақстанның түкпір-түкпірінен интернет арқылы шәкірттері онлайн байланысқа қосылуда. Ахметовтар әулеті атынан келген туған-туыстары да бүгінгі конференциямыздың құрметті қонақтары қатарында. Сондықтан бұл бас қосуда академик-ғалымның шығармашылық еңбегі жан-жақты сараланады деген үміттеміз.*

*Қадірлі әріптестер! «Отандық әдебиеттанудағы академик Зәки Ахметов дәуірі: тарих, теория, әдіснама» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның жұмысына сәттілік тілеймін!*

**Жанғара ДӘДЕБАЕВ,**  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы  
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,  
филол.ғ.д., профессор

## МЕНІҢ УНИВЕРСИТЕТІМ

1975 жылы университетті бітірдік. Жас мамандардың болашақ жұмыс орындары анықталды. Мен Қарағанды облысына баратын болдым. Дипломымызды алдық. Енді жолға шығамыз деп жүргенде университетті өзіммен бірге бітірген бірнеше жас маман жұмысқа Ғылым академиясының М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына баратын болғандарын айтты. Құлбектен анығын білсем, оларды М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына жұмысқа алып қалуға профессор Тұрсынбек Кәкішев уәде беріпті. Тұрсынбек Кәкішев – менің диплом жұмысымның жетекшісі болған кісі, өзі студенттердің ғылыми қоғамына басшылық жасап, мені әдебиеттану тобындағы студенттерге «бастық» етіп қойған. Жаңағы хабарды ести сала, Тұрсынбек ағам телефон соқтым. Сәлемдескен соң: «Аға, біздің жігіттердің біразын Әуезов институтына жұмысқа алып қалып жатыр екенсіз, мені де алып қалыңыз!» – дедім. Ағам сөзге келген жоқ: «Онда ертең сағат онда министрствоның алдына кел», – деді. Ертеңіне бес-алты жас маман Тұрсекеңнің кел деген жеріне келіп тұрдық. Тұрсекең бізді министрдің орынбасары Әуесхан Қанафин деген кісіге алып барып, біздің облыстарға тарап кеткенімізден гөрі Әуезов институтында қалғанымыз елге де, ғылымға да пайдалырақ болатынын айтты. Министрдің орынбасары жас мамандарды жұмыс орындарына бөлу туралы бұйрыққа өзгеріс енгізіп, біздің қолымызға Әуезов институтына барып жұмысқа тұруға жолдама жазып берді.

Министрліктен шыққан бойы бәріміз Әуезов институтына келдік. Тұрсекең бізді институт директорының кабинетіне бастап кірді. Институттың директоры Әди Шәріпов еңбек демалысынан әне-міне келеді деп отырған сәт екен. Бізді Зәки Ахметұлы Ахметов қабылдады. Зәки Ахметұлының кітаптарын, жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің студенттеріне арналған «Өлең сөздің теориясы» деген оқулығын оқығанымыз, атын, атағын естігеніміз болмаса, өзімен бұған дейін жүзбе-жүз кездеспегенбіз. Сыпайы, жүзі ашық, жайдарлы кісі екен. Түр-түсінен де, сөйлеуінен де зиялылық лебі еседі. Біздің

қолымыздағы жолдамамызға қарап, кадр бөліміне біздің бәрімізді де жұмысқа алу туралы бұйрық дайындауға тапсырма берді, қыркүйектің бірінші күнінен қалмай жұмысқа кірісуімізді, келген бойда институт директоры Әди Шәріповтің алдында болуымызды ескертті. Зәки Ахметұлымен біз осылай таныстық.

Кейін білдік, Зәки Ахметұлының өзі де жас кезінде ұстаздарының жақсылығын көріп жетіліпті. Әсіресе бізге сабақ берген, ақыл айтқан қарт профессор, қазақ әдебиеттануының асыл бәйтерегі Бейсембай Кенжебаевтың жақсылығын көп көріпті. Бейсекеңнің ықыласы ауған адамның жақсы адам екеніне алаңсыз сендік. Бейсекеңе деген құрметіміз Зәки Ахметұлына да лайықты болар деп сезіндік. Екінші жағынан, Зәкеңнің бізге деген жылы көзқарасынан, ағалық ізетінен ол кісінің біздің университетімізге, өзі оқыған, тәлім-тәрбие алған білім ордасына ерекше ілтифатын аңғарғандай болдык.

Содан бері тұтас бір дәуір өтіп кеткен сияқты...

Кісінің өзінің өмір жолында бағыт берген, көмек көрсеткен, жақсылық жасаған адамдардың қадірі мен қасиетін білуі – білімнің асылы. Оны өзі біліп қана қоймай, өзі мен өзгелердің игілігіне асыру – кісілік кемелдіктен. Зәки Ахметұлы – ғылыми шығармашылық және ұстаздық қызметпен өткізген өмірінде білімнің асылын тапқан, кісілік кемелдікке жеткен қазақ зиялыларының алдыңғы легіндегі азамат еді.

Өмір жолын жаңа бастаған жастың алдында неше түрлі таңдау тұрады. Мысалы, Абайдың «Масғұт» поэмасындағы Масғұттың алдындағы үш түсті алма – үш түрлі таңдау. Ағын таңдаса, ақылы жаннан асады; сарыны таңдаса, дәулеті судай тасады; қызылын таңдаса, әйел затында одан қашар жан болмайды. Зәки Ахметұлы Абайдың поэмасындағы үш түрлі таңдауға негізделген сюжеттік желінің И. Тургеневтің «Шығыс аңызы» («Восточная легенда») шығармасына да арқау болғанына назар аударды. Өмір жолына түскен жастың алдынан үш түрлі таңдау шығатыны қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінде ежелден бар. Әр таңдау әртүрлі мақсатқа жеткізеді: бірі – байлыққа, бірі – билікке, енді бірі – ай десе аузы бар, күн десе көзі бар асыл жарға. Өмір жолына жаңа түскен жас үшін бұл үшеуінің бірін таңдау қиын. Өйткені жас адамға осы үшеуі бірдей керек. Зәки Ахметұлы осы таңдаулардың бәрінің де маңызды, бәрінің де қымбат екенін сипаттай отырып, олардың қайсысын таңдау қажеттігі айналасында халықтың дәстүрлі дүниетанымының, дәстүрлі көзқарасының ерекшеліктері барын аңдатады. Сонымен

қатар ғалым Абайдың поэмасындағы таңдауда айрықша сипат барын және оның терең негізінде жеке-дара, белгілі дәрежеде автобиографиялық мән жатқанын, өмірдің шындық болмысы бейнеленетінін көрсетеді [1]. Ғалым осы пікірі арқылы Абайдың шығармасындағы таңдаудан ақынның шындық болмысқа деген авторлық көзқарасы аңғарылатынын сездіргендей болған. Сонымен бірге осы пікірде ғалымның өзінің де Абайдың таңдауына қатысы, эстетикалық бағасы көрініс тапқан еді. Осы жайды тіршілік философиясының кеңістігіне шығара қалған жағдайда, кезінде Зәкеңнің алдында да түрлі таңдау тұрғандай болады.

Өнер туындысындағы таңдау бейнелі. Өмірдегі таңдау затты. Екі кеңістіктегі осы таңдауларға ортақ ерекше шарт бар: кісі нені таңдаса да бір-ақ рет және бір-ақ нәрсені таңдайды. Екі рет немесе екі нәрсені таңдау өнер туындысында да, өмір жолында да мүмкін емес. Өмірінің басында таңдап алған жолымен келе жатқан жанның орта жолдан кейін қайтып, басқа жолды таңдау мүмкіндігі тағдыр тақтасына жазылмаған. Сондықтан өмір жолының басындағы таңдаудың жауапкершілігі үлкен.

Өмір жолы тар соқпақ, бір иген жақ,  
Иілтіп екі басын ұстаған хақ.  
Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ,  
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ [2, 224], –

дегенде Абай осы жауапкершілікті мезгеп айтып отырғанға ұқсайды. Зәки Ахметұлының таңдауы айрықша болды: білім, ғылым жолын таңдады. Бұл жол байлыққа да, билікке де, түрге де, түске де тәуелсіз болды, ізгіліктің жолы болды. Білім мен ғылымды азық, ізгілікті серік еткендіктен, Зәкең «тиянақ, тегістік жоқ» «имек жолда» дүниеге бой алдырмады, аяғын шалдырмады, «құлап кетпей», «көзіне бағып, «тура шықты». Бұл оңай емес еді. Бұдан ізгіліктің шырқау биігіне жетуді мұрат тұтқан және сол іздеген мұратына жеткен жан ғана тура шығуға тиіс еді. Анығын Алла біледі, менің түсінігімде Зәки Ахметұлы өмірдің «тар соқпақ», «бір иген жақ» секілді жолына ізгі тілекпен түсіп, одан ізгі қалпында тура шықты.

Зәкең ғылым есігін өлең туралы ойларымен ашып [3], өлең туралы толғаныстарымен жапты [4]. Алғашқы іргелі еңбегінде Абайдың өлеңдегі өрнегін тапты, соңғы еңбегінде Абайдың ақындық әлемінің жарығын жақты. Бұл екі ортада қазақ өлеңінің құрылысын жүйелеп, өлең теориясын [5-8] жасады.

М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихы мен поэтикасын зерттеп [9-10], әуезовтану ғылымын, қазақ романының теориясын жаңа ғылыми қағидалармен, жаңа теориялық тұжырымдармен байытты, қазақ әдебиетінің көркемдік дәстүрлері мен заманауи даму заңдылықтарын саралады [11-12], әдебиеттің тарихы мен теориясын зерттеудің, теориялық ұғымдар жүйесін қалыптастырудың әдіснамалық негізін қалады.

Ғалым зерттеулерінің бәрі іргелі болмысымен ерекшеленеді. Сөйте тұра зерттеушінің әрбір теориялық қағидасы нақты талдаулар мен пайымдауларға негізделеді. Әр ғылыми мәселе, құбылыс, зерттеу нысаны өзінің даму өзегінде, өзіндік қозғалыс өрісінде, тұтасқан күйінде әрі құрамдас бөліктерінің өзара табиғи байланыстары мен қарама-қарсылықтары жүйесінде зерттеледі. Зерттеу барысында қол жеткен нақты ғылыми нәтижелер теориялық саралаулар мен жинақтаулар үдерісінен өтіп, тұтас құбылыстың жалқы және жалпы қасиеттеріне тән ортақ һәм дара ерекшеліктердің заңдылықтары анықталады. Осы ғылыми нәтижелердің әрқайсысы әдебиеттану ғылымының дамуына жаңа серпін берген, әдеби-теориялық ойды биік белеске көтерген іргелі жетістік, ірі табыс еді.

Зәки Ахметұлының еңбектерінде нақты кезеңнің, нақты аумақтың, нақты тұлғаның нақты шығармалары нақты талдаулар арқылы пайымдалып, көркем әдебиеттің жалпытеориялық мәселелері туралы ғылыми және практикалық маңызы үлкен ойлар, қағидалар, идеялар тұжырымдалды. Осы ойлар мен қағидалар, идеялар ғұлама ғалымның өлең сөздің құрылысы, жазушы еңбегінің психологиясы мен поэтикасы туралы эстетикалық теориясына ұласты. Бұл теорияның ғылыми маңызы күні бүгінге дейін жоғары. Ал шындығын айтар болсақ, кейінгі әдеби-теориялық ой Зәкем мен Зекем қалыптастырған биікте табан тіреп тұра алмай, кері лықсыды. Зәки Ахметұлы мен Зейнолла Қабдолұлы ХХ ғасырдың екінші жартысында қара терін ағызып жүріп алға жылжытып, биікке шығарған әдебиет теориясы бүгінгі әдеби-теориялық ойдан көш ілгері алда, оқшау тұрғандай көрінеді.

Зәки Ахметұлы Зейнолла Қабдоловтың ұсынысымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде филология факультетінің студенттеріне арнап арнаулы курстар оқыды, ғылыми-зерттеулер жүргізді, диссертациялық кеңестердің жұмыстарына қатысты. Мен үшін Зәкемнің осы жұмыстарының



бәрінің де пайдасы болды. Әсіресе М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихы мен поэтикасы туралы іргелі зерттеу еңбегінің әдіснамалық жүйесін пайымдаудың көп көмегі тиді. Бұл еңбектің әдіснамалық негізі бірден көзге түсіп тұрмады. Тәжірибе көрсеткендей, іргелі зерттеулердегі талдаулар мен жинақтаулар, қағидалар мен тұжырымдар көзге көрініп, көңілге қонып тұрғанмен, солардың бәрінің асыл өзегі, түпкі негізі қызметін атқаратын әдіснаманы, методологияны тану оңай емес. Мен соны тануға талап қылдым. Қанша талап қылып, қанша ізденгеніммен, Зәкемнің ғылыми шығармашылығының әдіснамалық негізін, методологиясын жете білдім деп айта алмаймын. Зәкемнің ғылыми шығармашылығының әдіснамалық негізі терең, көп деңгейлі. Оған әркім өзінің ойы мен бойына қарай ғана бойлай алмақ. Мен де сөйттім. Әйтсе де Зәкемнің сөзі мен баяндамалары да, монографиялық зерттеулері де, ақыл-кеңестері де менің ғылыми-шығармашылық қызметімде игілікті болғанын, әлі де игілікті болып келе жатқанын айтуды өзіме парыз санаймын.

1992 жылы докторлық диссертация қорғадым. Ғылыми кеңесшім – Зекең, академик Зейнолла Қабдолов. Диссертация бойынша ресми төрешілерді белгілеу барысында Зекең екі төрешіні өзінің қалауы бойынша ұсынатынын, үшінші төрешіні менің таңдауым бойынша ұсынатынын айтты. Зекең бірінші төреші етіп академик Зәки Ахметовті ұсынды. Зекемнің ұсынысы тура менің ойымдағыдай болды. Менің диссертациялық жұмысымның теориялық бағыты мен әдіснамалық жүйесі «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихы мен поэтикасы туралы Зәки Ахметұлының монографиялық зерттеуімен негіздес болатын.

Диссертациялық кеңес мәжілісінде Зәкем бас төреші болып сөйледі. Диссертациялық кеңестің төрағасы – академик Тұрсынбек Кәкішұлы. Төрешілердің сөзінің толық айтылуын қадағалаушы – осы кісі. Зәкемнің сараптамасын тыңдап отырмын. Көңілім орнында. Бір уақытта Зәкем диссертацияда «Абай жолындағы» Тоғжанның портретіне қатысты айтылатын пікіріме арнайы көңіл аударды. Жүрегім лүпілдеп қоя берді. Бойжеткен сұлу қыздың портретін жасауда екі үлгіні қатар алып, салыстырған болатынмын. Оның бірі – Абайдың үлгісі. Екіншісі – М. Әуезовтің үлгісі. Онымен қоймай Абайдың «Қақтаған ақ күмістей» өлеңінде сұлу қыздың портретін жасаудағы тәсілі туралы М. Әуезовтің: «...сұлудың сырт

көркімен қатар сезімін, ақыл-мінезін, адамдық ішкі дүниесін беруді ақын ескермейді. Паспорттық сипаттау жасайды», – деген пікірін де айта келіп, Тоғжанның портретін жасауда жазушының дара шығып, үлкен шеберлік үлгісін көрсеткеніне тоқталған едім. Ойланбай да қалмай, ақылға салып қарағанда, М. Әуезовтің портрет жасау өнеріне негіз болған бір арнаның Абайдан бастау алатынын аңғартқым келген. Бұл алда тұрған ғылыми міндеттің бір қырын танытуға тиісті еді. Зәкем менің осы пікірімнің сұлу қыздың портретін жасаудағы Абайдың үлгісіне қатысты жағын қолдамайтынын білдірді. Өзім де әу бастан «осы пікірім қалай болар екен» дегендей күйде едім, Зәкемнің ескертуі көңілімді шайдай ашты. Ішімнен өзіме-өзім: «Абайдың «қақтаған ақ күмістей кең мандайлы» сұлу қызы түгіл, «шоқпардай кекілі бар камыс құлақ» аты туралы да абайлап сөйлеу керек», – дедім.

Зәкемнің сөзі менің көңілімнің бір түкпірінде бұғып жатқан ойды оятты: Абайды тек тану, тани білу керек.

Біраз жылдардан кейін Абайдың шығармашылығы бойынша менің ғылыми жетекшілігіммен бір диссертация қорғалатын болды. Диссертанттың дайындығы жоғары, ойы ұшқыр болатын. Сол шәкіртім бір күні Абайдың «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңіндегі «мені» деген бір сөзге қатысты пікірін айтты:

**«Мені»** мен «менікі»нің айрылғанын  
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.

Диссертант ойын айтып келіп, «мені» сөзінің дұрыс жазылмай тұрғанын, бұл сөздің дұрысы «мен» болуы керектігіне тоқталды. Ойына қосымша негіз ретінде Абайдың екінші бір өлеңінен үзінді келтірді:

«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,  
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.

Шәкірт дұрыс айтты. Мен де осылай ойлайтынмын. Пікірін ашық айта беруіне қарсы болмадым. Келісім осылай болған. Сол шәкіртім өзінің диссертациясының соңғы нұсқасында Абайдың «мені» сөзінің орнына «мен» деп жазған болып шықты:

**«Мен»** менен «менікі» нің айрылғанын...

Мұны диссертациялық кеңестің мәжілісі болар алдында ғана

білдім. Үндемедім. Абайдың өлеңдерінің қалыптасқан мәтініне өзгерту енгізудің жолы мен жөні туралы айтып жатпадым. Бір ғажабы, Зәкеңнің назарынан осы бір кішкентай өзгерістің өзі де тыс қала алмапты. Бірақ бұл жайға байланысты Зәкең сөз сөйлеп, пікір білдіргенді артық көрді білем, диссертантқа сұрақ қоюмен шектелді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы диссертациялық кеңес, қазақ әдебиеті кафедрасы еліміздегі үлкен бір ғылыми мектептің қызметін атқарды. Әдебиеттану ғылымының әр саласы бойынша ғылым докторлары мен кандидаттарының жаңа буындары өніп, өсті. Зәкем бір зерттеулердің маңызы мен мәніне көңілі толып, тебіренді, енді бір жұмыстардың мазмұнын олқысынды, ескертулерін айтты. Соның бәрінде де әр диссертацияның арғы жағынан адамды, маманды көрді. Кейде үлкен мамандарымыздың өзі қайсыбір жас ізденушілердің жұмыстарын қатты сынап тастап жүрді. Сондайда Зәкем өзінің ойын айналасындағыларға сыпайы түрде жеткізетін: *жұмыстың жақсы жазылмауы оны жазған зерттеушінің жақсы болмауынан емес. Жаман ғалым болмайды. Жақсы жаза алмайтын ғалым болады...*

Өлең құрылысының жүйесін, өлшемі мен мөлшерін Зәкеңше терең зерттеген ғұлама қазақ әдебиеттануында жоқ. Соған орай өмірде әлдебір нәрсенің өлшемі немесе мөлшері туралы сөз бола қалғанда, үлкен-кішіміздің ешқайсысы Зәкеңнен асып сөз айтпайтын. Бір жолы кафедрадағы әңгіме-дүкен үстінде екі құрдас кісінің бірі екіншісіне өзінің қанша ақыл айтса да, оның ақылды бола алмағаны жайында әзіл айтты. Қалыптасқан ахуал аясында екеуінің әзілі жарасып тұрды. Сонда Зәкең олардың жарасқан әзілін мынадай түрде қолдағаны бар: *ақылды болудың өлшемі мен мөлшері болатыны сияқты ақыл алу мен ақыл берудің де өлшемі мен мөлшері болу керек.* Әзілдесіп отырған екі кісі жарқырап мээ-мейрам болып қалды. Олармен бірге кафедра түгел мээ болып, Зәкеңнің табан астында тауып айтқан сөзіне сүйсініп жатты.

Кафедра мәжілістерінің бірінде баспаға ұсынылған монографияда жаңа терминдер көп қолданылғаны туралы ескерту жасалды. Біреулер жаңа терминдердің көптігін және жаңадан қолданылғанын зерттеу еңбектің ғылыми жаңалығы қатарында көрсетуге тырысты. Пікірталастың аяғын Зәкем түйді: *қалыптасқан ғылым саласында бар ғалым жиылып немесе бір ғалым бас болып бір жаңа терминді ғылыми*

*айналысқа түсірсе, онда ол ғылымның дамуына қызмет етеді. Ал егер қалыптасқан ғылым саласында әр ғалым бір жаңа терминді ғылыми айналысқа түсіретін болса, онда ғылымның негізі жойылады.*

Зәки Ахметұлы, Зейнолла Қабдолұлы, Тұрсынбек Кәкішұлы Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясы жанында құрылған еларалық мәртебедегі диссертациялық кеңеске мүше бола жүріп, қырғыз әдебиеттанушыларының үлкен бір буынын даярлауға еңбек сіңірді. Кейінірек бұл кісілер өздерінің қатарына мені қосты. Біраздан соң өздері кеңес құрамынан шықты да, орындарын кейінгі жастарға берді. Ондағы ойлары қазақ-қырғыз әдебиеттанушыларының шығармашылық ынтымақтастығы мен достық қарым-қатынастарының өздерінен кейін де жалғаса беруі еді. Үш ағам да қырғыз ғұламаларының ортасында аса қадірлі, сыйлы болды. Өздері де қырғыз ғалымдарына үлкен құрмет көрсетер еді, олардың ғылыми зерттеулерінің теориялық нәтижелерін қырғыздан артық білмесе, кем білмес еді. Енді зәуеде бір жол түсіп бара қалсақ, қырғыз бауырларымыз ол күндерді, Зекем мен Зәкемді, Тұрсекемді тебірене еске алады.

Диссертациялық кеңес мәжілісінің, жас мамандардың диссертация қорғауының жауапкершілігі жоғары, өмірлік маңызы үлкен. Оны кеңес мүшелерінің бәрі бір адамдай сезінді деп айту артық болар. Зәки Ахметұлы ғылыми-педагогикалық кадр даярлау ісіне, жас ғалымдардың ғылыми шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ғылыми ойлау кеңістігін қалыптастыруға, диссертациялық зерттеулердің ғылыми маңызына, ғылыми қорда бар теориялық қағидалар жүйесінің баюы мен нығаюына өте үлкен жауапкершілікпен қарады. Жоғарыдағы сияқты нәзік арқаулы оқиғалардың айналасында Зәкемнің ғылым мен білімге адалдығының, қоғам алдындағы адамгершілік келбетінің, ұлт әдебиеті мен мәдениетінің жас мамандарына деген қамқорлығының естен кетпес ерекше жарығы барын бір мен емес, басқалар да білер-ау деп ойлаймын.

Бүгінде ғылым мен білімді сырттай басқарамын, сыртта жүріп ұйымдастырамын, сыртта тұрып дамытамын деушілердің қарасы көбейіп келеді. Бірақ бір нәрсенің басы ашық: ғылым мен білімді алыс қашықтықтан да, биіктен де, төменнен де ұйымдастыру, басқару, дамыту мүмкін емес. Ғылым мен білімді сол ғылым мен білімнің ішінде жүріп қана ұйымдастыруға, басқаруға, сөйтіп дамытуға болады. Ғылым мен білім әлемінің асыл ақиқаты – осы. Зәки Ахметұлы ғылым мен

білім әлемінің асыл ақиқатын өмір бойы құрметтеп, ардақ тұтып өтті. Ол ғылым мен білімді оның ішінде жүріп, оның ыстығына күйіп, суығына тоңып жүріп ұйымдастырды, басқарды және дамытты.

Ғалым адамның жетістіктерге жетуінің, жаңалық ашуының маңызы үлкен. Бірақ ғылыми зерттеу жүргізушілердің бәрі жаңалақ ашпайды. Әдебиеттануда жаңалық ашуға нағыз ғұлама ғана жетеді. Нағыз ғұлама ғылымда жаңалық ашып қана қоймайды, сонымен қатар ол ғылым жолын таңдаған адамның көзін ашады, содан соң оның жолын ашады, сөйтіп өзінің айналасын ғылыми ортаға айналдырады. Ғұламаның ғылымға сіңірген еңбегі сонда ғана жанады. Зәки Ахметұлы қазақ ғылымы мен білімінің дамуына өлшеусіз зор еңбек сіңірді: ғылымда жаңалық ашты, ғылым жолын таңдаған жастардың көзі мен жолын ашты, еңбегі жанды, қазақ әдебиеттану ғылымында жаңа ғылыми орта қалыптастырды, оның райы тамаша болды.

Университет аудиториясына Серік Қирабаев, Тұрсынбек Кәкішев, Темірбек Қожакеев, Зейнолла Қабдолов, Зәки Ахметов секілді ғұламалардың әрқайсысы өз ортасының райымен келіп бас қосқанда, олардың өзара және басқалармен қарым-қатынасынан айнала нұрланып, жақсылықтың, кісіліктің, ізгіліктің «алтын күрегі» есіп тұратын. Осы ортаның осы райын, айналасына асыл нұрын таратып, жанағанның жанын жадыратып, адамшылық гүлін жайнататын киелі қасиетін дәл сипаттайтын сөзді қалай тапсам екен деп ойға қалғаным, ойланғаным бар. Ардақты ұстаздарымның әрқайсысы өз ортасының райымен келіп бас қосқанда, олардың өзара және басқалармен қарым-қатынасынан таралатын асыл нұр мен жанағанның жанын жадыратып, адамшылық гүлін жайнататын киелі қасиетті «Менің университетім» деп атағанды дұрыс көрдім.

Академик Зәки Ахметұлы Ахметов табиғатында асыл нұры, киелі қасиеті бар, өмірінің ғибраты мол, шығармашылық еңбегінің, ғылыми-педагогикалық қызметінің әлеуметтік маңызы зор, ғылыми шығармашылық және ұстаздық қызметпен өткізген өмірінде білімнің асылын тапқан, кісілік кемелдікке жеткен, бір өзі бір университет болғандай қазақ зиялыларының алдыңғы легіндегі нағыз ғұлама, абзал адам еді.

### **Әдебиеттер:**

1. Ахметов З.А. «Восточная легенда» Тургенева и «Масгуд»

Абая Кунанбаева // Тургеневский сборник. Материалы к полному собранию сочинений и писем И.С. Тургенева. – Л., 1967. – III. – С. 163-165. <https://abai.kaznu.kz/rus/?p=280>.

2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.

3. Ахметов З.А. Абай и Лермонтов [Текст]: эссе / З.А. Ахметов; отв. ред. М. Оразбек. – Алматы: Арда, 2008. – 158 с.

4. Ахметов З.А. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.

5. Ахметов З.А. Казахское стихосложение (Проблемы развития стиха в дореволюционной и современной поэзии). – Алма-Ата: Наука, 1964. – 460 с.

6. Ахметов З.А. О языке казахской поэзии. – Алма-Ата: Мектеп, 1970. – 179 с.

7. Ахметов З.А. Өлең сөздің теориясы: университеттер мен педагогтық институттардың филология факультеттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.

8. Ахметов З.А. Основы теории казахского стиха: монография. – Алматы: Ғылым, 2002. – 253 с.

9. Ахметов З.А. Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 256 с.

10. Ахметов З.А. Роман-эпопея Мухтара Ауэзова. – Алматы: учебное пособие. – 1997. – 288 с.

11. Ахметов З.А. Современное развитие и традиции казахской литературы. – Алма-Ата: Наука, 1978. – 328 с.

12. Ахметов З.А. Поэзия шыңы – даналық. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 368 б.

**Нұрдәулет Ақыш,**  
М.О. Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институтының  
бас ғылыми қызметкері, филол.ғ.д.

## **ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АЛДЫҢҒЫ САПЫНДА ЕДІ**

*Әдебиеттанушы ғалым, академик Зәки Ахметовтің  
туғанына 95 жыл толуына орай*

З.Ахметов ғылыми ойларын екі тілде бірдей толғай алатын санаулы ғалымдардың қатарынан еді. Оның бұл қыры қазақтың көркем сөз өнерін зерттеу тарихындағы танымы терең, ойы жүйрік, қаламы нық әдебиеттанушылар қатары бүгінгі таңда ауыз толтырып айтарлықтай дәрежеде өскенін аңғартатын құбылыс. Арғы кезеңнен бергі заманға қарай хронологиялық тәртіппен санамалай бастасaq, озық әдебиеттанушыларымыздың саны бүгінгі таңда бір қолдың саусақтары жете қоймайтындай мөлшерде. Төл сөз өнерін жалпақ жұртқа танытуда, кесек те көркемдігі биік туындыларды бұқара жұртшылық пен әдебиет сүйер қауымға жеткізе білуде елеулі еңбек еткен ғалымдарымыз бен зерттеушілеріміздің әрқайсысы жайында толғанып, ұзақ әңгімелер айтуға болар еді.

Бүгін тілімізге тиек болып отырған академик Зәки Ахметов – бұл бағыттағы елеулі тұлғаларымыздың бірі. Мектепте жүрген жылдардың өзінде-ақ жақсы оқып, онан кейін университет қабырғасындағы студенттік кездердің өзінде де білім қорын қарбыта сіңіріп келіп, әдебиеттану ғылымына үлкен дайындығы барын көрсетіпті. Оның айқын дәлелі – өз қатарластарынан оқ бойы озып шығып, кандидаттық диссертация қорғауы, одан кейін небәрі 37 жасында докторлық диссертацияны қалпақпен қағып алғандай етіп, бүкіл диссертациялық кеңесті риза етіп қорғап шығуы.

Қатарлас таныстары мен достарының айтуына қарағанда, Кеңес дәуірінің өзінде-ақ Зәки аға Ленинград пен Мәскеудің әдебиеттанушы ғалымдарын өзінің білімдарлығымен, алғырлығымен риза етіп, тәнті қылып, мойындауға мәжбүр еткен екен. Бұның өзі тек Зәкең үшін ғана емес, қазақ ғылымы үшін де үлкен мақтаныш болғаны сөзсіз. 1951 жылы ол қорғаған «Лермонтов пен Абай» диссертациясын, одан кейінгі докторлық

диссертациясы негізінде жарық көрген «Казакское стихосложение» монографиясын қатарластары мен кейінгі буын әдебиеттанушы ғалымдардың жиі ауызға алып жататыны, ғылыми жұмыстар жазған кезде дәйексөздер алып, сілтеме жасап отыратындары тегіннен тегін емес болар.

Әсіресе орыс ғалымдарының Зәкеңнің әдебиеттанушылық еңбектері жайлы айтақан ойлары қазақ зиялыларының да ылғи мерейін өсіріп, мәртебесін тасытып жатса, оған неге қуанбасқа. Ғалымның өзінің саналы ғұмырын арнаған саласы – өлеңтану мәселелері, соның ішінде теориясы. Ғылымның бұл бағыты бойынша Қазақстанның өз ішінде Зәкеңнің алдына түсіп кететін ғалымдар қатары да онша көп бола қоймаса керек. Өйткені өлеңтану теориясымен айналысу бірсыпыра дайындықты, арғы-бергі зерттеулерді жөнімен дұрыс пайдалана беруді қажет етеді.

Табиғаты қашанда күрделі болып келетін поэзия әлемінің ұңғыл-шұңғылына үңілу, жұмыс барысында қажетті тұстарын қолмен қойғандай етіп саралап шығу жайдақ, үстірт сөздермен біте қоймайтын шаруа. Зәкеңнің үлкен оқымыстылығының бір қыры бір қарағанда оңай көрінетін осындай мәселелерді жете игеріп, нағыз ғылыми пайымдаулар жасай білуінде.

Біздің пайымдауымызша, ғалым осы ғасырдың басында өлең сөздің құрылыстарын зерттеу жұмыстарымен жіті айналыса қоймай, басқа шаруаларға көбірек мойын бұрып кеткенге ұқсайды. Академик ғалым болғаннан кейін бір шағын саламен шектеліп, соның төңірегінде күйбендеп қалу да қиын. Әдебиеттану жұмыстарының әр саласына қалам тартып, өзіндік талдаулар жасауы Зәкең ағаның ізденіс үстінде болғанынан хабар бергендей.

Мысалы, ол әдебиеттегі көрнекті тұлғалар жайында да шағында болса салиқалы мақалалар жазып, мүмкіндігінше объективті пікірлер айтып келді. Орыс классикасының көрнекті өкілдері Пушкиннің, Лермонтовтың, Тургеневтің шығармашылығы жайында ой толғаған мақалалары Ресейлік орыс ғалымдарының назарын аударса, оның өзі қазақ ғалымының ресейлік ғұламалар деңгейінде жаза алатын мықтылығын көрсетпей ме?

Әрине, аталған тұлғаларды зерттеу Зәкең жазбаса да, тоқырап қалмас еді, бірақ қазақ ғалымының орыс классиктерінің табиғатын таныту жолында жазған сауатты еңбектері бүгінгі таңда да қазақ руханияты үшін мақтаныш болып қала беруі тиіс.

Нақ осы үрдісті Зәкең Ахметов қазақ әдебиетінің көрнекті



тұлғаларының шығармашылықтары жайында жазған уақытында да ұстана білді. Оның Махамбет Өтемісов, Шоқан Уәлиханов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жамбыл Жабаев, Илияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Иса Байзақов, Ғабит Мүсірепов және т.б. туралы жазған зерттеу мақалалары осының айғағы.

Қазақ әдебиетінің осындай көрнекті тұлғалары жайында қалам тартқанда, Зәкең құрғақ шолумен, ақпараттық деректермен ғана шектеліп қалмай, ең алдымен сол қаламгерге тән негізгі шығармашылық ерекшелік қандай деген мәселенің төңірегінде ой өрбітеді. Өзі жазып отырған көркемсөз иесінің басты бағытын айқындап алып, сөз өнерін игерудегі жекелеген талант қырларына тоқталып отыру да – оның зерттеушілік үрдісіне тән белгілердің бірі.

Ахметовтің Шоқан Уәлиханов туралы мақаласы орыс тілінде жазылып, «Чокан Валиханов и наша современность» деп аталған болатын. Қазақ КСР Ғылым академиясының Хабаршысының 1985 жылғы 11-санында жарық көрген бұл мақала Шоқанның туғанына 150 жыл толуына арналыпты. Автор қазақтың ұлы перзентінің тек тарихшы, географ, этнограф қана емес, үлкен публицист екендігін де дәлелдеп, нақты мысалдар келтіріп отырады. Орыс ғалымдарының өзін мойындатқан Шоқан еңбектерінің бағалы қырларының неде екендігін бірнеше пайымдауларын қатар жарыстыра отырып, ықшам жазылған пайымдауларымен дәлелдеп шығады.

Бойына біткен жан-жақты дарындылығы Шоқанды мықты энциклопедистік деңгейге дейін көтергенін айта келіп, автор: «Он был одним из тех гениев, который опирались на духовный опыт многих народов, и, осмысливая этот опыт в тесной связи с историческим развитием своего народа, с тем самым обогащали его, поднимали на новую ступень» (207) деген аталы сөз айтады.

Шоқан еңбектерінің аса қажеттілігін және терең де парасатты екендігіне біршама тоқтала келіп, ғалым тағы да: «И в его трудах есть или иные неверные положения, которые вызваны конкретной ситуацией» (207) деп, жекелеген кемшіліктерден де құралақан емес екендігін еске сала кетеді. Шоқантану ғылымында бұндай ой тіпті бұрын айтыла қоймаған десек те болар еді.

Әр тұлға жайында сөз еткен кезде Зәки Ахметовтің ғылыми ойлау машығына тән бір ерекшелік – осылайша бұрын

айтылмаған тосын пікірлерді ортаға тастауға бейім болып келетіндігі. Ондай тың пікірлер айтуға деген ұмтылыс тек Шоқан Уәлиханов еңбектеріне қатысты ғана емес, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жамбыл Жабаев, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Иса Байзақов, Ғабит Мүсірепов және т.б. тұлғалардың шығармашылық портреттерін жасау барысында да ұшырасып отыратынын байқаймыз.

Шоқанға тән жоғарыда айтылған энциклопедиялық білім қоры Шәкәрімнің бойында да болғанын ғалым нақты мысалдарды көлденең тарта отырып келтіреді. «Тарих, философия, дінтану, психология, шығыстану, түркітану салаларындағы түркі тіліндегі, орыс тіліндегі, араб тіліндегі ғылыми еңбектерді ұзақ жылдар жалықпай оқып, қыруар мағлұмат жиган, жан-жақты, энциклопедиялық білімі бар ғұлама оқымысты, дана адам болған» (215-б.). Бірақ Шоқан мен Шәкәрім білімдарлығының қырлары мен сырларының ұқаса жақтары мен айырмашылықтарын Зәкең әр қырынан алып талдап жатпайды. Мүмкін, ол жағының қажеті бола қояр деп ойламаған да шығар.

Қазақ поэзиясындағы философиялық лириканың жаңа түрін қалыптастырғанын айта келіп, оның сипаттарының қандай екендігіне мән береді. Жалпы ғалымның ерекше назар аударатыны – Шәкәрім ақынның өлеңдерінің философиялық астары және сол философиялық түйіндеулерді жеткізудегі көркемдік тәсілі.

Өзі өлең теориясының білікті маманы болғандықтан да, З.Ахметов жазу барысында зерттеу нысаны етіп алған ақындардың поэтикалық жүйелеріне, ерекшеліктеріне назар аударып, мазмұндарындағы көркемдік сипаттары мен формалық жаңалықтарына да ой көзін түсіруден тартынбайды. Және сол бағыттағы ойларын өлеңдерден нақты мысалдарды көлденең тарта отырып, жан-жақты талдап көрсетуге тырысуы да – ғалымның өзінің айтқан әрбір тұжырымдауына жауапкершікпен қарай білетіндігін байқатса керек.

Әрқайсысын жеке-жеке зерттесе де, Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт поэзиясындағы ерекшеліктерді мейлінше айқындап көрсете білуі Зәкеңнің компаративистикалық-салыстырмалық әдісті де меңгере білгендігін байқатпай ма. Аға-іні әріптестерінің ішінде ғалымның: «Шәкәрімнің қайталанбас өзіндік ақындық тұлғасын танытатын сипат-қасиеттер – лирикасына тән насихатшылдық, фәлсапашылдық, поэмаларындағы дастаншылдық дәстүр, шығыс ақындарының

көркемдік үлгі-өрнектерін қызықтауы, орыс әдебиетінің сюжеттеріне бой ұруы да, шежірешілдігі – бәрі де өз заманының тілек-талаптарына сәйкес қалыптасқан» (213-б.) деген пікіріне бас ізмейтіндері жоққа тән болар. Өйткені осы тұжырымда айтылған ойлардың дау туғыза қоймайтын шындық екендігі сөзсіз.

Осылай деп бір қайырып тастаған ғалым Сұлтанмахмұт шығармашылығына келгенде, тұжырып айтатын ойын басқаша нықтай түседі. Оның: «Сұлтанмахмұт поэзиясы – қазақ қоғамындағы жаңа дәуір – ұлттық ояну дәуірі туғызған адамгершілік, әділдік, өнер-білімге құштарлық идеяларын айырықша қуатты жігерлілікпен, асқақ үнмен жырлаған, тақырып идеялары, жанрлық, бейнелілік, стильдік ерекшеліктерінде жаңалығы, соны сипаттары мол поэзия, көбінше әлеуметтік, публицистикалық лирика» (228-б.) деп бағалауы Шәкәрімге берілген бағадан басқаша екендігі айпарадай анық көрініп тұр.

Бұл арада Сұлтанмахмұттың лирикасын «публицистикалық лирика» деп Зәкеңе дейін ешкім ашып айта қоймаса керек. Яғни, бұдан шығатын қорытынды – жоғарыда айтып кеткеніміздей, ғалым әр талант иесіне, әр ақынға өзара ұқсас бола бермейтін өзгешелігін айтып қалуға бейім.

Сонымен бірге З.Ахметов тек үлкен ақындардың негізгі ерекшеліктерін сипаттап қана қоймай, жалпы шығармашылығына қысқаша баға беруге де бейім. Осы бағалау мәселесіне келген кезде, ортақ эпитеттер, шамалас теңеулер қолданып қалады. Мысалы, Шәкәрім Құдайбердіұлы жайында: «Шәкәрім – ұлы гуманист, кемеңгер ойшыл, кемел ақын және прозаик» (213-б.) деп бір түйсе, «Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ әдебиетінің классигі, XX ғасыр басындағы бостандық, теңдік идеяларын уағыздаған ағартушылық, демократиялық бағыттағы әдебиетіміздің аса дарынды өкілі» (226-б.) деп бағалайды.

Жамбыл туралы айтатыны – «Жамбыл великий акын-импровизатор, классик казахского устно-поэтического искусства» (264-б.) деген түйінді сөз болса, Иса Байзақов жайындағы тұжырымды пайымдауы да осыған ұқсас: «Иса Байзақов – XX ғасырдағы қазақ поэзиясының жарық жұлдыздарының бірі, ол әсіресе өленді суырып салып шығаратын ақындық өнердің, импровизация өнерінің классигі, алдына жан салмаған майталманы ретінде кеңінен танылған ақын» (303-б.)

«Ілиястың ақындық шеберлігін осындай таңдаулы

туындыларының деңгейімен, яғни, көтерілген биігіне қарап өлшесек, жүздеген дүлдүл шешендері бар қазақ әдебиетінде дәл сондай жүйрік, кемел ақын өте сирек екенін сөзсіз мойындаймыз» (288-б.) Бұл – ғалымның қазақ поэзиясының көгінде өзінше құбылыс болып көрінген дара тұлға Ілияс Жансүгіров туралы пікірінен үзінді.

Әрине, басқа зерттеушілер де айтып жүргендіктен, ғалымның бұл тұжырымдары жаңалық та емес, қиыннан қиыстырылған ғылыми тапқырлық та бола қоймас. Негізгісі әдебиетке деген құштарлығы бар оқырманның санасында, ойында жалпы мағынасы, сарыны қалатын түйінді сөздер. Бір сөзбен айтқанда, академик Зәки Ахметов қазақтың көрнекті сөз зергерлерінің таланттарын мойындай отырып, өз тарапынан зор баға беруден тайынбайды. Барлығын да жоғары көтере сөйлеп, ерекше басымдық беретіні – ол тұлғалардың өз қатарластарының алынғы қатарында екендігі.

Ірі классиктердің шығармашылықтары жайында сөз ету барысында Зәки Ахметов үнемі құлаққа атын тосын пікір, оңтайлы сөз білдіріп отырды десек, ойымыз біржақты болып кетуі де әбден ықтимал. Кейде нақты объективті баға беруден ауытқып, бір замандарда қалыптасқан үрдіс болған жалпы кеңестік идеологияның ағымымен кететін тұстары да болғандығын жоққа шығара алмаймыз.

«Мысли Ч.Ч. Валиханова о реакционной сущности ислама как религиозного учения и его пагубном влиянии на социальный прогресс звучат актуально и ныне...» (204-б.) деген пікірі шын мәніндегі атеизм ілімдерімен, кеңестік идеологияның Исламды бітіспес жау көрген идеологиясымен қабысып жатқаны немесе сол идеологиядан суырылып шыққан тұжырымдардың әсер екендігі анық. «...о реакционной сущности ислама» деген тұжырымның мүлде қате екендігін, оның үстіне Шоқанда ондай бітіспес пікірдің жоқ екендігін бүгінгі таңдағы объективті тұжырымдармен қабыса қоймайтындығын еске салудың артықтығы жоқ.

З.Ахметовтің қазақ өлең сөзінің білгір теоретигі екендігі айтылып та, жазылып та келе жатыр. Бірақ ол кісі поэзиялық шығармаларды талдау барысында ребус сияқты шешіп алуды қажет ететін жалпы оқырманға бейтаныс терминдер мен теориялық сөз саптауларды пайдалана бермейді. Жыр жолдарын талдау барысындағы сөйлемдерінің құрылымдары мен сөйлем мүшелерінің қолданылуы да мүмкіндігінше қарапайым.

Ғалым ойын кәдімгі қазақтың ауызекі сөзі деңгейіндегі жатық сөйлемдермен, өзіндік сөз қолданыстарымен жеткізуге тырысады.

«Бірақ мұнда ертеден қалыптасқан, талайдан белгілі болған сөз өрнектері дайын күйінде алына салмаған» (290-б.) немесе «Ақынның көркемдік қиялы керемет қуатты, аса бай» (291-б.) деген тәрізді тұжырып айтқан сөйлемдердің ішінде ешқандайда теориялық термин немесе пайымдаулар кездеспейді. Автор осындай ойларын әдебиеттен дайындығы онша мықты емес қарапайым оқырманға арнап жазғандай әсер қалдырады.

Бір ауыз сөзбен айтқанда, әдебиеттанушы академик Зәки Ахметовтің шығармашылық қырлары бірыңғай құрғақ мақтауды ғана емес, еңбектерін әр қырынан талдап көрсетуді, олар жайында объективті баға беруді, кейбір тұстарын әлі де тереңдетіп аша түсуді қажет етеді. Демек білгір ғалым, парасатты оқымыстының өзінің еңбектерін жан-жақты зерттеп, ғылыми құндылығын нақты анықтайтын күн әлі де жалғаса беруі тиіс.

#### **Әдебиет:**

1. Ахметов З. Асыл сөз арнасы: – Алматы: Арда, 2008. – 400 б.

**Қанипаш Мәдібаева,**  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институтының бас ғылыми қызметкері,  
филол.ғ.д., профессор

## **АБАЙДЫҢ АУДАРМА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ**

Текстологиялық зерттеулер бағытында бай тәжірибесі бар, айтулы мектеп қалыптасқан Ресей әдебиеттану ғылымының бұл мәселеде ұдайы сергек, алаңдап отыратын іскерлік алымын Абай текстологиясының мәселелерінде назарда ұстау өзектілігі бар.

Пушкинтануда «псевдопушкинский» дейтін термин мәнді ұғым қолданылатын тұстар кездеседі.

Уақыт шеңберінде, замана ыңғайында әр басқа мүмкіндіктерде жарық көріп келе жатқан Абай мұрасының текстологиялық мәселелері ақынның көркем аударма туындыларына қатысты негізінен нақтылы шығарманың кімнен, қашан аударылғандығы; көшірме нұсқалардағы сақталу дерегі; Абайдың өз өлеңі ме,

әлде аударма ма дейтін мәселелер бағытында қарастырылып отырған.

Аударма, немесе «Лермонтов үлгісімен» дегендей нақтылануы белгіленіп отырған мәтіндік нұсқалардың көшірме қолжазбалар, толық жинақтар бойынша текстологиялық жұмыс жүргізудің де қажеттілігі бар.

Түгенделмей жүрген текстологиялық мектебі бар Ресей әдебиеттану ғылымында да аз емес екендігі айтылады. Абайтануда қысылтаяң шақтарда Абайға қарайлаған Алаш қайраткерлерінің жөнімен жүрген абайтанушы тұлғалардың әр қайсысының елеулі еңбегі болды.

Абай мұрасы – ұлтымыздың рухани зор құндылығы. Ақын шығармаларының әр жылдардағы басылымдары осы құндылықты құнттап отырудағы өнегелі бір үрдіс.

Ендігі жұмыстың бағдары, беталысы жөнінде де ойласпай, Абайды айтып болдық деп қарап отыра алмасымыз анық. Өзіміз ұдайы оң өнегесіне қарайлап ғылыми жөнімізді түзеген орыс жұрты пушкинтанудың арғы-бергісін қамтып, қамдап жұмыс жүргізуді бір сәтте де саябырсытқан жоқ.

Абай мұрасын А.С. Пушкиннің Таңдамалы жинақтары өнегесінде түгендеп, толық жинақ етіп шығаруда қолбайлау болатын белгілібір кедергілердің бар екендігі бұл бағытта жұмыс жүргізу мүмкіндігі шектеулі дегендік емес.

Абай аудармаларының қолжазба нұсқалардағы, шығармалардағы, шығармалар жинақтарындағы басылымдарында мәтіндік жеке сөз, тыныс белгілеріне қатысты; аударма нұсқаға қатысты Түсініктер, дерек, дәйектер бойынша да айырмашылықтар кездеседі.

Бірде Лермонтовтан аударма шығарма, бірде Абайдың өз туындысы аталып жүретін «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек» (1894) өлеңіне қатысты 1945 жылғы толық жинақта айтылады.

«100» «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек (1894) деген өлең тұңғыш рет 1909 жылғы Абай өлеңдерінің жыйнағына қосылған (1-бөлік, «Халық туралы», 25-26 беттер, 22-өлең). Сол нұсқасы 1921, 1922, 1933 (163-бет), 1939 жылғы Абайдың толық жинақтарына енген (1-том, 154 бет).

Бұл өлеңнің жазылу тарихы туралы Тураш: – Әкем бізге ұстаздық қылып отырғанда, мал құмар, мансап құмар – адам емес деп отыратын, бұл «Мәз болады болысың», «Малға достың мұны жоқ малдан басқа», «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек» деген өлеңдерінен көрінеді деп жазады.

1933-1939 жылғы екі баспасында бұл өлеңнің едәуір сөз қателері, кейде тіпті кім болса соның «түзете» салған қоспасы да болды. Бұлар оқушыны шатастырып келді. Мәселен, жоғарғы айтылған екі баспасында:

- Кісімсі қайда жүрсең олжаға тоқ,  
Шұқыма халқ көзінше қарғаша бoқ.  
Жұрт жас бала, жылатып тартып алма  
Білдірмей ептеп алсақ залалы жоқ, –

деп басылған бір ауыз өлеңде бірсыпыра қателер болды. 1909-жылғы баспасында «Кісімсі қайда болса олжаға тоқ» делінсе, мұнда: «Қайда жүрсең кісімсі олжаға тоқ болған (Мұнысы Мүрсейіттен алынған. Ғылым академиясында сақталған қолжазбасы, 78 б.). Бірақ осы өлеңнің үшінші жолы көрнеу бұрмаланып жүрді. Мүрсейітте де, 1909-жылғы баспасында да бұл жол:

– Жұрт, бала ешнәрсесін тартып алма делінген. Дұрысы да осы болуға лайық. Мынау баспасында осы жай ескерілді. Осылай түзетілді» (1945, 135-б.) (1945. Одақтық Ғылым Академиясының Қазақстандағы филиалы. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жыйнағы. Қазақтың Біріккен мемлекеттік Баспасы Алматы, 1945).

1945 жылғы толық жинақ түсінігінде бұл шығарма аударма өлеңдер қатарында аталмаған. Бұл шығарма 1909 жылғы тұңғыш жинақтың Аударма бөлімінде (15 бөлім. Переводтар) берілмеген.

«Халық туралы» атты бірінші бөлімінде келеді.

1954, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы толық жинақтарда «Лермонтовтан аударма» деп алынған.

2018 жылы жарық көрген «Абай туралы естеліктер» жинағында 1945 жылғы басылымда келтірілген Тұрағұл Абайұлының айтқанын сөзбе сөз салыстыруда өлеңнің жазылу тарихына қатысты Тұрағұл Абайұлының айтқаны бойынша келтіріліп отыратын естелік үзіндісінде бір қарағанда байқала бермейтін айырма бар екендігі көрінеді.

«Сол бізге ұстаздық қылып отырғанда біздің жүрегімізде: малқұмар, мансапқұмар адам – адам емес деп еді. Бұл сөздер әр өлеңінен де көрінер. Мысалы, «Мәз болады болысың», «Малға достық мұңы жоқ малдан басқа» деген сықылды бір өлеңінен абайлап қарасаңыз көрінеді. «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек» деген өлеңді айтқанда ел билеген адамды мақтап отыр

ма, боқтап отыр ма, сол секілділері көп» (193-бет) (Абай туралы естеліктер. – Алматы: Қаламгер, 2018. – 504 б.). (Тұрағұл Абайұлы. Әкем Абай туралы).

Тұрағұл Абайұлы Абай аудармалары туралы айтқанда бұл «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек» атты өлеңді аудармаға қоспаған.

С. Нұрышев бұл өлеңге қатысты 1954 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасынан жарық көрген «Абайдың аударма жөніндегі тәжірибесінен» жинағында айтқан. Зәки Ахметовтің «Абай және Лермонтов» еңбегін назарға алып отырып айтқан болуы керек, бірақ бұл жөнінде сөз болмайды.

«Лермонтовтан алынған басқа аудармалардан мысал келтірейік:

Легко народом править, если он  
Одною общей страстью увлечен;  
Не должно только слишком завлекаться,  
Перед ним гордиться или с ним равняться...

(«Измаил-Бей, часть II).

Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек?  
Жұрты сүйген нәрсені о да сүймек.  
Ішің берік боп, нәпсіге тыюлысып,  
Паңсымай, жайдақсымай, ірі жүрмек.

Аудармаға жатқызамыз ба, жоқ түпнұсқа шығарма ма деген мәселесінен басқа да бұл 1 ғана өлеңнің жеке сөздерінің жазылуына қатысты да бірнеше түйткіл бар екен.

Осы тұрғыдан дерек, дәйектер де біршама. Абай текстологиясында осындай әлі де шашырап жүрген ұсыныс-пікір, дерек, дәйектерді біртұтас жинақтап алып саралаудың қажеттілігі бар. Бір тоқтамды ғана білу мен бірнеше пікір тоғысында ойланудың ғылыми текстологияның ең бір өзекті негізі екендігін екінің бірі білсе керек.

Мұхтар Әуезов Абай шығармаларында жекелеген туындыларды аударма демей, «Лермонтовтың ізімен» не «Лермонтовша» деп жіктесе де болар еді» дейді. «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемекті» арнайы атап айтып, тоқталмаған. Бірақ Лермонтовтың поэмаларынан Абай үзінділер аударғанын, соның ішінде «Измаил бейдің» кіріспе толғауын аударғанын айтқан (Әуезов М. Абай Құнанбаев, 1967 ж. 192-б.).

Абай басылымдарында беріліп жүрген түсінікте «Қайтсе



жеңілдің» «Измаил бей» поэмасының кіріспе бөлімінен емес, 2-бөлімінен аударылғандығы айтылады (1954, 1957, 1961, 1977, 1995).

Мұхтар Әуезовте және бір дерек бар.

«Бірақ жалпы мысқыл – сатира, ащы сықақ жағын алсақ және сол құралдардың патша агенттері – жемқор, ұлық, құнсыз чиновник, надан қанаушыларға қарсы жұмсалғанын ескерсек, онда Абайдағы: «Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысың», «Интернатта оқып жүр», «Қайтсе жеңіл болады» сияқты қоғамдық, мемлекеттік құрылысты сынап, шенеп жазған өлеңнің барлығының астарында Салтыковпен үндестік бар екенін айыру қиын емес сияқты» (Аталған еңбек, 266-бет).

М.Ю. Лермонтовтың «Измаил бей» поэмасынан 1995 жылғы толық жинақта берілген үзінді мағына жағынан «Қайтсе жеңілге» келеді. Мұндайда өлеңдегі ой әсерімен өз сөзі етіп айтуы – Абайдың шығармашылық тәжірибесінде бар құбылыс.

Абайдың ақындық мұрасын аударма шығармалар бағытында арнайы зерттеген Зәки Ахметов Абайдың аударма мұрасы соның ішінде М.Ю. Лермонтовтан аударған туындыларын түгендеп, толықтыруында бұрынғы жинақтарда аталмай жүр деп бірнеше өлеңге мәтіндік салыстыру жасағанда «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемекке» де тоқталады. «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек» («Что делать, чтобы легко народом править?») – перевод отрывка из 2-й части поэмы «Измаил-бей» (Ахметов З. Абай и Лермонтов. Эссе. – Алматы: Арда, 2008. – 72-б.).

З. Ахметов келтірген қазақша мәтінде техникалық қателер бар. С. Нұрышев аталған кітабында 1945 жылғы жинақта «тыю салып» деп басылған өлең сөзінің дұрысы «тыюлысып» деп тоқтамға келген. Бұл сөз Зәки Ахметов зерттеуінде «тыю салып» болып алынады. Жеке сөз, аударма шығармаға жатқызылу, жатпауы тұрғысында Т. Әлімқұлов, А. Сатаев, М.С. Сильченко еңбектерінде де қайсыбір дереккөздер айтылып қалады. Бұл бағытта С. Абдрахманов еңбегін қарау керек.

Тәкен Әлімқұлов Амантай Сатаев тоқтамына сүйеніп Абай Лермонтовтың тұңғыш жинағы бойынша ғана аударма жасағанын айтады. Лермонтовтың тұңғыш жинағына 28 өлеңі енген.

Абай аудармаларының сақталу, басылым нұсқаларында да тыныс белгісіне қатысты; жеке сөздің жазылуына байланысты; шылау мен жалғаудың өз орнына жұмсалыуына қарай; саяси мәнде арнайы өзгертілген; сөз мағынасының екіұштылығынан;

баспа үдерісіндегі техникалық қате кету факторларынан туындап отыратын әр басылымда әрқалай болып жазылып, беріліп келе жатқан, бір қалыпқа түспеген жаңсақтықтар бар.

«Тұтқындағы батыр» (М.Ю. Лермонтовтан) өлеңінде 1909, 1995 жылғы жинақтарда «Қан ағып, қайрат қылған майдан менен» деп жазылған 2-шумақтың 3-тармағын «майданменен» деп бірге жазу жөн көрінеді. Орыс тіліндегі мағынасы солай.

Немесе 1995 жылғы жинақтағы «Ауыр қылыш дуылға бірақ ойда» деп келген 2-шумақтың 4-тармағын «Ауыр қылыш, дуылға бірақ ойда» деп сөз арасын үтірмен бөліп жазған дұрыс.

Ақындықта заманының түріне қарай ең әуелі ақыл жұмсап ой төгуге, дәстүр бұзбай дағдылы уағызбен сөйлеуге «байланған» Абайдың шеберлік өрісінде аударма тәжірибесінің жөні бір басқа екендігін алдымен аңғарған Әлихан Бөкейханұлынан соң да бұл шығармашылықтың тылсым сырын абайтануда өзегін сақтап, арқауын үзбей тарқатып айтуға екінің бірі тәуекел ете алмағанымен, бұл бағытта абайтануда кенде қалмадық.

Мұхтар Әуезов осы саланың түбегейлі ғылыми ұстанымын саясат араластырмай бекітудің зерттеу мектебіне негіз салды.

Қазірде сонау 1951 жылдың 5-қаңтары күні Ленинград университетінің Ғылыми Кеңесінде Абайдың аударма өнерінен кандидаттық диссертация қорғаған (23 жаста – Қ.М.) Зәки Ахметовтің сол зерттеуін қарап отырып көңіл бекітесіз.

Академик Зәки Ахметовтің зерттеушілік өнегесі, тыңға түрен салған жаңа поэтикалық өлшем өрісі – абайтанудың өзекті негіздерімен бітеқайнасып, орныққан баянды, түбегейлі ғылыми бағыт.

Зәки Ахметов Абай ақындығының алабөтен құштарлықпен «көрмейтінді» көріп-біліп, «алмайтынды» жырғап-шайқап, рахат дүние буымен дымдап, елжірей түсіп егіліп, асқақ буырқанып қайраттанып, тым үздіге, мың-сан тылсымға «жығылып», сыланып, сәулеттеніп, дүбілген дүниенің астарсыз арзанынан құтылып сәулеленген тіршілік нұрымен жарқырай төгілген жыр бөккен қуатын не дегенде де жұмбағы әлі ашылып болмайтын, тауысып тану да неғайбыл алабөтен құбылыс – орыс поэзиясының жыр жауһары Михаил Лермонтовпен «танысқаннан» кейінгі шығармашылық бағытымен зерделеу өзектілігінде түбіне түсіп, түгел ақтарып, небір ғылыми мектептерді тауысқан зерттеу алымымен жарқ етіп ашылған болатын.

Өшпенді елжіреу. Ыза буған махаббат. Қайтпай жабығу (В.Г.Белинский). Абай да, Лермонтов та байланған тағдыр. Екеуі де жадаған, жатсынған, жалғыз қалған. Ізгі ызамен буырқанған, көз жасын жеңімен сүртіп бір сәт тыншыған.

Абайдағы адамның өзімен өзі күресуі, Лермонтовтағы қайшылыққа ынтығу – бәрі сондай үндес дыбыстар. Осы мәнде барлығын қоғамға итеріп сөйлеу дағдысы екі ақынға да бірталай обал жасағаны да байқалады. Ақындыққа деген бұл қиянат А.С. Пушкинді де айналып өтпеген. Бұл «толқын» кеңестік танымда талай шығармашылық кеңістікті тарылтты. «Орта» деген ұғымды ұдайы саяси мәнге жығу болды. Адамның кемелдікке ұмтылу ынтықтығы күрескерлік, революцияшылдық, демократияшылдық деп дәріптелді. Адамның ар, ізгілік арпалысы «жажда борьбы», «жажда бури» дегенге басымдық берді.

«Тұманды теңіз төрінде жалтылдаған жалғыз желкен» туралы ұғымымыз әлі де балаң. Абай мен Лермонтов адам ішін жеп, ұйқтап, ойнап, күліп жүріп қана жетісе ме бойынша бір-біріне бауыр. Жан азаттығын сезініп, таза ғұмыр кешу ынтықтығында бітеқайнасқан туыс. «Ащы ыза мен ізгі уайымда» (З. Ахметов) да бір деңгейде тұрған поэтикалық тұғырлар. Достан да, дұшпаннан да көңіл қайтқанда да тайқып, теңселмейді. Зәки Ахметов Абай мен Лермонтов поэзиясын иық тірестіре, тең дәрежеде саралайды. Абайды ағаның көңіліне қарап аласартпайды. Иін қандыра иландыру әлеуетімен текетірес өрісте Абайды ұдайы өз биігінде ұстайды. Екі ақынды әлеуметтік кикілжіңдер ғана жақындатып тұрмағандығын аңлатты.

Мұхтар Әуезов 1934 жылы жарық көрген «Абай ақындығының айналасы» атты мақаласында «Батыс жағасына келгенде Абай көбінесе өз іргесін бермеуге тырысады» деп жаймалап жеткізуге тиісті болған шығармашылық сырдың бүктеуін шәкірті Зәки Ахметов жаза түседі.

Абайдың аударма өнерін әр жылдарда қайырыла зерделеп, нақпа-нақ негіздерін әр сипатында ажыратып, айқындап берудегі Мұхтар Әуезовтің зерттеу мектебі, Ілияс Жансүгірұлының алымы осылай жалғасын табады. «Басын кем санамай, тең санаған» (М. Әуезов) Абайдың аударма тәсіліндегі айрықшалықтар ақынның аударма өлеңдерін текстологиялық тұрғыдан түпнұсқаға ғана теліп, сөз «теріп» зерттеуді міндеттей бермейді. Бұл – Абай «туғызған» жеке бір сөздің әр басылымда әр басқа жазылуына қатысты түпнұсқаға сүйеніп үзілді-кесілді

тоқтам жасауды қиындата түсетін, елеусіздеу көрінгенімен, еленіп отыруы тиіс шығармашылық фактор.

«Лермонтовты әрі аударады, әрі үлгі алып күйіне күй қосады. Лермонтов сөзің өз сөзіңдей нашаланып, мейірленіп, емірене жыр қылады да өзінікімен оныкінің шекарасын жойып, «мал басын» араластыра қосып, «еншілес бол» дегендей болады» (Әуезов М. Абай Құнанбаев, 1967, 240,-241-бб.).

М. Әуезовтің Абайдың Еуропа ақындарынан жасаған аудармаларын екі алуан қалпында да тұтастай аударма туындылар деп алу керектігі туралы айтатыны да бар (Сонда, 241-б.).

Зәки Ахметовтің Абайдың аударма шығармаларына қатысты зерттеулерінің Абай мұрасының текстологиясы мәнінде де зор маңызы бар. Әр туындының басылым дерегін, басылым жөнін ыждаһатпен, мұқият «тексеру» дағдысында аса сақ. Қағаберіс қалдырмай қамтиды. Зерттеушінің көпшілік аударма туындының түпнұсқаларын табу, атап көрсетіп отыруы Абайдың аударма шығармаларын текстологиялық зерттеу мектебін қалыптастырды.

Ғалым қолға түсе бермейтін, түскен күнде де оқу мүмкіндігіміз шектеулі ертеректегі басылымдар туралы деректерге де жүгініп отырған. 1922 жылғы Абай жинағындағы (Қазан, Ташкент басылымының қайсысы екендігі көрсетілмеген-Қ.М.) аударма шығармаларға тоқтала келіп: «Правда при этом допущены и ошибки. Так «Қорқытпа мені дауылдан» – перевод стихотворения Бунина («Не пугай меня грозою», как было установлено позже) считается переводом стихотворения Лермонтова «Случалось с вихрем и грозой». Однако, наряду с этим лермонтовские оригиналы многих переводов указаны совершенно верно. Так в качестве оригинала «Махаббат, достық қылуға» называется «И скучно и грустно», а «Рақат, мені тастап қоймадың тыныш» указывается как перевод лермонтовского стихотворения «Хоть давно изменила мне радость».

Зәки Ахметовтің Абайдың аударма мұрасын түгендеуде атқарған жұмысының текстологиялық маңызы бағытында зерделеп, қарайлап отыратын тұстар аз емес.

«Күлімсіреп аспан тұр» өлеңінің бас жағы жоқ екендігін, «Бородиноның» ортасынан үзіліп берілгенін, «Вадимнің» аяқталмағанын (аяқталмады ма, жоғалды ма – бұл өз алдына мәселе – Қ.М.) айтуы; әр туындының басылым, берілу жөніндегі деректерді мұқият «тексеруі», ешнәрсені қағаберіс қалдырмайтын сақтығы; кейінгі басылымдардағы жаңсақтықтарды

атап көрсетіп отыруы – Абай аудармасын толық қамту өнегесіндегі қара жұмысына екі ақынға да тиесілі поэтикалық жіктерді аңартып отыруын; жеке шығарма бойынша нақты ескертпелері қазірде де өзекті.

Зерттеушінің Абай шығармаларының барлық жинақтарында «Құлақтан кіріп бойды алар», «Ал, сенейін, сенейін», «Күнді уақыт итеріп», «Қайтсе жеңіл болады дұрт билемек», т.б. өлеңдері түпнұсқа шығармалар болып жаңсақ аталып келеді деген пікірі бар.

Зәки Ахметов Абайдың аударма тәжірибесіндегі еркін аудармаларға тоқталып отырды. Абайдың Лермонтов өлеңіндегі ой желісін шығармашылықпен «бұзып» өтетінін тайсақтамай аңғартады.

Абайдың көп жағдайда өзі аударып отырған ақынның «ығына жығылмайтыны», «ырқына көнбейтіні», «өз ыңғайын бермейтіні» түпнұсқа бойынша тармаққа ілесіп қана аударма жасамағандығы, қайсыбір өлеңін негізгі сарынын сақтап, өз жанынан жазғандығы шығармашылық тәсілдің арғы түркілік негіздерінде өріс түзді.

Абай аудармашылықта еркін аударма негізін ұстанғандығын З. Ахметов нақтылы туынды бойынша көрсетіп отырады. «Ал сенейін, сенейін» – «Исповедь». «Сравнить этот текст с переводом, видим, что передан только общий смысл оригинала. «Таким образом, вторая часть стихотворения переведена с существенными изменениями и добавлениями, дающими несколько иную интерпретацию лермонтовских мотивов» (С.62).

Абайдың аударма шығармаларын мәтіндік-текстологиялық тұрғыдан зерттеу міндеттерінде академик Зәки Ахметов әр туындыны түпнұсқа шығармамен салыстыра саралау тәжірибесін орнықтырды.

Әр туынды басылым, берілу тәртібі бойынша әрдайым мұқият «тексеріледі». З. Ахметов Абай аудармаларын зерттеу бойынша қолға түсе бермейтін ертеректегі басылымдар туралы тың деректер ұсынып отырды.

1909 жылғы жинақ пен 1922 жылғы басылымды (З. Ахметов зерттеуінде 1922 жылғы Қазан, Ташкент басылымдарының қайсысы екендігі айтылмаған – Қ.М.) салыстырады. Осында 1922 жылғы жинақта берілген 23 өлеңге тоқталады.

Абай аудармаларының қолжазба көшірмелер мен жинақтарда берілген мәтіндерінде тыныс белгілер қатесі, жалғау мен шылау ауысқан тұстар, сөздің ауысу фактілері аз емес.

«Құп білемін, сізге жақпас» деп басталатын «Онегиннің Татьянаға жазған хаты» атауымен беріліп жүрген өлең мәтінінің қолжазба нұсқалар мен толық жинақтардағы басылымдарында жеке сөз, тыныс белгісі, көлемдік құрылым бойынша бірді-екілі айырмашылықтар бар.

Мүрсейіт Бікіұлының 1907 жылғы көшірме қолжазбасында бұл шығарма «Онегиннің екінші жауабы» деген атаумен берілген. Кейінде айналымға түсе бастаған 1915 жылғы Мүрсейіт көшірмесінде (жаңа араб әліпбиімен көшірілген – Қ.М.) «Анегин Татианаға қайта ғашық болғаны» (79-бет) деп жазылыпты.

Өлеңнің 2-шумағындағы 1-тармақ 1915 жылғы көшірмеде «Ықтиярсыз мұңлы сөзім» болып келеді. Бұл тармақ басқа басылымдарда негізінен «Мұңлы сезім» сөзімен алынып жүр.

Мәтінді тұтас шумағымен алғанда жас боп ыршып шыққан мұңлы сезім туралы сөз болып отырғандығы байқалады. Анықтай түсу үшін түпнұсқаға жүгінгенде «сөзімге» де, «сезімге» де дөп түсіп тұрған атау жоқ, алыстан жақындайтын жалпы ұғым ғана әлгі екі сөздің – «сөзім» мен «сезімнің» екеуіне де байланып тұр.

Ықтиярсыз мұңлы сөзім  
Кетті ыршып жолыңа.  
Мазағыңа бердім өзім,  
Өз басымды қолыңа (1915 ж. көшірме).

Чего хочу? С какой целью  
Открою душу вам свою?  
Какому злобному веселью,  
Быть может, повод подаю!

«Мұңлы сөзім» мен «Мұңды (мұңлы) сезім» екеуі де айтылып тұруы ықтимал.

«Татьянаның Онегинге жазған хаты» («Амал жоқ – қайттім (кейде – қайттым) білдірмей» (1889). Осындағы 3-шумақтың 3-тармағы 1915 жылғы көшірмеде «Шыдармын күйіп, мен жанып», бір басылымда «Шыдар ем күйіп, мен жанып», бірде «Шыдадым, күйіп, мен жанып»; 4-шумақтың 3-тармағы 1907 жылғы көшірмеде, 1957 жылғы жинақта «Шыдар ем бір ай жануға» болып келген.

1995 жылғы жинақта бұл тармақтағы жануға сөзі – «жатуға» болып тұр.

Шыдармын – тас түйін бекінуді білдіреді. Шыдадым – өткен шақтың ісі. Шыдар ем – келер шақ.

**«Асқа, тойға баратұғын»** (1890) өлеңінің 1-шумағындағы 3-тармақ Мүрсейіт Бікіұлының 1907 жылғы көшірме қолжазбасында «Қолға кетті жауға деген» болып жазылған.

1909 ж.ж. бастап кейінгі басылымдарда бұл тармақ «Қолға кетті жауға бір күн» деп келеді. 1907 ж.к. жауға баратын қолға кеткендігі айтылып тұруы мүмкін. «Қолға кетті жауға бір күннен» гөрі мағынасы айқындау сөйлем.

**«Күлімсіреп аспан тұр».**

Бұл аударма өлең 1915 ж.к. шумаққа бөлінбей жазылыпты. 1907 ж.к., 1995 ж.ж. төрт тармақтан бөлініп алынған.

1907 ж.к., 1995 ж.ж. 3 ш. 4 т. – «Әм үміт жоқ алдымда. 1915 ж.к. – «hеш». 4 ш. 1 т. 1907 ж.к., 1995 ж.ж. – «Іздегенім тәтті ұйқы». 1915 ж.к. – «қатты».

Абай аударған осы өлең деп берілген орыс тіліндегі мәтін (1995 ж.ж., 304-бет)».

Уж не жду от жизни ничего я,  
И не жаль мне прошлого ничуть;  
Я ищу свободы и покоя!  
Я б хотел забыться и заснуть!

Осында «тәтті ұйқы» туралыдан гөрі «қатты ұйқы» айтылған.

**«Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек?» (1894).**

Өлеңдегі 1 ш. 2 т. 1907 жылғы көшірмеде – «Жұрты сүйген нәрсені о да сүймек». 1915 жылғы көшірмеде – «**кісіні**».

Кезінде Зәки Ахметов 1945 жылғы «Тыю салып» болып жазылуына қатысты пікір айтатын 1 ш. 3 т. 1907, 1915 жылғы көшірмелерде – «Ішің берік боп, нәпсіге тыюлысып» деп жазылған.

**«Тұтқындағы батыр»** (1894) («Қараңғы үй терезесі – тұтқын орны»).

Бұл аударма шығарма Мүрсейіт Бікіұлының 1915 жылғы қолжазбасында «Лермонтов. Жазба» (82-бет) деп жазылыпты. 1907 жылғы көшірмеде «Лермонтовтан» деген тақырып қойылған. 1915 жылғы көшірмесінде туынды 1907 жылғы қолжазбада бөлек өлең болып жазылып, 1909 жылғы жинақта да солай басылған «Менің сырым жігіттер, емес оңай» атты өлеңмен бірге жазылады. М. Бікіұлының 1915 ж. қолжазба көшірмесінде бірнеше аударма өлең «Жазба» деп көрсетіліп отырған. Соған қарағанда Абайдың өз жазғанынан көшірілген де болуы мүмкін. Немесе, 1909 жылғы жинақтан. Мүрсейіт

Бікіұлының 1905, 1907, 1910 жылғы көшірме қолжазбаларында бұлайша ажыратып белгілеу болмаған.

**«Қанжар»** (1896).

Өлендегі 1-ш. 1-т. Мүрсейіт Бікіұлының көшірме қолжазбасында «Сүйкімді, болат қанжар **тұрсын** жайнап» болып жазылған. 1915 жылғы көшірмеде – **«тұрсын»**.

3-ш. 3-т. 1907 жылғы көшірмеде **«Грузин** ашулы ұста кекке соққан» деп жазылған.

1915 жылғы қолжазбада – «Күрзіні». Екі сөз де келетіндей. Түпнұсқада грузин ұста соққаны айтылады. Ал осындай екі мағынаға ойысып кеткен сөздердің аударма түпнұсқасында баламасы болмайтындығы Абай аудармаларында кездесіп отыратын ерекшелік. Грузия – Гүржістан. Қазақ тіліндегі күрзінің өзі грузиннен шығуы ықтимал.

**«Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда»** (1897).

Бұл өлең 1909 жылғы жинақта «Өлім бұйырылған жазасыз адам. Лермонтов» деген атаумен басылған.

Өлеңнің 2-ш. 3-т. 1909 жылғы жинақта «Ол шалдар қыршын жасты тыйғанменен» болып жазылды.

1909 жылғы кітаптағы 10-ш. 1995 жылғы басылымда 6-ш. кейін келген. Өлең негізі ойды сақтап еркін аударылған. Шумақтар орны әр басылымда өзгергенімен негізгі мазмұнға нұқсан келмейді.

Мүрсейіт Бікіұлының 1915 жылғы қолжазбасында бұл өлең «Хазасыз өлімге бұйырылған. Лермонтовтан» деп жазылған (84-85-беттер). Бұл қолжазбада 2-ш. 3-т. «Ол шалдар қыршын жасты қиғанменен» деп жазылған.

Өлеңнің жетінші шумағы бұл қолжазбада 1909 жылғы жинақтағыдай «Сағыныш бар, дүниеда жұбаныш бар» деп жазылады. Осы шумақтың екінші, төртінші тармағы 1909 жылғы жинақтағы, 1995 жылғы басылымдағы тармақтардан басқаша жазылған. Мүрсейіт көшірмесі:

Сағыныш бар, дүниеда жұбаныш бар,  
Көңілді көретұғын қуаныш бар.  
Құлын-тайдай айқасып, ойын салып,  
Сүйенген сүйеніспен демалыс бар.

1909 жылғы жинақ пен 1995 жылғы басылымда бұл шумақ:

Сағыныш бар, дүниеде жұбаныш бар,  
Көңілді көтеретін қуаныш бар.



Құлын-тайдай айқасып, ойын салып,  
Кептерше сүйеніскен демалыс бар, –

деп берілген (1995 жылғы жинақ, 2-том, 38-бет).

Өлеңнің 9-ш. 3-т. Мүрсейіт қолжазбасында (1915) «Сендер сүрдің, мен өмір сүрмес пе едім?» деп жазылған. Бұл тармақ 1909 жылғы жинақ пен 1995 жылғы басылымда «Сендер сүрдің, мен де өмір сүрмес пе едім?» деп басылған.

Осы өлеңдегі 11-ш. 3-т. Мүрсейіт Бікіұлының қолжазбасында «Менің ішім өзіңе мағлұм шығар» деп жазылған (1915).

**«Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз»** (1898).

1909 жылғы жинақтың «Переводтар бөлімінде басылған» 1097 жылғы Мүрсейіт көшірмесінде өлең атауы «Лермонтов» деп жазылған. 1909 жылғы жинақта берілген бастапқы 2 шумақтың орнына бұл қолжазбада көп нүкте қойылыпты.

1909 жылғы жинақта, кейінгі басылымдарда 5 шумақ (20 тармақ) болып жүрген бұл шығарма Мүрсейіт Бікіұлының 1915 жылғы қолжазбасында әрқайсысы төрт тармақтан келген екі шумақ көлемінде берілген. Кейінгі 3 шумағы «130. Дүниядан үмітім жоқ менің деймін» (90-91беттер) деген атаумен бөлек берілген.

**«Мен көрдім ұзын қайың құлағанын»** (1898).

1909 жылғы жинақтың «Переводтар» бөлімінде басылды. 1915 жылғы көшірмеде өлеңнің 1, 2 тармақтары –

«Мен көрдім дүние деген иттің көтін,

Жеп жүрген көп бірінің біреу етін».

Орыс тіліндегі түпнұсқада бұл соңғы шумақ жоқ. Жеке басылымдарда бұл екі тармақ әрқалай жазылып келеді.

**«Жарлы бай»** (1898) («Жаман үйде жалғыз шал»).  
И.А. Крыловтың «Бедный богач» мысалының аудармасы.

Аударма өлеңнің қолжазба нұсқасындағы, жинақтардағы көлемі бірдей емес. Мүрсейіт Бікіұлында төрт тармақтан келген 23 шумақ, 92 тармақ өлең. 1909 жылғы кітапта шумақтардағы тармақ саны екіншіде алты, он тоғызыншыда бес, жиырма үшіншіде алты болып келген 23 шумақ, яғни Мүрсейіт қолжазбасындағы мәтіннен 5 тармақ артық, 97 тармақ.

Мүрсейіт жазбасы:

«Өзіне өзі сөйлейді,

Сөйлегенде не дейді:

«Обал жоқ осы байларға

Мал қызығын көрмейді.

Жақсы төсек, тәтті ас жоқ,  
Жан қадірін білмейді.  
Салқыл қақты, түн қатты,  
«Мал-мал!» деді, мал тапты».  
1909 жылы:

«Өзіне өзі сөйлейді,  
Сөйлегенде не дейді:  
«Обал жоқ осы байларға  
.....  
.....  
Жан қадірін білмеген.  
Тәтті тамақ, жақсы ас жоқ,  
Жақсы киім кимеген».

(Осында соңғы үш тармақ 1995 жылғы кітапта:

Мал қызығын көрмеген.  
Жақсы төсек, тәтті ас жоқ,  
Жан қадірін білмеген – Қ.М.).

Салпыл қақты, түн қатты,  
«Мал-мал» дейді мал тапты.  
Байыған сайын күтім жоқ,  
Пейілі кетті, ант атты.

Осындағы соңғы екі тармақ Мүрсейіт молда жазған көшірмеде жаңа, үшінші шумақтың басы болып келген.

Мүрсейіт дәптерінде 5-тармақ «Иттеніп жүріп өлмей ме» деп басталады. Бұл 1909 жылғы 4 ш. 3 т. «Бүйтіп жүріп өлмей ме» деп жазылған. 1995 жылғы кітапта қолжазбадағы қалпы сақталыпты.

**«Асау той, тентек жиын, опыр-топыр» (1902)**

М.Ю. Лермонтовтың «На буйном пиршестве задумчив он сидел» деген өлеңінің аудармасы. Алғаш 1909 жылғы жинақта басылған. Мүрсейіт Бікіұлының 1915 жылғы қолжазбасында «Лермонтов. Жазба» (88-бет) деп жазылған.

Өлеңнің үшінші шумағының бірінші тармағы Мүрсейіт қолжазбасында: «Көп отырды, қозғалып сөйлегелі» деп берілген. Бұл тармақ 1909, 1995 жылғы кітаптарда: «Көп отырды, қозғалды сөйлегелі» деп басылған.

Бұл аударма өленнің түпнұсқасында қозғалу туралы дәлмедәл сөз жоқ. Мүрсейіт қолжазбасындағы «Көп отырды, қозғалып сөйлегелі» деген тармақта кейіпкердің ширығып, сөйлеуге дайындалып отырғаны байқалады. «Көп отырды, қозғалды» деу ішкі толғаныстан гөрі, сыртқы, статикалық қалыпты хабарлап қана тұрғандай.

Қолжазбадағы «Жазба» деген айқындама Абайдың өзі жазғанынан көшірілді деген мағына беруі ықтимал.

Орысша мәтіні:

На буйном пиршестве задумчив он сидел  
Один, покинутый безумными друзьями,  
И в даль грудущую, закрытую пред нами,  
Духовный взор его смотрел.

И помню я, исполнены печали  
Средь звона чаш, и криков, и речей,  
И песен праздничных, и хохота гостей  
Его слова пророчески звучали.  
Он говорил: ликуйте, о друзья!  
Что вам судьбы дряхлеющего мира?..  
Над вашей головой колеблется секира,  
Но что ж!.. из вас один ее увижу я.

«Вадим» («Батар күнге шымылдық көк бұлт кең»).

Мұхтар Әуезов Лермонтовтың жас кезінде жазылған бұл шығармасының негізінде Пугачев көтерілісі жатқандығын айтады. Поэмада Шиллер, Пушкин сынды ақындардың ықпалы байқалады, өзгелерді суық жат етіп сипаттау – романтикалық үлгі, сол үлгіні Абай да пайдаланады дейді. «Бүкірді» сипаттауының өзі романтикалық адамның қалпын көрсетеді.

... Лермонтов үлкен қоғамдық тақырыпты аңызға айналдырған себебі бар. Өйткені Вадимнің арғы тегі дворян. Әділетсіздікті жойғанда өз басының тілегі сияқты көрсетеді. Аудармасын Абай ерте бітіреді. Абай жазған төрт поэманың даңқты болатын себебі олардың тұтастығы бар, іштей терең байланысы бар. Және біткен поэмалар болғандықтан бұлары терең философиялық ойдың қорытындысы болып есептеледі. Абай шығыс пен батыстың рухани қазынасын қатар меңгергені шығармаларынан анық көрінеді. Абай екі мәдениеттің ана сүтін еміп өскендіктен, «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілдім» дегені. Бұл поэмаларды жазғанда шығыстың мұсылман әлемінен алып,

өзінің көзқарасына, эстетикалық сезіміне бағындырып жазады» (Әуезов М. – Абайтану дәрістері. – Алматы: Рауан, 1994. – 460 б.) (75-бет).

Мүрсейіт Бікіұлының 1907 жылғы көшірмесінде «Вадимның переуоты», 1915 жылғы көшірме-қолжазбасында бұл шығарма «Жазба. Феруод (Перевод). Уадим» (94-98 беттер) деп жазылған.

Қолжазба нұсқалар мен жинақтардағы басылымында елеулі текстологиялық айырмашылықтар жоқ.

Екінші шумақтың бірінші тармағы 1907, 1915 жылғы көшірмелерінде «Ол **мұнара** – сопылардың тұрар жері» болып жазылған. (1915 – тиресі жоқ). 1995 жылғы кітапта бұл «Ол монастырь» деп келеді.

1907, 1915 жылы 4-ш. 3-т. «Ладон деген иісті **от** тұтатып» болып жазылған. 1995 – «**май** тұтатып».

5-ш. 3-т. Мүрсейіт Бікіұлының 1915 жылғы жазбасында «Тас күмбезде **сыбыры** күңгірлейді» болып, ал 1907 жылғы қолжазбада «сыбдыры» деп жазылған.

Құлшылыққа жиылған көп жамағат, **сыбыр** қағып тосып тұр, сол-ақ қымбат.

Тас күмбезде **сыбыры** күңгірлейді,

Ішкі үйіне кіруге тимей рұхсат.

6-ш. 2-т. Мүрсейіт Бікіұлының 1915 жылғы қолжазбасында «**Жан ашыр жоқ** дүнияда жетім қалған» болып жазылған. 1907 жылы – «**Жанашырсыз**». «Жан ашыр жоқ дүнияның» түпкі мағынасы «жанашырсыздан» асып тұр.

11-ш. 1-т. 1907, 1915 жылғы көшірмелерде «Сұр ерін, аузы жұқа, **ши** тістеп» деп жазылған. 1995 – «**жиі**» тістеп. «Жиі» де, «ши» де келеді. Ашулы адамның ернін жиі тістелеуі. «Ши тістеген» статикалық қалпын көрсетеді.

19-ш. 2-т. 1915 – «Көзі, түсі оңып, нұры қайтқан».

1907 – «Көзінің түсі оңып».

1915 жылғы көшірмеде «бешпет» болып жазылған сөз 1907, 1995 – «пешпент». (Бұл екі жерде қолданылған – 19-ш. 1-т.).

21-ш. 3, 4-т. 1915 жылы «**Есікке** шегелеулі құлыбы бар, **Бір сандыққа** барды да соған салды» деп жазылыпты. 1907, 1995 – «Есікте... Бір сандық бар».

23-ш. 3-т. 1915 жылғы жазылуы – «Бәрің бірдей **шайнаспай**, бөліп ал!» деп». 1907, 1995 – «**таласпай**».

23-ш. 1-т. 1907, 1915 – «Осылар елдің тынышын алды **бүгін**». 1995 – «**бүгін**».

23-ш. 4-т. 1915 – (**Ойламай**, бәрін аштан өлтiретiн». 1907, 1995 – «**Ұялмай**».

24-ш. 2-т. 1915 – «От жалындай **бұл** байға көзiн тiккен». 1907, 1995 – «**сол**».

25-ш. 2-т. 1915 – «– Не керек?» – деп, әлгi шал **күнкiл** еттi». 1907 – «**бiр күнк** еттi».

30-ш. 2-т. 1915 – «Ертiп жүрген екеуге **бай да** жолда». 1907 – «**байды**».

31-ш. 4-т. 1915 – «Тани алмай **ырылдап**, ит те үрдi». 1907 – «Танымай, **ырылдасып** иттер үрдi».

32-ш. 1-т. 1915 – «Уадим iздегенiн тапты, **мiне**». 1907 – «**мына**».

32-ш. 3-т. 1915 – «Шiркеудегi серттi ойлап, айтқан **сөздi**». 1907 – «**сөзi**».

32-ш. 4-т. 1915 – «Ғадалат қайда болса, сонда **ғана**». 1907 – «**күнә (а)**».

34-ш. 3-т. 1915 – «Қырықтан асқан, семiрген **қатын** отыр». 1907 – «**қатыны**».

1915 жылғы қолжазбадағы 35-шумақ:

Бiрiншi, iшпек, жемек, семiрмек, есiнемек,

Ерiккеннен жалшыға бос зекiрмек.

Екiншi, ұрыспастан, кезiнде өзi ұрысқансып,

«Олай емес, бiлмеймiн, бұлай» демек.

1907:

Ишпек, жемек, семiрмек, есiнемек,

Ерiккеннен жалшыға бос зекiрмек,

Бай ұрыспаған кезiнде өзi ұрысқансып,

«Олай емес, бiлмейсiң, былай», – демек.

1907 жылғы қолжазба (Аяғы бiтпей қалған) деген ескертумен аяқталыпты. 1915 жылы бұл көрсетiлмеген.

Қорыта айтқанда, Абайдың әдеби мұрасын игерiп, танудың бiр ғасырдан асып кеткен ғылыми бағытында қилы кезеңдер бар. Саясат көлеңкесiнде жазылған едi деп тұтас айналымнан алып тастауға болмайтын, бойтасалап отырып та тайсақтамай айтылған мығым, негiздi, тағылымды тоқтамдар бар.

Бұлардың барлығы өз уақытының таным таңбасы, рухани жәдiгерi мәнiнде өз құндылығымен айналымға тартылып отырған, отырмағандығына да алаңдау керек. Бiр жоқты бiр жоқ табатын қисындар бар.

Осы бағыттарда абайтану тарихын түгендеу мұратымен бірталай жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде атқарылды. Л.И. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Абай академиясы» ҒЗИ қыруар істі қолға алып отыр. М.О. Әуезов атындағы ӘӨИ ғалымдары өзекті абайтану бойынша ғылыми жобаларды жүзеге асыруда.

Осының барлығы, әрине, абайтанудың әлемдік өрісте, озық өнегелері мығым зерттеу мектептерімен нықтас өреде даму келешегіне үміт жалғайды. Абай аманаты – Абайдың дәуірі, ортасы, қалың елі – қазағы. Әрбір туындысы. Әр сөзі. Тұтас озық дүниетанымы. Адамшылық тәлімі. Ұлттық болмыс. Ұрпақ үміті.

### **Әдебиеттер:**

1. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.
2. Тоғжанов Ғ. Абай. – Алматы-Қазан, 1935.
3. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері: Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 400 б.
4. Әбдірәсілқызы А. Қожа Ахмет Йассауидің ақындық әлемі (монография). – Алматы: Кіе» лингвотану инновациялық орталығы, 2007. – 264 б.
5. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1984. – Т.15. – 328 б.
6. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. – Т.18. – 341 б.
7. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 296 б.
8. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі (XIX ғ. бірінші жартысы). – Алматы: Ғылым, 1983. – 240 б.
9. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Қазмемәдеббас, 1960. – 364 б.
10. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы, 1958. – 289 б.
11. Абай. 2 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 1 т. – 292 б.

**Гүлзия Пірәлі,**

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,  
«Әуезов үйі» ҒМО-ның бас ғылыми қызметкері,  
филол.ғ.д., профессор,

**Шолпан Әмірбаева,**

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,  
«Әуезов үйі» ҒМО-ның ғылыми қызметкері, магистр

## **ЗӘКИ АХМЕТОВ – МҰХТАРТАНУШЫ ҒАЛЫМ**

«Зәки Ахметов – мұхтартанушы» деген тақырып ғалым мұрасының бір қырын ғана қарастыруға мәжбүр етеді. Өйткені, бір баяндамада көрнекті ғалым, талантты теоретик Зәки Ахметовтің бүкіл ғылыми зерттеушілік еңбектеріне шолу жасау немесе оларды жеке-жеке талдау мүмкін емес екені аян. Әдетте ұлттық ғылыми орта, ЖОО-ның оқытушылары мен студенттері, жалпы исі қазақтың есіне Зәки Ахметов десе ең бірінші «Өлең сөздің теориясы» түсетіні рас. Бұл екеуі құстың қос қанатындай ажырағысыз, айнымас егіз ұғым сияқты. Өйткені, З.Ахметов ұлттық әдебиеттану ғылымында өзінен бұрын ешкім із салмаған тың тақырыпқа алғаш жол салған сирек ғалымның бірі. Қазақ әдебиеттануы ғана емес, тіпті орыс әдебиеттануында да арнайы тақырып ретінде зерттелмеген өлеңтану саласына сол кезеңде соны сүрлеу салған Зәки Ахметовтің «Казашское стихосложение» деген монографиясы одақ ғалымдарына үлкен ой салғаны ақиқат [1]. Кейін бұл еңбек қазақ тілінде жазылып «Өлең сөздің теориясы» (1973) деген тақырыпта жарық көрді. Бұл, сөз жоқ, қазақ әдебиетінің, әсіресе теориясының еш елден кем емес терең мағыналы, әлемнің кез келген ұлттық әдебиетіне, ғылымына ұялмай ұсына алатын зор жетістік, ғылыми ірі жеңіс болатын. Зәки Ахметов бұл тақырыптағы зерттеулерін осымен тоқтатып қоймады, оны табанды әрі жүйелі түрде жүргізіп отырды.

Қазақ жазушылары мен ақындарының шығармаларындағы кәсіби шеберлік мәселелерін, әдебиеттегі көркемдік дәстүр мен жаңашылдық категорияларын, өзге әдебиеттермен ұлттық әдебиеттің байланысы және қазіргі әдебиеттің өзекті мәселелерін зерттеумен жалықпаған З.Ахметов өзінің теориялық дайындығы мықты, ғылыми зерттеушілік зердесі зерек зерттеуші екендігін қай еңбегінен де байқатып отырды. Осы өлеңтану теориясы оны абайтануға алып келді. Абайдың бүкіл шығармашылығының көркемдік әлемін, аудармасын, текстологиясын, мектебін,

канондық мәтінін қалыптастыру, дамыту, жүйелеу, зерттеу жұмыстарын таразының екі басындай тең ұстап, күрделі де кең көркемдік тұтастықта, әдеби әлемде ұлттық сөз өнеріндегі ірі рухани құбылыс ретінде қарастырған З.Ахметовтің еңбектері күні бүгінге дейін ғылыми ортада жоғары бағаланып, мектеп пен ЖОО-да оқулық ретінде пайдаланылып келеді. Және олар әрбір әдебиетшінің күнделікті қолданатын кітабы мен теориялық қисындарын негізгі ұстаным етер, бағыт-бағдар берер басты басылым болып табылады. Қай шығармасында да ұлы ақынның өлеңдерін, мәтіндерін мысалға алу әдебиетіміздегі бас абайтанушы Мұхтар Әуезовтің ғылыми бағыттарын жалғастырып, дамытып отыруға дәнекер болды.

Оған Қазақстан және Қырғызстан республикалары ғылымына еңбегі сіңген қайраткер (1978) Зәки Ахметовтің «Лермонтов және Абай»(1954), «Қазақ өлеңінің құрылысы» (1964), «Қазақ поэзиясының тілі» (1970), «Өлең сөздің теориясы» (1973), «Қазақ әдебиетінің қазіргі дамуы және дәстүрі» (1978), «Абай жолы эпопеясының поэтикасы» (1984), «Абайдың ақындық әлемі» (1995), «Мұхтар Әуезовтің роман-эпопеясы» (1997), «Поэзия шыңы – даналық» (2002) және т.б. ғылыми еңбектері мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми ұжымы шығарған 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбектің 5-ші томында топтасқан «Шоқан Уәлиханов», «Шәңгерей Бөкеев», және академик Сейіт Қасқабасовпен бірге жазған «Абай Құнанбаев» атты монографиялық тарауларындағы жаңаша пайымдаулар мен ғылыми теориялық тұжырымдар дәлел.

Сондай-ақ М.Әуезовтің 100 жылдық мерей тойы қарсаңында жоспарланған күрделі еңбек «Мұхтар Әуезов Энциклопедиясына» абайтанушы, мұхтартанушы ғалым, академик Зәки Ахметовтің «Әуезов әлемі» атты кіріспе мақаласы бүкіл энциклопедияның мазмұн-мәнін ашып, рухани құндылығын, өзіндік ерекшеліктерін айқындап, ғылыми теориялық тұрғыдан жоғары бағасын берген. М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына ғылыми шолу жасаған зерттеуші оның әр жанрдағы туындыларының көркемдік әлеміне зер салады. Сөз өнерінің көрнекті өкілі, ғұлама ғалым, академик, даңқты драматург М.Әуезовтің суреткерлік шеберлігі мен кәсібилігінің көкжиегі, көркемдік әлемінің кеңістігі көне дәуірден бертінге дейінгі әлем әдебиеті мен ұлт сөз өнерінің тереңге тартқан тамырынан таратылып, талданады [2].

Ұлы суреткердің өсіп-өнген ортасы, шығармашылық бай



мұрасы, дүниетанымы, эстетикасы, поэтикасы, қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірлері, дәстүр-тағлымы туралы мәселелерді жан-жақты баяндаған Зәки Ахметовтің ғылыми зерттеуі кеңестік кезеңде жазылған көп дүниелерден жазылу сипаты, талдану әдісі, теориялық тұжырымдары көш ілгері биік әрі таза кәсіби тұрғыдан талданған болатын. Сондықтан да болар бұл мақаланың мән маңызы әлі өз құндылығын жойған жоқ. Аталған ғылыми еңбектер академик Зәки Ахметовтің өмірбойы зерттеген тақырыбы абайтану мен мұхтартану саласы екендігін тағы да дәлелдей түседі.

З.Ахметов М.Әуезовтің «Абай жолы» романының тарихы мен поэтикасын зерттеуге арнайы ат басын бұрып, өзіне дейінгі ғылыми еңбектерде ескерілмей келген жәйттерді тереңдеп зерделеу мақсатында 1984 жылы «Абай жолы» эпопеясының поэтикасы» деген монографиясын жазды. Онда қазақ әдебиетіндегі тарихи романның тұсауын кескен туындының жазылу тарихы, жазушы шеберханасы, оның шығармашылық психологиясы романның 2 басылымын салыстыру арқылы зерттелді. Кейін 1997 жылы М.Әуезовтің 100 жылдығы кезінде жаңа ой, тың мәтін қосып, талдауларын күрделендіріп, жаңаша саралап, қайта толықтырып жазып шықты. Бұл да зерттеушінің өз тақырыптарына адалдығын, табандылығын, ғылыми зерттеушілік ізденісін танытады.

Әдебиеттегі Әуезов әлемінің шырқау биігін ұлы Абай шығармашылығы мен абайтану мәселелерімен тығыз бірлестікте қарастырған ғалым осы монографиясында тарихи тұлғаның өмір сүрген дәуіріндегі қоғамдық қайшылықтар мен екі ұрпақ арасындағы пікір қақтығыстарын, кейіпкерлерінің мінез болмысын, ішкі сезімдік құбылыстарын қадағалай, кеңінен толғап ой айтатын эпикалық баяндау тәсілінің ерекшелігімен үйлестіріп, қазақ көркем прозасында бұрын-соңды көрінбеген кең тынысты, тың тәсілдік шешімдер тапқанын тілге тиек етеді. Әуезовтің дүние жүзі мәдениетінің биігіне көтерілуіне Абай мұрасы, Абайдың өнерпаздық, ойшылдық дәстүрі үлкен тірек болғанын, екі ұлы тұлға бір-бірін көтергенін ерекше сүйіспеншілікпен талдап, танытады.

Әдеби шығарманың көркемдік әлемін анықтайтын образ, уақыт пен кеңістік, оқиғалар, мағыналар, тіл сияқты бес негіз мұнда да кеңінен зерттеліп, әрбір әдеби категория зерттеушінің талғамына сай зерделенеді. «Абай жолы» – жай ғана тарих емес, көркемдік ойдың көрігінен өткен, сомдап бейнеленген

өмір шындығы, халықтың тағдыры, өткені мен келешегі жайындағы терең толғаныс екендігін, ондағы уақыт пен кеңістік категорияларын эпопеяда бейнеленген Абай заманы – тарихи уақыт деп, ал оның жазылған уақыты мен бүгінгі оқырмандардың, сын айтушылардың заманы деп үшке бөліп қарастырады.

Сөз өнеріне тән осынау қасиеттер арқылы шығарманың көркемдік, ал жазушының шеберлік әлемінің сырлары ашылады. Өйткені, шығарма да, оның кейіпкерлері де белгілі бір тарихи кезең-уақытта өмір сүріп, сол өзі өмір сүрген кеңістікті кескіндері хақ. Қалай болғанда З.Ахметов осы зерттеуінде Әуезов әлеміне қатысты көптеген күрделі және теориялық мәселелерді көтеріп, ашып берген. Жазушы шығармашылығы жайлы жаңа ойлар айтып, тың теориялық тұжырымдар жасаған.

Әуезов әлемін тану мен таныту, игеру мәселелеріне жаңаша талдау жасап, көркем мәтіндегі тарихи және көркемдік концепцияларды бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымының талаптары бойынша интерпретациялап, зерделеген З.Ахметовтің «Роман-эпопея Мұхтара Ауэзова» атты еңбегі де осы саладағы соны сүрлеу, тың табыс [3].

«Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу мен жариялану тарихы аралығындағы шығармашылық процесті, зертханалық тәжірибелер мен ізденістерді, суреткерлік шеберлік сырларды тек абайтану мен мұхтартанудың кәсібі әрі білікті маманы Зәки Ахметов сынды зерек зерттеуші ғана ғылыми теориялық тұрғыдан талдап бере алар еді. Тақырып пен идея, образдар жүйесі, жанрлық бітім, стиль мен әдеби тіл, сюжет пен композиция, уақыт пен кеңістік сынды әдеби категориялары арқылы шығарманың көркемдік әлеміне зер салған зерттеуші романдағы қазақтың жарты ғасырлық өмір көшінің бейнелену, олардың қарапайым тұрмыс-тіршілігінен бастап рухани құндылықтарына дейінгі тарихының көркем шежіресін жазудағы суреткердің кәсіби шеберлігіне мән берген.

Романдағы Абайдың бейнесі жазушы мұрағатындағы баға жетпес естеліктер, қолжазбалар, деректі тарихи құжаттар негізінде сомдалғанын, олардың көбі Әрхам Ысқақов, Қатпа Қорамжанов, Мадияр Түсіпов, Көкпай Жаңатаев, Баймағамбет Айтхожин, Тұманбай Наданбаев, Сыдық Махмұдов, Ермұса, Өлімбет, Хасен, т.б. сынды тарихи кісілерден жазып алғандығын, бұл тарихи мәтіндердің көркем шығармада қалай бейнеленгенін Зәки Ахметов монографияда кеңінен талдап, зерделейді.

З.Ахметовтің осы монографиясын жазуда жинаған тарихи,

әдеби, ғылыми деректері оның кейінгі жазған бірнеше зерттеулерінде жан-жақты талданып жазылды да. Оған З.Ахметовтің ұлы суреткер М.О.Әуезовтің 80, 90, 100 жылдық мерейтойларында жасаған ғылыми баяндамалары дәлел.

Көбіне атала қоймайтын З.Ахметовтің «Абай және Әуезов» атты 20 беттен асатын көлемді мақаласы да осы мұхтартануға қосылған құнды еңбектердің бірі. Бұл еңбек ғалымның М.Әуезовтің 100 жылдық мерей тойына орай жазылған ғылыми баяндамасы болатын [4]. М.Әуезовтің 50 томдық академиялық шығармалар жинағына арнап «Әуезовтанудағы жаңа биік белес» атты алғы сөз жазуы да және осы 50 томдықтың екінші томына «Мұхтар Әуезов әңгімелерінің поэтикасы» деген мақаласы да академик ғалымның қазақ әдебиетіндегі маңдайалды мұхтартанушы екендігінің айғағы. Академик Зәки Ахметовтің осы алғы сөзіндегі: «Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің классигі, XX ғасырдағы әлем әдебиетінің озық өкілдерінің қатарынан орын алған ұлы суреткер, ғұлама ғалым, публицист, ұлағатты ұстаз-педагог, аса ірі қоғам қайраткері. Оның баға жетпес әдеби мұрасы-көркем туындылары мен ғылыми зерттеу еңбектері, мақалалары-дүниежүзілік әдебиет пен мәдениетке зор үлес, асыл қазына болып қосылды», – деген жоғары бағасына бүгінде көбіміз жүгініп отыратынымыз да жасырын емес [5, 3].

Олай болса көрнекті ғалым, академик, атакты абайтанушы, мұхтартанушы Зәки Ахметовтің ғылыми зерттеу еңбектері, ешқашанда құндылығын жоймайтын, ұлттық әдебиеттану ғылымында баға жетпес ұлы мұра екендігін естен шығармағанымыз мақұл.

М.Әуезовтің шығармашылық мұрасын зерттеп, мұхтартанудың көкжиегін кеңейткен көрнекті ғалым Зәки Ахметов ұлы суреткердің 100 жылдық мерей тойы салтанатында оқылған «Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің классигі» атты баяндамасында: «..Мұхтар Әуезовтің өзі – 20 ғасырдағы ұлттық ой-санамыздың, сөз өнеріміздің асқар биігі, әлем әдебиетіне қосқан халқымыздың үлесін таразылайтын өлшем», - деп жоғары баға берген болатын [6, 28]. Өз еңбектерінде жазушының ұлылығы, оның дара тұлғасының ірілігі, ұлттық рухы шығармаларынан анық танылатыны турасында тағылымы мол ғылыми теориялық тұжырымдар жасаған академик Зәки Ахметовтің мұхтартану саласындағы ғылыми мұралары күні бүгінге дейін өзінің құндылығын жойған жоқ. Керісінше классик жазушының шығармаларын оқып-түсіну, талдау

зерттеуде мән- мағынасы терең, ұлттық әдебиеттану ғылымының теориялық деңгейін танытарлық еңбектер болып табылады.

Енді ол кісі туралы естен кетпес естеліктерге азғана тоқтала кетсек, өткен өміріңе бір сәт зер салар болсаң небір жаны жайсаң жақсылардың жанында жүріп, жаныңды жадыратар жылы сөздерін естіп, жүрекке шуақ шашқан шұғылалы шақтар есте түсері сөзсіз. Кезінде сол бір әдемі кезеңдердің қадір-қасиетін тани білдік пе, жоқ па білмейміз. Бірақ өміріңе өшпес із қалдырған ғұмыры ғибратты, өмірі өнегелі, мінезі ірі, табиғаты таза тұлғалардың тұсында тіршілік кешіп, салықалы сөздерін тыңдағанымызға кеште болса көңіл демдеп, көзден кетсе де көңілден кетпейтін керемет бейнелерін місе тұтып «мына өмірде осындай да таза, адал, мәдениетті жандар сирек те болса кездеседі екен, адамдарға деген сенімді жоғалтпауға сеп болатын солар екен-ау», – деген ойға қаларыңыз сөзсіз. Кейде кісі сыйлауды білмейтін кісікіік, көкірегі көкті тірейтін кісімінгендерді көргенде көз алдыңызда академик болса да сөзі де, өзі де, күлкісі де арқа-жарқа, тау суындай мөп-мөлдір Зәки аға келе қалады және олар мұң басқан жаныңызды кенет жадыратары да сөзсіз.

Өз басым әдебиет теориясы мен поэтика саласындағы ірі маман, 1975-1981 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында директордың орынбасары және директоры қызметін атқарған білікті басшы, ҚР ҰҒА Шоқан Уәлиханов атындағы 1 дәрежелі сыйлығының иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Зәки Ахметовтің ұсынысымен 1986 жылдың 6 мамырында М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында республикада тұңғыш рет ашылған «Әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы» деген бөлімге қызметке келгенімді тағдырдың үлкен сыйы деп ойлаймыз. Бөлімде Зәки аға жоқ кездері айтылатын аңызға бергісіз әңгімелер көп болатын.

1943 жылы мектепті өз мерзімінен бұрын бітіріп, не бәрі 15 жасында ҚазМУ-дің тіл-әдебиет факультетінің журналистика бөлімінің студенті болып, 20 жасында университет бітіруі, 1947-1950 жылдары Ленинградтағы КСРО Ғылым академиясының Шығыстану институтының аспиранты болып, 1951 жылы 23 жасында «Лермонтов және Абай» атты диссертация жазуы, ұлы суреткер, ғұлама ғалым академик М.Әуезовтің бата беруі,

т.б. сынды өмірлік деректерге біз осы бөлімде отырып қанық болғанбыз. Ал, Зәки Ахметовті қатты қадір тұтатын замандасы, осы бөлімнің жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Шерияздан Елеукуеновтің тамылжытып айтқан естеліктері біз білетін мәліметтерді тіпті құнарландырып, танымдық тұрғыдан тереңдете түсетін. Естеліктен есте қалғаны: «...1947 жылы студент З.Ахметов көрнекті ғалым Б.Кенжебаевтың жетекшілігімен «Абайдың эстетикалық көзқарастары» деген дипломдық жұмысын қорғағанда резезенті болған М.Әуезов: «...пәлі, мына диплом жұмысыңның Абай жөніндегі зерттеулерді толықтыра түсетін жақтары бар екен. Қарағым Зәки, диссертация желісі боларлық еңбек жазыпсың, айтқанымды ұмытпағайсың», - деген екен. Мұқанның осы бір ауыз сөзі Зәки Ахметовті СССР Ғылым академиясының Ленинград шаһарындағы Шығыстану институтының аспирантурасынан бір-ақ шығарды». Бұл дерек кейін Ш.Елеукуеновтің «Әдебиетіміздің заңғар зерттеушісі» - деген баяндамасында да берілген [7, 6].

Бөлімдегі жұмысымызды да Зәки Ахметовтің ғылыми зерттеу еңбектерімен танысудан бастағанымыз да жасырын емес. Өйткені әдебиет теориясы бөлімінің талабының өзі қазақ және әлем әдебиеттануындағы теориялық еңбектермен танысу болатын. «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» дегендей, алыстан арбаламай жақыннан қармаудың жақсы сәті туды. Күн сайын Зәки Ахметовтің ғылыми теориялық тұжырымдарға толы әңгімелері, бөлім қызметкерлерімен ой бөлісулері, түрлі тақырыптарға баратын байыпты да пайымды парасатты пікірталастары бізді еріксіз осы салаға қызықтырып, баули түсті. Әсіресе З.Ахметовтің 1951 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында доцент, кафедра меңгерушісі, декан секілді қызметтерді 25 жыл бойы атқара жүріп, 1965 жылы 37 жасында 460 беттік 25 баспа табақтан тұратын көлемді де күрделі тақырыпқа арналған «Казакское стихосложение» атты докторлық диссертацияны қорғауы шын мәнінде де ғылымдағы үлкен ерлік болатын.

Академик З.Ахметов 1986 жылдың 6-шы маусымынан 17.XII.2002 жылға дейін М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында әдебиет теориясы бөліміне жетекшілік ете жүріп, қазақ әдебиетіндегі сан тарау бағыттағы, алуан тақырыптағы бұрындары арнайы зерттелмей жатқан бірнеше

теориялық зерттеу жұмыстарының тұсауын кесті. Тек бір бөлім деңгейімен тоқталып қалмай республика тіпті кейде түркі тілдес елдердің ғалымдарына да тақырып, бағыт-бағдар беріп, ғылыми кеңестер беріп, жетекшілік те етіп отыратын. Әсіресе, 10.01.08-Әдебиет теориясы. Мәгінтану мамандығын ашуға басты себепкер болып, осы салада ұлттық ғылымда жоқ теоретик ғалымдарды даярлауда көптеген ұйымдастырушылық, жетекшілік қызметкер атқарды. Оның жетекшілігімен 6 докторлық, 20-дан астам кандидаттық диссертация қорғалуы осы еңбектердің айқын дәлелі. Мұны академик Зәки Ахметовтің ұлттық ғылымды әлемдік деңгейге көтеруге, ұлттық кәсіби ғылыми теоретик ғалымдарды, зерттеушілерді дайындауға, қалыптастыруға, санын арттыруға қосқан қомақты үлесі деуге болады. Өкінішке орай кейін түрлі қаржылық себептердің салдарынан көрнекті ғалым, академик ағамыз Зәки Ахметов бастап, негізін қалаған әдебиет теориясы мен әдебиеттану методологиясы бөлімі жабылып, ұлттық әдебиеттану ғылымының теориялық сапасы әлсіреп, ғылыми зерттеушілік жағы зардап шекті. Әлі де болса ірге тасы жоқ баспананың түбі бір құлайтыны секілді ғылыми негізі, теориялық іргетасы жоқ ғылымның құлдыарын ескерсек, З.Ахметов негізін қалаған бөлімді қайта калпына келтірудің еш қиындығы жоқ секілді.

Қалай десек те қазақ әдебиеттануы ғылымына 10-нан астам монография, 15-ке жуық ұжымдық еңбек, 400-ге жуық мақала жазған ғұлама ғалым З.Ахметовтің әдебиет теориясы, поэтика, өлең құрылысы мен өлең жүйесі, абайтану, мұхтартану, қазақ әдебиеті тарихының мәселелерін зерделеген зерттеулерінің мән маңызы күн өткен сайын артпаса кеми қойған жоқ.

Және бір тоқталар жәйт – академик З.Ахметовтің жетекшілігімен ашылған «Әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы» бөліміндегі ең басты атқарылған шаруаның бірі – Ахмет Байтұрсынұлының 70 жыл саяси репрессияға ұшыраған «Әдебиет танытқыш» еңбегінен басқа ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихында болмаған «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» атты еңбекті тұңғыш рет жарыққа шығаруы еді.

Жарты мыңнан астам терминдерді құрайтын аталмыш анықтамалықта қазақ әдебиетіне, сөз өнеріне тікелей қатысты әдеби ұғымдар мен ғылыми түсініктер басым болғаны белгілі. Оған себеп тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ұлт ұстазы, реформатор Ахмет Байтұрсыновтың 1926 жылы жарияланған «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінің жарияланып, әдеби,

ғылыми айналымға енуі еді. Қазақ әдебиетінде бұрындары да кеңінен қолданылып жүрген Шығыс әдеби терминдер, түрік, араб, парсы, үнді поэтикасындағы ұғым-түсініктер, әдеби атаулар, т.б. саны осы еңбектегі («Әдебиет танышқыштағы») ұлттық ұғымға барынша бейімделген, анықтамалары таза қазақи түсінікте лайықталып жазылған теңеу, кейіптеу, тұспалдау, әсірелеу, шендестіру, арнау, сөз өнері, шығарма, мазмұн, тармақ, шумақ, бунақ, ауыз әдебиеті т.б. сынды терминдермен толықты. Әлемдік және орыс әдебиеттануында әбден қалыптасқан, бірнеше басылымдар шығарған тәжірибесі мол әдебиеттану сөздіктерінің ғылыми, энциклопедиялық заңдылықтарын жете білетін теоретик ғалым Зәки Ахметов «Әдебиеттану терминдерінің сөздігіне» республикадағы кәсіби мамандардың бәрін қатыстыруға, олардан ғылыми стильде жазылған мағлұматы мол мәтіндер, ғылыми анықтамалар алуға тырысты. Бөлімде жиі-жиі басқосулар ұйымдастырып, көрнекті ғалымдар М.Базарбаев, Ш.Елеуқеновтерді жетекші ғылыми қызметкер ретінде жұмысқа қабылдап, осы саладағы жұмыстарды жүйелі, табанды жүргізуге мүмкіндік берді. Осы кісілер барда бөлім нағыз ғылыми пікірталастың ордасы болатын.

Шымкенттен Керімбек Сыздықов, Семейден Арап Еспембетов, Казгудің, Абай атындағы университеттерінің профессорлары, т.б. келгенде әдебиет теориясы бөлімі ғылым мерекесіне айналып, араның ұясындай гу-гу болып жататын. Соның өзі қандай өнеге, тағылым тәрбие екенін енді ұғынғандаймыз.

Әрбір әдебиетшінің күнделікті қолданатын кітабына, студенттің негізгі оқулығына айналған бұл еңбек еліміздің барлық оқырмандарынан өте жоғары баға алды. Және оқырмандар өте көп тұтынатын басты ғылыми теориялық басылым болды. 1998 жылы, яғни екі жылдан соң З.Ахметов жетекшілік еткен «Әдебиеттану терминдер сөздігі» ЖОО-ның сұранысы бойынша қайта басылып шықты [8].

Зәки Ахметовке қатысты тағы бір дерек-2008 жылы З.Ахметовтің 80 жылдық мерей тойына орай ҚР ҰҒА-ның академигі С.Қасқабасов басқарған М. О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен қазақтың ірі мемлекет және қайраткер қызы Ш.К.Беркімбаева ректорлық еткен ҚызПУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының ұжымы «Академик Зәки Ахметов және бүгінгі қазақ әдебиеттануының өзекті мәселелері» деген тақырыпта Халықаралық ғылыми-теориялық конференция ұйымдастыру жұмысына тікелей атсалысуым еді. Университеттің

қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі ретінде бұл іске ұжым болып белсене атсалысып, «ұлттық әдебиеттану ғылымындағы зәкітану» саласының тұсауы кесілуіне, академик Зәки Ахметовтің екінші мәңгілік ғылыми ғұмырының басталуына себепші болды. Сол мерей тойды пайдаланып Шәмша Көпбайқызы Беркімбаеваның бастамасымен, институттың Ғылыми кеңесінің шешімімен филология факультетінің жүзден жүйрік шыққан оқу озаттарына «Зәки Ахметов атындағы стипендия» тағайындалған болатын.

Және осы конференцияға дайындық кезінде Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында доцент, кафедра меңгерушісі, декан секілді қызметтерді 25 жыл бойы атқарған академик Зәки Ахметовтің 80 жылдық мерей тойына тарту ретінде институттың өз қаржысымен 1995 жылы «Ана тілі» баспасынан жарық көрген «Абайдың ақындық әлемі» атты монографиялық зерттеуін қайта басып шығарған еді. Міне мұндай ірі істер тек Ш.Беркімбаева сынды білікті басшы, қоғам және мемлекет қайраткерінің қолынан келетін ерлік болатын.

Ұзақ жылдар бойы осы институттың тарих-филология факультетінің деканы, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болып, студенттерге дәріс берген Зәки Ахметовке арналған «ҚР ҰҒА академигі З.Ахметов атындағы әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы» кабинеті күні бүгінге дейін жұмыс істейді. Онда жыл сайын академиктің туған күніне орай қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушылары мен студенттерінің ұйымдастыруымен дәстүрлі түрде «Зәкітану» дәрістері өткізіліп тұрады. Ол дәрістің мақсаты-студенттерге ғұлама ғалымның ғибратты ғұмыры мен тақырыбы мен мән маңызы тозбайтын ғылыми зерттеу еңбектерін таныту. Әрбір студент өз қалаулары бойынша академик З.Ахметовтің өмірі мен шығармашылығы туралы дипломдық, курстық, магистрлік, т.б. тақырыптар алып ғылыми жұмыстар жүргізуге институтта (қазіргі университетте) мол мүмкіндік жасалған.

Академик Зәки Ахметовтің жарық көрген 400-ге жуық мақалаларының көшірмелері мен «Лермонтов және Абай» (1854), «Қазақ өнерінің құрылысы» (1964), «Қазақ поэзиясының тілі» (1970), «Өлең сөздің теориясы» (1973), «Қазақ әдебиетінің қазіргі дамуы және дәстүрі» (1978), «Абай жолы эпопеясының поэтикасы» (1984), «Абайдың ақындық әлемі»(1995), «Мұхтар Әуезовтің роман-эпопеясы» (1997), «Поэзия шыңы – даналық»



(2002), т.б. ғылыми еңбектері осы университеттің «ҚР ҰҒА академигі З.Ахметов атындағы әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы» кабинетінің төрінен орын алған.

Қорыта айтқанда қазіргі қазақ әдебиеттануында зәкітану саласы қалыптасып, жылдар жаңарған сайын оның саны көбейіп, ғылыми сапасы артып келеді. Әсіресе академик Зәки Ахметовтің бүгінгі мұхтартанудағы әдеби, ғылыми мұралары да молшылық. Келешекте де бұл тақырып өзінің маңыздылығын жоймасы анық. Бір өкініштісі көрнекті ғалым, академик, танымал теоретик ғалым Зәки Ахметовтің мұхтартануға қатысты құнды ғылыми мұралары әлі де кеңінен зерттеліп жүрген жоқ. Келешекте ізденушілерге зәкітану саласындағы ғылыми теориялық тақырыптарды көптеп беру қолға алынса артықтығы болмас еді.

### **Әдебиеттер:**

1. Ахметов З. Проблемы развития стиха в дореволюционной и современной поэзии. Под общей редакцией академика АН Казахской ССР доктора филологических наук, профессора М.С.Сильченко.– Алматы: «Наука», 1964. – 459 б.

2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы (Бас ред. С.Қасқабасов: ред. алқасы: Б.Қ.Майтанов, Н.Е.Ақбай, Р.Әбдіғұлов т.б.). – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2011. – 688 б.

3. Ахметов З. Роман-эпопея Мухтара Ауэзова. Учебное пособие. – Алматы: «Санат», 1997. – 288 б.

4. Мұхтар мұрасы – Наследие Мухтара: Ғылыми мақалалар мен зерттеулер / Құраст: Ш.Ыбыраев, С.Қорабаев. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 352 б.

5. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 2-том. – Алматы: Ғылым, 1997. – 472 б. 3 бет.

6. М.Әуезов-XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисі. Жазушының 100 жылдық мерей тойы салтанатында оқылған баяндамалар мен мақалалар жинағы. – Алматы: «Ғылым», 1997. – 163 б.

7. Елеуменов Ш. Академик Зәки Ахметов және бүгінгі қазақ әдебиеттануының өзекті мәселелері. – Алматы: Unique Service 2008. – 247 б.

8. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 379 б.

**Қанипаш Мәдібаева,**  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институтының бас ғылыми қызметкері,  
филол.ғ.д., профессор,  
**Құралай Мұхамеди,**  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
қауымдастырылған профессоры, филол.ғ.к.

## **ЖАМБЫЛДЫҢ «СҰРАНШЫ БАТЫР» ЖЫРЫ**

Жамбыл шығармаларының 1957 жылғы бір томдық басылымында «Сұраншы батыр» жырының ХІХ ғасырдың 80-90 жылдарында шығарылғаны туралы айтылады.

Жырды Жамбылдың өз аузынан 1937 жылы жазып алып, хатқа түсірген – ақын Қалмақан Әбдіқадыров. 1938 жылы «Әдебиет майданы» журналының 7-8 нөмірлерінде алғаш рет баспа жүзін көрді. 1939 жылы «Сұраншы батыр» атты жеке кітапша болып шыққан. Жамбылдың 1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 1996, 2012, 2014 жылдардағы толық жинақтарына кірді. Жырдың 1953 жылғы баспа қарпінде жазылған, үстінен Қалмақан Әбдіқадыров жыр мәтінінің дұрыстығын растап қол қойған жазба нұсқасы қазірде М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақтаулы тұр (162-бума). Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы қарсаңында 3 томдық академиялық толық жаңа басылымын дайындау барысында «Сұраншы батыр» жырының қолжазба құқындағы 1937 жылы Жамбыл ақынның өз айтуы бойынша Қалмақан Әбдіқадыров араб қарпінде хатқа түсірген, 1953 жылы алғаш хатқа түсірген Қ.Әбдіқадыров растап қол қойған нұсқасы мен «Әдебиет майданы» (№7, 8, 1938) журналында басылған мәтіні Жамбыл Жабаевтың 1939, 1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 1996, 2012, 2014 жылдардағы шығармалар жинақтарында да берілген нұсқаларына арнайы текстологиялық саралау жүргізілді. Текстологиялық салыстырулар дастанның мәтіндік нұсқасы бойынша және мәтіндік нұсқа түсінігі бойынша жасалды. Жұмыс барысында айқындалған мәтіндік айырмашылықтар, негізінен, дастанға кеңес дәуірінде қосылып жазылған кіріспе сөз бен «Екінші тарау» аталып беріліп жүрген қосымшаға және Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихы мен Кеңестер Одағын ондаған жылдар бойы басқарған И.В. Сталин тұлғасына қатысты мәтіндерге байланысты болды. Сонымен

бірге жеке ру, казак, қырғыз халықтары арасындағы тарихи уақиғаларға қатысты да қайсыбір тармақ, шумақтардың бірді-екілі мәтіндік өзгерістері де кездесіп отырды.

Әр жылдардағы басылымдарда жеке сөздің жазылуы, тыныс белгілері, жыр түйдектерінің құрылым жүйесі бойынша айырмашылықтар бар. Дастанның Түсінігі әр жылдардағы басылымдарында кезеңдік саяси идеологияның ықпалымен бірнеше түрлі өзгеріске түсіп отырған. Сұраншы батырдың бірде Ресей патша үкіметіне жақтас болғандығы дәріптелсе, келесі жинақ Сұраншы орыс отаршылдығына қарсы күрескен деп көрсетеді. 1946 жылғы жинаққа 1955 жылғы басылымда елеулі сын айтылады. 1957 жылғы жинақ 1955 жылы 3 томдық болып жарық көрген шығармалардың Сталинге қатысты тұсын «сығымдап» бір томдық етіп басады. Не дегенде де, саясаттың қату қабағына қарайлап отырғанның өзінде бұл жинақтардың әр қайсысының Жамбылдың әдеби мұрасын ғылыми негізде түгендеуде өзіндік елеулі орны болды. М. Ғұмарованың текстологиялық жұмысы; М. Базарбаевтың Жамбыл шығармашылығын қазақ әдебиеті тарихының контексінде теориялық негіздеуі; 1940, 1946 жылғы басылымдардағы мұраға деген жанашыр көзқарас, тарихи таным түзу бағытындағы нысаналы байлам, болжамдар; қырық құбылған уақыттың ыңғайында мүлдем ығына түсіп, ырық беріп кетпей, Жамбылдың бай сөз мұрасын қастерлеу, тану өнегесін қалыптастырудағы мамандық біліктілік өнегесі туралы құрметпен айтуға тиіспіз. Жамбыл хатшыларының мұрағатын қарау міндеті; ҚР Орталық мемлекеттік архивін, тағы да басқа қатысты қорларды қарастыру міндеті әлде де алда тұр. Жамбыл мұрасын игеруде әлі де беймәлім қалып отырған, біржақты ғана таралып келе жатқан деректер аз емес. «Сұраншы батыр» дастанына қатысты «Кіріспе» бөлім мен «Екінші тарау» немесе «Қосымша» бөлім – Кеңес кезеңінде қосылған мәтін қай жылы қосылғандығына қатысты анықтауды қажет ететін тұстар бар.

1937 жылы Қ. Әбдіқадыров жазып алған қолжазба нұсқаның мәтіні толық сақталмаған, жоғалған тұстары бар. «Әдебиет майданы» журналында (№7, 8) бастырған нұсқада ол бөлімдер жоқ. 1939 жылғы жинақта жоқ. 1940 – екінші тарау бар. 1946 – бар. 1953 жылғы қолжазбада бар. 1996 жылғы 2 томдық толық шығармалар жинағында Екінші тарау бөлініп берілмеген. 2014 жылғы басылымда Екінші тарау бар. Кенесары, Сталинге қатысты тұстары қысқарған. «Сұраншы батыр» дастанындағы

екінші тарауға қатысты нақтылап айтуға қажет ететін бір мәселе бар. 1940, 1946 жылғы жинақтарға кірген; 1938, 1939 жылғы журнал нұсқасы мен жеке кітап болып шыққан дастанда жоқ екінші тараудың негізгі бөлігі – XIX ғасырдың 60-90 жылдарында айтылған мәтін. 1940 жылғы жинақ түсінігінде бұл шығармаға қатысты айтылған дерек осы ойымызды айғақтайды. «Жамбыл «Сұраншы батыр» поэмасын соңғы жырлағанында кіріспесі мен ең аяғындағы 24 жол қорытындыны ғана жаңадан қосқан. Басқа жерінде бұрынғы айтып келген вариантынан өзгеріс жоқ. Поэманың бірінші тарауы ең әуелі 1938 жылы «Әдебиет майданы» журналының 7-8-сандарында басылды. 1940 жылы (1939 жылғы жинақты айтса керек – ред.) жеке кітап болып шықты. Екінші тарауы бірінші рет кітапқа кіріп отыр» (1940, 432-б.). Яғни, 1940 жылғы жинаққа қосылған екінші тараудың басым бөлігі жырдың негізгі нұсқасында болған. Кеңестік кезеңде алма-кезек ауысқан саяси ұстанымдар негізінде «Сұраншы батыр» дастанының мәтіндік нұсқасы мазмұндық, құрылымдық тұрғыдан айтарлықтай өзгерістермен басылым көріп отырды. 1938, 1939, 1940, 1946, 1955 жылдардағы басылымдарда тұрақты түрде беріліп отыратын Сталинге мадақ 1957 жылдан бергі жинақтарда жоқ. 1938, 1939, 1940, 1946 жылдардағы басылымдарда Кенесары Қасымұлына қатысты айтылған мәтін 1955 жылдан кейінгі басылымдарда берілмейді.

Дастанның мәтіндік мазмұнында еларалық қатынастарға, қазақ, қырғыз халықтарының тарихи тағдырына қатысты тұстар да кейде айтылып, кейде алынып тасталып отырыпты. Жамбыл Жапаұлының әдеби мұрасы хатқа түсе бастаған XX ғасырдың 20-жылдарынан бергі баспа жүзін көрген шығармаларының барлығы дерлік текстологиялық өзгеріс, ауытқуларды бастан кешіп келеді. Әдебиет тарихында баламасы жоқ авторлық ауызша әдебиеттің аса даңқты өкілі Жамбыл ақынның шығармаларын 175 жылдығына орай баспаға әзірлеу барысында толық текстологиялық салыстырулар жасау мақсатында жұмыс жүргізілді. «Сұраншы батыр» дастанының баспа жүзін көрген, ӘӨИ қолжазба бөлімінде сақталған мәтіндік нұсқаларын өзара салыстыру тыныс белгілеріне; жеке сөздердің жазылуына; адам есімдерінің, жер-су, мекен атауларының жазылуына қатысты бірқатар текстологиялық түйіткілдердің тұрақты түрде орын алып келе жатқандығын көрсетті. Сонымен бірге мәтіннің саясат ыңғайында «бұзылу» фактілері дастанның басылым нұсқаларындағы көлем ауытқушылығы, мазмұндық

ұстанымы бойынша нақтылана түсті. Дастанға 1939 жылдан бастап беріліп келе жатқан түсініктер бойынша салыстырулар жүргізу идеология ыңғайында Сұраншы батырдың тарихи тұлғасына қатысты әр жылдарда әр қилы танымдық ақпарат беріліп келгендігін көрсетті. 1946 жылғы жинақ түсінігі 1940 жылғы түсінікпен мазмұндас жазылған. Бұл жинақта жырдың жазылып алыну, басылым тарихына қатысты нақтылы мәлімет берілген. «Өлеңді жазып алған Қалмақан Әбдіқадыров. Дастанның бірінші тарауы және екінші тараудың қысқартылған түрі ең әуелі 1938 жылы «Әдебиет майданы» журналының 7-8-сандарында басылды. 1939 жылы жеке кітап болып шықты. Дастанның екінші тарауы толығынан бірінші рет 1940 жылы басылған Жамбыл шығармаларының 1-томында (319-350-б.) шықты» (1946 ж.ж.).

Дастан 1938 жылғы «Әдебиет майданы» журналында екі тарауға бөлінбеген мәтінмен басылым көрген. Көлемі – 939 тармақ. 1939 жылғы жеке жинақ болып шыққан нұсқа да тарауға бөлінбеген. 1940 жылдан бастап екі тараумен басылым көріп келеді. Мәтіндік құрылымы ұдайы өзгеріп отырған. Жамбылдың әдеби мұрасын зеттеуде «Өтеген батыр» дастанының үш нұсқасы аталып отырады. «Сұраншы батыр» дастанының Қалмақан Әбдіқадыров жазып алып «Әдебиет майданы» журналында жариялаған нұсқада 1940 жылғы екінші тарауда берілген Сұраншы батырдың өміріне қатысты баяндалатын жыр мазмұны Жамбыл ХІХ ғасырдың 60-90-жылдарында жырлаған «Сұраншы батыр» дастанының негізгі мәтініне тиесілі. Жырдың бұл қазақ-қырғыз арақатынасына қатысты айтылған тұстары ұлтаралық мәселенің саяси астарына байланысты әр жылдардағы басылымында бірде алынып қалып, бірде беріліп отырған. Жыр мәтіні кеңестік идеологияның талабында 1938, 1940 жылдарда біршама толықтырылған. Осы мәнде жырдың қазан төңкерісіне шейінгі мәтінін бір нұсқа, 1938, 1940 жылдарда өзгертілген мәтінін және бір нұсқа деп қарауға да болатын сияқты. Бірінші нұсқаға тиесілі мәтіннің елеулі бөлігі 1940 жылғы жинақта екінші тарауға кірген. Жыр нұсқасы бойынша әлде де текстологиялық зерттеулер жалғасын табуы тиіс. «Сұраншы батыр» дастанының Жамбыл Жабаевтың 1939, 1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 1996, 2014 жылдарда басылым көрген жинақтарда берілген түсінігі негізінен Сұраншы батырдың өмірбаян деректеріне, Қоқан билігі, Ресей патша үкіметінің Жетісуды алу тарихына қатысты

болып келеді. Саяси ұстанымның идеология ықпалында бағалау, саралау басымдық алып отырған уақыттары болды. «58. «Сұраншы батыр» – бұл Жамбылдың революцияға дейін айтып келген ұзақ тарихи дастанының бірі. Сұраншы Жетісу бойында болған XIX ғасырдың орта кезінде жасаған атақты батырдың бірі. Руы шапырашты, Жамбылмен аталас. Жетісу өлкесін ішкі, тысқы жаулардан қорғаған айбынды батыр. Кенесары бастаған көтеріліске қатынасқан. Сұраншы батырды Жетісу бойындағы халық ақындарының жырламағаны жоқ. Бұл дастанды Жамбыл революцияға дейінгі вариантынан өзгеріссіз күйінде айтып берді. Мұндағы бір бөлек орыс жігіттерінің Сұраншыға болысуы жайындағы уақиға кейінгі редакцияда қосылған емес, бұрын бар, жана (және) тарихи шындық. Қылышынан қан сорғалатып, елді қырғын талауға ұшыратып, Жетісу бойын, Орта Азияны, Сары-арқаны жаулап алған генерал, кнэздар, Колпаковский, Перовский, Горчаковтардың жорықтары кезінде бұлардың айуандықтарына шыдай алмай талай ондаған солдаттар патшаға, өзінің қан құмар талаушы генерал бастықтарына қатты қарсылық білдіріп, зор гуманизм, адамгершілік сезімімен сол отаршыларға қарсы күрескен жергілікті халық жағына шығып кетіп отырған. Мәселен: 1839-жылы қысты күні Перовский бастаған патшаның қалың қолы Ембі, Маңғыстау арқылы Хиуаға қарай жорық жасайды. Аға сұлтан Айшуақов Баймағамбеттің жәрдемімен Перовский 800 қазақты зорлап алдыртып, қысты күнгі жорықта түйеші ретінде ертіп алады. Жолда 5000 ға жақын әскер де, түйеші қазақтарда қыстың суығында жана адайлықтардың шабуылына шыдамай, зор қиыншылыққа ұшырайды. Осындай жағдайда орыс солдаттары мен түйеші қазақтар Перовскийге қарсы бунт жасап, үлкен қарсылық білдіріп, бірталайы қырға қашып кетеді. Бұл бір. Екінші – 1845-жылы, Кенесарының патшаға қарсы көтерілісі қатты күшейіп тұрған уақытта, патшаның өзінен бітім жайын сөйлесу ретімен жоғарғы штабтың поручигі – Герн елші ретінде Кенесарының қалың қолына келеді. Герн Кенесарының әскерінде қазақтың барлық рулары, нағыз жалаң аяқ қашқын кедейлері болудың үстіне, 4 башқұрт, 6 татар, 5 орыс бар екен, бұлар көбінесе Кенесарының соғыс қару-жарақтарын даярлау жағында істейді екен дейді. Үшінші – 1859-60-жылдарда, Алма-Ата айналасында Колпаковский әскеріне қарсы күрескен халықтың соғыстарында қазақтар жағында төртеу-бесеуден орыстар болып отырған. Оның керісінше, Сары-арқа бойында

Кенесары бастаған халық көтерілісіне қарсы аттанған Горчаков, Перовскийлердің жанында өзіне ерген жігіттерімен Ахмет төре, Баймағамбет сұлтан, Қоңырқұлжа төрелер, Жетісу бойында Колпаковскийдің жанында 150-200 жігітімен Тезек төре болады. Патша үкіметі орыс әскерінен жергілікті халықтың көтерілісіне қосылғандарды азғындар, қашқындар (дезертирлер) деп есептеп, қолға түскендерін соғыс сотымен қатты жазалап отырған. Сондықтан бұл поэмадағы Жагор бастаған 8 орыс, бір татар, жай ойдан қоса салған факті емес, тарихи шындық. Орыс солдаттарынан үнемі қазақтар жағына қашып шығып, халық азаттығын жақтап күресіп отырғандардың болғанын бұл тарихи шындық толық дәлелдейді. Сұраншы батырдың бұл соғыстары Колпаковский бастаған патша әскері дәл Алма-Ата түбіне келіп жетпеген 1850-52-жылдардың шамасы болу керек. Сұраншы Жетісуға шабуыл жасап келген патша әскеріне қарсы соғысқа да қатынасады. 1860-жылы Ұзын-ағаш, Қара кәстек түбіндегі соғыста Сұраншы, Саурық, Сыпатай, Сыздық батырлар жергілікті қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр халқын бастап қатты соғыс салады. Поэманың екінші тарауындағы соғыс Алма-Атаны патша әскері жаулап алғаннан кейін 1860-70-жылдардың арасында болуы мүмкін. Мұндағы аты аталатын Құдияр қоқанның ханы, әуелде хан болғанмен, артынан қыпшақтар партиясы деген топ Құдиярды хандықтан қуып жібереді. Бұхардың әмірі Құдиярды хан қоямын деп Тәшкентте қыпшақтармен бірнеше рет соғысады. Бірақ, Әлімқұл, Сыздық бастаған қыпшақтар Құдиярды қатты қырғынға ұшыратып, қуып жіберіп отырады. Құдияр Алатау аймағында қорғансыз, бейбіт жатқан қазақ, қырғыз ауылдарын аш қасқырдай талап, қырғынға ұшыратып отырған. Соның алдында ғана Кенесарының басын Омбыға апарып, патшадан шен алып қайтқан қырғыздың манаптары – Орман хан, Жанғараш бектері, қазақтың Тезек төрелері Құдиярдың елді талап, шабуына көмек берген. Сұраншы батыр Құдияр ханның, соған ерген жендеттердің қол жинап келіп халықты талауға салған озбырлығына қарсы шығып күрес ашады. Құдиярды елдің арасынан қуады, бұған Тәшкент айналасындағы өзбек, қазақтар да қуанады, Құдияр ақырында маған сен, шекпен бер, үлкен дәреже бер деп, кейін 1860-70-жылдардың ішінде Орынборға, Петербургға барып, патшаның генерал, министрлерінің жалынып табанын жалайды. Бірақ – сен бізге ешқандай еңбек сіңірген жоқсың деп, Құдиярды жақсы ықыласпен қабыл алмайды. Құдияр 1879-жылы

өлді. Қырғыз манабы Орман хан Сұраншының қолынан өлді деген тарихи дерек жоқ, осы уақытқа дейін өз ажалынан өлді деп келді. Тезек төре Абылайдың шөбересі. Абылайдың баласы Әділ, Әділдің баласы Нұралы. Абылай өлерде Әділ ұлы-жүзді билеп қалады. Әділдің кейін ел билеу жұмысына Нұралы жана Тезек араласады. Тезек Жетісу бойында халықтан шыққан батырлармен үнемі ұстасып кеткен. Ол Кенесары қозғалысына да қарсы шығады. Сұраншы, Сыпатайды бірнеше рет патшаға ұстап бермекші де болады. Ел ішінде билікті қолға ұстауда оның арқа таянышы қоқан ханы үстем кезінде оның бектері, қырғыздыңманаптары, патша үкіметінің Черняев сияқты қанды көбе генералдары болады. Кейін Тезек халықты өз жағына тарту мақсатымен елдің атақты ақын, әншілерін өз ордасына жинап, өзін мақтатып өлең айттырып, өз атынан өлең шығарттырып, түрлі әрекет жасаған (мәселен: Сүйімбай, Жанақ, Бақтыбай, Құлмамбет т.б.). Бірақ ақындардың көбі Тезектің өзін мақтаудың орнына, сөгіп, жамандап отырады. Бұл жырдың екінші тарауында аталған Ағыбай, Бұхарбай, Байзақ – бәрі Кенесарыға ерген батырлар. Жамбыл «Сұраншы батыр» поэмасын соңғы жырлағанында кіріспесі мен ең аяғындағы 24 жол қорытындыны ғана жаңадан қосқан. Басқа жерінде бұрынғы айтып келген вариантынан өзгеріс жоқ. Поэmanın бірінші тарауы ең әуелі 1938-жылы «Әдебиет майданы» журналының 7-8 сандарында басылды. 1940-жылы жеке кітап болып шықты. Екінші тарауы бірінші рет кітапқа кіріп отыр» (1940 ж.ж., 429-432 бб.).

1982, 1996 жылғы жинақтарда дастанның текстологиялық мәселелеріне біршама көңіл бөлінеді. 2012 жылғы басылымында Сұраншы батырдың өміріне қатысты тың деректер айналымға тартылған. «Сұраншы батыр» дастанының қазан төңкерісіне шейінгі айтылған нұсқасы хатқа түспеген. Жырды 1937 жылы жазып алған Қалмақан Әбдіқадыровтың жеке архивінде сақталмаса, ресми деректерде жырдың кеңестік жүйе саясаты араласып қайта жырланған нұсқасы ғана сақталған. Басылым көрген нұсқалардың мәтіндік тұтастығы бірнеше рет өзгеріске түскен. Жыр нұсқасын қалпына келтіру бағытында Жамбыл Жабаевтың 1996 жылғы 2 томдық толық жинағында біршама жұмыс жасалған. Жинақты шығарушылар кеңестік кезеңде қосылған мәтіндерді түгелге жуық қысқартқан. Адам есімдері, жер-су атауларына қатысты, жеке сөздердің жазылуында кеткен жаңсақтықтарға байланысты бірқатар түзетулер жасалған.



Жинақта Жамбыл Жабаевтың әдеби мұрасын баспадан шығару жұмысында текстологиялық тұрғыдан алғаш рет тәуелсіз саралау жасалды. Бұл бағыттағы жұмыстың жалғасын табу қажеттілігі, өкінішке орай, тағы да ширек ғасыр тоқтап қалғандығын айтқан жөн. 1996 жылғы жинақтағы мәтін түзілімі әлде де маман зерттеушілердің сараптамасын күтеді деп болжаймыз. Сұраншы батыр мен Орман хан оқиғасына қатысты мәтіндік нұсқада да ауытқушылық, кезеңдік саясат ықпалымен жасалған өзгертулер мүмкіндігінше қалпына келтірілуі керек. 1953 жылғы Қалмақан Әбдіқадыров растап қол қойған нұсқадағы «Сұраншы батыр» дастанына 1938, 1940 жылдарда қосылған мәтін мен 1996 жылғы жинақтағы мазмұнда жырдың оқиға желісіне хронологиялық тұрғыдан кірікпей тұрған құрылымдық өзгерістер бар.

Жамбыл шығармашылығының көптомдық толық академиялық басылымында (2021) «Сұраншы батыр» дастанының әр жылдарда жарық көрген нұсқалары салыстырылып, мәтіндік, құрылымдық нұсқалық тұрғысында толықтырулар мен түзетулер жасалды. Түсінік қосымшаларында әр жылдардағы жинақтарда бірде қысқартылып, бірде қайта қосылып отырған мәтіндер берілді.

#### **ЖЕКЕ БАСЫЛЫМДАРДАН**

##### **Қосымша №1**

Мүжілген улы азуын  
Елге неге батырды.  
Күшті болса қырмай ма,  
Қасарып қарсы тұрмай ма.  
Обығалы келеатқан  
Патша деген кәпірді.  
Хан атанған қара бет  
Алтын алып сатылды.  
Өле жатып опқандай  
Халыққа тиіп қатулы.  
Жетпесе күшім патшаға  
Аламын ханнан ақымды.  
Көп деген жаудан тайсалу  
Еркек емес қатын-ды.  
Барып ойран салмасам,  
Босатып елді алмасам  
Сұраншы қойман атымды.

«Сұраншы батыр» жырының «Әдебиет майданы» журналының (№7, 1938) 90-бетіндегі соңғы 17 тармағы. Ақынның 1955 жылдан кейінгі басылымдарында жырдың 580-тармағынан кейін келетін бұл мәтін берілмеген.

## **Қосымша №2**

Бахытты туған ерлері  
Сталиндік заманның  
Сенде ғана батырлық,  
Сенде ғана татулық,  
Елменен ел достасқан  
Ғасыры туды адамның,  
Еңсесі биік – ер алып,  
Ел бастаған ер – алып,  
Бөлшектену жоғалып,  
Ер қорғады Отанды –  
Біздің ерлер қорғаны  
Социалдық қоғамның.  
О, ерлерім, ерлерім,  
Ел сүйеген белдерім,  
Халықтың қорғар ырысын...  
Сұраншыдай жауға шап  
Ерді өсірген ел үшін,  
Өртке теңіз шашқандай  
Шығартпа жаудың дыбысын!  
Жау бетіне қылыш шап,  
Елді, жерді гүлдеткен  
Сталиндей күн үшін,  
Қынадай еңбек қанаған,  
Ит боп елді талаған,  
Қан семірген қамқорлар,  
Әлемнен түгел құрысын!

Бұл 26 тармақ жырдың 1938, 1939, 1940, 1946 жылғы басылымында «Көтеріп көңіл жайлады» (2014 жылғы жинақта 889-тармақ) тармағына жалғасып берілген мәтін. 1955 жылдан кейінгі жинақтарда жоқ. «Әдебиет майданы» (№8, 1938) журналында басылған нұсқасында осы 26 тармақ мәтіннің 7-жолы «ұлттық емес – ел алып» болып жазылған. 1939 жылғы жинақта бұл тармақ жоқ. 25 – ші тармақтағы «семірген» сөзі – «сімірген» **Қосымша №3**

Кенесарыңды өлтіріп,  
Топыраққа тыққанмын.  
Тұрлыбай соққан алмаспен,  
Қыл мойнынан шапқанмын.  
Абыройын кетіріп,  
Ханыма сөйтіп жаққанмын.

Бұл 6 тармақ мәтін Жамбыл шығармаларының 1940,1946 жылғы басылымдарында, 1953 жылы Қалмақан Әбдіқадыров қол қойып растаған қолжазба нұсқада «Күрескенді жыққанмын» деп келген тармақтан кейін (2014 жылғы жинақтағы 1290-тармақ) берілген. 1955 жылдан кейінгі басылымдарында жоқ.

#### **Қосымша №4**

Сондығынан Кене хан,  
Өзірейілдей алған жан  
Қырғыз, қазақ бірігіп Күшін қосып ұсталды.

Бұл төрт тармақ мәтін «Әдебиет майданы» журналында (№7, 1938) басылған нұсқада, 1939, 1940, 1946 жылғы жинақтарда бар.

1953 жылғы Қалмақан Әбдіқадыров растап қол қойған қолжазбада да бұл мәтін сақталған (ӘӨИ қолжазба қоры – 162-бума). 1955 жылдан кейінгі жинақтарда берілмеген. Үзінді «Әдебиет майданы» (№7, 1938) журналындағы нұсқасынан (540-543 тармақтар) алынды – ред.

#### **Қосымша №5**

Кенесарыңды өлтіріп,  
Топыраққа тыққанмын.  
Тұрлыбай соққан алмаспен,  
Қыл мойнынан шапқанмын.  
Абыройын кетіріп,  
Ханыма сөйтіп жаққанмын.  
Бесікпен қырған баланы,  
Өртеп бұзған моланы.  
Ел бүлдірген бұзықтың Жазасын сөйтіп тапқанмын!

Жамбыл Жабаевтың 1996 жылғы 2 томдық толық жинағында «Сұраншы батыр» дастанының 2014 жылғы жинақ бойынша 1286-тармағынан кейін берілген бұл 10 тармақ мәтіннің

6 тармағы Жамбыл шығармаларының 1940, 1946 жылғы басылымдарында, 1953 жылы Қалмақан Әбдіқадыров қол қойып растаған қолжазба нұсқада «Күрескенді жыққанмын» деп келген (2014 жылғы жинақта 1290-тармақ – ред.) тармақтан кейін тұр. 1996 жылғы жинақта: «Аталған өлең шумақтары Жамбылдың «Сұраншы батыр» жырының осы басылымында тұңғыш рет қосылып отыр», - деп түсінік берілген (1996 ж.ж., 307-бет). 7, 8, 9, 10-тармақтардың қайдан алынғандығы айтылмаған (алғашқы 6 тармақ басылым көрген – ред.).

**Светлана Ананьева,**  
заведующая отделом  
международных связей и мировой литературы  
Института литературы и искусства имени  
М.О. Ауэзова, к.филол.н., доцент

**ТЕОРЕТИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ  
АКАДЕМИКА ЗАКИ АХМЕТОВА:  
проблемы теории и истории литературы  
в мировом научном контексте**

Теоретическое наследие академика З.Ахметова актуально переосмыслить через современную теорию культуры, сравнительную поэтику. Круг литературной, научной деятельности и окружающее интеллектуальное пространство являются важными факторами становления личности ученого, формирования научного мышления, метода и стиля. Литература, стихосложение, поэтика художественного текста были для Заки Ахметовича не только объектом его научных интересов, они стали, по праву, путеводителем в духовный мир человека.

Бережное и внимательное перечитывание исследований известного отечественного ученого приводит к осмыслению того, как расширение этнокультурных и языковых контактов позволяет выводить научные гипотезы и их подтверждение на уровень мировой филологической науки.

Незавершенное, неопубликованное возвращается, спустя десятилетия, и включается в научный оборот. Незавершенное как феномен творческой практики всесторонне рассматривает главный редактор журнала «Вопросы литературы» И. Шайтанов. Монография «Незавершенное. Феномен творческой практики»,

изданная Уральским университетом, посвящена теории литературы как «способу познания поэтики и современного художественного мышления» [1, с.3].

И. Шайтанов, рецензируя коллективную монографию о феномене незавершенности, выстраивает типологический ряд: незаконченность – незавершенность – цельность, подчеркивая, что «последнее понятие в этом ряду служит атрибутом незаконченного во всех его проявлениях [2, с.299]», включая (цитируя текст монографии) «контекст авторской судьбы» [1, с.51].

У З. Ахметова остались, следуя логике современных исследователей, тексты на уровне замысла, фрагменты неоконченного...

Несколько лет назад Зия Насыровна передала нам с Сеитом Аскаровичем рукописи двух статей З. Ахметова «Идеи дружбы народов в эпопее “Путь Абая”» и «Пейзаж в художественной системе эпопеи “Путь Абая”», напечатанные на машинке. Бережно работая с архивом Заки Ахметовича, сверяя рукописи и изданные книги, Зия Насыровна обнаружила, что эти тексты не вошли в монографию З. Ахметова «Роман-эпопея Мухтара Ауэзова». По мнению З. Ахметова, главный герой романа-эпопеи «Путь Абая» М.О. Ауэзова великий Абай не просто обратился к текстам А.С. Пушкина и М.Ю. Лермонтова и перевел их... По глубокому убеждению З. Ахметова, «Абай глубоко ощущал созвучность идей Пушкина и Лермонтова своим мыслям и чувствам, и что он в их произведениях, которые переводил с особым воодушевлением, находил ответы на волновавшие его вопросы о казахской жизни» (цитируется по рукописи З. Ахметова «Идеи дружбы народов в эпопее “Путь Абая”». – С.А.).

Далее З. Ахметов пишет о мастерстве М.О. Ауэзова: «Автор прекрасно понимал, что работа Абая над переводом (речь идет о “Письме Татьяны”. – С.А.) в романе предстанет ярко лишь в том случае, если будет дана не просто иллюстративно, а будет вплетена органически в художественную ткань произведения и показана как обретшая живую плоть картина жизни» (цитируется по рукописи З. Ахметова «Идеи дружбы народов в эпопее “Путь Абая”». – С.А.). Каждая из героинь – Айгерим, Тогжан и Салтанат «по своему чувствует сходство (пусть отдаленное) своей судьбы с судьбой Татьяны».

Молодые поэты по примеру Абая читают Лермонтова – «Вадим» и «Демон». Повесть «Вадим» Абай переводит стихами... Все продумано М.О. Ауэзовым в структуре романа-эпопеи,

ничего случайного, все «работает» на раскрытие образа главного героя, «огромной жизненности его поэзии», на «созвучность настроений» как казахского и русского поэтов, так и героев их произведений (цитируется по рукописи З. Ахметова «Идеи дружбы народов в эпопее “Путь Абая”». – С.А.).

Литературовед-теоретик, литературовед-компаративист, владея огромным литературным материалом, свободно проводит параллели, приходит к интереснейшим научным выводам, определяет задачи на перспективу.

Историк из Канады Давид Схиммельпэнник ван дер Ойе связывает в одном смысловом поле науку, политику, искусство, литературу, размышляя о русском ориентализме и акцентируя внимание на том, что «отношение к Востоку – и как к *другому*, и как к части своего *я*» присутствует в трудах российских востоковедов на протяжении веков [3, с.4].

Образ золотой зари как символ грядущей социальной революции, образы деревьев в разные периоды жизни главного героя – не просто образы – символы. Они имеют глубокое значение, «разнообразят и расширяют способы художественного изображения действительности. Поэтические образы – молодое дерево (чинара) и могучее плодоносное дерево, символизирующие Абая в разные этапы его жизни, образ море – корабль, возникающий в видении Абая как поэтическое олицетворение его мечты, образы ночной мглы и зари, забрезжившей у края ночи, художественные символы эпохи Абая и прекрасного будущего, в наступление которого поэт глубоко верил – эти и другие образы, как правило, мы находим в таких местах, которые являются узловыми, ключевыми в сюжетно-композиционном развитии произведения» (цитируется по рукописи З. Ахметова «Пейзаж в художественной системе эпопеи “Путь Абая”». – С.А.).

В рукописи статьи З. Ахметова «Пейзаж в художественной системе эпопеи “Путь Абая”» с подтверждающими примерами из текста романа-эпопеи раскрыты поэтическая символика, выразительно передающая слияние реальности и мечты в сознании главного героя в последние моменты его жизни. Пейзажные описания, поэтические символы помогают автору «Пути Абая» передать «глубокие раздумья о настоящем и будущем, мудрое поэтическое прозрение, поэтому картина – символ воспринимается как художественное воплощение неистребимой веры Абая в будущее, которая основана на знании таящихся подспудных сил, веры в способность народных сил к пробуждению»

(цитируется по рукописи З. Ахметова «Пейзаж в художественной системе эпопеи “Путь Абая”». – С.А.).

Интересно и увлекательно вслед за Заки Ахметовичем внимательно перечитывать классический текст, которым стал роман-эпопея М.О. Ауэзова «Путь Абая». Как современно и актуально звучат размышления нашего старшего коллеги, педагога и исследователя.

«Достаточно сказать, – уточняет автор статьи, – что образ молодого окрепшего чинара, которому уже не страшны ни зимняя стужа, ни сильный ветер, композиционно замыкает первую книгу романа. В конце второй книги перед взором Абая, объятого думой, возникают образы безбрежного моря и ладьи, поднявшей парус. Символический образ паруса, олицетворяющего Абая – борца, устремленного к большой жизненной цели, имеет опору и в казахской поэзии, но одновременно связан с художественными традициями русской литературы. Этот символ имеет свою психологическую мотивировку, ибо он характерен для сознания Абая, с большой любовью переводившего “Парус” Лермонтова, живо ощущавшего образную стихию русской поэзии» (цитируется по рукописи З. Ахметова «Пейзаж в художественной системе эпопеи “Путь Абая”». – С.А.).

Литературные связи А.С. Пушкина с Казахстаном З. Ахметов предлагал рассматривать в нескольких аспектах: «Посещение Пушкиным Казахстана; его отношение к истории и поэтической культуре казахов; перевод произведений Пушкина на казахский язык; распространение пушкинских произведений в Казахстане; роль творческого наследия Пушкина как фактора, способствующего развитию казахской литературы, прежде всего современной» [4, с.82].

В Доме-музее М.О. Ауэзова, где проходит сегодня Международная научно-практическая конференция к 95-летию со дня рождения академика З.Ахметова, невозможно не вспомнить его яркий и образный доклад «М.О. Ауэзов – классик казахской литературы XX века» на Юбилейной сессии общего собрания МН – АН «М.О. Ауэзов – великий писатель и гуманист XX века». Известный ученый только что завершил работу над новым изданием монографии «Роман-эпопея Мухтара Ауэзова», предложил мне выступить редактором рукописи.

В нашу духовную жизнь М. Ауэзов «вошел молодым – стремительно и ярко, поразив всех необыкновенной силой своего художественного дарования. Он, быть может, первым понял,

что Абай для казахской национальной культуры нового времени как Пушкин для русской культуры является “началом всех начал”. Талант Мухтара Ауэзова был универсальным. Он внес огромный вклад в развитие казахской драматургии и театрального искусства. Его научные интересы охватывали все основные жанры казахского фольклора, известный кыргызский эпос “Манас”, многие произведения мировой литературы. Исключительной популярностью пользовались его лекции и публицистические выступления. Ауэзов заложил основы абаеведения. Большое внимание он уделял изучению проблемы взаимообогащения литератур, особенно Казахстана и России. Ауэзов – один из выдающихся мастеров художественного слова XX века» [5, с.52].

Завершил доклад на Юбилейной сессии МН – АН РК З. Ахметов поистине пророческими словами: «По мере расширения экономических и культурных связей суверенного Казахстана, несомненно, будет возрастать интерес мировой общественности к казахской литературе и искусству, к бесценному духовному наследию Ауэзова» [5, с.52], свидетелями и участниками этого мы и являемся. Международные научные симпозиумы в Алматы, Лейдене (Нидерланды), Семее, Шымкенте и других городах, новые переводы произведений М.О. Ауэзова на английский, белорусский, татарский и другие языки. Новые издания романа-эпопеи М.О. Ауэзова «Путь Абая» в Минске, сборников повестей в Нью-Йорке, Лондоне, Казани...

Заки Ахметович принял участие в 1997 году в праздновании юбилея М.О. Ауэзова в Минске и Вильнюсе. Красной нитью через все встречи проходила мысль о необходимости сохранения единого культурного пространства, об укреплении взаимосвязей. Встречи, прошедшие на белорусской земле в Доме дружбы народов, Министерстве культуры, резиденции «Заславль», Белорусской государственной филармонии, музыкальном училище имени Огинского в Молодечно, способствовали обмену мнениями, демонстрировали стремление к дальнейшему сотрудничеству. Объединяющей, центральной фигурой всех мероприятий был образ М.О. Ауэзова.

Личное обаяние ученого, его строгий ум, готовность все делать по максимуму, широчайшая эрудиция и мастерское владение словом, несомненный талант лектора навсегда сохраняются в душах и сердцах коллег, его учеников и последователей. Выступления и научные доклады Заки



Ахметовича были афористичны и блистательны, поэтому, когда известный ученый, вернувшись с очередного форума, приглашал в отдел теории литературы, это означало, что последует профессиональный рассказ об увиденном и услышанном, по итогам которого выйдут интересные публикации на страницах газеты «Наука Казахстана».

Доклады З. Ахметова редко были строго академичны. Он отлично чувствовал настроение зала, мог привести яркий пример, разрядить обстановку удачной и корректной шуткой. Так, на торжественном собрании в Доме ученых 7 мая 1996 года, посвященном 90-летию со дня рождения выдающегося композитора, крупнейшего ученого-музыковеда, академика А.К. Жубанова Заки Ахметович охарактеризовал его первым, «кто дал оценку наследию кюйши, инструментальной казахской музыке, профессиональным певцам. Он высветил в своих исследованиях национальные корни, национальную специфику казахской музыки, затронул проблемы национальных традиций и новаторства» [6, с.100].

Назвав музыку историей народа, З. Ахметов высказал уверенность в том, что интерес к наследию академика А.К. Жубанова будет постоянен.

Но в большей степени, безусловно, исследования, научные труды академика НАН РК З. Ахметова были посвящены стихосложению, родной казахской литературе и искусству. Ярко и образно пишет литературовед с мировым именем о поэзии О. Сулейменова: «Язык поэзии О. Сулейменова, гибкий и свежий, сочный и живописный, полный интересных поэтических находок, обнаруживает глубокую связь с традициями казахской народной поэтической речи. Умение тонко проникать в дух художественных образов и представлений, выкристаллизовавшихся на протяжении веков в народном поэтическом сознании, делает О. Сулейменова глубоко национальным поэтом» [7, с.176].

Лучшие творения казахской литературы, русская классика, казахское стихосложение, проблемы теории и истории литературы, художественного перевода и многое другое на долгие десятилетия оставались в орбите научных интересов академика НАН РК З. Ахметова, трудам которого суждена долгая жизнь в мировой науке.

### **Литература:**

1. Незавершенное. Феномен творческой практики / Под общей редакцией Т.А. Снигиревой и А.В. Подчиненова. – СПб.: Алетейя; Екатеринбург: Уральский ун-т, 2021. – 671 с.

2. Незавершенное. Феномен творческой практики (И. Шайтанов) // Вопросы литературы. – 2022. – №1. – С.298-303.

3. Схиммельпэннинк ван дер Ойе Д. Русский ориентализм. Азия в российском сознании от эпохи Петра Великого до Белой эмиграции / перевод с англ. П. Бавина. – М.: Полиграфическая энциклопедия, 2019. – 287 с.

4. Ахметов З. Современное развитие и традиции казахской литературы. – Алма-Ата: Наука, 1978. – 328 с.

5. Ананьева С., Мамраев Б. Юбилейная сессия Общего собрания МН – АН РК «М.О. Ауэзов – великий писатель и гуманист XX века» // Ананьева С. Встречи, которые выбрали нас. – Алматы: Школа XXI века, 2004. – С.51-56.

6. Ананьева С. Великий гражданин своей земли // Ананьева С. Встречи, которые выбрали нас. – Алматы: Школа XXI века, 2004. – С.98-100.

7. Ахметов З. О языке казахской поэзии. – Алма-Ата: Мектеп, 1970. – 180 с.

**Диар Кунаев,**  
Директор НКЦ «Дом  
Ауэзова» Института литературы и искусства  
имени М.О. Ауэзова, к.филол.н.

### **ЗАКИ АХМЕТОВ И ПРОБЛЕМЫ АУЭЗОВЕДЕНИЯ**

Ауэзоведение довольно наглядно отражает общее состояние нашей истории литературы. Интерес к творчеству М.О. Ауэзова никогда не пропадал, им занимались крупнейшие филологи страны.

Если обобщить опыт ауэзоведения, то станет ясно, что литературоведов привлекает не только достоинства писателя, его мастерство, но критерии его художественности, требования, предъявляемые им к своим творениям.

Истолкование ауэзовского творчества помогло нашим литературоведам выработать историю, теорию литературы, сыгравших важную роль в истории эстетических взглядов казахов. Одним из самых крупных ауэзоведов по праву можно считать выдающегося ученого-литературоведа академика Заки

Ахметовича Ахметова.

Труды З.Ахметова продемонстрировали глубину воздействия творчества М.О. Ауэзова на литературные взгляды ученых и подготовили дальнейшее развитие ауэзоведения. Не овладев этим уровнем исследования, мы не сможем продолжить поступательного движения вперед.

На протяжении всей своей жизни академик З.Ахметов занимался изучением творческого наследия М.О. Ауэзова и его главного произведения «Путь Абая». По проблемам ауэзоведения им опубликовано более пятидесяти научных статей, докладов и выступлений на различных международных и республиканских конференциях.

Вышедший в 1997 году первый том 50-томного полного академического собрания сочинений М.О. Ауэзова открывается большой вступительной статьей З.Ахметова «Әуезовтанудағы жаңа биік белес». А вышедшая в 2011 году фундаментальная энциклопедия «Мұхтар Әуезов» начинается его вступительной статьей «Әуезов әлемі».

В 1994 году в Алматы в издательстве «Наука» вышла в свет его крупная монография «Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания» объемом 256 стр. А в 1997 году в Алматы в издательстве «Санат» вышел значительно переработанный и увеличенный труд – «Роман-эпопея Мухтара Ауэзова» объемом 288 страниц.

Монография состоит из предисловия, четырех глав и библиографии:

Глава 1. – «Масштабы замысла – художественная правда истории»

Глава 2. – «Становление поэта – этапы жизненной борьбы»

Глава 3. – «Поэт и народ: Абай – выразитель дум народа»

Глава 4. – «Мастерство писателя: черты поэтики»

В первой главе З.Ахметов описывает, как М.О. Ауэзов собирал факты и документы о жизни и творчестве Абая, чтобы используя и личный опыт контактов с родичами Абая полнокровно отобразить в романе-эпопее образ великого казахского поэта.

В исследовании З.Ахметова показано, что новаторством М.О. Ауэзова явилось изображение в центре исторического конфликта творческой личности – поэта. Духовная жизнь народа стала важным предметом исторического исследования и творческого воплощения в романе-эпопее.

Согласно конкретно-историческим особенностям казахской народной жизни, песня, мысль, облеченная в поэтический образ, являлась не просто предметом эстетического самовыражения, но и призывом к действию, руководством в социальной жизни, в быту, воспитателем мысли и чувств.

Сделав главным героем повествования великого поэта Абая Кунанбаева, М.О. Ауэзов впервые дал художественное осмысление активной роли духовного фактора в исторической жизни казахского народа, утвердил мобилизующее влияние поэзии – поэта как духовного руководителя масс в то время.

Художественный образ Абая организует всю структуру, сюжет, композицию романа, построенного в целом на поступательном развитии самой истории, исторической судьбы народа.

З.Ахметов обозначает в своей работе, какими творческими принципами руководствовался М.О. Ауэзов при создании своего исторического героя.

Писатель подошел к изображению формирования личности и мировоззрения Абая, истоков его поэзии через тщательный и достоверный показ социально-исторической обстановки, в которой жил и творил его герой. Он глубоко и всесторонне раскрыл ведущие закономерности и движущие силы исторического процесса, где Абай стоит в центре своей эпохи.

Также З.Ахметов показывает, как скрупулезно М.О. Ауэзов изучал литературу и многочисленные источники по истории, культуре, этнографии, экономике, социальной жизни казахского народа и труды крупных ученых-востоковедов: Левшина, Радлова, Алекторова, Потанина, Березина, Уалиханова, Алтынсарина и др.

Он пишет: «Эпопея всем богатством своего содержания, художественно воссоздавая эпоху, историческую жизнь общества, раскрывает кровные связи поэзии Абая с жизнью народа, дает возможность отчетливо представить те социальные условия и ту среду, которые породили творчество поэта, определили характер и идейное направление».

Также в первой главе З.Ахметов анализирует замыслы автора по композиционной структуре романа-эпопеи и проблемы с изображением Абая – главного героя, центрального образа эпопеи и связанными с ним сюжетными линиями.

Во второй и третьей главах монографии З.Ахметов дает подробный анализ главных героев романа, людей, составляющих ближайшее окружение Абая. В орбите его научных поисков находятся вопросы, связанные с соотношением реальных фактов

и событий с художественным вымыслом писателя.

Исследователь показывает все грани художественного мастерства М.О. Ауэзова, которое достигается единством и целостностью всего повествования, соразмерности, при которой каждое отдельное действие и эпизод усиливают общую выразительность произведения и способствуют пониманию социальных явлений во всей их совокупности и противоречивости. При этом цементирующей основой композиции эпопеи является свое видение писателем жизненных явлений, общность и единство его мирозерцания.

З.Ахметов рассматривает сцены и картины, которые играют ключевую роль в сюжетно-композиционном развитии произведения, потому что они замечают сюжетные линии и действия, которые лейтмотивом проходят через весь роман. Это - казнь Кодара, набег отряда Кунанбая на аул Божея, любовь Абая к Тогжан, ас по Божею, изображение джуга-падежа скота, судьба Исы и его близких, отпор насилию со стороны жатаков-бедняков, образы женщин в эпопее, история Амира и Умитей и многое другое.

Конечно З.Ахметов в своей монографии подробно останавливается на образе главного героя романа-эпопеи – Абая, который показан в конкретно-исторической обстановке. Абай представлен М.О. Ауэзовым во взаимоотношениях с окружающими его людьми, где ярко раскрываются богатство и глубина его внутреннего мира, тончайшие движения его души. Также фигуру Абая читатель воспринимает как поэта, гражданина, общественного деятеля в тесной связи с общественно-историческими процессами, определяющими своеобразие ушедшей эпохи. При этом М.О. Ауэзов мастерски показывает основные черты национального своеобразия казахского народа и огромную роль играют в романе описанные им пейзажные зарисовки.

Особенно З.Ахметову удастся рассмотреть, как главному специалисту по казахскому стихосложению и автору многих трудов по наследию Абая, картины, связанные с поэтическим творчеством классика казахской литературы. По мнению исследователя, оно показано писателем как динамическая система, включающая в себя все ее фазы – от создания художественного произведения до его реализации и восприятия читателями в живом процессе социального функционирования литературных произведений, процесс чтения и исполнения

стихов на мелодию, а также реакцию воспринимающей публики.

Большое место в своем исследовании З.Ахметов уделяет проблемам основного различия в результате существенной переработки между романом «Отец акынов» (1950 г.) и третьей книгой эпопеи «Путь Абая» (1952 г.).

З.Ахметов подробно рассматривает четвертую книгу эпопеи «Путь Абая», где художественно обобщены последние годы жизни Абая и всесторонне обрисованы социальные противоречия внутри казахского общества, идейные разногласия, борьба различных групп.

Здесь М.О. Ауэзов показывает «Абая вместе с народом, как поборника высшей правды, на стороне добра и справедливости, что продиктовано объективными условиями общественной жизни, осмыслением и оценкой происходивших в то время событий».

В четвертой главе монографии З.Ахметов исследует вопросы художественного мастерства М.О. Ауэзова в раскрытии темы в обрисовке героев, а также приемы и средства, которыми он пользуется при построении сюжета и композиции, особенности языка и стиля повествования.

В своей работе З.Ахметов подробно анализирует историческую эпоху, в которой жил и творил Абай. При этом он показывает, как широко и в полном объеме М.О.Ауэзову удалось представить в романе-эпопее в художественной форме дореволюционную жизнь казахов через художественное обобщение и воспроизведение образов самых разнохарактерных персонажей эпохи, во всей широте представляющих народную жизнь.

З.Ахметов анализирует исторические источники, на которых базируется роман-эпопея «Путь Абая», что дает возможность исследовать проблему роли художественного вымысла в историческом романе и его сочетание с документальными свидетельствами описываемой эпохи. Новаторство М.О. Ауэзова по мнению З.Ахметова, заключается в том, что ему удалось осуществить художественное преломление образа, великой творческой личности через судьбу народа в рамках одного литературного произведения на протяжении полувека.

Крупная монография З.Ахметова по изучению творческого наследия М.О. Ауэзова несколько не потеряла своей актуальности и значимости и является огромным вкладом в историю ауэзоведения.

**Тұрдықұл Шаңбаев,**  
Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік  
тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық  
музей-қорығының директоры, филол.ғ.к.

## **ҒАЛЫМ ҰСТАЗДЫҢ ҒИБРАТЫ**

Академик Зәки Ахметов ХХ ғасырдағы қазақ ғылымында дара тұрған ірі тұлға екені ақиқат. Маған ғұлама ғалым Зәки ағаға шәкірт болу бұйырыпты. Бұл менің өмірімдегі өзгеше нұрлы кезең. Мен бұған дейін ұстазым, академик Зәки Ахметов туралы естелік айтып, мақала жазған емеспін. Оның себебі, Зәкенді сыйлайтын, құрметтейтін дана-замандастары, мен білетін аға-әріптестері, менен жолы үлкен шәкірттері мол болған соң қандай да бір естелік айту әбестік сияқты көрінетін. Бірақ ұстазыма деген іштей құрмет ешқашан әлсіреген емес.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының орынбасары Альмира Қайыртайқызы академик Зәки Ахметовтың туғанына 95 жыл толуына орай конференция өтетінін айтып, ұстазым Зәкең туралы ой бөлісуге шақырып, жылы сөздер айтқанда жасыратыны жоқ үлкен тебіреністе болдым. Өзі де теоретик ғалым ғой, ризашылығымды білдірдім. Әрі қазір мен де жас емеспін. Сондықтан өз ойыммен бөліссем артық болмас деп ойладым.

Осы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында академик Зәки Ахметовтың идеясымен «Әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы» бөлімі ашылып, оны өзі басқарғаны тарихтан белгілі. Менің ғылымдағы алғашқы қадамым осы бөлімнен бастау алды. Бұл бөлім Жүсіп Баласағұнның тілімен айтқанда «Ақылмен айға көпір салған» ғажап ойтанымның бөлімі болатын. Ұстазым Зәки Ахметов бастаған ғалымдар, қызметкерлер осы бөлімде стиль, поэтика мәселелері, жаңа методологиялық ізденістер туралы ой бөлісіп, асқақ бір күй кешетінбіз. Бұл бөлім қазақ теориялық әдебиеттану ғылымында даралық бағыт ұстанған жаңашыл бөлім еді.

Академик Зәки Ахметовтың ғылыми концепциясының негізінде бөлімде теориялық және методологиялық қаншама мәселелер талқыланатын. Міне, осындай шабыттты ғылыми ізденістер сәтінде «Мен жастарға сенемін» деп қазақтың классик ақыны Мағжан айтпақшы, академик Зәки Ахметов те жастарға ерекше сенім артатын. Жауапты ғылыми жұмыстарды жастарға сеніп тапсыратын.

«Әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы» бөлімінің жоспарлы түрде дайындалып жатқан «Әдебиеттану. Терминдер сөздігінің» аяқталатын жылының көктемі болатын. Бөлім басшысы, ұстазым, академик Зәки Ахметов: «Уақыт тығыз. Мен осы жұмысты шәкіртім Тұрдықұл Шаңбайға тапсырамын. Сөзтізбе бойынша авторларға бөлініп берілген барлық материалды жинап, жиналғанын ретке келтіресің. Орысша түскені болса қазақ тіліне аударасың. Түрлі себептермен қайсыбір ұғым-терминдерді алған ғалымдар жазбаса, өзің жазып толық бітіріп қыркүйекте бөлімге тапсырасың» деді. Мен өзіме жүктелген осы тапсырманы ала жаздай тырп етпей қадалып отырып уақытында бітірдім. Ұстазым, академик Зәки Ахметов ризашылықпен: «Осы кітаптың құрастырушысы екеуміз боламыз. Бұл кітапқа пікірді, академик, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіндегі «Әдебиет теориясы» кафедрасының меңгерушісі, академик Зейнолла Қабдолов жазады» деді.

Осы ұжымдық еңбек жарық көргенде қатысқан ғалым-авторлар ұстазым, академик Зәки Ахметовке ризашылықтарын білдіріп жатса, замандастарым екі академик ұстаздарыңмен бірге кітап шығардың деп мені құттықтағандары әлі есімде. Жасыратыны жоқ, ұстазым, академик Зәки Ахметовты мен ерекше құрметтейтінмін. Ұстазым жарық көрген еңбегін «Сүйікті шәкіртім Тұрдықұлға шынайы тілектестікпен» деген қолтаңбамен сыйлағанда ерекше толқыныста боламын. Шәкірті ретінде бұл маған үлкен қуаныш сыйлайтын.

Ұстазым Зәки Ахметов екеуміз қайсыбір мәселелерді талқылау үшін стадионға баратынбыз. Ол кісі уақытын жоғалтпас үшін солай істейтін. Үйде гантелдері, турнигі болатын. Қыста коньки теуіп жүріп, пікір алмасамыз. Тағы бір келелі мәселені талқылап отырып, ертең ақылдасайық дейтін де, ойланып қалып «ертең болмайды екен бассейнге барам» дейтін. Жетпістен асқан шағында спорттың осыншама көп түрімен еркін айналысатын. Әр саласына құштар болатын. Тағы бірде «ертең стадионға кел, ана мәселені талқылап тастайық» деді. Менің ойланып қалғанымды байқап «басқа жұмысың болса бара бер» деді. Шынымды айттым. Достарыма сөз беріп қойғанымды, Шымбұлаққа баратынымды жасырмай айттым. Ұстазым ренжіген жоқ, қайта ертеден тау шаңғысымен айналысатынымды естіп тіпті қатты риза болды. Тау шаңғысын да қызу талқыладық. Мен сол әдетімді әлі тастаған жоқпын. Сенбі-жексенбі қолым қалт етсе қыста Хан Алтай қайдасың



деп зу ете қалам. Семейге жақын. Хан Алтай ұстазым Зәки Ахметовтің өскен елі ғой. Жаз болса сол Хан Алтайдың шыңқұздарын орнитолог-биолог достарыммен аралап кетемін. Соның нәтижесінде «Күншығыс» атты үш тілде атлас дүниеге келді. Менің бір мамандығым география қой. Тауға барған сайын ұстазым есіме түседі.

Ұстазым Зәки Ахметов аса мәдениетті, эстет адам ғой. Скрипкада шебер ойнайтын. Алматыдағы Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған музыка мектебінде оқитын қызыма скрипка таба алмай жүгіріп жүргенімді байқап, «сен қысылма, скрипка тапқаныңша менің скрипкамы ала тұрсын» деп өз скрипкасын берді. Сөйтіп балам бір жылдай академик атасының скрипкасымен дайындалды. Қазір сол қызым Әсел кәсіпқой скрипкашы-музыкант.

Ұстазым, академик Зәки Ахметовпен «әдебиет пен эстетика», «әдебиет пен философия» тақырыбына көп ой бөлісетінбіз. Кейін мен Алматыдан елге Семейге оралғанда соның нәтижесін көп көрдім. Әсіресе, «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиясын дайындағанда. Ұстазым, академик Зәки Ахметов атақты «Лермонтов» тұлғалық энциклопедиясының дайындалу мәдениеті туралы көп айтатын. «Лермонтов» энциклопедиясын дайындауға өзі де қатысқан. «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиясын ұстазым көрмеді, дегенмен «Шәкәрім» энциклопедиясына Шериаздан Елеукенов ағамыз үлкен бағасын беріп, ұстазыңның үмітін ақтадың деді. Бұл бір естен кетпес сәттер. Кейіннен, қазақ фәлсафасын, оның ішінде алаш фәлсафасын зерттеумен айналысқанда, «Ұғым мәдениеті», «Шәкәрімнің философиялық лирикасы», «Алаш фәлсафасы», «Еркіндік фәлсафасы: Абай мен Алаш алыптары» сияқты монографиялар мен зертеулерді жазу барысында ұстазым Зәкеңнен алған үлгі тәрбие маған үлкен қолдау болды. Осы еңбектерді жазуға баулыған ұстазым, академик Зәки Ахметов ерқашан құрметпен еске аламын.

Қазіргі уақытта, «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығында еңбек етіп жүрмін. Ұстазым, академик Зәки Ахметовтың абайтануға қосқан үлесі ұлан-ғайыр екеніне күн сайын көзім жетіп отыр. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы академиктері Зәки Ахметов пен Серік Қирабаевтың жалпы редакциясын басқарумен шығарған «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы»

академиялық мәдениетпен ерекше дайындалғаны, қолға түспес сирек басылымға айналғанын атап айту керек. Осы басылымға алғы сөз ретінде жазылған академик Зәки Ахметовтың «Кемел ақын, кемеңгер ойшыл» атты мақаласы классикалық стилімен абайтану ғылымында дараланып тұрған ерекше туынды, зерттеу жұмыс.

Жалпы, ұстазым, академик Зәки Ахметовтың ғылымдағы тереңдігі мен қатар, шәкірт тарбиелеудегі мәдениеті өзгеше құбылыс болатын. Мен оны өзім сезінген соң айтып отырмын. Академик Зәки Ахметовтың биік адамдық қасиеті шәкірттерінің есінде мәңгі сақталатыны сөзсіз.

Академик Зәки Ахметовтың «Лермонтов және Абай», «Қазақ өлең құрылысы», «Өлең сөздің теориясы», «О языке казахской поэзии», «Современное развитие и традиции казахской литературы», «М. Әуезовтің роман-эпопеясы», «Абай жолы» эпопеясының поэтикасы, «Абайдың ақындық әлемі» сияқты мыңжылдыққа қол созған іргелі еңбектері қазақ теориялық әдебиеттану ғылымының асыл мұрасы.

Түйін сөз ретінде айтарым, Өскеменнен Айжан Маратбекқызы, Алматыдан Гауһар Саяділқызы, Астанадан Қайырбек Кемеңгер телефон шалып ұстазым, академик Зәки Ахметовтің туғанына 95 жыл толуына орай өздері ұйымдастырып жатқан конференцияларға шақырды. Баршаңызға үлкен рахмет айтамын.

Мен басқарып отырған Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы ерекше бір биік мақсатқа ұмтылып, соның негізінде музейімізге үлкен қонақтар келіп жатқандықтан қайсыбір конференцияларға қатыса алмағаныма алдын-ала кешірім сұраймын.

**Елена Зейферт,**  
профессор Российского государственного  
гуманитарного университета  
(Россия, Москва)

## **«ЯПОНСКИЙ РОМАН» В НОВЕЙШЕЙ РУССКОЙ ПРОЗЕ («Осьминог» Анаит Григорян)**

На суперобложке романа Анаит Григорян «Осьминог»<sup>1</sup> написано «Японский бог» (рифмованная шутка, наводка на японскую тему) и «Ужас Лавкрафта в обёртке Харуки Мураками». Перед нами разновидность «японского романа» в новейшей русской прозе в стилистике Мураками? Здесь и ужас Лавкрафта с его психологическим страхом неизведанного? Что ж, японский хоррор пронзает до мозга костей, вздымая бессознательное (вспомним хотя бы знаменитый японский фильм «Звонок»), но таков ли «Осьминог»?

Сама Анаит признаётся, что Харуки Мураками ей очень близок, и близка стилистика его переводов Дмитрием Ковалениным, но ни её «Осьминог», ни другие тексты Григорян, по её мнению, на Мураками не похожи. Японская тема – да, она здесь главная. Но только тема не может создать жанровую разновидность романа. Сколько вопросов задала нам суперобложка! «Осьминог» – «японский роман» на поверхностном тематическом слое или содержит объём жанровых признаков «японского романа», пронизывающих его? Осмыслив произведение, отвечаю так: Анаит Григорян создаёт русский роман на японскую тему, показывая душевную неустроенность, неприкаянность центрального персонажа Александра. Но её русский роман на японскую тему – новое слово в нашей литературе.

С лавкрафтовскими ужасами «Осьминог», конечно, роднит беспомощность героя перед древним злом, постепенное нарастание страха (у Григорян довольно лёгкого, не утробного), хрупкость человека перед мистическими обстоятельствами, вопросы, оставленные без ответов, обитание человека среди других разумных существ (здесь это сверхъестественные они, кицунэ, тануки, а также рыбы и другие обитатели дна, в первую очередь осьминог; муж Мацуи-сан, возможно, видел и слышал, как рыбы разговаривают под водой, и многие другие персонажи

<sup>1</sup>Григорян Анаит. Осьминог. – М.: Inspiria, 2021. – 318 с.

верят в силу сверхъестественных японских персонажей). Однако перед нами не инвариант лавкрафтовского ужаса: я бы назвала это сходство не генетическим (появившимся в результате стилизации под произведения Лавкрафта и рождённый им жанр), а скорее типологическим, и всё же не явным. Особая манера повествования Григорян, неторопливая, уютная, комфортная, разрушит любой ужас.

Часы, которых боится ребёнок, способны притаиться, чтобы считать минуты, приближающие расставание, марионетки, у которых рожи, как у проходимцев, – не только морская стихия вызывает здесь ощущение некоторого ужаса, но не пронзительного, не сильного. «Осьминог» довольно быстро проявляет себя как любовный роман. Как настойчиво Анаит Григорян ввинчивает любовную интригу в своём русском «японском романе»: вот Александр задерживается в ресторане, любясь Томоко, спутницей Акио – чувствует себя пойманным с поличным, когда Кисё спрашивает его о Томоко – говорит о девушке с хозяйкой своей съёмной квартиры Изуми – хочет ударить повара, когда тот называет Томоко «рыбой снулой» – ударив другого (Кисё), встречает Томоко, и та приглашает их к себе в дом, чтобы оказать Кисё первую помощь – узнав об этом, с Томоко ссорится, ревнуя, её парень Акио – несостоявшаяся прогулка Александра и полюбившейся ему девушки – прогулка продрогшего Александра с продрогшей Томоко по побережью – Акио разбирается с Александром... Не буду раскрывать все карты любовной интриги, чтобы не создать спойлер романа для заинтригованного читателя. Психопатический Александр, который имеет интимную связь с хозяйкой своей съёмной квартиры, создан Григорян тем не менее обаятельным, глубоким, умеющим любить, за ним интересно наблюдать читательским взглядом, он центр сюжета. Порой он мелочный, иногда несправедливый, но неизменно привлекательный и интересный.

Детализация (я бы сказала, хотя автор, очевидно, со мной поспорит, томасоманновская, и Томас Манн – один из наиболее значимых для Григорян авторов), степенность повествования, серьёзность оптики, подхода к созданию персонажа, вещи позволяют читателю медленно обживать в романе, духовно присваивать его художественное пространство постепенно, смакуя, с любовью. Я полюбила роман Анаит с первой страницы: цвет, контур, текстура, звук, запах, вкус изображаемых предметов были настолько реальны, что, находясь в московском

кафе за чашкой чая, я ощущала, как всё вокруг пропахло морем.

Япония у Григорян синонимична влаге, морю, его дарам. «Во влажную погоду море всегда пахло сильнеей», «с моря тянуло йодистым запахом водорослей», «от Кими пахло морем»... Рыба живёт в воде всю жизнь, и не стоит человеку сетовать на дождь. Море в романе везде, даже на стенах жилища картины со сценами из рыбацкой жизни. Морская стихия проникает и в метафорику Григорян: красивый шрам у Кисё «похож на рыболовный крючок», заболел, Александр «провалился в забытьё, как в тяжёлую морскую воду».

Люди здесь подобны сверхъестественным существам («её лицо походило теперь на разгневанную маску мстительного духа»), а мифологические существа – людям (тануки пьёт водку и бросает мужа с детьми). Японская тематика в романе Григорян быстро преодолевает поверхностный уровень, пронизывая художественное пространство и время, повествование, захватывая метафорику. Второе название романа на японском (не на обложке), эпиграф на японском (без пояснений, хотя в дальнейшем подстрочные примечания с переводом и авторскими комментариями создают особую рамку, переключку японского и русского, обнимающую текст романа) сразу удивляют, но словно приучают взгляд читателя к новизне, японскому колориту.

Писательница с первых страниц даёт целый поток информации об японской культуре, старательно объясняя русскому читателю все тонкости: Кисё говорит, что его имя пишется катаканой (одной из двух, наряду с хираганой, графических форм японской слоговой азбуки), владельцы ресторана даже в меню гордятся местом – «креветка-повозка» водится только в префектуре Айти». Сама Григорян в японской теме человек посвящённый, она в своё время подружилась с японским профессором, исследователем русской классической литературы, выучила японский язык, и теперь общается со многими японскими литераторами, ведёт в твиттере блог на японском языке про Россию и японскую литературу в русской рецепции, занимается переводами японских авторов. В «Осьминоге» она охотно, с наслаждением делится этим знанием об Японии: сообщает, что и в каком виде едят японцы (на языке читателя то и дело хочет появиться, но остаётся незнакомым вкус хрустящих сладостей или даров моря: «к представлениям

японцев о сочетаниях вкусов европейцу было привыкнуть не проще, чем к перехватывающему дыхание рыбному запаху»). Есть ли в романе противопоставление японского западному? Да, и японское для повествователя в приоритете (японская жена – лучшая в мире, но испортилась под западным влиянием и др.).

Нарратор, по задумке Анаит, знает меньше, чем персонаж, живущий по законам самодвижения как феномен. В подстрочном примечании находим: «но Александр, очевидно, думает...». Повествователь точно не знает, что на самом деле думает Александр. Автор, читатель, персонаж в романе отдельные категории, у каждого своя самость, Александр не менее живой и независимо думающий, чем читатель.

Тёплое латте в бутылках с крышечками в уличных автоматах («Что с ними было бы в России?») – с ухмылкой задаётся вопросом Александр), меню в «Тако», консайский диалект и его наиболее характерный вариант – осакский диалект, значения некоторых иероглифов, японская фамилия на первом месте, затем пишется имя – мы постепенно складываем цельный образ своей, собранной, как пазл, Японии. Читатель узнаёт, что в упомянутой Осаке есть большой океанариум и ноги устают от переходов через дороги, идущих вверх, какая рыба водится у побережья, в каких университетах в Японии престижно учиться. И эти блюда, японские блюда – какие они сочные, колоритные! Вещь, деталь, подробность вводятся в роман неспроста – через них мы узнаём черты характера героев: Фурукава гневлив, но порядочен, Александр мелочен и вспыльчив, но глубок, Акио зловреден, но честен, Томоко добра, трепетна.

Остров Химакадзима (реальный топоним), по словам нарратора, «популярное направление внутреннего туризма, но многие японцы до сих пор не подозревают о его существовании», – в романе затерянное антиутопическое местечко. Здесь внезапно гибнут люди, и причина их гибели – нередко море. Людской страх перед морем велик. Внутри топоса Химакадзима есть локус Тако (в переводе с японского «Осьминог»), ресторан, в котором происходят все сюжетообразующие встречи в романе и работает официантом Кисё. Для меня фантазёр Кисё (мужчины, с его слов, могут жениться на лисице из зоопарка, на тануки, его двоюродный брат – лис, один мужчина перепутал жену с разделочной доской и бил её, сломав руку, про едва ли не каждого островитянина, живого или погибшего, у Кисё есть своя причудливая история)

– скорее писатель, скорее второй нарратор в романе, чем просто официант. Он в своих разрозненных новеллах ведёт собственную, мистическую, становящуюся всё более невероятной глубинную линию. Он второй нарратор, своеобразный рассказчик. Линии основного повествователя и Кисё встречаются в финале. «Разве какая-нибудь необычная история не лучший способ справиться с этой неизбежностью?» – задаётся правомерным вопросом Кисё. Именно он задаёт магистральную сюжетную линию романа: «Если подумать, то вся Япония – это сплошные острова. Куда бы человек ни поехал, ему никак не уйти от тайфуна».

Осьминог у Анаит – один из мудрейших жителей Японии, он важнейший представитель как реального (Григорян сообщает, что это моллюск, что он растёт всю жизнь), так и мифологического миров. Выкуп и спасение огромного осьминога, глядящий на Александра осьминог, обитающий в «Тако», деревянный осьминог в музее, которого выносят на народное праздничное шествие, мифы и легенды об осьминогах – по сути, лейтмотив осьминога здесь становится парадигмой, пронизывающей весь роман.

Отрадно, что в России есть крепкий, талантливый прозаик, романист с японской оптикой, знаток и ревностный ценитель Японии. Это позволило родиться новому яркому эксперименту в новейшей русской прозе – русскому роману на японскую тему.

**Алимжан Хамраев,**  
главный научный сотрудник  
Института литературы и искусства имени  
М.О. Ауэзова, д. филол. н.

### **НАУЧНЫЕ ТРУДЫ АКАДЕМИКА З. АХМЕТОВА КАК ФАКТОР ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

Академик Заки Ахметов был крупнейшим представителем одновременно трех направлений в казахской филологии: формально- структурального /советской традиции/, сравнительно- исторического исследования и диалектической поэтики.

Как значительный представитель формально- *структурального направления* науки в СССР и общепризнанный стиховед, большое внимание он уделял проблемам силлабического

стиха тюркских народов. В его известных работах «Казахское стихосложение» (1970), «Основы теории казахского стиха (2002)» высказано ряд научных идей, предвосхитивших основные положения «теории тюркского силлабического стиха» В.М. Жирмунского, И.В. Стеблевой, М. Хамраева, К. Рысалиева, Х. Османова, получившие широкое распространение в послевоенные годы XX века. Ему принадлежат фундаментальные исследования формальных категорий казахской поэзии, которые интересны и в плане структурального подхода. В 1960-х–1970-х годах опираясь на просодические закономерности и признаки казахской поэзии, З. Ахметов обосновал совершенно новую концепцию стихосложения, существенно отличающуюся от теории тонико-темпорального стиха Стеблевой И.В. и от природной системной двуритмичности тюркского стиха Х. Усмана и др. [1, с. 637–680]. Данные труды поставили имя Заки Ахметова в один ряд с крупнейшими учеными советской формальной школы XX века, в частности с Ю.Тыняновым, А. Веселовским, Л. Тимофеевым, Б.Томашевским, В. Жирмунским, М. Гаспаровым и другими известными стиховедами. Почти все исследователи тюркского стиха единодушно признают его особый вклад в общую теорию тюркского стиха, который основывается на принципе изосиллабизма в соизмеримых отрезках стихотворной речи (в стихотворных строках). Данная проблема до сих пор остается одной из доминантных в исследованиях современных тюркологов. Академик З. Ахметов постоянно подчеркивал, что в литературно-критических и литературоведческих работах довольно часто имеет место неверное понимание самой сути принципа равенства слогов в стихе. «Ибо в вопросах о системе казахского стиха,- писал ученый, - о природе силлабики есть достаточно спорных аспектов, требующих выяснения. И лучше всего провести это выяснение, привлекая к изложению различные, порою противоположные точки зрения». Опираясь на теоретические труды выдающихся исследователей русской и казахско-тюркской поэтики, в частности, В. Радлова, Ф. Корша, В. Виноградова, Л. Тимофеева, Б. Томашевского, А. Байтурсынова, ученый достаточно долго совершенствовал свою концепцию системы стихосложения в национальной поэзии, которую условно можно назвать изоритмической и изосиллабической. Это обусловлено, по мнению литературоведа, фиксацией всех проявлений выпадения гласных и согласных, благодаря



которому возможны сдвиги границ ритмических единиц. Согласно онтологическому подходу, строй стиха он понимает «в единстве с исторически развивающейся художественной практикой, так как многие особенности стихосложения, процессы, характеризующие его развитие, стоят в известной зависимости от общих законов развития литературы. Ученый рассматривал систему стихосложения не как застывшее явление, а исторически изменчивое. Он писал, что «стихосложение в целом проходит непрерывный процесс развития и совершенствования. Но темп и характер изменений разных сторон стихосложения не одинаковы, из всех сторон стихосложения наиболее устойчивым является его строй, основные ритмические принципы»

3. Ахметов высоко ценил историческую роль Абая в становлении национальной системы стиха. Он считал, что изучение стиховедческий анализ произведений великого гуманиста Евразии имеет важное значение для понимания творчества как самого поэта, так и вопросов стихотворного новаторства в казахской литературе, особенно актуальной для современной поэзии.

Одним из существенных направлений формальных категорий национальной поэзии в исследованиях З. Ахметова стало также сравнительное изучение основ стихотворной речи тюркских народов. Эти исследования внесли большой вклад не только в казахскую филологию, но и в историю развития культуры многих народов тюркского мира. Именно З. Ахметовым была осуществлена системная детерминация важнейших принципов ритмики национальной системы стихосложения, им было доказано, что на фундаменте общего свойства ритмики стихотворной речи вырастают все основные принципы и правила казахского стихосложения, относящиеся к системе силлабического (слогочислительного) стиха. «Система стихосложения основывается на общем строе того или иного языка. Отсюда и национальная самобытность поэтических форм. - писал академик. - «Как бы ни был специфичен и своеобразен строй стиха, этот строй принадлежит языку и неповторим за пределами национальных форм речи. В этом причина того, что поэзия остается всегда наиболее национальной формой искусства» [2, с.68].

3. Ахметов был убежден, что «своеобразие строя казахского стиха не дает никаких оснований для противопоставления

его иным системам стихосложения. Различие в строе стиха в поэзии разных народов нельзя представлять как препятствие, которое мешает взаимному сближению поэтической культуры. Обогащение казахского стиха опытом силлабо-тонического и тонического стиха столь же плодотворно, как и обогащение его опытом развития силлабического стиха в поэзии других народов» [3]

Обладая широкой эрудицией, большому исследовательскому потенциалу З.Ахметов разработал теоретическую *основу казахстанской школы сравнительно-исторического исследования*, внес в эту область преимущественно более точный историко-диалектический метод. Широко пользуясь методологией историко-сравнительного литературоведения, он занимался скрупулезным типологическим сопоставлением сходных литературных явлений, в частности, в казахской и русской поэзии («Лермонтов и Абай» (1954).

Ученый внёс существенную лепту в теорию заимствования художественного текста и объяснял единство сюжетных линий общностью культуры и истории разных народов. Это способствовало выдвижению исследователем теории общего источника самозарождения мотивов и сюжетов и т.д. В этом направлении характерной для Ахметова является теория «равноценности разных художественных текстов и творческих поисков», способствующих заимствованию и усвоению культурой иностранного материала.

В ходе исследований литературы и фольклора формировалась общая теория развития поэзии, составившая историко-диалектическую поэтику З. Ахметова — грандиозный замысел, уникальный в казахской филологии, цель которой — изучение эволюции этнонациональных поэтических традиций и форм. В этой области ученый развернул концепцию становления и изначальной дифференциации контента поэзии, из которой впоследствии формируется и развиваются жанрово-стилевые компоненты текста. В ряде работ тюрколог исследовал формы казахского поэтического языка и стиля (эпитет, метафора, символ, эпические повторы, психологический параллелизм). Особое внимание З. Ахметов уделял проблеме идейно-тематической направленности, художественному образу, мотиву и сюжету казахского текста в историко-сравнительном плане: «Теория поэтического искусства» (1973), «Поэтика эпоса «Путь Абая» в свете истории её создания» (1984).

В последние годы жизни З. Ахметов обращался к проблеме изучения феномена творчества великих личностей, в частности, Абая и Ауэзова. В своих статьях и фундаментальных исследованиях творчество выдающихся казахских деятелей рассмотрено в широком восточном и европейском культурно-историческом контексте. Данные статьи об Абае содержали замысел будущей большой книги об Ауэзове, исполнению которого помешала смерть исследователя. Дальнейшее и постоянное изучение наследия Абая и Ауэзова в соответствии с насущными требованиями социума, выдвигает задачу специального углубленного исследования отдельных сторон их творчества. Наследия Абая и Ауэзова по сути являются стыковыми и относятся к тому периоду жизни казахского народа, когда происходили глубинные социально-культурные и ментальные процессы в обществе, которые были масштабными по охвату и значительными по содержанию. Они не могли не сподвигнуть вперед все основание консервативного этновосприятия бытия казахского народа. В основу этих сдвигов легли просветительский дух и жажда духовного обновления всех сторон жизни казахского народа.

Таким образом, З. Ахметов указывает на то, как в казахском литературоведении осуществляется путь определения феномена величия исторических деятелей с одной стороны, и процессов исторического развития общества, с другой и как их единство оказывает влияние на эволюцию самосознания народа. Ахметов убежден, что культурное развитие казахского народа отныне всегда будет ассоциироваться с именем Абая и Ауэзова, поскольку они еще долго будут восприниматься обществом в качестве движущих сил исторической жизни народа. Именно мир данных величин представляет собой аккумулированный в одно целое исторический характер всего казахского мировоззрения, хода времени, всеобщую духовную потребность людей и принципы реализации их умонастроений. По убеждению З. Ахметова историческая личность, ставшая причиной продвижения просветительских идей, всегда является движущей силой истории и творцом явлений, проистекающих из общих законов народной жизни.

Ряд работ З.Ахметова посвящены текстологическим и историческим проблемам абаеведения и ауэзоведения, он подготовил собрание сочинений Абая. Под редакцией академика вышли книги «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» («Словарь

литературоведческих терминов», 1996), монография «Өлең сөздің теориясы» (1992), изданная также и в Китае. З. Ахметов неоднократно обращался и к вопросам теории словесности, которые в течение нескольких лет преподавал в университетах .

Как литературовед З.Ахметов выдвинул и обосновал *теорию диалектического реализма и расширил основы диалектической этнопоэтики*, на много лет вперед определив пути развития казахской литературы. Его статьи-монографии о творчестве великих сынов казахской степи содержали ряд новых эстетических принципов и положений, ставших ключевыми при оценке литературного произведения, — народность, соответствие действительности, верность характеру героя, современность. Художественная точка зрения всегда сочеталась у него с исторической и социальной. Диалектическая поэтика З. Ахметова заключалась в том, что она способствует раскрытию всех явлений и процессов исторического бытия казахского народа во взаимосвязи, развитии и взаимообусловленности. За Заки Ахметовым должна быть признана огромная заслуга решительного внедрения в казахское литературоведение положений об истинных и эффективных основах литературного процесса, взаимообусловленных и глубоко взаимосвязанных с общественно-политической историей, как всемерно осуществляющей идеальное национальное содержание. Академик рассматривал все события литературы в процессе поступательного движения, доказывал, что между различными сферами казахского бытия нет никаких безусловных преград, нет ничего самостоятельного и изолированного, не связанного между собой.

Значение трудов З. Ахметова и его влияние на тюркскую литературу было очень велико. Он не только указал путь, по которому должно идти исследование по казахской поэзии, чтобы она могла стать общественно значимой, но и явился учителем и руководителем молодого поколения плеяды ученых 1970-и 1980-х годов и в период независимости. Восторженная оценка другого академика - гиганта З. Кабдолова, который считал З. Ахметова «самым глубокомысленным из наших литературоведов», обладавшим «чутьём гениального филолога», имеет огромное историко-культурное значение.

В целом, фундаментальные исследования З. Ахметова всегда будут отличаться своей актуальностью и значимостью, привлекать к себе внимание богатым историко-сравнительным

материалом, стилем изложения, возможностью насладиться пребыванием в научной лаборатории гениального тюрколога.

### **Литература:**

1. Ахметов З. Казахское стихосложение. – Алматы, 1970.
2. Томашевский Б.В. Стих и язык. – М.-Л., 1959.
3. Ахметов З. Основы теории казахского стиха. – Алматы, 2002.

**Жандос Әубәкір,**  
«Абай академиясы» ҒЗИ директоры,  
филол.ғ.к., доцент

## **АБАЙ ЖӘНЕ АДАМИ ҚАСИЕТТЕР**

Қазақ елінің ғасырлар көшіндегі сан қилы тарихы мен атадан балаға мирас болып жеткен бай әдебиетіне, күні кешеге дейін алтын желіні үзбей жалғастырып жеткен ұрпақ тәрбиесінің озық үлгілеріне қарап отырып таңданасың, таңдана отырып тамсанасың! Ауыл ақсақалының бір ауыз сөзіне бағынған, ел сайлаған биінің пәтуалы ойына тоқтаған, үлкеніне құрмет, кішісіне ізет көрсетіп, төс қағысып құда болып туысқан, нағашылы жиенді болып сыйласқан, балдыз бен жезде болып қалжыңдасқан, төркін жұрт пен қайын елге құрметпен қараған халық өміріне қызығасың. Осы бір мамыражай тірліктің шырқы патшалық Ресейдің қазақ елін тізесіне басып, отарлау саясатын пәрменді жүргізуінің, сайқал саясатының нәтижесінде бұзылды. Ел билеушісі де, байы да басқа қалыпқа енді. Жалпы халықтың танымы мен ұстанымы да өзгерді. Билік құмарлық пен шен алғыштық, пәле жапқыштық пен өтірікшілік, өсек айтқыштық пен мал шашпақтық, әсіре мақтаншақтық пен даңғойлық, жалқаулық пен еріншектік белең алды. Терең ойға телміретін, талап тұлпарын мінетін, адал еңбегімен жантасатын, әр дүниеге қанағат қылып ризашылықпен қарайтын рахымды жандар азайды. Есесіне ояз бен ұлыққа деген жағымпаздық, жуанның момынға әлімжеттілігі, жақсының артынан шырақ алып түсетін арызқойлық, елдің шырқын бұзып бір-біріне қарсы қойып шағыстыратын пәлекұмарлық көбейді. Халық заманымен бірге басқа мінезге ене бастады. «Өз қолынан өз ырқы кеткен» қалың елінің осындай күйге түскені өз ұлтын жанынан артық жақсы көрер Абай Құнанбайұлының жан-жүрегін ауыртқаны хақ.

Жақсы мен жаманның парқына мән бермейтін, «бас басына би болған өңкей қиқымның» елінің шырқын ғана емес, өзінің де күндіз күлкісі мен түнде ұйқысын бұзғанын білмес қалыбы, көрсеқызарлығы мен қырттығы ақын жанын жаралайды. Бірлігі мен берекесі кетіп, шынайы пейілден айрылған соң, баққан жылқысы да, тапқан байлығы да сапырылған, күндестіктің дертіне шалдыққан жанның, тіпті жай нәрсеге «бұртың» ете қалатын ағайынның да жанды бейнесі Абай шығармаларында кеңінен көрініс береді. Ел арасындағы береке-бірлікті, татулықты көздеген Абай Құнанбайұлы оны ең алдымен өз туыстарынан, руластарынан, ауылдастарынан бастап жолға қоюды көздейді. Ел ішінде болатын алауыздықты, көре алмаушылық қасиетті, қызғаншақтықты жоюды көксеген ақын қалың қазағын ынтымаққа шақырады.

Ақын өлеңдерінде «қайран жұртының» кереғар қылықтары мен оспадар әрекеттерін сынға алып, елін ғылым-білімге, татулық пен еңбекқұмарлыққа үндейді.

Адасып алаңдама, жол таба алмай,  
Берірек түзу жолға шық, қамалмай.  
Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,  
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай, –

деп өкінеді.

Біреуі олай, біреуі бұлай қарап,  
Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазак.

Қазағының өзге жұртқа қарағанда «сөзі ұзын», «шапшаң» болса да, ғибратты ой мен ізгі насихатты шалқақтап, ыржындап жүре тыңдайтын, мінез ерекшелігі бары да қынжылтады. Айтқан сөздің сыртын емес, ішін ойланып түсінсе дейді ақын. Тіпті: «Көздің жасы, жүректің қаныменен Ерiтуге болмайды ішкі мұзын»,– деп қатты кейіп кететін сәттері де бар Абайдың.

Абай Құнанбайұлы ұлт тәрбиесінің негізі береке-бірлігі жарасқан елде болатындығына басты назар аудартады. Егер елдің өзара татулығы жоғары болса, халық та мамыражай өмір сүретіндігі ақиқат. Байлық та, жетістік те, тыныштық та берекесі жарасқан елде ғана. Бірін-бірі күндемейтін, басқаның артынан шырақ алып жамандық іздемейтін, не көрсек те ел болып бірге жақсылықты көрейік дейтін ниеті бір, ойы ортақ, ғылым мен білімге құштар, ізгі мақсаты табыстырған, асыл армандар

жетелейтін халықтың жетістігі де мол болмақ. Туыстық қарым-қатынасы артып, байлығы да көбейіп, ой мен санасы да таза болғандықтан тән саулығы да, жан тазалығы да жақсарып, ел болып дамудың жарқын жолына түсері де хақ. Абай қызыққан ел де – берекелі ел.

Берекелі болса ел –  
Жағасы жайлау ол бір көл.  
Жапырағы жайқалып,  
Бұлғақтайды соқса жел, -  
дейді ақын.

Ал, егер, ынтымағынан айрылса ешкімге жақсылық әкелмейтін, түкке де керексіз «суы ашыған батпақ көлдей» жарамсыз болары анық. Береке-бірліктің қадірін ақын қазақы ұғым, күнделікті тіршілік барысынындағы ерекшеліктермен түсіндіруге тырасады.

Шындығында да ел бірігіп, берекесі жарасып, барлығы халық болып ұйысқанда ғана жетіктістікке жетері анық. Бірлігі бар ел озса, татулығы жоқ халық тозады. Бұл сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың нақты шынайы өмірден түйген, ұрпақтан-ұрпаққа екшелініп жеткен нақыл сөздерінде де кеңірек айтылған. «Бірлік болмай тірлік болмас», «Алтау ала болса – ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді», «Ел ішінде дау көбейсе, ел сыртында жау тұрар», – дейді дана халқымыз. Тұрмыс-тіршілік те, материалды тұрғыда жақсару да өзара жақсы қарым-қатынастың арқасында дамиды.

Ағайын жоқ нәрседен етер бұртын,  
Оның да алған жоқ па құдай құлқын?  
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,  
Сапырылды байлығың, баққан жылқың.

Ағайын арасында тек татулық болса, сыйластығы артып, бір-біріне деген құрметі жоғарылап, баққан малы да, мамыражай өмірде жаны да көбейе берері сөзсіз. Абайдың да басты мақсаты – елдің береке-бірлікте болуы.

Өкінішпен айтатыны да қазақы қоғамның осы бір құндылықты бағаламай, өзара алауыздықпен ынтымақты бұзуға әуестігі.

Кетті бірлік,  
Сөнді ерлік,

Енді кімге беттемек?  
Елің – ала,  
Отты шала,  
Тайса аяғың, кім көмбек?

Ел ішіндегі ұсақ келіспеушіліктің өзі туған-туыстардың арасын ғана алыстатпайды, жалпы халықтың дамуына орасан зор ықпалын тигізеді. Адалдық пен арамдықтың, еңбекқорлық пен жалқаулықтың, ғылым игермек пен надандықтың арасының ажырай бастауында да береке-бірліктің бұзылуының әсері айқын. Қазағының татулықты қойып, жамандық қылса, ол жасағаны өзіне қайыра айналып келерін ұқпауы ақын өлеңдерінде кең көрініс тапқан. Күншілдікпен өткен тірлігің, берекені бұзған пәлекұмарлығың, ағайынның арасына от жағып араздық отын үрлеген арамдығың шайтанға жасап берген қамқорлығың екенін ұқса дейді ақын.

Ел бұзылса, құрады шайтан өрмек,  
Періште төменшіктеп, қайғы жемек.  
Өзімнің иттігімнен болды демей,  
Женді ғой деп шайтанға болар көмек.

«Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік аты – ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады. Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі біріне-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?»

Міне, Абай айтқан негізгі бірліктің қайда болмақтығы. Мал дос болып, арам мақсат құрып бірлік жасаудың көк тиындық құны да жоқ. Хакім сөзінің өшпес маңыздылығы да осында. Абай заманында ғана емес, қазіргі таңда да бір күндік пайдасы үшін өтірік дос болып, керегінде пайдаланып, қажетсіз болып қалса сырт беріп айналатын келеңсіз қасиеттерімізді жөндейтін уақыт туды. Ағайынмен мал үшін емес, риясыз пәк көңілмен



бірлікте болатын заман қазір. Құлық-сұмдықпен дәулет жиып, мақтанып, есіріп кететін есерсоқтарымыз Абай сөзінің мәніне терең үңгі алмаса да, тұшына бір оқып, өз ісіне есеп бере білсе. «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіпшісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың? – деген Абай сөзі қашан да бағалы.

Қазағымыз хакім сөзінен ғибрат алып, татулықты берік ұстанып, ақылмен барлығы бірлікте болса ғой, шіркін!

Бізге мал дос емес, ақыл дос қажет. «Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып» дегендейін, ақылмен бірлесіп, ғылым-білімді аңсап, тереңдікке ден қойса әр азаматтың да, қалың қауымның да, мемлекетіміздің де болашағы жарқын. Ынтымағы жарасқан егемен еліміздің көк байрағы ашық аспанында мәңгі желбірей беруді де береке-бірлікке тікелей қатысты.

Елдің береке-бірлігіне басты кедергі болар Абай Құнанбайұлы сынаған қазақтың кереғар ерекшеліктерінің бірі – партия құрғыштық. Туған елінің жай-күйі мен даму барысына қапалана отырып ой қосқан Абай заманынан қанша алыстасақ та, осы бір келеңсіздік жайлар қоғамнан әлі де алыстай қойған жоқ. Хакім сөзінен халқымыз бүгінгі таңға дейін сабақ алмағаны, әрине, өкінішті. Абай өлеңдерінде жік-жік болып бөлініп, өзара ымыраластар топ құрып, партия болып бөліну үрдісі кеңінен ащы сынға алынған.

Барымта мен партия –  
Бәрі мастық, жұрт құмар.  
Сыпыра елірме, сұрқия,  
Көп пияншік нені ұғар?

Ақын «ендігі жұрттың сөзі ұрлық-қарлыққа» негізделіп, «сөзді ұғатын саналы жанның» төңірегінде азайып, «бет бергенде шырайы сондай жақсы», бірақ «сартша сырты» бұзылған, партияға мас болып елірген жандардың аяусыз бейнелерін жасайды. Тіпті «пияншік» деп саналы ақыл-ойдан айрылған, адамшылықтан кетіп сұрқиялыққа жеткен замандастарын аямайды.

Мұндай елден бойың тарт,  
Мен қажыдым, сен қажы!  
Айтып-айтып өтті қарт,  
Көнбеді жұрт, не ылажы? –

деген өкінішін де жеткізеді. Замандастарына қанша ақыл-кеңесін, дұрыстық жолға шақырған уағызын айтса да, олардың елірме қиғаш сөздің жетегі кетіп, бастары бірікпеулері, әрине, ақынға өте ауыр. «Қажыдым» деп еріксіз қапаланады да. Партия құрып, елді жан-жақта бұра тартып, берекені қашырап әрекеттен аулақ болуға шақырады.

Халықтың партияға бөлініп, жік-жік болып бірліктен алыстауының негізінде білімнің аздығы, тәрбиенің жетімсіздігі, сананың төмендігі жатыр. Партия болып бөлінгенмен, елге оның еш пайдасы жоғын ұғына да алмайды. Қауқылдасып, бірін-бірі мақтап, қарсыласын даптап, тек алауыздық отын үрлеу ел салтына сол кездерден енгені анық. Бірде бата оқып, енді бірде тегін ас ішіп, дүрмектің ортасында салаңдап бос жүру қалыпқа айналады. Іздегені де бірлік емес, дау-жанжал. Шарға таласқан, дауға әуес халқын тыямын деп қажығаны да анық Абайдың. Сондықтан да:

Қайғы шығар ілімнен,  
Ыза шығар білімнен.  
Қайғы мен ыза қысқан соң,  
Зар шығады тілімнен.  
Қайтіп қызық көремін  
Әуре-сарсаң күнімнен?  
Қайрылып қарап байқасам,  
Ат шаба алмас мінімнен, –

дейді ақын. «Қайғылы, қартаң шалдар» Абай айтқандай ел кезбей, ағайын арасы тыныштығын ойлап, жұртына басу айтып, араздықтың отын өшіруге тырысуы керек емес пе!? Бір ауыз дуалы сөзімен рулы елді басқарып отыратын, яки болса жас буынға өнегесін көрсетіп, өткен дәуірден жеткен қисса-дастандарды, көркем жырларды, аңыз-әңгімелерді айтып қалың елді төңірегіне ұйыстыратын бұрынғының үлкендерінің замана ерекшелігімен өзгеріп, дау-дамай қуған, пәлекұмар, партияшыл шалдарға айналуы ақынды қатты тебірентеді. Елінің құты болған қарияларымыз, көкірегі таусылмайтын кенге толы

құймақұлақ ақсақал даналарымыз «өз қолынан ырқы кеткен» уақыттан-ақ өзгеріске ұшыраған екен-ау!

Абай сынаған «қозғау салып қоздыратын кезбе шалға» керісінше бірліктің туын көтеріп, елдіктің сөзін айтатын келелі жиын емес, қыңыр кеңес қажет. Кеңесінде туысына ор қазатын, жалаң сөзден жау табатын, жау деп тапқан жақынына қарсы ант беріп тарқайтын замана ерекшелігі еді. Көп адамның аңдығаны да осы.

Осы бір кеңес пен жиынның, яғни анттасудың соңы не? Әрине қарсылас тауып, жақсы болса да жаман деп, партия құрып жабылып, төмпешпеуге дайын тұрып, араздаспаққа серт беріп тарқасу. Өсімге қол жайып, серкешке тай алмаққа қызығу. Азға көптің ықпалын тигізуі де осы топтасудың салдары.

Бес асыл нәрсеге асық емес, керісінше қашық болу керек бес дұшпанға әуестік Абай сынаған надандыққа алып келері анық. Арамдық пен араздық белең алғанда ел ішіне енген надандық та қанатын кеңге жая бастайды. Надандық көзін де, көкірегін де тұмшалаған соң, оның сана-сезімі, қоршаған ортаны сезінуі де жоғалады. «Ақылға сәуле қонбаса, хайуанша жүріп күнелтпек» дейтін жандар қатары да көбейе берері хақ. Өмірдің негізгі мәніне үңіліп, жаратушыны сүйюі, хақ жолымен жүруі, рухани кемелденуі түгілі өз басын алып жүре алмайтын, басқаның жетегіне еріп, тобырдың қатарына енетін де осы надандар. Ақын поэмасында айтылатын көппен бірге жынды су ішіп еліретін де осылар. «Малда да бар жан мен тән, Ақыл, сезім болмаса», – дегендей тереңдік былай тұрсын, іс-әрекеті мен таным-түйсігі саналы адам қатарынан да көрінбей жататын надандық сау ақылдың жоқтығынан, қараңғылықтан. Арзан күлкі мен бас даурықпаға әуестіктік те көңіл көзінің тұжшалануынан. Ал бойында ыстық қайраты, нұрлы ақылы, жылы жүрегі болмаса, саналы көзқарасы, азды-көпті білімі, өмірлік ұстанымы жоқ адамды қалаған жаққа жетектеп әкетіп, айттақтатқанға пайдалану жеңіл болмақ. Надан адамның қоғамға зияндығы да осында.

Басында ми жоқ,  
Өзінде ой жоқ,  
Күлкішіл кердең наданның.  
Көп айтса көнді,  
Жұрт айтса болды –  
Әдеті надан адамның.

Бойда қайрат, ойда көз  
Болмаған соң, айтпа сөз.

Алауыздықтың отын үрлер ерекшеліктер де жетерлік. Адам мінезі мен іс-әрекетіндегі, таным-түйсіндегі кереғарлықтар надандықтан басталып, арсыздық пен азғындыққа алып келеді. Ұятты ысырып қойып, адамгершілікке жат мінез-құлық пен жағымсыз қылықтар, ар-намысы жоқ пенделерден туары анық. Алты бақан алауыз болып, қазақтың күндестікпен өмір сүруінің негізінде де осылар жатыр.

Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсө қызар, жалмауыз,  
Сорлы қазақ сол үшін  
Алты бақан ала ауыз.  
Өзін-өзі күндейді,  
Жақынын жалған міндейді,  
Ол арсыздық белгісі, –

дейді ақын. Сонымен бірге: «Партия жиып пара алған, пейілі кедей байсындар»,– демеске де амалы жоқ. Еріншектік пен көрсөқызарлық, сабырсыздық пен пәлекұмарлықтың да қосылар жолы – арсыздық. Қазақ қоғамындағы қалыптасып келе жатқан билікқұмарлық, пәлежапқыштық белгілерін, яғни өмірдегі ащы шындықты қарапайым сөзбен нақтылап айтып, халқын қанша дұрыстық жолға шақырғанымен де, ақын сөзі өзі айтқандай жартасқа барып, күнде айғай салып, тек «баяғы жартас – бір жартастан» қаңқ еткенмен, түкті байқамайтындардан жаңғырық естігендей жұтыла берді уақытында. «Қайран сөзім қор болды» деп тек жақындарына ғана емес, қара ормандай халқына налиды.

Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ,  
Иілтiп екі басын ұстаған хақ.  
Имек жолда тыянақ, тегістік жоқ,  
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бак.

Міне Абай ұстанымы. Қазақтың болашағының жарқын дамуына қажетті ғибратты сөз! Қамшының сабындай ғана қысқа өмірде адамдықтың ақ жолымен жүргеннен артық ешнәрсе жоқ. Күншіл болмай, замандасына қиянат жасамай, пәлекорлықтан аулақ болса ғана ел бірлігі де арта бермек. Абай сынаған надандықтың қалдықтарымен қазіргі таңда күресе беруіміз

кажет. Хакім сөздерінің ұлағатына сонда ғана жетеміз, нәтиже шығарамыз. Арамдықты болдырмау, елді ғылым-білімге үндеп, ынтымақты өмір кешу біздің міндетіміз. Мәңгілік ел боламын деген қазағымызға қарап «қайран жұртым» деп айту жоғалып, бүгiнiмiз бен болашағымызды тек жақсы жағынан көретiн, жетiстiгi мен береке-бiрлiгiн тек мақтап айтатын дәуiрлер болсын!

#### **Әдебиеттер:**

1. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: өлеңдер мен аудармалар. – 2005. – 296 б.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.2: өлеңдер мен аудармалар. – 2005. – 336 б.
3. Әуезов М. Абай Құнанбаев (мақалалар мен зерттеулер). – Алматы: Ғылым, 1967. – 391 б.
4. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.
5. Абай тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер // Құраст. Ғабдуллин Н. – Алматы: Жазушы, 1986. – 432 б.

**Алмас Оралбек,**

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты  
Қолжазба және фольклортану ғылыми-инновациялық  
орталығының ғылыми қызметкері

### **ТАРИХИ Аңыздардың жиналуы мен ЗЕРТТЕЛУІНІҢ НЕГІЗДЕРІ**

V-VIII ғасырлардағы тарихи аңыздардың жиналуы, жариялануы, зерттелу тарихының кезеңдері ғасырлар тереңіне кетеді. Жалпы түркі тілдес халықтарға, соның ішінде қазақ халқына тән аңыз нұсқалары сонау V-VIII ғасырлардың тасқа жазылған жәдігерлері Орхон-Енисей ескерткіштерінен де кездеседі. Бастапқы негіздері VIII-IX ғасырларда пайда болды делінетін, бірақ XV ғасырда хатқа түскен оғыз эпосы «Дәде Қорқыт кітабында» қазақ ауыз әдебиетінде кең тараған оқиғалық сарындар мол. Сондай-ақ «Оғызнаменің» де оқиғалық өрілімінде жалпы түркі халықтарына кең тараған аңыз, әпсаналар орын алған. Монғол тарихын сөз ететін Рашид-ад-диннің шежіресінде «Монғолдық құпия шежіресінде», Қадырғали Жалаиридің «Жамиғ ат-тауариғында», Абылғазы ханның шежірелерінде

қазақтар ауызша айтып келген аңыздардың көптеген қызықты нұсқалары табылады [1, 5-6].

Аңыз-әңгімелерді мазмұнына, тақырыптарына қарай жүйелеу, жіктеу орыс фольклортану ғылымында ХХ ғасырдан басталады. А.П. Андреев [2;138] орыс фольклорындағы аңыздарды «тарихи және жергілікті аңыздар» деп екіге бөледі. Осылай бөлуді Т.М.Акимова қолдай келіп: «Тарихи аңыздарға халық өміріндегі елеулі тарихи уақиғаларды жатқызуға болады. Ал жергілікті аңыздарға қалалар мен селолар, олардың аталуы, салынуы, атақты адамдары жайында баяндалатын әңгімелер жатқызылуға тиіс», – деп анықтайды.

Аңыздарды зерттеуге белгілі ғалымдар Ш.Уәлиханов, Г.Потанин, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, Е.Исмаилов, М.Ғабдуллин, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Б.Адамбаев, С.Қасқабасов, А.Шәріп, А.Сейдімбек, Б.Омарұлы т.б. үлес қосты. Г.Потанин Асан туралы аңыздарға көңіл бөліп, көшпелілер философы туралы екі аңыз нұсқасын жазып алған. Бұл аңыздар ХІХ ғасырдың аяғында қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятуға өзіндік үлес қосқан «Дала уәлаятының газетінде» жарияланды. Дала философы туралы аңыздардың негізгі сарынын айқындауға ұмтылған ғалым Е.Исмаиловтың «Ақындар» атты монографиясында, Асан туралы аңыздардағы негізгі сарын халыққа бақыт іздеу идеясы екенін атап өтеді.

Аңыздардың жанрлық ерекшелігіне тоқталған ғалым С.Қасқабасов болды. «Қазақтың халық прозасы» атты ғылыми еңбегінде аңыздың негізгі жанрлық белгілері талданып, оның халық прозасының эпсана, хикаят сынды түрлерінен бірнеше айырмашылығы атап көрсетіледі. «Ертегі тобына жатпайтын өзге жанрлардан аңыздың басты айырмашылығы – оның айқын түрде тарихи шындыққа бағытталатындығы. Басқаша айтқанда, аңыз тек тарихи ғана болады» [3, 27], – дейді ғалым.

Аңыздарды іштей тарихи және топонимикалық деп екіге бөлген ғалым қазақ тарихи аңыздарының хронологиялық кезеңдерін «бейнелейтін оқиғаларына, кейіпкерлеріне, жалпы тақырыбы мен мазмұнына» қарай, тарихи аңыздарды шартты түрде мынадай топтарға бөледі: а) оғыз-қыпшақ заманынан елес беретін аңыздар (оларға Қорқыт, Ахмет Ясауи және Арыстан алып туралы әңгімелерді енгізуге болады, VIII-XII ғ.); ә) моңғол шапқыншылығы мен Алтын Орда кезіндегі оқиғалар жайындағы аңыздар (Шыңғыс, Жошы, Тоқтамыс, Темір есімдеріне байланысты әңгімелер, XIII-XV ғ.); б) Қазақ хандығы

тұсындағы оқиғалар мен қайраткерлер туралы аңыздар (Жәнібек, Асанқайғы, Жиреншелер жайындағы әңгімелер, XV-XVII ғ.); в) қалмақтарға қарсы соғыс-ұрыстарға байланысты туған аңыздар (Абылай, Қазыбек, Әбілқайыр, Бөгенбай, Қабанбай аттарына қатысты әңгімелер, XVIII ғ.); г) Сырым, Исатай-Махамбет, Жанқожалар бастаған көтерілістерге байланысты туған аңыздар (XVIII-XIX ғ.); ғ) XX ғасырдағы өмір кешкен белгілі қайраткерлер туралы баяндайтын аңыздар.

М.Әуезов аңыз жанры жайында Л.Соболевпен бірге жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты монографиясында, 1957 жылы шыққан «Қазақ ССР тарихының» 1-томында жарияланған «Қазақтың ауыз әдебиеті» атты көлемді еңбегінде жан-жақты айтқан. Алғашқы еңбектің «Аңыз ертегілері» деген тарауында: «Қазақ аңыздарының ертегілерден ерекшелігі сол – барлығы да тарихта болған адамдар жайында айтылған, халық шығарған көркем әңгіме болып келеді. Кейін оларға қоспалар қосылады да, халық творчествосының ерекше бір саласын құрайды» деп бірден екі жанрдың жігін ашып алады. Монографияда эпос пен аңыздың негізгі ерекшелігі – соңғысының қара сөзбен баяндалатындығы эпостағыдай кейіпкерді тарихи прототипінен көп алшақтатпайтындығы, циклды боп келуі дейді. Қазақ аңыздарын Қорқыт, Асан Қайғы сияқты тарихи адамдар туралы аңыздар мен күй аңыздары деп екі түрге бөлген. Бұл еңбекте Қорқыт, Асан Қайғы, Жиренше, Күй аңызы деп жеке тарауларға бөліп те талданған [4, 35].

Біз қарастырып отырған V-XVI ғасырлардағы аңызда халықтың тарихи оқиғаларға берген бағасы, дүниетанымы, көзқарасы, өткен оқиғадан алатын тағылымы, тіршілікте көздеген арман-тілегі суреттеледі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарағандықтан, мазмұнына халық басынан өткен түрлі тарихи кезеңдер өз таңбасын қалдырып, бағасын беріп отырады. Белгілі бір тарихи кезеңде өмір сүрген әрбір ұрпақ ата-бабадан жеткен тағылымды әңгімеге өз тұсындағы өзекті мәселелерді де қосып отырады.

XV-XVIII ғасырлардағы тарихи оқиғаларды баяндайтын тарихи аңыздарды зерттеу нысанасына айналдыра отырып жазбаға түсіру жұмыстарының басым көпшілігі XIX ғасырда, қазақ даласы толығымен патшалық Ресей бодандығына түскен кезеңде жазбаға іліне бастады. Алайда бірен-саран аңыз үлгілері XVIII ғасырдың II жартысынан бастап қағазға түсіп үлгерген

еді. Қазақ аңыздарын жазбаға тіркеу істерінің басында отырлау саясатының мақсат-мүддесімен қазақ даласына әскери қызметпен келген орыс офицерлері тұрды. Әскери оқу орындарында ғылымның түрлі саласынан білім алған олар қазақ даласының географиялық жағдайы, пайдалы қазбалары және халықтың тарихы мен этнографиясы жайлы деректер жинап, баспа бетінен жариялай бастайды. Осындай жұмыстар атқарған тұлғалардың бірі, Ресей тарихшысы, географ – Н.П. Рычков (1712-1777). Ол 1771 жылы қазақ даласы арқылы Ұлы Жоңғарияға қарай жөнкіле көшкен Еділ қалмақтарын кері қайтару үшін арнайы жасақталған орыс әскери отрядының құрамында болып, сол сапардың күнделігін жазады. Оның жазбасына түскен аңызда Қазақ Ордасы қырым хандығынан өкпелеп сыртқа кеткен хан тұқымдары мен өз жұртынан бөлініп кеткен бір топ жұрттың бірігуінен құрылған деп баяндалады.

Н.П. Рычков тіркеген нұсқаның құндылығы – жазбаға тіркелген уақыты тұрғысынан көнелігі. Фольклористикада шығарма жазбаға тіркелген уақытына қарай қаншалықты көне болса, оның бағасы соншалық құнды және маңыздылығы ерекше екені белгілі. Себебі көне нұсқа аңызда баяндалатын оқиғаның шындығына біршама жақын, әрі анахронизмнің қатары жұқа және көркемдігі жұтаң болады.

Қазақтардың шығу тегі туралы аңызды тіркеген орыс офицерлерінің бірі, капитан, орыс этнографы, тарихшы – И.Г. Андреев (1743-1801). Ұзақ жылдар бойы Ямышев, Омбы, Бұқтырма, Өскемен, Семей бекіністерінде әскери қызметте болды. Сібір губернаторының тапсырмасымен қазақтардың шаруашылығы, әдет-ғұрпы, шығу тегі жөнінде нақты деректер жинады. Андреевтің қазақтар туралы мәліметтері «Новые ежемесячные сочинения» деген журналда және «Орта жүз қырғыз-қайсақтарының суреттемесі» деген еңбегінде жарияланды. Соңғы жұмыстың XVIII ғасырдың 2-жартысындағы қазақ тұрмысы жөнінде деректер келтірілуімен қатар этнографиялық мәні бар. «Описание Средней Орды киргиз-кайсаков» [5, 41] атты тарихи-этнографиялық еңбегін жазады. Онда ол қазақ ордасының құрылуын баяндайтын аңызды, сондай-ақ мазмұнында қазақ тарихына қатысты теректік сипаттар бар Шыңғыс хан, Тоқтамыс, Жәнібек, Есім хандар туралы халық аңыздарының жалпы мазмұнын жариялайды. Зерттеуші аңыздық баяндарды пайдалана отырып қазақтардың Түркістаннан бөлінген жұрт екенін жазады.



Қазақ Ордасының құрылуы туралы аңыздардың келесі бір топтама нұсқалары қазақ ғалымдарының тарапынан «Қазақ тарихының Геродоты» [6, 65] деген құрметті атаққа ие болған Ресей тарихшысы, түркітанушы – А.Левшиннің (1798-1879) 1832 жылы жарық көрген «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей» атты тарихи-этнографиялық еңбегінде жарияланады. Ол қазақтар жөнінде алғаш монографиялық еңбек жазған. Аталған еңбегінің «Об источниках для истории киргиз-кайсаков» атты екінші тарауында қазақ ордасының шығу тарихын баяндайтын жеті аңыздық нұсқа беріледі. Ол аңыздарың ішінде авторға таныс болған капитан Н.Рычковтың және капитан И.Г. Андреевтің, П.С. Палластың нұсқалары да, сондай-ақ, сол уақыттарда мерзімді баспасөз бетінде жарияланған өзге де аңыз нұсқалары бар.

Қазақ халқының тарихы туралы жазба немесе өзге де айғақтардың жоқтығын тілге тиек еткен зерттеуші өткен тарихты ел аузынан жазып алған аңыздардан іздейді. А.Левшин халық тарихынан хабар-дерек беретін аңыздардың алуан түрлі болып келетіндігін және оның басым көпшілігін дерек көзі ретінде алу ақылға қонбайтындығын орынды ескерте келе, аталмыш себептерді желеу етіп аңыздарды дерек көзі ретінде пайдаланудан мүлдем бас тартудың орынсыздығын да жазады. Қазақ тарихын зерттеуде аңыздарды пайдаланудың қажеттілігін дәл аңғарған зерттеуші өзіне дейін жарияланған және өз тарапынан жазып алған аңыздардың тарихи деректілігіне басты назар аударады.

А.Левшиннің зерттеуінде 1820 жылы «Сибирский Вестник» журналында жарияланған. Аңызда хандықтың негізін қалаған Алаша хан Бұлқара хандығына шабуыл жасайды. Бірақ тұтқынға түсіп, Түркістан өңіріне қоныстанады. Алаша өзіне ерген жұртты үшке бөліп, содан үш жүз тарайды. Кейін Алашаның жұртты Түркістаннан ығыстырып, орнығады [7, 31]. Алғаш жарияланғаннан бастап-ақ орыс және шетел зерттеушілерінің үлкен ілтипатына ие болған. А.Левшин еңбегінде авторға белгілі болған аңыздар мазмұны батыс және шығыс, қытай жазба деректерімен қаншалықты үйлесетіндігі талданады. «Алаша хан» (985/1-бума, 2-дәп.) туралы аңыздың ӘӨИ-дің қолжазба қорында сақталған бір нұсқасын 1985 жылы Павлодар облысы, Шарбақты селосының тұрғыны Ахметов Жалелден Дүкенбаев Сайлау жазып алып, қорға 1987 жылы өткізген.

Алаша хан туралы цикльді аңыздар – қазақтың көшпелі

дүниетанымынан, көне наным-түсінігінен хабар беретін көмбелі рухани қазына. Оның есіміне қатысты «Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда, үйіміз – ағаш, ұранымыз – Алаш болғанда үш жүздің баласы қазақ емес пе едік» немесе «Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда, таңбасыз – тай, еңсіз – қой» деп келетін тарихи аңыздық мәтел сөздерде халықтың жаугершілік рухы мен көшпелі тұрмысты қалаған арман-аңсары орын алған.

Қазақстанда Янушкевичтің кітабы “Дневники и письма из поездки по казахским степям” деген атпен 1966 жылы Алматыда орыс тілінде, 1979 жылы қазақ тілінде басылып шықты. 2003 жылы Янушкевичтің туғанына 200 жыл толуына орай оның кітабы Астанада “Қазақ даласындағы сапардың жазбалары” деген атпен екінші рет қазақша аударымда басылым көрді.

Аңыздар XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтың өз арасынан шыққан ағартушы демократ ақын-жазушыларының қаламына да ілігеді. Ресей патшалығынан қазақ балалары үшін арнайы мектеп аштыртып, онда өзі ұстаз болған, сол мектепке арнап оқу құралын жазған көрнекті ағартушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері – Ы.Алтынсарин (1841-1889) ел арасынан аңыз-әңгімелерді құмарта жинап, оларды өзінің «Қазақ хрестоматиясы» оқулығына «Сәтемір», «Жәнібек батыр», «Жиренше шешен» сынды тарихи тұлғалар туралы бірнеше аңыздарды енгізеді [8, 55].

Қорыта айтқанда, X-XIII ғасырлардан басталатын қазақ аңыз-әңгімелері, Майқы би, Аяз би туралы тарихи аңыз-әңгімелерден басталып, XIV-XVI ғасырларда өмір сүрген Асан қайғы, Жиренше шешен айналасындағы аңыз-әңгімелерге құрылады. Ел арасынан жиналған тарихи көрініс беретін мұраларды халық арасында насихаттау арқылы сақтап қалуға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруға болады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақ фольклористикасының тарихы: (Революцияға дейінгі кезең). Алматы: Ғылым, 1988. – 4-5-бб.
2. Андреев А.П. Указатель сказочных сюжетов по системе Аарне. – Л., 1929.
3. Акимова Т.М. Семинарий по народному поэтическому творчеству. – Саратов, 1959. – С. 138.
4. Дала уәлаяты газеті. – 1893. – №2.
5. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. - Алматы: Ғылым, 1984. – 125 б.

6. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра. – 2011.

7. Рычков П.И. Рычков Н.П. Капитан жазбалары / Ауд. Шэймерденов Р. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 65 б.

8. Әбсадықов А.А. XV-XVIII ғасырлардағы тарихи аңыздар: мотив пен сюжеттер, типологиясы, тұтастану тәсілдері. Филол. ғыл.док. дисс. – Алматы, 2008. – 10 б.

**Олжас Жолдыбаев,**  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты  
PhD докторанты

## **ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Спорт мықтылардың сайысы. Оған еркі мен жігері жеткендер барады. Соның ішінде іші рух, ынта сайрап жатуы керек. Сонда ғана түпкілікті нәтижеге қол жетеді.

Дүние жүзі халқының сүйіп көретіні, ол – спорт. Бұл өте әсерлі әрі әдемі көрініс. Түр-сымбаты келіскендерді көру, сайысын тамашалау аса зор көңіл күй сыйлайды. Өйткені, адамзат әр сұлулықты, ғажап сәтті тамашалауға құштар. Қанша дегенмен, әсер болған жерде, қызығушылық артады. Ал қызығудың арты қаржының құйылуына алып келеді. Қаржы болса, спорт одан ары қанат жаятыны анық.

Әр елдің өзіне тән әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі бар. Оларды екі ауыз сөзбен халықтың келбеті, тәрбиелік ережесі деуге болатын сияқты, – деген ой айтылған [1].

Әлемде өзінің ұлттық спортын дамытқан елдер жетерлік. Біз бұған дейін де бұл туралы аз-кем ой қозғадық. Алайда, тағы бір мәрте айта кетуді жөн санаймыз. Өздеріңізге белгілі, Тайландта Муайтай жекпе-жегі бар. Сырт пішіні боксқа ұқсайды. Соны тайландтықтар паш етуде. Азияның әйгілі спортына айналды. Оны біз Онбак фильмдерінен байқаймыз. Жан-Клод ван-Дамның Қытай, Бангкок, Гонконг аймағының жекпе-жек өнерін үйренуші болып ойнайтын кинолары бар. Аяғымен Бамбук ағашын сындыратын эпизод есімізде шығар. Семсерлесу, қылыштасу бәрі-бәрі Аспанасты, Күншығыс елдеріне тән сияқты. Бір-бірін төмпештеп ұру, қан-жоса ету ежелгі Афина, Троядан қалған дәстүр сынды. Сонда Еуропа мен Азияның алтын көпірі, кіндігі, төсіндегі көшпенділер мәдениеті қайда қалған?

Сондықтан Ұлы дала елінің ұлы құндылықтарын жаңғырту шарт. Әйтпесе, заманның қалтарысында қалатын түріміз бар. Сол себепті де, қазақтың ұлттық спортының халін түзейтін, жолға қоятын кез жетті. Осыған орай, қолға алынған, ойда жүрген, алда атқарылуы керек игі істерді саралап өтуді жөн деп білеміз.

Әйгілі боксшы Мұхаммед Әли айтқандай, «бәрін істеуге ниет керек» екені айқын. Оны жүзеге асыру үшін қимыл-әрекетті арттыру қажет деп ұғамыз. Мұнсыз керуен қозғалып, көш бірден түзелмесі ақиқат.



*Сурет – E-history.kz*

Еуропада өркениет XV-XVI ғасырда қаттырақ қарқын алды. Ұлыбритания, Франция, Германия ғаламға әр сала бойынша үлгі көрсете бастады. Өздерінде барды дамытты. Экономикалық жағдайды жолға қойды. Бір сөзбен айтқанда, қарын қамын тойдырды. Әлеуметтік мәселе шешіліп, бір ыңғайланды. Барлық салада жетістікке қол жеткеннен кейін өздерінің өткен-кеткеніне қарайлады. Сөйтгі де, ағылшындардың футболын алға оздырып, дәріптеді. Гректер күрес, француздар түрлі мәнерлеп сырғанау, гимнастикамен шұғылданды. Осылайша әрбірі әр спорт саласында жаңашылдық жасауға көшті.

Орталық Азияда қырғиқабақ текетірес беріге дейін тоқтамады. Соңғы 2-3 ғасыр дүрбелеңге толы болды. Ол жағы тарихта қалды. Дейтұрғанмен, соның салдары өз руханиятымызды жандандыруға мұрша бермеді. Қайта Еуропадан Олимпиада ұғымы санамызға сіңді. Осының ішіне

үңілсеңіз, таңғаларлық ештеңені аңғармайсыз. Сол баяғы жүгіру, секіру. Ал бірақ соларға қарап әуесін кетеді. Дүние жүзін дүр сілкіндіретін додалар таңданыс тудырмай қоймайды. Көрерменге насихаттап, көруге қызықтыратыны соншалық, үлкен стадиондарға билет алмасаңыз, бәрінен құр қалғандай сезінесіз. Атағынан ат үркетін спортшыларды көруге келетіндер қалтасындағы соңғы тиынын ондай жерден аямайды. Есесіне, әлгі елдер қаржыға қарқ болады.

Ғалам Батыс елдеріне қарап бой түзеуде. Барша ғажайып сонда сияқты. Солар айтты, бітті заң. Басқалай әрекетке жол жоқтай. Ең бастысы, Батыс білгірлері өз рухани құндылықтарын, спортын насихаттауға әрдайым ниетті. Сол ниеттерін іс жүзінде жүзеге асыруда. Соның нәтижесінде спорттың әр саласы идеологиялық құрал және пайда екенін әбден меңгерген.

Жаһан державалары әлдеқашан спорттың адам баласына берері көп екенін түсінген. Сол бағытта бірнеше онжылдыққа түзілген жоспарлары да жетерлік. Дәп осы қағиданы ұстанатын шақ қазақ жұртына келгенін байқап тұрмыз.

Өз уақытында этноргаф Б.Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары» [2] деген атпен ұлттық ойындарымыздың жинақталуына зор үлесін тигізді.

Жоғарыда әртүрлі спорттың шығу шежіресіне арнайы мән бердік. Кейбірін зерделедік. Кәделі жақтарымен ой бөлістік. Астарлап талай нәрсені қаузап өттік. Бұдан шығатын ой біреу. Мейлінше қазақтың спорт ойындарын дамытқан абзал.

Ұлттық спортымыз өзгелерден кем емес. Тіпті, артық тұстарымыз бар. Бізде күш сынасудан бастап, интеллектуалдық ойындарға дейін бар. Ақыл мен білек күшін қатар да сынауға болады. Санамызға осылардың кейбірі ғана сіңген. Мәселенки, тек күрес, бәйге, көкпарды білеміз. Санаулы спортымызды ғана ойнай беретін сияқтымыз. Ал шын мәнінде, уақыт басқа нәрсені талап етуде. Негізінен, өшкенімізді жағатын, ескіні жандандыратын кез жетті.

Қазақта спорт ойындары жетерлік. Соның біразы тоталитарлық езгі кезінде жойылды. Қылышынан қан тамған қызыл империя бұрынғыны жадымыздан сызуға тырысып бақты. Тікелей мәңгүрттендірумен айналысты. Ескілікті, бұрынғы әдіс-тәсілді, түрлі сайыс түрлерін білетіндер азайды. Мұның соңы бүгінгі келеңсіздіктерге соқтырды. Десе де, ел арасында өз спорт сайысымызды білетін кісілер табылады.

Осы күні бірнеше сайыстар қайта ұйымдастырылуда. Үлкен

турнирлер өтуде. Бірақ Қыз қуу, Теңге ілу, Жамбы ату, Аударыспақ сынды т.б. спорт түрлерін жаңғырта беру керек. Осылардан өткізілетін турнирлер аз. Елге шығып, арнайы экспедиция ұйымдастырған дұрыс. Оның құрамында спорт сарапшылары, этнограф, фольклортанушы, тарихшы ғалымдар, қоғам белсенділері болғаны жөн. Осылайша қазақтың спортын дамытуға болады. Әр сала білгірлері бірлесіп қимылдаса, жақсылық еселенеді.

*Зерттеушілердің бір шоғыры «Ұлттық ойындарымыздың тәрбиелік мәні, оған қосымша рухани байлық пен денсаулық үшін пайдасы орасан зор», – деген пікірде [3].*

Қазір ғаламтор заманы. Тораптың тілін білгендер озып тұр. Олардың бәсі әлемде жоғары. Соның арқасында спортқа деген қызығушылық артып барады. Мұның тиімділігін қолдану ауадай қажет.

Жарты әлемді ғаламтор шырмап тұр. Өркениетті елдер интернетті тәп-тәуір идеология құралына балайды. Соның арқасында ойға алған дүниенің бәрін жасауда. Кабельдік байланыс құралдарын, теледидар, әлеуметтік желіні ашсаңыз, шетелдің спортынан көз сүрінеді. Гимнастикамен шұғылдану, бокс, күрес, су спорты, секіру, алыс және жақын қашықтыққа жүгіру – барлығын көрсетеді. Арасында өздерінің тауарларын жарнамалап үлгереді. Былайша айтқанда, Медиа-кеңістік, Медиа-менеджмент жақсы жолға қойылған.

Қазақтың ұлттық спортын дамытуға насихаттау жағы жетіспейді. Ауызбен жан бағамыз. Іс жүзіне шорқақпыз. Ғаламтор түгел өзгеге тәуелді. Біздің медиа-контент дамымаған. Бір ғана спортты көрсететін телеарна бар. Бірлі-жарым спорт басылымы, сайт жұмыс істеуде. Нақты іске әлі көше қоймадық. Спортшылар жетістігін насихаттауға келгенде, енжарлық көрсетеміз. Содан кейін Месси, Мбаппеге қалай қызықпайсыз?!

Біз өзара ықпалдастық деген нәрсені естен шығардық. Қай жерде, қандай сайыс өтуде, оны зерделеп жатпаймыз. Бір сайт екіншісіне сілтеме береді. Ал халықаралық жарыстар, Азия чемпионаты, Еуропа кубогінен қалыс қалып жүреміз. Дәл солардай дәріптеуді тоқтатпайық.

Түркі халықтарына ортақ ойынның бірі Көшпенділер ойындары. Оны қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, түрік, әзербайжан бәрі бірлесіп өткізеді. Бұл жағынан келгенде алдамыз. Ендігі кезекте түркі халықтарына ортақ спорт телеарнасы, спорттық бағдарламалар болуы керек. Жаңадан өсіп келе жатқан

спортшыларды насихаттап, жеңісін жұртқа көрсетейік. Ел өз мықтыларын тани түссін. Құру алдында тұрған ұлттық спортымызды сақтаудың бұл бір жолы деп білеміз. Ұлттық ойынды дамыту үшін төмендегідей жіктейміз.

Нақтырақ:

- *Ниет қажет*
- *Қазақы сайыс*
- *Насихаттау керек*
- *Үйретейік*
- *Жүлде һәм пайда*

Дүниеде әр нәрсе үйретуден тұрады. Бір нәрсені екінші біреуге үйрете алса, іске асады. Бұл қағида қағазда жазылмаса да, ойдың түпкірінде тұр. Ал спорт нағыз үйрену мен жаттығудың ордасы.

Бүгінде ұлттық спортты білетіндер қатары сиреді. Бұрынғыдай екінің бірі аударыспақ, қазақша күрес, итжығыс, жауырынды жерге тигізу ережелерін біле бермейді. Көбіміз тірліктің қамына кірістік. Артық қозғалуға шамамыз қалмай барады. Осы олқылықтың орнын толтыру қажет.

Біздің балалар шетелдің спортшыларын беске біледі. Ережесін айтқанда таңдай қағамыз. Өздері ойнаса, сүйсіндіріп жіберуі мүмкін. Алайда, ұлттық спорттан хабары шамалы. Тіпті, үлкендеріміз де ұмытқан. Осыны түзеу үшін арнайы орталықтарда өз спортымызды егжей-тегжейлі үйреткен абзал. Білетін азайған сайыс, неше түрлі спорт ойындары жоқ болып кетеді.

Қазақ ертеңді ойлайды. Болашақты бағамдап іс қылады. Дәп сол іскерлікті жасайық. Балаларымызды ат спортына, ұлттық интеллектуалдық дойбы, тоғызқұмалақ ойындарының үйірмелеріне берейік. Сонда сең қозғалады. Тоғызқұмалақ ойының қыр-сыры туралы М.Шотаев, Ы.Абдужаппаров «Тоғызқұмалақ ойынындағы тоздықтар тартысы» кітабында айтылады [4, 3].

Жастар – болашағымыз. Дені сау ұрпақ қалыптасу үшін атын білмейтін шетелдік спортқа баланы сүйрегенше, өз спортымызды өркендетейік.

Біздің балаларымыз алғыр. Қаракөздеріміздің санасы интернетпен улана қоймады. Осы сәтті ұтымды пайдаланып, спортымызды білетін, қазаққа жаны ашитын патриот азаматтарды қалыптастырайық. Өйткені, уақыт өз дегенін жасайды. Ертеңгі күніміз жарқын болсын десек, әрбір бала

ұлттық спортымызды ойнап, үйреніп, жаһандық дода тізіміне қосуына бар жағдайды жасайық.

Әр істің нәтижесі болады. Спортта да солай. Себебі, спорт сайыстарын сүйіп көретіндер саны жыл санап артуда. Демек, бұл жақта қаржының негізгі көзі жатқаны анық.

Ұлттық спорт нағыз жүлделі жер. Спорт сарапшылары әрдайым қазақтың спортын әлемдік додаға енгізудің жол-жоралғысын айтып келеді. Бұған интернеттегі бәсті қосуда. Жас азаматтар, ММА, UFC, футболға бәс тіккенше, өзіміздің ахуалды ойласа екен.

Біздіңше, Көкпар, Бәйге, Теңге ілу, Қыз қуу, Жаяу жарысты дамытуға жұртты қызықтырудың бірнеше жолы бар. Егер жарнамасы асып тұрса, сайыскерлер мықты өнер көрсетсе, нұр үстіне нұр болмақ. Ондай жағдайда жүлдеге қомақты қаржы тігіледі. Аса ауқатты олигархтар әр спорт түріне қаржы құяды. Соның нәтижесінде әлем қазақтың ұлттық құндылығын таниды. Бұл кәдуілгі пайда деп санаймыз [5].

Қай сайысымызды алсақ та, өте қызықты. Бәріне көрермен жинауға болады. Тек осының басын қосып, жүйелесек болғаны. Сырттан келетін туристер ипподромнан біздің спортты көруге көптеп жағдай жасалса, шетелдіктер құлақтанады. Ал бізге керегі де осы емес пе, ағайын?!

Қорытынды. Дүниеде ғаламатты орнататын адам. Арманды шындыққа айналдыратын да жұмыр басты пенде. Спортшы болып өнерімен тәңгі ету бір бөлек. Өз құндылығымызды баршаға паш ету ерлік деп айтар едік.

Қазақтың қай спорты да керемет. Бәрі адамның денсаулығына ыңғайлап жасалған. Аса бір мұрын қанайтын ештеңесі жоқ. Ең бастысы, өзіміздің жарыстарды ұйымдастыратын уақыт келді. Осы жолда атқарар шаруа баршылық. Негізгісі, жәдігер мұралар ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыруы тиіс. Сонда ғана тегеурінді елге айналамыз.

Қазақтың ұлттық спорт ойындары өркендеп дами берсін!

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақтар. 5-том. Құрастырған: Т. Қуанышев, К. Құныпияев, Б. Төтенаев – Алматы: Ата салт, 1998. – 208 б.

2. Төтенаев Б. Қазақ ұлттық ойындары – Алматы: Балауса, 2013. – 96 б.

3. Қазақтың ұлттық ойындары // <https://dasturkb.kz/aza-ty-lty-ojyndary/2021/>

4. Шотаев М., Абдужаппаров Ы. Тоғызқұмалақ ойынындағы тоздықтар тартысы. – Кентау, Еркін и КК-XXI, 2006. – 130 б.

5. Жолдыбай О. Ойын-сауық ойындары: эволюция және заманауи көрінісі. // «Керуен» журналы N2, том 75, 2022. <https://keruenjournal.kz/main/article/view/388/174>



**Майра Балтымова,**  
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе  
өңірлік университетінің  
аға оқытушысы, PhD докторант

## **БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ**

Балаларға арналған фольклорлық шығармалар – жас ерекшелік кезеңдеріне сәйкес балалардың өзіндік қиял-армандарын, талаптарын, ой-пікірлерін, айналадағы құбылысты эстетикалық тұрғыдан қабылдау, сезіну мүмкіндіктерін қалыптастыруға негізделген, халқымыздың ғасырлар бойы жинаған асыл мұрасы. Балаларға арналған фольклор туындылар балалардың қызыға да сүйсіне тыңдайтын, шығармашылық қасиеттерін арттыратын, логикалық ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамытатын құнды жанр екені анық. Зерттеулер нәтижесінде анықталған пікірлер мазмұнында фольклор туындылары ұрпақ тәрбиелеуге арналған шығармалар қатарына еніп отыр. Қазіргі заманғы әдебиеттану ғылымындағы ұрпағымыздың ой-санасының дамуы мен толық жетілуіне фольклорлық шығармалардың тікелей әсер ететіндігі жан-жақты дәлелденуде.

Бала тәрбиесіне сәйкес жазылған мазмұнды шығармалардың барлығы дерлік баланың танымдық қабілеттерінің дамуына, сөздік қорының молаюына септігін тигізіп, ойлау мен сөйлеу қабілеттерін арттырады. Мәдени мұрамыздың құнды қазыналарын бір жүйеге келтіріп ғылыми тұрғыда негіздеген атақты ғалым А. Байтұрсыновтың еңбектерінде балаларға арналған ертегілер, мақал-мәтелдер, өсиет сөздер мен қисса-дастандары бүгінгі жас өспірімдерді тәрбиелеуде қазақ әдебиеттану ғылымының қағидаларын негізге алу аса құнды тәрбие құралы құрал екендігін көрсетіп отыр. Сонымен қатар, фольклор туындыларының қатарындағы мақал-мәтелдердің баланың танымының қалыптасуында ерекше орын алатыны, сөйлеу тілін дамытып шешендік өнерге баулитын тұстары жаңашылдық тұрғыдан қарастырылып, ғылыми тұрғыдан зерттелген. Заманауи сипатта ойлау жүйесі мен ой қорытуларын ұсынған әдебиетші, ғалым, фольклортануды зерттеуші Зәки Ахметовтың ғылыми-зерттеу бағытында қарастырылатын дәстүр мен жаңашылдық, қазақ ақындары мен әдебиеттану ғылымының зерттеулеріндегі көркем шеберлік, поэтика мен қазақ

әдебиетінің басқа да түркі халықтар әдебиетімен байланысы анық көрсетілген. Бұл балаларға арналған фольклорлық шығармалардың тәрбиелік мәнін ашуға негіз болып отыр. Зәки Ахметовтың шығармалары мен ой-толғамдары бүгінгі күнге дейін өзектілігін нақты көрсететін ғылыми және рухани ортаның басты құндылығына айналып отыр.

Халық мұрасы танымдық, тәрбиелік мәні шексіз, шектеусіз терең дүние. Өйткені, халық мұрасының бастауы баланың өмірге келген күнінен бастап, тікелей тәрбиеге бағытталғандықтан сәби шақтан бастап баланың жағымды, дұрыс тәрбиеленуіне байланысты оңтайлы тәрбие құралдарының орынды қолданылуы маңызды роль алады. Қарастырып отырған мәселе қашан да өзектілігі мен маңыздылығын жоймайды, қайта жаңарып, жаңғырып бала тәрбиесіндегі отбасының, ата-ананың, халықтың жалпы қоғамның білімі мен біліктілігін арттырады деп баға беруге болады. «Кезінде ескерілмеген немесе сол талабына сай өзгертуге тура келген кейбір мәселелерді қазіргідей заман түзелген кезінде қайта құру ұлт пен ұрпақ алдындағы ар-ұятты биік қойған әрбір арлы азамат үшін үлкен абыройлы іс екендігі сөзсіз. Міне осынау мәндетті көрнекті ғалым Зәки Ахметов те мінсіз атқарды» [1, 22] деп айтылуының өзі ғалымның қазіргі балалар әдебиеті шығармаларының ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын көрсетіп отыр.

Балалар фольклоры деп атауымыз сәби ес біле бастаған күннен бастап анасының әлдиімен, анасының айтқан сөздерімен өседі, бойына сіңіреді, жасы өскен сайын баланың жан дүниесі ерекше сезімдерге толып, байиды, толығады. Нәтижесінде, сәбилер дүниетанымы ес біле бастағаннан-ақ машықтық дағды, яғни көрген-білгенін тез қағып алып үйренуге, екіншіден, бала жан дүниесі сезімге ерекше бай, әсерленгіш болғандықтан барлығын бойына сіңіріп өседі. Балалар фольклоры – баланың танымы мен талғамын, шығармашылық қабілеттері мен потенциалдық мүмкіндіктерін танытатын, осы қасиеттерді дамытатын халықтың ғасырлар бойғы жинақтаған асыл қазынасы. Балаларға арналған фольклор шығармаларының баланың жалпы дамуы мен тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз етудегі ролін көрсетуде фольклорист ғалым С.Қасқабасов: «...«Балалар фольклоры» деген ұғымның ауқымы кең. Бұған ауыз әдебиеті үлгілерінің көптеген жанрлары мен жанрлық түрлері жатады. Олардың ішінде қара сөз түріндегі шығармалар да үлкенді-кішілі түрлі мақсатпен айтылатын өлең жырлар да

бар. Бұған қоса ойынға бйланысты ертегі, аңыз-әңгімелерде жиі кездесетін ырғақты прозаның алатын орны ерекше. Дегенмен, ауыз әдебиеті үлгілерінің кез-келгенін, мәселен, эпостық жырларды, мақал-мәтелдерді балаларға лайықты іріктеп, өңдеп жариялауға болғанымен, олардың барлығын «балалар фольклоры» деген ұғымға толығымен жатқызуға болмайды» [2,16] деп тұжырымдауы ауыз әдебиетінің кез-келген үлгілерін балаларға үлгі боларлықтай пайдалануға болмайды, балалардың жас шамасына байланысты іріктеп, саралап алып қана қолданудың қажеттілігін меңзеп тұрғанын байқаймыз. Сол сияқты балаларға арналған фольклор туындыларын тәрбиелік, ғибраттық мәнде айтылған фольклор сюжеттерін балаларға әбден оқытуға болады.

А.Байтұрсынов еңбектерінде «өтірік өлең», «жұмбақ», «жаңылтпаш», «тақпақ», «бесік жыры» тәрізді жанрларының мәнін түсіндіріп, эстетикалық тәрбие саласына да ерекше тоқталып, халықтық дәстүр мен халықтық тәрбие беруде өзінің өзектілігін арттыруға ықпал етіп отыр. Сонымен қатар, қазақ әдебиетін зерттеушілер С. Сейфуллин, Ш. Ахметов, К. Матыжанов, т.б. сынды ғалымдар қазақ балалар фольклорын арнайы зерттеу нысанына айналдырып жан-жақты қарастырылып, қазақ балалар фольклорын зерттеудегі талдаулар шығармалардың өзіндік табиғаты, тұтас құбылыс ретінде саралаған. К.Матыжанов зерттеулерінде фольклоры туындаларының тәрбие құралы ретіндегі орны көрсетілген. Ал, бұл ең алдымен балаларға арналған халық шығармалары – балақиялын, елестетуін, көркемдік талғамын, шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын асыл мұра екендігі дәлелдейді. Фольклор шығармаларының мазмұны бала қабілетіне лайықтылығымен, логикалық жүйелілігімен, тілінің нәрлілігімен, музыкалық сазымен, өнегелі мазмұнымен, жеңіл формасымен, балалардың рухани азығына айналған бағалы тәрбие құралы ретінде берілетіндігі фольклордың ұрпақ тәрбиесіндегі құндылығын анық көрсетеді.

Көрнекті жазушылар Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, Т.Кәкішов, М.Әлімбаев сынды ағартушылардың зерттеулері ұлттық рухани қазынаны жас ұрпаққа жан-жақты түсіндіріп, елеулі орын беру керектігін түсіндіреді. «Халық мұрасының танымдық, тәрбиелік мәні шексіз, шектеусіз терең дүние. Және ол тұтастай алғанда жас ұрпақ үшін ғана емес, адам өмірінің барлық кезеңі үшін мәнді, адамзаттың рухани-эстетикалық қуатының қайнар көзі. Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне бағытталған, сәбидің

жан дүниесінің қалыптасуына, рухани марқаюына негізгі ұйытқы болатын шығармалар өзінше арна түзеді. Мұны фольклор ілімінде «балалар фольклоры» деп атау қалыптасқан» [3, 239], осы пікірде фольклор туындыларының бала тәрбиесіндегі орнын нақты көрсетіп тұрғанын байқаймыз. Мысалы, қазақ ертегілерінің мазмұнында поэзияның, көркемдік шеберліктің тамаша үлгісі көрінеді. Оның дәлелі, халық ертегілерінің ұрпақ тәрбиесіндегі орны соншалықты ерекше екендігін ертегілердің мазмұнындағы кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз болып берілуі нәтижесінде ертегіні оқып отырған бала жағымды кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне сүйсініп, оларға ұқсағысы келіп отырса, жағымсыз кейіпкерлерден жиреніп, олардың іс-әрекеттерінен бойларын аулақ ұстауға тырысып отыратындығы болашақ ұрпақтың бойында адамгершілік, ізгілік қасиеттерді қалыптастырудың таптырмас құралы екендігін көрсетеді.

Фольклор туындылары болашақ ұрпаққа эстетикалық тәрбие берудегі маңызына тоқталсақ, М.Қаратаев өз зерттеулерінде адамның эстетикалық мәдениеті оның жалпы мәдениеттілігінің жарқын бір көрсеткіші өскен ортаға, айналадағы ортаға, білімге, тәрбиеге, қызметке сол сияқты басқа да факторларға әсер ететін қасиет екендігін көрсеткендігін байқадық. Нақты айтсақ, балаларды фольклор жанрларымен таныстыру, тыңдағанын қайта әңгімелеп беруге, мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды, жұмбақтарды мәнерлеп айтуға үйрету, тәрбие мүмкіндіктерін шешуге көмектеседі. Демек, қазақ балалар фольклоры - ұлттық мәдениеттің дамуы мен жаңаруының негізі. Ол-өмір сүрудің мәні мен мазмұнын, ұлттық өркениеттің тарихи тағдырын, болмысын, дүниетанымын айқындайтын өшпес мұра. Бұл орайда, «Аяз би ертегісіндегі» ақылы мол Аяз биді, «Ер Төстік» ертегісіндегі өзінің ақылды, білгірлік ісімен айнымас дос, Кенжекейді мысалға келтіруге болады. «Балалар субмәдениеті балаға ол үшін ең қолайлы әлеуметтік ортаны қамтамасыз етеді және келесі функцияларды орындайды: – әлеуметтену – әлеуметтенудің негізгі агенті – құрдастар тобы; – оқыту және тәрбиелеу (құрдастар – ең жақсы тәрбиешілер); – дәстүрлі мәдени құралдарды беру –балалардың құқықтық өмірін, фольклорлық және ойын ережелерін, өз мінез-құлқын меңгеруді; басқа ұлдар мен қыздармен салыстыру арқылы гендерлік сәйкестендіру;

- өзіңізді сынауға, мүмкіндіктеріңіздің шекарасын анықтауға арналған эксперименталды платформа;

- ересектердің қолайсыз әсерінен қорғау» [4, 110], бұл пікірден балалар фольклорының ұрпақ тәрбиесіндегі ролі мен баланың әлеуметтенуі барысындағы ролін байқаймыз.

Халық ауыз әдебиеті жанларын тәрбие құралы ретінде пайдаланып балаларды ақылдылыққа, парасаттылыққа, адамгершілікке баулып жауыздық пен күресіп жеңе білуді уағыздаған, әділдікті үйретіп, өз ана тіліне, дініне берік болып, ұлттық мәдениетті көтеруге жетелеген. Фольклордың қай туындысы болмасын, ғибрат айтарлық, жөн-жоба мен үлгі-өнеге көрсететін қасиеттері мол туынды. Оның барлығы халық пікірі бола оытрып, болашақ ұрпақты тәрбиелеудің эстетикалық құралы ретінде танылады. Өйткені, озық мәдениетке бастап, жамандықтан жирендіріп отыру халықтың талап-талғамының жемісі, сыншылдық көзқарасы, деп берілетін зерттеушілердің пікірлері фольклор жанрының ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын ашып көрсетеді.

Егемендігімізді алғаннан кейінгі жылдарда баланың жеке тұлғасын, халқымыздың асыл мұрасы қазақ фольклорын, дәстүрін құрметтеу, елін-жерін сүю, адамгершілік және эстетикалық сезім әрекеттерін бекіту мақсатында жасалған тұжырымдамалар ауыз әдебиетінің халық санасындағы Отаншылдық, адамгершілік, гуманизм, эстетикалық мәдениет пен рухани байлықты сол халықтың өткендегі өмірін, аңсау-арманын, әдет-ғұрпын, халық тәрбиесіндегі фольклор туындыларының жемісін көрсететіндігі туралы қорытындыларды байқаймыз. Сонымен бірге, ғылыми зерттеулер барысында балалар фольклорының тәрбиелік мәнін айқын ашып, оның рухани құндылықтарды қалыптастырушы екендігін байқадық.

Балалар фольклорының өзіне тән ерекшелігі – балаға айналасындағы бай мұраның әсемдігі мен әсерлілігін түсінікті етіп жеткізе отырып, ұлттық еңбектің нәтижесін сезінуге, қоршаған дүниеге, салт-дәстүрге, ой-қиялын дамытуға әсер ететіндей негізгі тәрбие құралы болуында. Яғни, фольклор баланың танымын кеңейтеді, оны өмірді сәулендіретін бейнелердің бай дүниесіне ендіреді, танымдық іс-әрекетін, өмірге деген бейімділігін дамытады, ата-баба мұрасын қастерлеуге тәрбиелейді. Саралап келгенде қазақ фольклоры жанрындағы табиғат, қоғам, өнер, өмір жайлы ұғымдар мен түсініктер мазмұны жағынан өрістей келе халықтық асыл қазынаға айналып, ұлттық санаға тереңдей енді. Ата-бабаларымыз күнделікті тұрмысқа қажетті қарапайым нәрседен бастап,

күрделі әлемдік құбылысқа дейінгілерді шығармашылық пен ертегіге, аңыз әңгімеге, эпостық жырларға, мақал-мәтел мен жұмбақтарға және ауыз әдебиеті жанр түрлеріне қосып, өз ұрпағын адамгершілікке, азаматтыққа тәрбиелеу мен қатар тылсым дүниенің әсемдік сырына бейімдеген.

Әрбір адамның туған анасынан басқа төрт анасы, туған тілі, туған жері, туған дәстүрі, туған тарихы болуы керек деп М. Шаханов ағамыз айтқандай, өз елінің тілін, дінін, рухани мәдениетін білген адам, біртіндеп әлемдік мәдениетті үйренеді. Қазақтар сегіз қырлы азамат дегенді еңбексүйгіш, бауырмал, батыр, өнерлі, өнегелі, шышыл, адал, әділ болу деп түсінеді. «Сегіз қырлы, бір сырлы» жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу үшін бар мүмкіндікті дұрыс пайдалану, оны жүзеге асыру саналы ұрпақ тәрбиелеу. Нәтижесінде, жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мен мәдениеті мол, саналы ұрпақ тәрбиелеуде әр халықтың салт-дәстүрі, ел дамуындағы бағалы байлықтың нәрін біртіндеп сіңіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Басқа халықтар сияқты қазақ елінің де ұрпақ тәрбиелеуде мол тәжірибесі, жиған-тергені, озық ойлары мен өзіндік ерекшеліктері бар.

Қазақ ауыз әдебиетінің бай мұрасы мен ондағы ерекшеліктерді анықтау тәсілінің бірі – тарихи-салыстырмалы әдіс. Әдебиеттанушы Зәки Ахметовтың зерттеулерінде өленді, мақал-мәтелдер мен жұмбақ, жаңылтпаштарды балаға оңай үйретудің әдісі ретінде қолдануға мүмкіндік беретін қазақ тілінің дыбыстық, ырғақтық жүйесін, сөйлеуге, баяндауға үйретудегі тілдің фонетикалық дағдыларын меңгертудің қажеттілігін көрсеткен тұстарын айтпай кетуге болмайды. Тілдік дағдыларды баланың жастайынан меңгеруі, қазақ тіліне тән дыбыстарды анық, дұпыс айтуға үйреніп, қазақ тілінің құндылығын, мазмұндылығын үйретуге мүмкіндік беретінін көре аламыз. «Бұл ұлт тілімен тамырлас, тектес. Сондықтан да қазақ өлеңі, алдымен буынға негізделеді. Ырғақ пен тармақ та, ұйқас пен шумақ та буынға негізделеді. Қырғыз пен тармақ та, ұйқас пен шумақ та буынға бағынады. Яғни, қазақ тілінің дыбыстық жүйесінен, фонетикалық құрылысынан туындайды. Академик Зәки Ахметовтың көрсетуінше, жүйелі ой салаланып, сабақтасып жатқан жеке тізбектердің тұрады», [5, 25-26] деп айтылуы ғалымның қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылуындағы үндестік, сингорманизмнің ұрпақтың таза өз тілінде сөйлеп, өзінің ұлтын, дінін сақтауға бастама беретін шынайы заңдылық екендігін түсіндіреді.

Фольклорлық шығармалардың мазмұнына, құрылымына, заңдылықтарына, терең түрде салыстыру, талдау, жіктеу жасап алмайынша, фольклор табиғатын түсіну мүмкін емес. Осы тұрғыда теориялық талдаулар төңірегіндегі пікірлер айтылып, фольклордың негізгі бейнелену әдісі романтикалық дәріптеу мен көркемдік жинақтау түрінде былай көрсетіледі: «Көркем жинақтау ең алдымен фольклорға тән. Онда басты қаһарманның бойына адам баласындағы ең ізгі қасиеттер жинақталған, соған қоса ел аңсаған, армандаған батыр жігіттің ісі мен мінезінен, қимыл-әрекетінен көргісі келетін небір асыл қасиеттер жинақталған деп танылған. Сөйтіп, өмірдегіден гөрі қиялда, ойда армандаған мінез-құлық, іс-әрекет, өмір салты фольклорлық туындыға, оның кейіпкеріне ғаламат жинақтық әрі тұлғалық сипат береді. Мұнда бір жағынан іс-әрекетті жинақтау, екінші жағынан, уақытты жинақтау, үшінші жағынан, арманды жинақтау бар» [6, 438] келтірілген пікірде айтылған әдістер ұрпақ тәрбиесі ел – жұрт, ауыл – аймақ, тіпті бүкіл халықтық қарым қатынастан берік орын алған тәлім – тәрбиенің түрі екендігін анық көрсетіп отыр. Ендеше, қазіргі әдебиеттанудағы балаларға арналған фольклор туындылары қоғам дамуының барлық сатыларынан өтіп, тәжірибеде жүйеленіп, ғылыми педагогикалық қорытындылар арқылы дәлелденіп, ұрпағымызға жаңашыл тәрбие беру жүйесіне айналған ұрпақ тәрбиесінің қайнар бұлағы, алтын дінгегі деп толық сеніммен айта аламыз.

### Әдебиеттер:

1. Зәки Ахметовтың туғанына 90 жыл толуына арналған «Рухани жаңғыру: ғылыми мұра және ұлттық құндылықтар» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы = «Рухани жаңғыру: научные наследие и национальные ценности» посвященной 90-летию Заки Ахметова: сборник материалов Международной научно практической конференции. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2018. – 586 б.
2. Розиева Д.С. Балалар поэзиясындағы дәстүр және үндестік (қазақ, ұйғыр және ағылшын әдебиеті негізінде): докторлық диссертация. Алматы, 2014 жыл.
3. «Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті»: (Оқу құралы. 1-кітап.) / Әбілұлы М. – Алматы: «Эверо», 2018. – 204 б.
4. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы: 1 том. Жыр тағылымы. Құрастырушылар: Қалиев С., Аюбай Қ. – Алматы: «Сөздік-Словарь» баспасы, 2005. – 408 б.
5. «Академик Зәки Ахметов және ұлттық руханият мәселелері» Республикалық ғыл. тәжір. конф. матер. жинағы. = Сб. Матер. Респ.

Науч. – практ. Конф. «Академик Заки Ахметов и проблемы национальной духовности». – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2021. – 178 б. ISBN 978 – 601 – 314 – 510 - 5

6. Нүсіпоқасұлы А.Н 89 Тал бесіктен жер бесікке дейін / Айып Нүсіпоқасұлы. – Алматы: «Өнер 21-ғасыр» қоғамдық қоры, 2014. – 592 б.

**Орал Арукенова,**  
Научный сотрудник Института  
литературы и искусства им. М.О. Ауэзова

### **ГЕНЕЗИС ОБРАЗА И ПРОБЛЕМЫ БЕЗОТЦОВЩИНЫ В РОМАНЕ АНДРЕЯ БИТОВА «ПУШКИНСКИЙ ДОМ»**

«XX век войдет в историю как эпоха насилия, разрушения традиционных устоев, центробежных сил на национальном уровне и острых конфликтов в социальных отношениях», – пишет Э.И. Скакунов в своем исследовании о природе политического насилия [1, 10]. Как известно из истории, две мировые войны первой половины XX века, несколько революций, бесконечные репрессии коммунистического режима уничтожили большую часть мужского населения Советского Союза. И даже те, кто выжил, находясь под постоянным контролем режима, были запуганы и деморализованы идеологией и политикой террора. Как отмечает Н.А. Благовещенский «человек понятия не имел, когда и за что «его возьмут»; когда он в глазах общества, друзей, близких, родных и своих собственных превратится в мерзкое насекомое – врага народа, диверсанта, отравителя колодцев, агента всех враждебно настроенных государств, внутреннего диверсанта» [2, 5].

В своем романе «Пушкинский дом» Битов повествует о семье потомственных аристократов, в которой дед и отец сломлены социальной системой и перестают выполнять отцовские функции. Тем самым они передают судьбу своего внука и сына Левы Одоевцева существующему режиму. Дед и отец не участвуют ни в воспитании, ни в становлении мировоззрения Левы Одоевцева. В результате, не получив базовых ценностей, которые передаются в семье от старшего поколения, Лева перестает быть сыном и внуком Одоевцевых. Он живет в придуманном, иллюзорном мире, в окружении видимой порядочности



и благородства, а на самом деле лжи и эгоизма. Родители воспитывают Леву на абстрактных идеалах, приучая не замечать окружающую действительность. Лева вырос на мифах о себе, о своей семье, о своей стране и кожей впитал правила игры. «Он сам усвоил феномен готового поведения, готовых объяснений, готовых идеалов» [3, 18].

Андрей Битов на примере семьи Одоевцевых раскрывают трагедию безотцовщины в эпоху сталинского режима, показывает, как внук аристократов трансформируется в безликое существо системы.

В период с 1929 по 1953 годы в СССР господствовал единовластный «отец всех народов». В своей книге «Сознание Сталина» американский литературовед, русист Д. Ранкур-Лаферрьер приводит такой пример: «Девочка трех с половиной лет однажды пришла домой из садика и объявила своему отцу: «Ты мне больше не отец». «Что это значит – я не твой отец!» – воскликнул он в ужасе. «Ты мне больше не отец, – повторила она. – Сталин мой отец. Это он дает мне все, что у меня есть» [4]. Спор отца с дочерью в подобной ситуации мог бы привести к трагическим последствиям, как для отца ребенка, так и для всей семьи, если бы девочка случайно рассказала эту историю кому-либо из своего окружения. Приоритетность «отца народов» не подвергалась сомнению, так как Сталин, фигурально выражаясь, «оскопил» всех отцов и дедов необъятной страны [4], не случайно соратники называли его между собой «хозяином».

Лева Одоевцев «был зачат в роковом году» [3, 2], в год, когда по всей вероятности, арестовали его знаменитого деда, ученого-филолога и представителя аристократического рода. Это одна из метафор Битова, указывающих на определенный исторический период, когда репрессии тоталитарного режима приняли всеобъемлющий и неотвратимый характер. В этот переломный момент истории рождается Лева Одоевцев, но не для того, чтобы продолжить свой аристократический род, а чтобы его прервать, поскольку он продукт другого режима и другого времени.

По сюжету романа семья Одоевцевых, подвергаясь гонениям в связи с арестом деда, покидает Ленинград. Но после войны все кончилось «благополучно», и они вернулись в родной город, где отец Левушки «доцентствовал», а со временем возглавил кафедру, на которой когда-то блистал дед. Это все, что до некоторых пор Лева знал о своем деде.

Лева будто бы не знаком со своим отцом, хотя живет с ним в одном доме. Отец не может ни заговорить с сыном, ни приласкать его, чем вызывает в Леве ощущение неловкости. «Левушке казалось, что он отца не любил. С тех пор, как он себя помнил, он был влюблен в маму, которая была везде, а отец появлялся на минуту, и лицо его было в тени. Лева даже не знал, как выглядит его лицо, умное ли, доброе, красивое ли...» [3, 3].

Представляет интерес первая книга, прочитанная Левой Одоевцевым. Это «Отцы и дети» Ивана Сергеевича Тургенева, «толстая и серьезная книга», что стало предметом его гордости и даже некоторого превосходства над своими одноклассниками. Левушка гордился тем, что не читал «никаких ни Кибальчишей ни Мальчишей» [3, 2]. Автор-повествователь уточняет, что таких книг Левушка и не мог прочитать, поскольку их в доме не было. Тем самым, Андрей Битов иронично подчёркивает не сложность и серьезность отношений между Левой и его отцом, как в романе Тургенева, а их полное отсутствие. Также мы узнаем, что в детстве Левушка любил читать в газетах некрологи об ученых. Эта еще одна метафора описываемой эпохи - устранения интеллигенции.

Лева «увидел» своего отца, как пишет Битов, лишь несколько раз. Впервые, когда заметил проявление его любви к матери, «взревновал и запомнил», что является хрестоматийным образцом проявления Эдипова комплекса [5, 3]. Второе событие, утвердившее в Леве отчуждение к отцу, Битов преподносит читателю в истории о «рубле». Дворовая соседка останавливает маленького Левушку во дворе, прижимает его где-то к подворотне, и пока мальчик «стыдится ее», рассказывает ему, что видела его отца в парке, чуть ли не в ресторане с молодой дамой. При этом отец Левы «подал нищему целый рубль!» [3, 3].

«Парк, молодая красавица, ресторан на воде, рубль нищему – такое злачное количество другой жизни ослепило и Леву, и он пошел домой, раздавленный» [3, 4]. После этого случая Лева не здоровается несколько дней с отцом, потом рассказывает обеспокоенной маме историю «на весь безмерный рубль». Затем Лева ищет признаки несходства со своим отцом и придумывает историю, что отец ему вовсе не отец, и начинает постепенно в нее верить.

Н.А. Благовещенский в своем психоаналитическом исследовании «Расчленение Кафки» пишет о значении Эго-защит ребенка, направленных на то, чтобы не допустить

депрессивных чувств [2, 6]. Защиты заставляют младенца отрицать всю ситуацию в целом, отрицать, что он вообще любит объект, отрицать значимость объекта для себя.

В отличие от многих сверстников, чьи деды и отцы погибли на войне, у Левы Одоевцева есть отец, и, как, оказалось, есть и дед. Существование деда до некоторого времени умалчивалось. Но в какой-то момент он выплывает «непонятным облаком» на фоне с виду благополучной дачно-размеренной жизни Левы. К тому времени на роль отца Лева сам себе подбирает совершенно чужого человека – Дядю Митю, который отсидел, вернулся и снимает у них комнату. Именно Дядя Митя впервые упоминает о дед Одоевцеве. «Как пострадал старик ни за что, такой благородный человек» [3, 9]. Лева потрясен тем, что дед жив! Он реагирует по-детски, возмущается, Лева обижается за свое детство, ведь бабушку он видел, а деда его лишили. Отец оправдывается, говорит, что сам не знал о том, что дед жив, а Лева не говорили, «чтобы ему было легче в школе, чтобы не сболтнул лишнее...» [3, 9].

Лева рассматривает фотографию деда и никак не может вспомнить, где же он видел это лицо. И вдруг его озаряет: «в Эрмитаже, на полотне чьем-то, пятьсот лет прошло... Страшно» [3, 10]. Лева подсознательно страшно встречаться со своей родословной, ведь страх расправы над аристократией витает в воздухе. Вскоре в семье обсуждается, как дед положительно упоминается в статье, затем в толстом журнале: оказалось, дед, родоначальник целого направления в науке. «Дед сделал то, что через десять лет было подхвачено на западе» [3, 9].

Вскоре деда «выпустили». Отец Левы поехал встречать его в Москву, но вернулся один и подавленный. Обстоятельства встречи скрывались от Левы, а дядя Митя перестал у них бывать. «Пруд высох», – пишет Битов, и, действительно, это момент, когда прерывается преемственность династии Одоевцевых: дед больше не вернется в свой дом.

Из недомолвок родителей, из пересудов окружающих Лева понимает, что его отец сыграл «неблаговидную роль» в истории с дедом. Поговаривали, что отец отказался от деда, что «заработал» его кафедру в течение двадцати лет критикуя его работы. Лева слышал, что дед сына своего видеть не захотел и руки ему не подал, «при народе...» [3, 10].

Лева решает все выяснить, входит в кабинет отца и задает

ему прямые вопросы. Но отец не может дать внятный ответ, он трясется и уверяет, что Лева взрослый человек и сам во всем разберётся. В какой-то момент отец закрывает собой настольную лампу и в приглушенном свете его голова напоминает Лева одуванчик, который может рассыпаться, если на него подуть. Таким Лева и запоминает его навсегда, тем самым Битов говорит нам, что отца у Левы нет.

Дед, который не захотел видиться со своим сыном, как-то позвонил, чтобы встретиться со своим внуком. Лева взволнован и фантазирует о воссоединении деда и внука.

«К деду он шел с новеньким, бьющимся сердцем», – пишет Битов. Вслед за «новеньким сердцем», новой оказывается и реальность, в которую попадает Лева [3, 12]. Оказывается, деду дали квартиру в новом районе, где Лева никогда не приходилось бывать. Здесь он ощущает, что впервые вышел за границы привычного музейного города. Об окраинных новостройках Лева знал лишь понаслышке. Он не может запомнить названия района, «не то Обуховка, не то ли Пролетарка», вспоминает он, и заглядывает в бумажку с адресом. Он попадает в «другой город», в параллельную действительность.

Лева отпускает такси, решив прогуляться по «этому городу». Дома казались ему покинутыми на морозном, стылом ветру. Его новые туфли из другого мира не выдерживали холода, «опасная прозрачность проглядывала в воздухе» [3, 13]. Пустырь, бурьяны, свалки, безлюдье и трамвайное кольцо без трамвая, Лева чувствовал себя как во сне. Такими контрастами Битов разграничивает мир инфантильного Левы и жестокую реальность деда Одоевцева.

При встрече Лева не узнает своего деда в старике с красным, задубевшим, неодоухотворенным лицом. Хотя «под кожей старикова лица проносится замешательство, припоминание, оторопь, успокоение», и с дверью он долго возится, но Лева ничего не чувствует и не замечает, он занят обдумыванием, разыгрыванием соответствующих моменту чувств [3, 13]. Даже когда дед обнаруживает себя, Лева продолжает жить в своем придуманном мире, пытаясь «приладить» деда к своим выдуманным сюжетам. Слушая долгие монологи деда, он ничего не понимает и все больше приходит в замешательство. Дед чувствует его инфантильность и искусственность, он возмущен тем, что Лева не может даже произнести слово «дедушка», и Лева не соглашается, «его бы вывернуло от стыда и фальши», –

подтверждает автор [3, 17]. Лева догадывается, что напрасно пришел на эту встречу, признает, что люди, находящиеся рядом с его дедом, Коптелов и Рудик, знают и любят его – в отличие от него, родного внука.

В монологах деда Одоевцева Битов выражает фундаментальные мысли о культуре, природе, обществе, экологии, мысли, опережающие время и предрекающие эпоху потребителей. Как пишет М.М. Решетников «Россия с ее необъятными (и на протяжении всей предшествующей истории постоянно расширяющимися) просторами представляла качественно иную пространственную ментальность, а именно потребительское отношение к природным ландшафтам и ресурсам» [6]. Одоевцев-старший олицетворяет у Битова породу «выкорчеванных с корнем» представителей русской аристократии, задумывающихся о будущем страны и человечества в целом.

Примечательна история, рассказанная дедом, о том, как он пошел за хлебом и заблудился. «Дома-то одинаковые. И адрес свой забыл – ну, вылетел из головы. Ходил, ходил – холодно – и заплакал. Отменил уже лишения в своей жизни, решил, что больше не будет – и вот как ослаб» [3, 17]. Человек, прошедший сталинские лагеря, возвращается домой и понимает, что вернулся в никуда. Даже оставшись в живых, Одоевцев возвращается нежизнеспособным. Об этом он говорит в одном из своих монологов, где утверждает, что его унизили не тем, что посадили, а тем, что выпустили [3, 18].

Это встреча более значима и трагична для деда, чем для Левы. После этой встречи Одоевцев-старший решает вернуться обратно, туда, где отбывал заключение, поскольку продолжения своего ни в своем сыне, ни в своем внуке не обнаруживает. И умирает он по дороге, в вагоне-теплушке.

После смерти деда Лева перебирает его бумаги. В свои двадцать семь Лева читает записи деда, написанные им в том же возрасте.

Он даже конспектирует их, но застревает на главе «Бог есть», - «Лева, видно, утомился переписывать»... [3, 35]. Битов иронизирует по поводу атеистического мировоззрения советской эпохи.

Символично, что именно в этой главе, дед рассуждает о потребительской тенденции в обществе. О том, что любая благородная «богоугодная» идея, донесенная им до людей, может привести к извлечению «пользы и прока» из этой идеи,

«возникновению нового наименования, расширению сферы потребления» [3, 34]. Дед Одоевцев размышляет, кому же он служит, просвещая потребителя, Богу или дьяволу. Лева при этом даже не понимает о чем речь. Тем самым, Битов демонстрирует разницу между дедом и внуком, подчеркивая, насколько важна преемственность и воспитание, утерянные в случае Левы.

У Левы нет ни отца, ни деда, как и у миллионов советских детей. И даже смерть Сталина, свидетелем которой он становится на торжественной линейке в школе, не возвращает ему отца и деда.

В своем романе Андрей Битов повествует, что у Левы Одоевцева был единственный отец – государство (супер-эго) в лице Сталина, незримо присутствовавший в каждой советской семье, о величайшей трагедии середины двадцатого столетия: о безотцовщине при живых отцах, о роли «отца народов».

Как пишет К. Юнг, «потребность творить живет и растет в художнике, подобно дереву, тянущемуся из земли и питающемуся его соками» [8]. Потребность творить не связана ни со временем, ни с политическим режимом, благодаря художникам, мы проникаем в незнакомые миры, переживаем разные эпохи.

Проблема отцов и детей в романе «Пушкинский дом», рассмотрена с точки зрения эпохи, политической ситуации в стране, роли личности в истории. На примере Левы Одоевцева, Андрей Битов ретроспектирует свои воспоминания и осмысление эпохи в рамках одной семьи. Лева Одоевцев перестал быть сыном и внуком аристократического рода по следующим причинам: во-первых, дед арестован и сломлен духовно и физически в лагерях. Во-вторых, как следствие отец Левы Одоевцева, отказался от своего отца, чтобы выжить, но при этом «вымер» как соединяющее звено между отцом и сыном. За всеми этими событиями, незримо присутствует тень Сталина – «отца народов». В результате, Лева распадается как герой, из-за несоответствия внешней объективной реальности и внутренних субъективных отношений героя. У героя нет поступков – только рефлексия. Лева Одоевцев живет в иллюзорном мире, где внешне царят благородство, и порядочность, а на самом деле процветает ложь и эгоизм. Лева приучен игнорировать окружающую действительность, он вырос на абстрактных идеалах, впитал требуемые правила выживания. Как и миллионы других детей, Лева вырос на

мифах о собственной стране и собственной семье. Лева Одоевцев – продукт искусственной системы, его отцом является тоталитарное государство, лишившее его настоящего отца.

### **Литература:**

1. Скакунов Э. «Природа политического насилия» Социологические исследования, № 12, 25-36, 2001.
2. Благовещенский Н. Расчленение Кафки: Гуманитарная академия; Санкт-Петербург, 2010.
3. Битов А. Пушкинский дом. – М: АСТ, 2013. С. 464
4. Ранкур-Лаферьер Д. Сознание Сталина// <http://www.rulit.me/books/psihika-stalina-psihoanaliticheskoe-issledovanie-read-198829-31.html>
5. Фрейд З. Царь Эдип и Гамлет // Фрейд З. Художник и фантазирование – М., 1995.
6. Решетников М. и др. Современная российская ментальность. СПб., 1995.
7. Юнг К. Психоанализ и искусство // [http://royallib.com/read/yung\\_karl/psihoanaliz\\_i\\_iskusstvo.html#40960](http://royallib.com/read/yung_karl/psihoanaliz_i_iskusstvo.html#40960)

**Айнұр Кушкимбаева,**  
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе  
өңірлік университетінің доценті, PhD

## **ЗӘКИ АХМЕТОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ӘУЕЗОВТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Зәки Ахметов – қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына үлес қосқан, аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым. Әдебиеттану ғылымының қай саласында болсын көптеген көкейтесті мәселелері турасында құнды теориялық ой-пікірлерін ортаға салып, ерекше баға беріп, үлкен үлес қосты. Ол тек теориялық қана емес, сондай-ақ, абайтану мен әуезовтану ғылымының қалыптасуы мен даму тарихында ойып алар орны бар. Жарты ғұмырлық зерттеу еңбектері Абайға арналса, өзіндік ғылыми көзқарасы, зерттеулерінің дені негізінен әуезовтану ғылымына негізделеді. Мұхтартанушы ғалым Зәки Ахметовтің «Әуезов әлемі» атты мақаласында жазушының өмірі мен шығармашылығына шолу жасап, оның әр жанрдағы еңбектеріне зер салады. Ғалым М.Әуезовтың шығармашалығын терең зерттей отырып, ондағы туынды идеяларының, түрлі тартыстар мен образдардың өмір шындығына жанасатынын, оның

танымы мен талғамын, еңбектерінің ұлттық ерекшелігі мен психологиялық қырын, дәстүрлі болмыс мен халықтық дүниетаным, өмір мен қоғам шындығын зерделейді. Әр кейіпкердің тағдыр жолын ұлт тарихымен байланыстыра, сол кезеңдегі күрделі шиеленістерді, қайшылықты күрес көріністерін әлемдік деңгейге шығарғандығына зер сала отырып, қаламгердің концептуалдық танымын теориялық талдаулар арқылы айқындайды. Зәки Ахметов әуезовтану ғылымының ішінде әсіресе ұлы Абай шығармашылығы мен абайтану мәселелерімен тағыз байланыстырады. Жазушының әлем таныған кең көлемді эпопеясы негізінде бірнеше мақала жариялайды. Академик Мұхтар Әуезов жайлы: «Абайды әлемге әйгілеу үшін Әуезов қандай қажет болса, Әуезовтің дүниежүзі мәдениетінің биігіне көтерілуіне Абай мұрасы, Абайдың ойшылдық дәстүріндей үлкен тірек сондай қажет» деген. Мұхтар Әуезов шығармасын зерттеген еңбегінің бірі «Поэтика эпопея «Путь Абая» в свете истории ее создания» (1984) атты монографиясы [1]. Бұл еңбек ғалымның күрделі зерттеулерінің жарық көрінісі. Монографияда зерттелген басты мәселелерге тоқталсақ, біріншіден, ғалым бұл эпопеяның бұрын зерттеушілер назарына ілікпеген тұсын қарастырады (эпопеяның сарыны, жазылуы мен жариялануы, басылымдары мен аудармалары). Зерттеуде шығарманың негізгі нысаны, құрылымдық жүйесі дәуірдің әлеуметтік-рухани болмысын танытатын тарихи тұлғалар мен сан түрлі бейнелердің көркемдік-эстетикалық шеберлігінің бейнесін көрсетеді. Академик С.Қасқабасов ғалымның еңбегіне баға бере отырып былай дейді: «Мұхтартану ғылымына Зәкидің қосқан жарық еңбегі – осы монография. Мұнда ол романның жазылу, зерттеу тарихын шығарманың көркемдік эстетикалық табыстарын, Абай өмір сүрген дәуірдің ерекше сипаттарымен, тарихи деректермен байланыстыра кең тұрғыда зерттеді». Еңбекте «Абай жолы» эпопеясының поэтикалық мәселелері идеясы, көркемдік ерекшелігі, кейіпкердердің образдарын сомдау, сюжетін анықтау шығарманың жазылу тарихымен байланысты талданған. Бұл еңбек үш бөлімді. Бірінші бөлімінде эпопеяның «идеялық концепциясы мен көркемдік жүйесі» мәселесін, екінші бөлімінде «эпопеяның композициялық-сюжеттік құрылымы мен мінез құру шеберлігі» сипаты, үшінші бөлімінде «сол дәуірдегі тарихи тұлғалардың әлеуметтік-моральдық идеялары» туралы зерттейді. Алғашқы бөлімде жалпы роман-эпопеяның тақырыбының қойылуын Мұхтар



Әуезовтың қолжазба архивінен іздестіреді. Эпопеяның алғашқы басылымы, жарық көрген жылдары туралы баян етеді. Және бұл бөлімде азапты бастан кешкен Абай бейнесімен қатар жазушының сол кездегі әлеуметтік оқиғаларды өмір құбылысымен мәнін ашуы сипатталатынын жазады. Ғалымның «Абай жолы қалай туған?» мақаласында эпопеяның өмірге келуі мен оған берілген алғаш атауы туралы жазады [2, 6-7]. «Абай туралы роман үш кітап болып жазылды, алғашында «Телғара» деп атамақшы болады. Бала кезінен туған анасы мен кіші шешесінің тәрбиесін көріп, тел өскен деп, Абайды осылай атаған екен. Жазушы «Телғара» деген сөзге Абай екі халықтың – қазақ халқы мен орыс халқының мәдениетінен сусындап, нәр алып өскен деген кең мағына бермекші болады. Алайда 1942 жылы жарық көрген бірінші кітапты, 1947 жылы шыққан екінші кітапты да «Абай» деп атаған. Ал үшінші кітап 1950 жылы «Ақын аға» деген атпен жарық көреді де, жазушы оны жұртшылық пікірін ескеріп, жаңадан түзеп, редакциялап, 1952 жылы қайтадан шығарғанда, «Абай жолы» аталады, кейін төртінші кітапқа да осы ат беріліп, эпопея түгелдей «Абай жолы» аталып кетеді» деп, роман-эпопеяның «Абай жолы» аталуының себептері мен алғашқы атауларын жан-жақты көрсетеді.

«Мұхтар Әуезовтың Абай туралы романдары» еңбегінде М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын жазып, жариялау жолындағы қиын жылдардың жанкешті еңбегі үнемі идеологиялық күреспен өткенін, Абай сынды сирек кездесетін тарихи тұлғаға тағылған себепсіз, жалған сындарға толассыз тойтарыс беру жолында адами қасиеті мен шығармашылық қабілетіне қаншалықты қиянат жасалғанын, алайда оның ұлттық ой-сананың дамуына ықпал етуден еш ықпағанын З.Ахметов осы еңбегіне өзек еткен [3, 59-61]. Мұхтар Әуезовтың Абай туралы романдарының тарихи дастан екенін сипаттайды. Абай туралы шығармалардың негізгі идеясы – қазақ қоғамының прогресшіл күштерінің әлеуметтік озбырлыққа, надандыққа қарсы күресі. Шығармадағы басты герой – Абай. Ал жалпы туынды осы геройдың төңірегінде дамиды. Абайдың шығармадағы образы – эпикалық образ, ол оқиғаның даму барысында ашылып отырады. Жазушы Абайдың образын ашуда «Абай жолы» – жай ғана тарих емес, көркемдік ойдың көрігінен өткен, сомдап бейнеленген өмір шындығы, халықтың тағдыры, өткені мен келешегі жайындағы терең толғаныс екендігін, ондағы уақыт пен кеңістік категорияларын эпопеяда бейнеленген

Абай заманы – тарихи уақыт деп, ал оның жазылған уақыты мен бүгінгі оқырмандардың, сын айтушылардың заманы деп үшке бөліп қарастырады. Әдеби шығарманың көркем әлемін анықтайтын образ, уақыт пен кеңістік, оқиғалар, мағыналар, тіл сияқты бес негіз мұнда да кеңінен зерттеліп, әрбір әдеби категория зерттеушінің талғамына сай зерделенеді. Ғалым тек Басты кейіпкер образын ғана емес, эпопея ішіндегі образдардың да суреттелуіне, олардың шығармада қалай бейнеленгеніне, характерлерінің ашылғандығына да мән берген. Мысалға, романдағы Құнанбай бейнесі мен Дәрмен бейнесін алып қарастыраған екен. Жазушы бірінші бейнеде кейіпкердің образы өмірде болған адамның жай көшірмесі ғана болмай, типтік тұлға дәрежесіндегі зерделеуінің суреттелуіне тоқталады. Осы тұрғыдан алғанда, Дәрменді Абайдың ең жақын, өте дарынды бір ақын шәкіртін бейнелеп көрсету қажеттігін ескертіп, ойдан шығарылған, жинақталып жасалған бейнені жасайды. Өмірде болған нақтылы біреуді прототип етіп алса, оның өзі елге аты мәлім белгілі ақын болса, ол жазушының ойын еркін өрбіту мүмкіндігін шектеп, қолбайлау болмас па еді? Осыған орай үлкен шындықты жеке кейіпкерлердің әрбір іс-қимылынан іздемей, эпопеядағы заман келбетінен, сан түрлі адамдардың қарым-қатынасынан ізденеді. Басты кейіпкер Абай тұлғасынан, оның толғаныстарынан, терең сезімге толы табиғат суреттерінен, жазушының концептуалды, түйінді идеяларынан, солардан туындайтын тарих тағылымына ғалым айқын түрде баяндайды. Әуезовтанушы Зәки Ахметов осы мақаласында шығармадағы кейіпкерлердің образын талдап, кейіпкер мен автор арасындағы ішкі дүниені жете зерттеген. «Мұхтар Әуезовтың Абай туралы романдар» еңбегі – қаламгердің ұзақ ізденісінің жемісі. Бұл шығарманы советтік әдебиеттің тандаулы шығармаларының бірі деп қосуға лайықты болды.

Академик З.Ахметов «Абай жолы» роман-эпопеясын зерттеу арқылы М.Әуезовтің қазақ әдебиетіндегі орнымен қоса әлем әдебиетіндегі орнын анықтап берді. Оны «Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті» деген мақаласында: «Әуезов жиырмамыншы ғасырдың ең озық классигі, ұлттық ойымыздың тыныс көкжиегін кеңейтіп, қазақ әдебиетін әлем деңгейіне көтерген жан. Жазушының творчествосы, әсіресе, «Абай жолы» дәуірнамасы-әлем мәдениетінің алтын қорына үлкен үлес болған баға жетпес қазына. Әуезовтың әлем әдебиетімен байланысы дегенде біз кемеңгердің творчествасының мәнін ашып көрсетуіміз керек.

Творчествасындағы ұлттық сана-сезімнің жарқын көрінісін, жазушының негізгі қайнар көзі ана тілінен бастау алатындығын көрсетуіміз керек» дейді. Жазушының творчествосын әлем әдебиетімен байланыстыра қарағанда, оның орыс әдебиетін, Шығыс пен Еуропа мәдениетін жетік білгенін, сол арқылы өз шығармаларын керемет суреткерлігімен үйлестіре білгенін айта кеткеніміз жөн. Осы мақалада Зәки Ахметов: «Тағдырдың Әуезовке тартқан үлкен сыйы оның айрықша дарындылығы» деп баға береді [4, 2]. М.Әуезовтың «Абай жолы» дәуірнамасының алғашқы кітабымен танысып, өте жағымды пікір айтқан француз жазушысы Луи Ароган да, орыс жазушылары да осы тұрғыдан баға береді. Бұл пікірлерде М.Әуезовтың үздік туындысын қазақ ұлтына ғана емес, әлем жұртына да танылды деп тұжырымдайды. Және де осы мақаласында қаламгердің шығармасының дүниежүзілік мәнін Шыңғыс Айтматов терең ашып көрсеткендігі баян етіледі: «Өз басым қай елге болмасын сапар шексем де, әрқашан қасиет тұтып өзіммен бірге қастерлеп ала жүретін екі түрлі ұлттық басылым бар: бірі – «Манас» болса, бірі – Мұхтар Әуезов» деген сөздері қырғыз, қазақ халықтарының мерейі бір екенін тебірене сезініп айтқан-ды. Зәки Ахметовтың зерттеулері арқылы әуезовтану ғылымы тереңдетіле түсті. Ғалым М.Әуезовтің еңбектерін талдау арқылы бұрын-соңды көрінбеген кең тынысты, тың тәсілдік шешімдер тапқанын тілге тиек етеді. Әуезовтің дүние жүзі мәдениетінің биігіне көтерілуіне Абай мұрасы, Абайдың өнерпаздық, ойшылдық дәстүрі үлкен тірек болғанын, екі ұлы тұлға бір-бірін көтергенін ерекше сүйіспеншілікпен талдап, танытады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Ахметов З. А. Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания. Алма-Ата: Наука, 1984. – 256 с.
2. Ахметов, З. «Абай жолы» қалай туған? [Текст] / З. Ахметов // Қазақ әдебиеті. – 1984. – 27 февраль. – 6 б.
3. Ахметов, З. Мұхтар Әуезовтың Абай туралы романдары [Текст] / З. Ахметов // Коммунист Казахстана. – 1956. – № 11. – 58-62 б.
4. Ахметов, З. Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті [Мәтін] / З. Ахметов // Егемен Қазақстан. – 1997. – 27 қыркүйек. – 1,2 б.

**Ерканат Қуатбекұлы,**  
М.О. Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институты  
Тәуілсіздік дәуіріндегі әдебиет бөлімінің  
аға ғылыми қызметкері, PhD

## **ЗӘКИ АХМЕТОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ӨЛЕҢ ТЕОРИЯСЫ: ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ**

Қоғамда болған әлеуметтік жағдайларды бірден сезініп, жедел үн қосуда поэзия әрдайым шапшаңдық танытатыны белгілі. Көрнекті ғалым, әдебиеттанушы Зәки Ахметовтың еңбектеріндегі өлеңге берген тұжырымдарына көз салсақ: «Автордың ой-сезім дүниесінен екшеліп өтіп, талғамның таразысына тартылып барып, өмір шындығы нағыз көркем шындыққа айналады» [1, 31] – деген анықтама береді. Бүгінгі күні қазақ поэзиясында елеулі орны бар ақын Ерлан Жүніс осы бір қалт етпе сезімді, көңіл күйді өлеңмен:

«Сүй бәрін, Сүйер маусым жеткен кезде,

Бұл бақ та гүлдер бөгде, көктем де өзге,

Сұлулық – сұлулық деп аталады,

Ақынның жүрегінен өткен кезде!» [2] – деп поэзия тілімен шебер суреттейді.

Қазақ поэзиясының құрлымына алғаш тоқталып, кеңінен қаузап, теориялық анықтама берген А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, З.Ахметов т.б. ғалымдар қазақ әдебиеттануының іргетасын берік қылуға айтарлықтай үлес қосты. XX ғасырдың бірінші және екінші ширегінде жазылған бұл еңбектер бүгінгі күнге дейін құндылығын жойған жоқ. Біз кез-келген ғылыми талдауларымызда аталмыш ғалымдарымызға айналып соқпай, олардың ғылыми тұжырымдарына сүйенбей өте алмаймыз.

Әдебиеттің өзге жанрлары секілді поэзия да сатылай дамып, уақыт ағымымен өзгеріп отырады. Өзіне дейінгі авторлардан оқшау тұруды, ешкімді қайталамай тыңнан түрен салуды мақсат етпейтін ақын кемде кем. Осы жолда тынымсыз еңбектің нәтижесінде авторлар әртүрлі ізденістерге барып эксперименттер жасайды. Өлеңнің құрлымын толық меңгерген ақындар экспериментке саналы түрде барып, қабылдау кеңістігін сынақ алаңына айналдырып, үстінен қарағанды ұнатады. Сол кеңістіктен, сынақ алаңынан шыққан қызығушылық пен

ізденісте жүрген жас буын экспериментке қалай барғанын өздері де аңғармайды. Мұның барлығы өлеңнің әр қырынан дамуына мұрындық болады.

XX ғасырдың бірінші жартысы мен екінші жартысындағы өлең құрлымында едәуір айырмашылық бары анық. Сол секілді XIX ғасыр поэзиясында да стильдік, формалық тұрғыдан біршама өзгерістерге ұшырады. Қазіргі жастардың поэзиясында кеңінен өріс алған ақ өлең, веливерлер XX ғасырдың жемісі екендігі анық. Әйтсе де аталған өлең түрлері қазіргі жастар поэзиясында негізгі өлең үлгілеріне айналды. Ақпараттық технологияның заманында қазақ поэзиясында әлем әдебиетінің әсері сезіледі. Жастар поэзиясындағы ішкі ырғақ, ойдың байланысы бір-біріне ұқсамайтын иірімдермен байып, поэзиядағы ұйқастан көрі ішкі үндестікке мән беру жиі байқалады. Біз бұл жаңалықтарға тосырқай қарамауымыз керек. Оны З.Ахметов 1973 жылғы еңбегінде «Ерікті өлең әжептәуір өріс алған елдердің поэзиясына көз салсақ, бұл өлең түрі мен қалыптасқан өлең өлшемдері – негізгі өлең жүйесі – қатар дами беретінін байқаймыз. Ендеше бұлар бірін-бірі ығыстыратын, бір-бірімен сыйыспайтын нәрселер деуге болмайды. Әрқайсысының өз мүмкіншілігі, өзінше артықшылығы бар» [3, 193] – деп атап өткен болатын.

Өлеңдегі ішкі ой, пәлсапалық тұжырымдарға тоқталғанда Т.Медетбектің Б.Беделхан шығармашылығы туралы жазған пікіріне ілкі ойды айтады.

«Күні кеше ғана алқам-салқам боп ашылып, қора-қопсылары шашылып, есік-терезелері үңірейіп қалған ауылға кімдер қарап тұр?!» – дейсіз ғой.

Күйкі тірлікпен мүжілген аядай ғана

Ауылға қара, қорымдар қарап тұр, әне...

Біз, әдетте: «Бүгінсіз өткен де, ертең де жоқ», – деп жатамыз ғой. Сөйтсек, өткен де бүгін мен ертеңсіз өмір сүре алмайды екен. Өткен де кілең бір өлі төмпешіктерден тұрмайды екен. Ол да – тірі әлем екен. Ол да – бізге, бүгін мен ертеңге алаң екен» [4, 259] – деп Б.Беделхан өлеңіндегі өзекті ойға жұрттың назарын аудартады.

Поэзияның құрылымынан бөлек, қазіргі ақпараттық технологияның қарыштап дамыған уақытында тілі бай, ізденісі көш ілгері шығармалармен қатар техниканы жетік меңгерген ортаңқол авторлардың шығармалары да танымалдылыққа ие болуда. Әрине бұған тұсау болу қазіргі уақытты мүмкін емес.

Дегенмен жаңа технологияны меңгерген, әдеби ізденісі жетік жастарды да айта кеткеніміз жөн.

Танымалдылыққа ұмтылушы авторлардың негізгі басымдықты қандай бағыттарға беретініне тоқталсақ.

- Авторлар түрлі тақырыпты сөз етеді, қоғамдағы кез-келген тақырыпқа бірінші болып үн қатуға тырысады.

- Өз жазбаларына қосымша техникалық көмектерді пайдаланып қосымша бейнелерді үстейді.

- Өлеңін әуеннің сүйемелдеуі арқылы жеткізеді

- Өлеңді бірден әуезді жолмен жеткізеді.

3. Ахметов «әдебиет теориясының мақсаты нақтылы, жеке шығармаларға толық тоқталу емес. Оның міндеті – сондай талдау жасауға негіз болар ой-түйіндер, байлам-тұжырымдарды ғылыми жүйеге салып, айқындап беру» [5, 8] – дейді.

Атамыздың, рухани ұстазымыздың осы бір пікірін темірқазық етіп бізде баяндамамызда жекелеген авторлардың шығармаларына тоқталмай жалпы қазіргі қазақ поэзиясының бет алысына аз-кем топшылауға тырыстық.

#### **Әдебиеттер:**

1. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998.
2. Жүніс Е. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/syn/18255/>
3. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – А.: Мектеп, 1973.
4. Медетбек Т. Күретамыр – Алматы: Білім, 2012. – 464 бет
5. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. Астана: Фолиант, 2002.

#### **Салтанат Мұқатаева,**

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты  
«Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы  
директорының орынбасары

#### **«АБАЙ МЕНІҢ ӨМІРЛІК ТАҚЫРЫБЫМ...»**

Қазіргі таңда «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының әуезовтану бөлімі болып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Әуезовтану бөлімінің ғылыми-зерттеу бағытының негізі – М.О. Әуезовтің шығармашылық мұрасын қазақ, әлем әдебиетімен байланыста зерттеу, насихаттау, жариялау, жинақтау болып табылады.

Мақала заңғар жазушының өмірінен ерекше орын алатын тақырып – Абай жайында, Абайдың жазушыға әсері және М.Әуезовтің ұлы ақын Абай шығармашылығын зерттеуі, Қазақстандық, шетелдік көрнекті жазушы, әдебиеттанушы, өнертанушылардың жазушы еңбектеріне берген әділ бағалары хақында.

Бала Мұхтар алғаш арабша хат танып, атасы Әуездің үйретуімен Абай өлеңдерін жаттап, ертегі, аңыз-әңгімелерді тыңдап өскен.

«...Менің балалық шағым ауылда өтті, ауылдан хат таныдым. Бізді, немерелерін Әуез ағамыз (менің тегім сол кісінің атында) оқытты. Әуез ағам ақынның досы, оның өнеріне тәнті болған жан еді, молдаға ақынның өлеңдерін бір кітапқа жазып беруге тапсырыс берді де, бізді өзінің сүйікті ақынының өлеңдері арқылы сауаттылыққа үйретуге шешім қабылдайды, сондағы үміті – өлеңдерге деген сүйіспеншілікті немерелерінің де бойына дарыту...»

Атамның тапсырысы бойынша Мүрсейіт молда Абай өлеңдерін қолдан жинақ етіп жазып, ауылға беріп жіберді. Мүрсейіт молда өмір бойы, тіпті Абайдың өлеңдері баспадан шыққаннан кейін де ұлы ақынның туындыларын сондай жинақ етіп қолдан жазды, бұл – оның өмірлік кәсібі болды...», – дейді М. Әуезов өзінің «Автобиографиясында».

Осы орайда «...Мұхтарды оқуға өзі әзірлеген Әуез оны алғаш рет 1904 жылы күзде «Бұзылғантам» деген жерде оқуға береді. «Бұзылғантам» – Жидебайдың терістік жағында, Есенбай жырасымен қатар жатқан қоныс аты. Жазғытұрым және күзде Құнанбай ауылы мекен ететін бұл жерден Зере өз балаларының қара суықтан тоңбауы үшін ерсілі-қарсылы етіп үш бөлмелі етіп үй салдырған... (Ел көшкенде жылда жүргінші, ұры-қарылар бұза берген). Ең алғаш Абай осында оқыған... Мұханды да сол арада Мүрсейіт Бікі баласынан сабақ алады. Мүрсейіт – Абайдың хатшысы, жан-жақты өнер иесі болған адам. Ол өз шәкірттерінің қолын жаттықтыру үшін оларға үнемі Абай өлеңдерін көшірткен және сол өлеңдерді жаттатқан», – деп жазады абайтанушы, әуезовтанушы, алаштанушы Тұрсын Жұртбаев.

Сол кездегі Абай өлеңдерін жинап, көшіріп, елге таратқан Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбасының бір нұсқасы – қазіргі таңда «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы мұрағатында сақталған құнды жәдігерлердің бірі.

«...Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайдан. Таза әдебиет сарынына бой ұрғанда маған Абай деген сөз, қазақ деген сөзбен теңбе-тең түсетіндей кездері бар сияқты», – дейді Мұхтар Әуезов, – «...Абай бүкіл мәдени тарихқа әрбір ұлы ақынның өз ортасын қалай тәрбиелеу керектігін, кез келген ұлы ақынның осы ортаны қалай қалыптастыру керектігін дәлелдеді. Халық жүрегінде олардың жасампаздығына кең, қызу жауап беріп, халық ақыл-ойын ағарту, оларға кең көкжиектер ашу – бұл халық ақынының, ақын-классиктің жағымды, тарихи-мәдени рөлі. Абай өз дәуірінен әлдеқайда озып, өз шығармашылығының көптеген қуатты ағымдарымен біздің заманымызды тамаша жаңғыртады», – дейді.

«...1914 жылдың 25 қыркүйегінде Мұхтар «Приказчиктер клубында» өздерінің тұңғыш қазақша ойын қойғандарын еске алып, әңгіме етеді. Ойынды ұйымдастырушы, қазақтан шыққан тұңғыш оқыған білімді әйелдердің бірі Нәзипа Құлжанова болады. Құлжанова 1914 жылы Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толған күні, ақынды еске алуға арналған әдебиет кешінде ұлы ақынның өмірі, ақындығы жайында орыс тілінде баяндама жасайды. Оған Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Тайыр Жомартбаев бастаған қазақ жастары қатысады...», – деп жазады «Мұхаң туған жерінде» мақаласында абайтанушы, ғалым Қайым Мұхамедханов және «...Мұхтардың басқаруымен жағырафия қоғамы 1924 жылы Абайдың қайтыс болғанына 20 жыл толуына арналып әдеби еске түсіру кешін өткізді. Ол кешке Абайдың көзі тірі әнші, ақын шәкірттері де қатысты. Әуезов «Абайдың қазақ әдебиетіндегі орны» деген тақырыпта баяндама жасады...», – деген екен «Семей таңы» газетіндегі мақаласында.

М. Әуезов Абай мұрасын ғылыми зерттеуді 1918 жылдан «Абай», «Шолпан» журналдарында жарияланған мақалаларынан бастады.

Жазушы М.Әуезов Ж.Аймауытовпен бірге «Абай» журналын шығарады. «Абай» журналы 1918 жылдың 4 ақпанынан бастап қазіргі Семей қаласында жарық көрді. Бұл журнал қазақтың «бас ақыны» Абай Құнанбаевтың құрметіне арналған. Ағартушылық бағытты ұстанды. Тұлғаға арналған қазақтың тұңғыш журналдарының алдыңғы қатарында болып табылады.

Әдебиеттанушы, өнертанушы Әлкей Марғұлан «Алғашқы өрлеу» мақаласында «...Мұхаңның атын көпшілікке әйгілі еткен ең алдымен «Абай» журналы еді. Бұл журналды Мұхаңның



беташары деуге болады. Өйткені оны бірінші рет ұйымдастырып, оның негізгі мақалаларын жазған көбінесе Мұханның өзі болатын. Бас редакторы – Жүсіпбек Аймауытов, Мұханның көбінесе журналист, публицист, ойшыл, философ ретінде көрінді...», – деп жазған.

Мұхтар Әуезов баспаға дайындаған жүйелі, дәйекті Абай шығармаларының толық жинағы 1933 жылы Қызылорда қаласындағы «Қазақстан» баспасы арқылы жарық көреді. Абай шығармаларының бұл басылымы қазақтың өз жерінде, өз баспаханасынан тұңғыш толық шығуы болып табылады. Мұнда Әуезов жазған ақынның өмірбаяны берілген.

Ғалым еңбектері абайтанудың барша бағыт-бағдарларын толық қамти отырып, өз кезі, өзінен кейінгі зерттеушілерге де оң жол, дұрыс ғылыми тұжырым негіздерін қалады. Осы бағытта Абай шығармашылығын ақын ғұмырымен, заман жайымен байланыста қарастыру, әдеби ортасы, нәр алған рухани бұлақ көздері, Абай мектебі, Абай шәкірттері, Абай мұраларының ішкі мәні, көркемдік кестесі, композициялық құрылымы мен поэтикалық тіл шеберлігі, Абай шығармашылығының көркемдік даму эволюциясы, Абай дүниетанымының кеңістігі, Абайдың ақындық кітапханасының ауқымы сынды сан-салалы мәселелерді ғылыми тұрғыда зерттеп, жүйелі тұжырым, қорытындылар негізінде түрлі басым бағыттарды айқындап, қалыптастырды. М. Әуезовтің бұл саладағы еңбектерінің бір арнаға тоғысып, құйылған көзі – «Абай Құнанбаев» монографиясында толық көрініс берген.

Әуезов абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерген. Заңғар жазушы өзінің автобиографиясында: «...С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры ретінде абайтану бойынша арнайы курстан сабақ беремін, қазақ фольклоры бойынша дәріс беремін...», – деп жазады. Жазушы Абай шығармашылығын ғылыми-зерттеу ісіне көп еңбек сіңіре отырып, бұл тақырыпқа бірнеше көркем шығарма жазды. Ол 1939 жылы Л.Соболевпен бірігіп «Абай» атты трагедиясын жазды.

«...Республикамыздың мерекесіне Мұхтар Әуезов Москвада Леонид Соболевпен бірігіп «Абай» атты трагедия жазып жатыр деген хабар тиді құлаққа... Ұзақ даярлықтан кейін 1940 жылдың 20 октябрінде «Абайдың» премьерасы болды. Семейден жаңа ғана оралған Мұхтар Омарханұлы да өзінің тамаша досы Леонид Соболевпен бақытты баладай қуанышқа бөленген»,

– деп жазады Асқар Тоқпанов «Абай сахнаға қалай шықты» еңбегінде.

«Абай» пьесасы – жазушының көркем шығармада Абай образын жасауға талпынудағы ең тұңғыш сәтті шыққан еңбегі. Абай өмірінің соңғы жылдарын, ұлы ақынның ақыл ой парасаты мен шығармашылық қуаты кемеліне келіп толысқан шағын қамтиды. «Абай» трагедиясы жазушының шығармашылық еңбегінің қорытындысы «Абай жолы» эпопеясына барар жолдағы шешуші баспалдақ болды.

1945 жылы Абайдың туғанына 100 жыл толуы қарсаңында осы пьесаның оқиғасы негізінде «Абай» атты операның либреттосын және «Абай жырлары» атты көркем суретті фильмнің сценарийін жазды.

**«Абай менің өмірлік тақырыбым болды...»** деп өзі айтқандай, «Абай жолы» романын жазуға жиырма жыл уақытын жіберген.

М.Әуезовтің ұлы ағартушы, классик Абайдың алып тұлғасын кемеліне келтіре суреттеп, айқын образын жасаған шығармасы – «Абай жолы» атты төрт томдық эпопея.

Романның 1942 жылы жарыққа шыққан алғашқы кітабын «Моей надежде и радости самой любимой моей Лелюсеньке. С крепкой верой в твоё светлое большое будущее. Папа», – деп қызы Ләйлаға сыйлаған.

Ал романның екінші кітабы 1947 жылы жарық көреді. Жазушы ұлы Мұратқа арнап: «Мұратай мен оның Тәтесіне. Мұратай азамат боп ер жетіп ағасының осы еңбегін өзі оқып ұғатындай боп өссін деген тілекпен сыйлаймын ағаң қолтаңбасы 23/III-48 ж.», – деп сыйлаған екен.

«Абай» романының бастапқы екі кітабын тәмамдаған Мұхтар Омарханұлы Әуезовке 1949 жылы бірінші дәрежелі Мемлекеттік сыйлық (Сталиндік) беріледі. «Абай жолы» роман-эпопеясының соңғы екі кітабы үшін 1959 жылы Ленин сыйлығын алады.

Төрт томнан тұратын роман-эпопея – журналдардағы басылымдарын есепке алмағанда, Кеңестік кезеңде әлемнің 50 тілінде 160 реттен аса жарық көреді.

М.Әуезовтің «Абай» романы жайында Қазақстандық, шетелдік көрнекті жазушы, әдебиеттанушы, өнертанушылардың берген әділ бағалары – халқымыздың жадында.

«Абай» романы бүгінгі қазақ әдебиетінің жаңа белі: бұл – «роман» деген үлкен ұғынысқа толық жауап беретін қазақ

әдебиетіндегі бірінші роман: «Абай» шын мағынасында европалық озық әдебиеттердің піскен, сыналған үлгісімен жазылған роман», – деп жазады қазақтың халық жазушысы Ғабит Мүсірепов.

Ұлы суреткердің атағы алыс елдерге тарап, оның эпопеясын әлем білімпаздары, соның ішінде белгілі француз жазушысы Луи Арагон: «Мен оның шығармаларын туған еліме таныстырушы болуды өзіме үлкен абырой санаймын. Эпикалық роман «Абай», менің ойымша, XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі», – десе, драматург, тілші Николай Погодин «Қазақстан үшін Әуезов – екінші Абай, біз үшін – шығыстың Шолоховы, бұл жазушылар өздеріне дейін әлемге беймағлұм болып келген орасан зор халық өмірін классикалық түрде ашып берді», – деп жоғары бағалаған.

Төрт томдық эпопеяда қазақ халқының жарты ғасырлық әлеуметтік, тұрмыстық, отбасылық өмірі мейлінше мол ауқымда бейнеленді. Жазушы романда қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі өмір салтын, тұрмыс қалпын, сол заманның шындығын қазақ халқының ойшылы, ақыны, қоғам қайраткері Абай айналасына топтап көрсеткен.

Осы ретте «Қажырлы да шабытты еңбектің жемісі болып – көркемдіктің барша қасиет-сырын бойына жинаған, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ елінің өмір тіршілігімен болмыс-тұрмысын бар қырынан жан-жақты суреттейтін шын мәніндегі энциклопедия – «Абай», – деп жоғары баға берген екен академик Қаныш Сәтбаев, ал жазушы, әдебиет зерттеушісі Зейнола Қабдолов: «Абай қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы шыңы болса, Әуезов – XX ғасырдағы заңғар биігі», – дейді.

XX ғасырдағы ұлы ойшыл, суреткер М.Әуезов қаламынан туған жауһар туындылар – қазақ халқы үшін ғана емес, бүкіл әлем жұртшылығының рухани игілігіне айналған асыл қазына.

Әзірбайжанның халық жазушысы драматург, қоғам қайраткері Мирза Ибрагимов: «Мұхтар Әуезов көпұлтты кеңес әдебиетінің ең ұлы қайраткерлерінің бірі болды. Ол сан ғасырлық шығыстың да, еуропа мәдениетін де жақсы білетін. Әрине, ол әсіресе туған қазақ халқының фольклорын, әдебиеті мен мәдениетін терең зерттеп, оның әдемі дәстүрі бойынша тәрбиеленді», – деген екен.

Қырғызстанның халық жазушысы, қоғам және мемлекет қайраткері Шыңғыс Айтматов: «Мен шет елдерге барғанда

қасымда болатын екі ұлттық құндылық бар. Мен солар арқылы өзге халықтардың табалдырығын аттаймын. Ол – «Манас» пен Мұхтар Әуезов. Бұл екеуі менің халқымның символдары». Ұлы жазушы М.О. Әуезовтің мол салалы, кең арналы шығармашылығына ой айтқан «Ұстаз туралы сөз» атты мақаласында «Абай жолы» эпопеясының бас кейіпкері – Абай тұлғасына тоқтала келіп: «Абай секілді ой-арманы азат, шетсіз ақындық, шексіз адамдық тұлғаның өзін қоршаған о жар, топас тоң мойын топпен тартысқа түсуі және мұндағы сирек ұшырасатын жаңалық пен тазалық Абайды дүниежүзілік трагедияның шыңына шығарады...», – деп жазды.

Камерундық жазушы, драматург Бенджамин Матип: «Қазақтар туралы бұрын-сонды естіген емеспін. Енді мен оларды жақсы білемін, себебі Мұхтар Әуезовтің керемет кітабын ағылшын тілінде оқыдым. Шын мәнісінде, керемет халық – қазақтар! Ал ол туралы «Абай» романында қаншалықты әдемі жазылған», – деп жазған.

«Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің классигі, 20 ғасырдағы қазақ халқының ұлттық ой-санасының, сөз өнерінің, көркем прозасының асқар биігі. Ол – теңдесі жоқ суреткер жазушы, драматург, ғұлама ғалым – әдебиет зерттеуші, ұлағатты ұстаз, ірі қоғам қайраткері», – дейді әдебиет зерттеушісі, филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҒА-ның академигі, Әуезовтің шәкірті Зәки Ахметов, – «Мұхтар Әуезовті Бальзакпен, Толстоймен, Гетемен, Достоевскиймен, Тургеневпен, Шолоховпен салыстыру жиі кездеседі. Әлем әдебиетінің алыптарымен қатар қою жағынан алғанда бұл дұрыс та. Алайда әр классик – қайталанбас дара тұлға. Мұхтар Әуезов – қазақ халқының ұлы перзенті, қазақтың Әуезові, сонан кейін барып адамзаттың Әуезові», – дейді аса көрнекті әдебиеттанушы-ғалым Зәки Ахметов.

«Абай жолы» – жай ғана тарих емес, көркемдік ойдың көрігінен өткен, сомдап бейнеленген өмір шындығы, халықтың тағдыры, өткені мен келешегі жайындағы терең толғаныс.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың өмірі мен еңбегі Әуезов шығармашылығында үлкен орын алған тақырып. Бұл тақырып тіпті жазушының бүкіл өмірінің ең бір өзекті мақсаты, мұратты мәселесі болды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Тұрсын Жұртбаев. Бесігінді түзе. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 603-п. 15 бет.

2. Қайым Мұхаметханов. Мұхаң туған жерінде // Біздің Мұхтар. Алматы: Жазушы, 1976. 383-бет).
3. Қ.Мұхаметханов мақаласы. Семей таңы. 1977. 23 қыркүйек.
4. Әлкей Марғұлан. Алғашқы өрлеу // Біздің Мұхтар. 1976.
5. Шыңғыс Айтматов. Ұстаз туралы сөз // Біздің Мұхтар. – А., 1976.
6. Әдеби мемуарлар. Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. *Құраст. Дияр Қонаев, Санагүл Майлыбаева, Әндібек Қуанышбаев*, Алматы «Білім» баспасы, 2004.
7. Мұхтар Әуезовтің мемориалдық мұражай-үйі. Мемориальный дом-музей Мухтара Ауэзова. Memorial house-museum of Mukhtar Auezov. Алматы, 2013.
8. «Мұхтар Әуезовтің мемориалдық мұражай-үйі. Мемориальный дом-музей Мухтара Ауэзова» буклеті. Алматы, 2011.
9. «Мұхтар Әуезовтің мемориалдық музей-үйі. Мемориальный дом-музей Мухтара Ауэзова» буклеті. Алматы, 2013.
10. «М. Әуезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисі». Алматы, «Ғылым», 1997. – 163 б. З.А. Ахметов. Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің классигі. – 28 б.

**Айнұр Қалиасқарова,**  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институтының ғылыми қызметкері,  
педагогика ғылымдарының магистрі

## ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ АУДАРМА ТУРАЛЫ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Зәки Ахметұлы Ахметов филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасының ҰҒА Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР ҰҒА академигі. Академик Зәки Ахметов 12 монография мен 300-ден астам ғылыми зерттеулердің авторы, өзінің көп жылғы ғылыми-шығармашылық жолында аянбай қажырлы еңбек еткен ғалым.

Зәки Ахметұлының ғылыми-зерттеу бағыты: қазақ өлеңінің құрылысы, дәстүр мен жаңашылдық, қазақстандық ақындардың көркемдік шеберлігі, поэтика мәселелері және қазақ әдебиетінің өзге халықтар әдебиетімен байланысы, өлең теориясы мен поэтикасы, Абай мен М. Әуезов шығармашылығы және т.б. Ол еңбектерін екі тілде бірдей қазақ және орыс тілдерінде жазды.

Оның «Лермонтов и Абай» (1954), «Казахское стихосложение» (1964), «О языке казахской поэзии» (1970), «Өлең сөздің теориясы» (1973), «Современное развитие и традиции казахской литературы» (1978), «Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания» (1984), «"Абай жолы" эпопеясының жазылу тарихына байланысты поэтикасы» (1984), «Абайдың ақындық әлемі» (1995), «Роман-эпопея Мухтара Ауэзова» (1997), «Поэзия шыңы – даналық» (2009) т.б. көптеген еңбектері Мәскеу, Ленинград, Ереван, Баку, Казань, Ташкент, Қытай, Түркия елдерінде жарық көрген.

Академик Зәки Ахметовтің екі тілге бірдей, шешен, ділмәр болғаны туралы филология ғылымдарының докторы Серік Негимов: «Зәки Ахметовтің өзіне тән ерекшелігі – ол Абайды жатқа айтатын. Қазақ ақындарының өлеңдері және толғауларымен бірге Лермонтов пен Пушкинді төгіп тұратын» – дейді [1].

Қазақ әдебиетінде аударма дәстүрі Абайдан бастау алатындықтан Зәки Ахметов өзінің алғаш зерттеуін «Лермонтов и Абай» (1954) деген еңбегінде Абайдың Лермонтовтан аударған өлеңдеріне көңіл бөледі. Ол: «Абайдың аудармалары тілімізді байыта түсті. Жаңа ұғымдар, тың теңеулер, эпитеттер, соны сөз орамдарын, сөз айшықтарын туғызды. Поэзиямызда жаңа ырғақ, жаңа әуен пайда болды. Ойлаудың бейнелі жаңа түрлері шықты» [2, 150] – дейді.

Көрнекті ғалым, талантты ұстаз Зәки Ахметов Абай лирикасын тереңнен зерттей келе, оның аудармаларына аса мұқиятпен қарайды. Лермонтовтың көлемі шағын болса да, мағыналық сыйымдылығы мол, ой-сезімге бай, ақынның көңіл күйін, махаббат сезімін толғайтын «Вечер» өлеңін – Абай Лермонтовтан «Күнді уақыт игеріп» деп аударып, мазмұн-мағынасын, көркемдік ерекшеліктерін негізінен толық сақтай отырып аударған деп дөп басады. Әдебиеттанушы-ғалым: «Абай Лермонтов өлеңдерінен көбінесе өзіне үндестік іздесе, кейде орыс поэзиясына тән өршілдік сарынды, арман қуған ізденгіштікті қызықтайды» – деп салыстырады.

3. Ахметов көркем аударма мәселелерін Пушкин мен Абайдың, Абай мен Лермонтовтың және басқалардың шығармашылығы негізінде зерттеді. Салыстырмалы әдебиеттану контекстінде З.А. Ахметов шығармашылық тұлға мәселесіне, көркемдік ойлаудың бірегейлігіне, көркемдік сөздің өзіндік ерекшелігіне аса көңіл бөледі. З.Ахметовтың еңбектері бүгінгі

күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ, аударма саласын, өлең теориясын, қазақ өлеңінің құрылысын зерттейтін мамандар үшін бағыт-бағдар беретін шамшырақ десек те болады.

Абай Пушкин, Лермонтов, Крылов және т.б. шығармаларынан 50-ге жуық аударма жасады. Абайдың назарын өзіне аударған шығармалардың бірегейі Пушкиннің «Евгений Онегині». Қазақ ақыны, ойшылы, философы Абай А.С. Пушкиннің өлең-романынан «Татьянаның хатын» аударды, оның кей тұстары түпнұсқаға қайшы келеді. Өзінің нұсқасын жасап шығады. Көптеген әдебиеттанушылар бұл аударманы Абайдың дербес туындысы деп те айтады.

Зәки Ахметов өзінің көлемді зерттеуі «Абайдың ақындық әлемі» деген еңбегінде аударманың бірнеше түріне түсініктеме беріп, ара-жігін ашып шығады. Аударманың түрлеріне тоқтала келе бара-бар, дәлме-дәл аударма; еркін аударма, сарындас шығарма деп екі топқа бөліп жіктейді. Және де Абайдың аудармаларының төлтума екендігіне жан-жақты талдау жүргізеді. Қазақ өлеңінің құрылысының зергері «ақынның аударма өлеңдерінің ешқайсысы оның төл шығармаларынан бөлекше, екінші қатардағы шығарма деп саналмауы керек. Абайдың ақындық шеберлігін, ойлау, бейнелеу өзгешелігін танытуы жағынан олардың мәні ешбір кем соқпайды. Абай аударып отырған өлеңінің мағынасын бастан-аяқ дәл, тура жеткізуге үнемі ұмтылмайды. Кейде еркін аударма Шығыс поэзиясында орын алған нәзира дәстүріне келеді деп айтылып жүр. Асылында, нәзира деген белгілі сюжетке жазылған шығармаға қатысты ұғым. Өлең туралы айтқанда біз еркін аударма, сарындас шығарма дейміз. Сарындас деп кем дегенде жартылай аударма болып келетін, бірақ түгелдей алғанда төлтума туындыға айналған өлеңді ғана айтамыз» [2, 190] – деп тұжырымдайды.

М.О. Әуезов Абай Пушкиннен «Евгений Онегин» сюжетін алып, оны «Татьяна – Онегин» шығармасына айналдырғанын атап өтеді: «Егер Пушкинде Татьяна мен Онегиннің хаты бір-бірден ғана болса және олар бір-екі рет қана ауызша сөйлессе, ал Абай барлық төрт жағдайды да хатқа алмастырып, «Татьяна-Онегин» туындысына айналдырады. Ал, негізінде Пушкиннен нақты аудармасы ол Татьянаның алғашқы хаты ғана. Қалған үш хат түпнұсқадан аударылмаған, Абай Пушкиннен мүлдем тәуелсіз өлеңдер жазды. Жас жігіт пен қыз арасындағы қарым-қатынас, олардың Абайдағы мінездері де Пушкиннің бейнесімен сәйкес келмейді, яғни Онегин үлгілі жігіт ретінде,

ал Татьяна – әдепті, ақылды қыз ретінде көрсетілген. Шынайы махаббатты бейнелеуге ұмтылған Абай кейде Пушкиннің шығармашылығына елеулі өзгерістер енгізеді. Сондықтан, ол таза қазақ көркем әдебиетінде қолданылатын салыстыруларға, бейнелі айналымдарға жүгінеді» [3, 42].

Абайдың аудармаларын бастан-аяқ талдай келе Зәки Ахметов: «Евгений Онегин» романын алсақ, оны Абай оның сюжетін әңгімелеген емес, кейбір үзінділерін алып, кейде жақын, бара-бар, кейде өте еркін тәржімелеген. Ал «Онегиннің өлердегі сөзі» деген өлеңді Абай түгелдейі өз жанынан шығарған, «Евгений Онегин» романында Онегиннің өлімі туралы тура ештеме айтылмайды. Рас, қолжазба нұсқалардың бірінде Онегиннің аузына «Мен неге оққа ұшып өлмедім екен» («Зачем я пулей в грудь не ранен?») деген сөз салатыны бар. Бірақ Онегиннің өлімі Абайдың өзінің тапқан көркемдік шешімі деп санаған орынды» [2, 190] – дейді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Р. Елеуқенов Абайдың Пушкин шығармасының қазақша нұсқасын жасау туралы шешімін дұрыс деп санайды. Абай шығармасы, хаттардағы роман – еркін шығармашылық әктісі. Ш.Р. Елеуқенов, егер роман «Евгений – Татьяна» деп аталса, онда бұл атау ұлттық дәстүрге сай келер еді дейді («Қозы Көрпеш – Баян сұлу» және т.б.) [4, 21]. Абайда Онегиннің бейнесі ағартушылық реализм дәстүрі бойынша қайта жасалады. Бас кейіпкер – қазақ жігіттері үшін үлгі. Абай романы «назира» дәстүріне келмейді және де бір халықтың жазушысының шығармашылығындағы басқа халықтың жазушысы жасаған шығарманың мазмұны мен мотивтері жаңғыртылған деп айтуға да сәйкес келмейді.

Бүгінгі таңда А.С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романының қазақ тілінде төрт аудармасы бар, олар Абай, І. Жансүгіров, Қ. Шаңғытбаев және К. Салықовтың аудармалары. Бұл туралы С. Әбдірахманов: «романды өлеңмен аударудағы басты қиындық – ақын тілінің көп қырлы ырғағы мен авторлық иронияны сақтап, қарапайымдылық пен лириканың таңғажайып үйлесімділігіне қол жеткізу» – деп жазады [5, 41].

Қазақ ақынының шығармашылық дамуы үшін Пушкин, Лермонтов, Крылов және басқалардың шығармаларының аудармалары ғана емес, орыс классиктерінің барлық шығармалары маңызды болды. Оның шығармашылық даму жолын орыс жазушыларының орыс әдебиетінің ұлттық бірегейлігі мен ұлты үшін, ондағы өмірлік шындықты бейнелеудің нақты әдісін бекіту үшін күресін қамтиды.



Көрнекті ғалым, талантты ұстаз Зәки Ахметов Абайдың аударма өлеңдерін бүгінгі аударма туралы ұғым-түсінік тұрғысынан келіп бағалау дұрыс емес екендігін айтады. «Аудармаға қойылатын қазіргі талап басқа, біздің заманымызда қалыптасқан ұғым бойынша аудармашы – төл шығарманы мүмкіндігінше мазмұн-мәнін, көркемдік қасиеттерін толық сақтап, әлсіретпей басқа тілде жеткізуші, сондықтан ол туғызған аударма өлең қалайда төл шығарма емес, оның екінші тілдегі басқа нұсқасы, туынды шығарма» болады деуі әбден заңды.

«Ал, Абай болса, ол қазіргі аудармашылардай тек түп-нұсқаны бар қалпында жеткізуді ғана мақсат етпеген. Қай шығарманы болсын өз көңіл күйіне үйлестіре, қысылмай, қымтырылмай еркін тәржімелейді. Сонда да кейбір аударма өлеңдері түпнұсқамен өте жақын келіп, мейлінше үндес шығып жатса, ол – оның ақындық шеберлігінің бір қырынан көрінуі, қызықтап, қазақшалап отырған түпнұсқаның сарыны мен өз ой-сезімінің арасындағы үйлестіктің нәтижесі» [2, 160] – деп ақынның асқан шеберлігін сөз етеді. Абай – көркем аударма шебері. Жақсы аудармашыға қойылатын негізгі талаптардың бірі өзі аударатын тілді өте жақсы меңгеруі тиіс. Ал Абай орыс тілін жетік білген. Қазақ оқырманы Абайдың аудармалары арқылы көптеген алыс және жақын елдердің рухани құндылықтарымен таныса алды. Аударма – халық пен халықты жақындастыратын алтын көпір деп бекер айтылмаған болса керек.

#### **Әдебиеттер:**

1. Ғалым мұрасы – ел жадында // <https://anatili.kazgazeta.kz/news/13909>
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – А.: Ана тілі, 1995. – 272 б.
3. Ауэзов М. Время и литература. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1962. – 140 с.
4. Елеуєнов Ш.Р. Пушкин и эпистолярный роман Абая // Литературно-художественный диалог. Коллективная монография / Отв. редактор С.В. Ананьева. – Алматы: UniqueService, 2008. – С.15-39.
5. Абдрахманов С. Коран и Пушкин. Астана: Елорда, 2006. – 182 с.

**Қизат Тілеуберді,**  
Абай атындағы РММИ,  
жоғары санаттағы қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі, «Шебер педагог»

## ОҚУШЫ ЕСІНДЕ ОТЫЗ БІРІНШІ СӨЗ БОЛСА?...

Абай – адамзаттың ақылшысы. Абай – кемелділік кілті. Абай – даналық бастауы. Абай – руханияттың қайнар бұлағы. Абай – ұлттың ағартушысы. Иа, бұл күнде есімі алты алашты емес, алты құрлықты ойландырған Абайдың соқпаған соқпағы, қозғамаған тақырыбы жоқ шығар, сірә? Абай елді түзеудің жалғыз жолы ағартушылық бағыт екенін алға тартады. Абайды мазалаған бұл тақырып өзектілігін әлі жойған жоқ. Бұл күнде ғылым саласы сан түрлі өзгерістер мен реформаларға ұшырап, оқу мен оқытудың әдістемесі әр таң сайын жаңарып жатқан кезде қазақ ғылымы қайтпек керек?

Ғылымның жаһандық үрдісінде әр ұлт жұтылып кетпес үшін ұлттық ғылымына, ұлттық әдістемесіне жүгінгені абзал. Менің осы орайда Абайдың отыз бірінші сөзін оқушы есте сақтаса деген ұстаздық ұстанымым бар. Абай білімді немесе ақпаратты тек естіп қана қоймай, өмірде пайдалануды мұрат етеді. Міне, осы тұжырымды ой – бүгінгі әлемдік ғылымның көздеген нысаны.

Отыз бірінші сөзде естіген ақпаратты ұмытпасқа төрт түрлі себепті алға тартады. *«Бірінші – көкірегі байлаулы берік болмақ керек»* [1, 116]. Көкіректі байлау, берік болу дегенді қалай түсінеміз? Әрине, бұл дегеніміз-бар ынта жігерімен, ықылас-зейінімен зердені шоғырландыру. Алайын, білейін деген ақпаратқа ынталы болу, сену, өзін уәждеу. Бүгінгі күндегі ең бір өзекті мәселе – осы. Ең бірінші, жоғарыда айтылған осы басқыш ескерілмейді. Тапсырма немесе ақпарат берілгенде бірден түрлі сылтаулар ойлап табуымыз, маған ол неге керек деуіміз, мен оған лайықты емеспін, бәрібір оныкі дұрыс болады, ертең істей саламыз т.б. іс-әрекеттері көкіректі байлауға, көңілдің беріктігіне кедергі болмақ. *«Екіншісі – сол нәрсені естігенде, я көргенде гибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек»*[1, 116-117]. Абайша айтқанда көкірек көзімен қарау, оқу, есту. Бұл тұрғыда әр сөздің мағыналық, тақырыптық, танымдық жағына мән беріп, ойды қозғау. Демек, жаратылыстың кез-келген түріне бей-жәй қарамай, үніле, зерттей, ой елегінен өткізе қарау, есту. Бұл тұста оқушы өзіне ішкі монолог сұрақтарын, жұбымен диалог сұрақтарын көптеп қойса құба құп болады. Себебі, сұрақ адамды ойлануға, ойландыруға, әсерленуге, уайымдауға, алға жылжуға жетелейді.

Таң қалу, тамсану, мейірлену, құлшыну, талпыну, жиіркену, жаны ашу қасиеттері туындаған жағдайда ғана біз ғибрат аламыз, тұшынамыз, ұғамыз. *«Үшіншісі – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек»*[1, 117]. Бұл күнде оқушылар болсын, студенттер болсын, тіптен қоғамның өзге тобы да естіген, көрген, оқыған дүниелерін ұмытып қалып жатады. Осы жағдаяттың негізгі себебі: ішінен бірнеше қайтарып ойланбау, өзге адамдармен дер кезінде жүйелі түрде бөліспеу, сол ақпарат туралы жазба жұмыстарын жүргізбеу, кері байланыс жасамау. «Қайталау- білім анасы» демекші, кез-келген оқыған кітапты, жаттаған жыр жолдарын, алған ақпаратты, көрген бейнематериалды, тыңдаған әңгімені қайтара еске түсірудің әр түрлі жолдарын, әдістерін жетік меңгерген дұрыс деп санаймын. Мысалы: әдеби көркем шығарманы оқығанда оқумен қатар жазба жұмыстарды қатар жүргізу (авторы, шығарманың атауы, тақырыбы мен идеясы, кейіпкерлер жүйесі, жер-су атаулары, ұлттық құндылықтар, мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері, әдеби-теориялық ұғымдар, авторға хат, кейіпкерге хат) орасан зор мүмкіндіктерге алып келері хақ. Сонымен қатар, айтылым жұмыстарын (дәлелмен айту, ойландыра айту, егер мен автор болсам), тыңдалым жұмыстарын (сіз ол кісімен келісесіз бе, ойын жалғастырыңыз, осы тыңдаған ақпаратыңызға кері байланыс жасасаңыз) жүргізе отырып, сұрақ қоя білу дағдысын меңгеру (ашық сұрақ, жабық сұрақ, соқраттық сұрақ) көңілге бекітудің алғы шарттарының жоғарғысы болмақ. *«Төртінші – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер бір кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді»* [1, 117]. Абай айтқан бес дұшпан адамзаттың қас жауы, білімнің өзегіне түсетін құрт екенін саналы түрде мойындауымыз керек. Білім алу барысында уайымсыздыққа салынсаң, жүйелі жұмыс жүргізе алмайсың. Яғни, тапсырмалар уақытында орындалмайды, ой шоғырланбайды. Салғырттыққа салыну, ұмытып кету, ат үсті қарау сынды кесепаттарды туындатып, шашыраңқы білім алуға соқтырады. Сабақ барысында ойыншы-күлкішілдікке салыну, бірін-бірі түрту, бірінің оқуына бірі кедергі келтіру, күлу арқылы зейіннің шоғырланбауы, сыныптың, топтың, жұптың жұмысына кедергі келтіру. Қайғыға салыну – әртүрлі жанрдағы сериалдар, ниеті түзу емес ойындар, әлеуметтік желідегі гу-гу әңгімелер оқушы ойын бұзып, өзіне қатысы жоқ уайымдар туғызып, білімге деген құштарлығын тоқтатады. *«Осы төрт нәрсе күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер»* [1, 117].

Қорыта келе, мемлекеті, жері, тілі, діні, сан ғасыр бойы қалыптасқан этнопедагогикасы бар қазақ халқы Абай ілімін

жадында сақтаса, жаһандық бәсекелестікке дайын болары сөзсіз. Ендеше Абайдың ілім-білім жолындағы құнды еңбектерін пайдаланып, ғылым мен білім жолында қарыштап алға жылжиық, Алаш баласы!

### **Әдебиеттер:**

1. Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. 2016. – 336 б.

**Нұр Мағазбеков,**

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, магистр,

**Нүргүл Әубәкірова,**

Л. Гумилев атындағы ЕҰУ

## **АБАЙ ТАНЫМЫНДАҒЫ МІНЕЗ ТИПОЛОГИЯСЫ**

Қазақ әдебиеті көптеген тарихи оқиғаларды бастан өткеріп, бүгінгі қалып-жағдайына жетті. Бұл әдеби-көркем үдерістің тоқтаусыз жалғаса берері анық. Дамудың түрлі кезеңдерінде орын алған тарихи ситуациялар мен ахуалдар ел руханиятына – әдебиетіне, жалпы мәдениетіне біршама әсер етіп, болашақ бағдарын таңдауға ықпал жүргізіп отырды. Бірнеше ғасыр бойында қалыптасқан ұлттық құндылықтар жүйесі, салт-дәстүр жоралғылары кеңестік идеология әсерінен өзгеріске ұшырап, тарихи даму сатысын басқа арнаға бұрды. Осы кезеңдерде өмір сүрген ақындар мен жазушылар, ұлт қайраткерлері көптеген өзекті мәселелерді көру, тану арқылы ел бірлігін, ынтымағын сақтау мақсатында үлкен істер атқарып, шығармаларына арқау етті.

Әр тұлғаның шығармашылық мұрасы – қазақ әдебиеті мен тарихының бөліп жармас бөлшегі. Алайда Абайға дейінгі және Абайдан кейінгі қазақ әдебиеті, мәдениеті, тарихы екі түрлі болғандығы жасырын емес. Құндылықтар, категориялар жүйесінің негізделіп, адамзат ақыл-ойының даму сатысына әсер еткен тұлға ол – Абай. Абай мұрасы қазақтың және адамзаттың дамуының негізге алатын моделі іспеттес. Себебі баршаңызға мәлім ақын шығармаларында адам болмысы, дүние жаратылысы тереңірек қарастырылған. Сол себепті ұлттық болмыс тану мен саралаудың негізгі моделі ретінде Абай мұрасын негізге алуымыз қажет.

Абай өмірінің әр кезеңі білім, ғылым іздеумен, кітап оқумен өтті. Бала күнінен отбасындағы адамдар естіген әңгімесі,

тыңдаған әуенінен бастап үлкен кезіне дейін ізденумен, білім алумен өткізді. Әкесінің қасында жүріп ел тарихын, халықтың әлеуметтік жағдайын, тұрмысын жақын таныды. Ақын өмірі туралы Мұхтар Омарханұлы Әуезов: «Абайдың ақындық жолында өзге талай жазушы, талай ақынның барлығының жолынан бөлек өзіне ғана қатысты, ерекше тағдыры болған. Ақындығындағы сол ерекшелік Абайдың бала күнінен бастап, соңғы өлер сағатына шейін өзгеше шарттардың ішінде өткен ерекше өмірінен туған» [1, 62], – деп тарқата түседі. Болыстық қызмет атқарғаннан бастап та көптеген маңызды мәселелерге қанық болды. Олардың әрқайсысы ақын жүрегіне маза берген жоқ. Оны біз өлеңдерінен, қара сөздерін жақсы білеміз. Абай мұрасы – ол қазақ елінің қазынасы. Абай жолы – қазақтың жолы. Себебі өз заманында қазақты Абайдай таныған, Абайдай түсінген адам кемде-кем десек те болады. Қазақта ғана емес, әлемде болып жатқан саяси оқиғалар мен жаңалықтарды оқыған кітаптары, естіген әңгімелері арқылы естіп, біліп отырды. Әлемдік әдебиеттің даму қарқыны, өкілдері туралы көп мағлұмат білгенін естеліктерден біле аламыз.

Кез келген ғылым саласында негізге алынатын басты категориялар жүйесі болады. Олардың әрқайсысы арқылы аталған ғылымның негізін, жүйесін біле аламыз. Осы тұрғыдан келгенде «болмыс ұғымы» көптеген ғылым салаларының зерттеу нысаны. Философия саласынан бастап әдебиеттану саласына дейін адам болмысы, ұлт болмысы секілді тақырыптар қай қоғам болмасын өзектілігін жойған емес. Ежелгі дәуірде өмір сүрген әлем ойшылдарынан бастап қазіргі кезге дейінгі осы сұрақ мазалады. Сол бағытта философиялық трактаттар, көркем шығармалар мен ғылыми еңбектер көптеп жазылды.

Қазақ әдебиетінде де әр кезеңдері осы тақырыптар қарастырылып келді. «Дала философиясы» деп аталатын терең ілімді бар ақылымен, жүрегімен таныған ата-бабаларымыз елдік, бірлік, адамгершілік деп аталатын ұғымдар жүйесін ұлттық болмыс тұрғысынан ұштастыра білді. Осы кезекте жалпы «болмыс», оның ішінде «ұлттық болмыс» не деген заңды сұрақ туындайды. Ұлттық болмыс – белгілі бір ұлт мінезіне, танымына тән ерекшеліктер. Осы ерекшеліктер әр халықты, ұлтты бір-бірінен ажыратып, даралап тұрады. Ұлттық болмыс негізі – құндылықтар жүйесі. Абай шығармаларының тағы бір ерекшелігі – жалпы адам болмысы, адамның ойлау жүйесі талқыға түседі. Сол үлкен философиялық ойдан ұлттық болмыс бөліктерін тарқатып, қазақ танымын ашады.

Абайдағы айтылатын ұлттық болмыс қырлары өзінен кейін Алаш қайраткерлерінің шығармашылығына арқау болды. Себебі Абай өмірі мен шығармашылығы туралы жазған мақалалары

болсын немесе басқа тақырыпта жазған шығармалары болсын, ел болудың, ұлт болудың негізгі тетіктерін көрсетеді. Ол тетіктер бірнеше ғасыр сұрыпталып, сараланып келіп, Абай шығармашылығында жаңаша өріс тапқан.

XXI ғасырда қоғамдағы көптеген мәселелер басқа бағытқа ойысып, өзгеру үстінде. Әсіресе қазіргі жиі айтылатын жаһандану заманында әлем бейнесі, тарихы жаңарып отыр. Осы жаңашылдық ұлт болмысына, танымына әсер етіп отырған жағдайы бар. Сол кезекте ұлттық құндылықтарымызды, болмысымызды сақтап қалу ісіне мән беруіміз қажет. Бұл тұрғыдан алғанда Абай Құнанбайұлы мұрасы негізге алатын басты қағида.

Тарихқа мән беріп қарайтын болсақ, Абай өмір сүрген дәуір бірнеше кезеңдердің бір-бірімен бетпе-бет келуі. Ескі ғұрыптармен жаңа дәуір, жазба және ауыз әдебиеті секілді ескі және жаңа ұғымдар арасында әр түрлі қарама-қайшы оқиғалар туындады. Бұл кезең сол қоғамдағы адамдардың психологиясы, өмір сүру тәртібіне едәуір әсер етті. Әсіресе қазақ арасы үлкен өзгеріске ұшырады. М. Әуезовтің роман-эпопеясында осы тарихи оқиғалардың тоғысындағы орын алған жағдайлар, адамдар арасындағы тартыс жан-жақты бейнеленген. Сондықтан роман атын «Абай жолы» деп беруінің өзі қазақ жолының Абай жолымен бір екендігін көрсету. Өйткені Абай мұрасы – ол барша қазақтың қазынасы.

Ақын өлеңдерінде, ең алдымен, Абайдың өзінің танымы, психологиялық күйі көрініс табады. Өмір сүрген қоғамындағы орын алған жағдайлардың ақын жүрегіне қатты әсер етіп, кеудесі қайғыға толуы – ұлы адамдарға тән қасиет. Осы орайда ақынның «Ем таба алмай» деген өлеңіне мән берелік:

«Ем таба алмай,  
От жалындай,  
Толды қайғы кеудеге.  
Сырласа алмай,  
Сөз аша алмай  
Пендеге» [2, 162].

Ақын қандай дерттің емін таба алмай отыр? Қоғамының ақсап тұрғанына ем таба алмай, шарасыз күй кешеді. Соның әсерінен көңілі, ойы уайымға, қайғыға батады. Сондықтан осындай бағытта өлеңдер жазып, ішкі мұңын қағазға түсірді. Осы сарындас өлеңдер Абай поэзиясында өте көп кездеседі. Олардың барлығында ақын ішкі сырын, көңіл-күйін бөліседі. Бұл өлеңінің соңында осы уақытқа дейінгі хал-күйін:

«Мен паң едім,  
Бейғам едім,  
Ештеңеден қайғысыз.  
Тез дерттендім,  
Кейде өртендім,  
Кейде мұз» [2, 163], –

деп сипаттап келіп, өзінің рухани трансформациясын тілге тиек етіп, басқа күйге ұшырағанын жеткізеді. Оның түпкі мәні, әрине, ақынның тұлғалық толысуын, ішкі эгоны басқара келе көпшілік қамына басымдық беретін деңгейге жеткендігін айғақтайды. Жас жүрегінің жанғанын, тыныш жатудың өзі күш болғандығы ақынның бар ойының, ақыл-қайратының елге арналғандығын, елінің мұңын «көздің жасы, жүректің қаны» арқылы ойлағанын байқаймыз. Әлем әдебиетінде осылай ел тағдыры жайлы ұлттық деңгейде ойлайтын тұлғалар көп кездеспейді. Абай феноменінің бір қыры да осыған байланысты деп ойлаймыз.

Абай Құнанбайұлының бір ерекшелігі өз шығармаларында бедер тапқан ойды, қаузалған мәселені ақын шәкірттеріне де жеткізіп отырған. Осылайша, Абайдағы айтылатын идея шәкірттерінің шығармаларына да арқау болды. Сол арқылы халық арасына кеңінен таралды.

Абай өмірі түрлі қарама-қарсы ұғымдарға, ел ішіндегі тікетірестерге толы болды. Өз өлеңдері мен қара сөздерінде ішкі күйін, болып жатқан оқиғалардың жанына қаншалықты әсер еткендігін ашық жазған. Бірнеше өлеңдерін оқып отырып уақыт пен кеңістік ұғымдарының берілу ерекшеліктерін байқауымызға болады.

«Ішім өлген, сыртым сау» деп айтуының өзінен ақынның ішкі әлеміндегі болып жатқан дүниелерді белгілі бір деңгейде түсіне аламыз. Адам өмірінің кезеңдерін талдап жазған. Балалық кезеңінен бастап, қарттық кезге дейінгі сәттерде адам ойы мен ісінің ерекшелігі, мінезі жан-жақты талданып беріледі. Әр кезеңге тән іс-әрекет, Кәрілік пен жастық, жалғыздық пен көптік, өмір мен өлім. Осы ұғымдар ақын ойына, өмірлік ұстанымының қалыптасуына тікелей әсер етті. Бұл мәселелер ақынның төл өлеңдерінде ғана емес, аудармаларында да жаңаша сипат алған. Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларынан аударылған өлеңдерінде ақын ойы басқа арнада жалғасын табады. Себебі ақын жоғарыда келтірген ақындарды аудару кезінде өз ойымен үндес, пікірлес шығармаларды таңдап аударғанын байқаймыз. М.Ю. Лермонтовтан аударылған өлеңдер ішінде жүрген «Әм жабықтым, әм жалықтым» деп аталатын өлеңінде де ақын ойы Лермонтовпен үндескен. Жалығып, жабыққан сәтте маған кім

сүйеу болар алар екен, кім үміт берер екен деген жүректен шыққан ойы көрініс береді. Осы арада Абай мен Лермонтов арасындағы байланыс жөнінде Мұхтар Әуезовтің мына пікіріне сүйенеміз: «Ел ішіндегі қаққы-соққы, алыс-жұлыстан кекесінмен ашу алып шығып, ызамен сызарып, уайыммен уланып келгенде Лермонтовтың құлақ күйі бұның өз күйі, өз сарынындай болып, дөп келе кетеді. Сонан соң Лермонтовтан әрі аударарды, әрі үлгі алып күйіне күй қосарды» [3, 15].

Абай елу тоғыз жасында дүниеден өтті. Бірақ ақын өлеңдерін, әсіресе шығармашылығының басында жазғандарын оқып отырсақ, егде жасқа келген адам образы көз алдымызға елестейді. Қырық жасқа енді аяқ басқан шақтан бастап «қартайдық», «жастықтың оты, қайдасын» деп өткенін еске алады. Жасы орта кезеңнен енді асып отырса да, ақын ел қамын, адамзат жайын ойланғандықтан «қартайдық, қайғы ойладық» деп айтып отыр. Адамзат мәселесі ойшылды ерте есейтті. Ел ішіндегі қарама-қайшылықтарды көру арқылы ақын жүрегі бейғам жастық шағын аңсағаны байқалады. Ерте кезден ғылым, білімге көңіл бөлмегенін, дүние сырына ерте үңілмегенін өкінішпен айтады. Мысалы, мына өлеңінде ақынның жастық шағын аңсауы айқын аңғарылады:

«Жастықтың оты, қайдасын,  
Жүректі түртіп қозғамай?  
Ғылымның біліп пайдасын,  
Дүниенің көркін болжамай» [2, 136].

Бұл өлең жолдарынан түсінетініміз, жастықтың оты – зор адами әлеует. Жалын атып тұрған жастық шақта ғылымға, болмысты тануға ұмтылу – ойлы адамның әрекеті. Соны орынды пайдалану арқылы дүниенің көркін болжауға болады. Оқу-білім жолына кеш келгендігі, уақытының көп бөлігінің босқа өткендігі туралы ақын ойы «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деп аталатын өлеңінде айтылады. Шамамен жасы қырыққа келген шақта жазған өлеңінде жастық шағының ғылым-білім қуаумен емес, басқа арнада өткеніне іштей қынжылады.

Жалпы Абай мәтіндерінде ғылым концептінің ішкі мағыналық әлемі болмыс жұмбақтарының шешуін табу үшін қажет дүниенің кілті дегенге саяды. Осы идея ақынның бірнеше өлеңі мен қара сөздерінде қайталанып, дамытылып отырады. Яғни, Абай пайымына сәйкес ғылымсыз әлемді тану, ұлттық болмысты ұғыну мүмкін емес.

Сонымен қатар адамның қызығы баласын медресеге оқуға беру арқылы елге қызмет жасау идеясын көтереді. Оқудағы адам



мақсаты – шен алу емес, қызмет жасау. Ол қызмет формасы – халыққа пайдалы өнер үйрену. Абайдың ішкі ойы мына өлең шумақтарында көрініс табады:

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім.  
Ержеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім» [2, 38].

Абайдың жас кезінен бастап болыстық қызметте, әкесінің жанында жүріп, ақындыққа, оқуға көп уақыты болмағанын өмірбаяны жөніндегі деректерден танимыз.

Ақынның оқыған ел азаматтарының елге қызмет ету мәселесі сүйікті ұлы – Әбдірахманның өліміне арналған өлеңдерінде анық жазылады. Болашағынан зор үміт күткен ұлының өмірден өткен кезде шығарған өлеңдерінде өзінің үлкен үміті, арманы айқын берілген. Ұлына арналған өлеңдер желісінде Әбдірахманның ерекшелігі, түзу жолдан тайқымай, орынсыз сөз қозғамайтын қасиеті әкелік зор ықыласпен суреттеледі.

«Жаңа жылдың басшысы – ол,  
Мен ескінің арты едім» [2, 248], –

деген өлең тармақтарынан ұлының жаңа кезеңнің жаршысы болғанын, өзін ескі дәуірдің өкіліне жатқызып отырғанын аңғарамыз. Жаңа жылдың жаршысы деп, жақсы білім мен тәрбие алған, сол білімін ел игіліне арнауды мақсат тұтқан адамды айтады. Осы тұрғыдан қараған кезде ақын мақсаты – жаңа кезеңнің өкілін дайындау. «Мен ескінің арты едім» деген өлең жолы, шын мәнінде, ақынның өз ғұмырнамасына түйінді анықтама бола алады. Әлем елдері ғылымның арқасында қарыштап дамып жатқанын бақылаған ақын ұлт тіршілігіндегі тоқырауды ізденуге бейілсіздік, үйренуге ықыластық секілді тоғышар қасиеттермен байланыстырады. Өлеңде дәл ақын заманының сипаттамасы жоғарыдағы екі тармақ жолмен сипатталған. Өке мен бала – Абай мен Әбіш екі дәуірдің тұлғалары ретінде сараланады. Осы бір ұрпақтар жалғастығының өзі қазақ елінің жаңа болмысын аңғартатындай мәнде пайымдалмақ. Тұтас ұлттық санада ғылымның қадірінің артуы, оқу-білімге ден қоюы осылайша, жаңа кезең бастауы деп ұғынылады.

«Орынсызды айтпаған» деп басталатын «Әбдірахманға» дейтін өлеңінде ұлының жақсы қасиеттерін таныта отырып, кейінгі жас ұрпаққа насихат айтады. Мысалы:

«Жүйріктікпен шалқымай,  
Тура сөзді жақтаған.  
Бала айтса да хақ сөзді,  
Бұрылмастан тоқтаған» [2, 251], –

деген өлең жолдарын оқи отырып әрқашан адалдықты, туралықты бойына сіңірген тұлға бейнесін танимыз. Абай өзі де, өзінің шәкірттеріне де осы ойды жеткізіп отырған. Сол арқылы өмір бойы білім іздеп талпыну керек екендігін ұғындырады. «Әбдірахман өлгенде», «Әбдірахман өліміне» деп аталатын өлеңдеріндегі Әбдірахманның бойындағы жағымды қасиеттер – әр адамның бойында болуы тиіс деп есептейді ақын. Осылайша, ақынның философиялық-эстетикалық мұратына сәйкес ұлттық болмыс мазмұнынан табылуы тиіс жасампаз қасиеттер – турашылдық пен шыншылдық, әділет сөзіне тоқтай білу.

«Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» деп аталатын өлеңінде ақынның осы уақытқа дейін өткізген өміріне өзінің ойын, өкінішін білдіреді. Осы арада Абайдың өз-өзіне белгілі бір уақыт сайын есеп бер деп өсиет айтатын сөзі еске түседі. Әр адам белгілі бір уақыт арасында өзінің өміріне, атқарған қызметіне есеп беріп отырса, мінін түзеп, жақсылығын асырса адамның ішкі және сыртқы әлемі нұрлана, жақсара түседі. Абайдың негізгі гуманистік ойы осы бағытта.

«Сеніскен досым да жоқ, асығым да,  
Ақыры өлең қылдым, жасыдым да.  
Көрмеген көп дүние көл көрінді,  
Кірлемеген көңілдің ашығында» [2, 74].

Ақынның бұл өлеңінен де «жалғыздық» ұғымы көрініс табады. Жалғыздық күйі ақын өмірінде, сайып келгенде, шығармашылыққа бет бұруға алып келді. Сондықтан жеке тұлғалық өсу жолы тұрғысынан қарағанда, оның көптің ішінде жалғызсырауы ақындық әлеуеті мен үнінің күшеюіне септігін тигізеді. Тұлғаның іштей өзімен өзі сырласуы, ауыр мұңнан психологиялық арылуы осы орайда шығармашылық үдеріске бастайды. Абайдың әр туындысында әлем атты ұлы болмысты білуге, тануға құштарлық сезіледі. «Көрмеген көп дүние көл көрінді» деуі – соның айғағы. Жер ортасы жасына жеткенде білгенінен білмегені көп екенін мойындауы, бір жағынан, ақынның өмірге құштарлығын да кейіптейді. Қоршаған дүниені танып-түйсіну және оны елінің игілігіне жарату, көкірек көзін ашу – Абай өлеңдеріндегі үздіксіз ағартушылық сарын.

«Жалғыздық» – бұл әлемдік ойлау жүйесінде мәні терең категория. «Жалғыздық» елден жырақтау, тәкаппарлық емес,

тұлғаның рухани деңгейдегі позициясы. Рухани жалғыздық элем әдебиетінде үлкен орын алады. Заманынан асып туған адамдардың жалғыздық күйін кешетіндігі айдан анық. Жалпы тарихтағы ұлы адамдардың өмірбаянын оқып отырсақ, олардың басым көпшілігі қоғамнан тыс жүріп, жалғыз болғанын байқаймыз. Жалғыздықта болу арқылы өзінің жүрегіндегі терең ойларға назар аударып, оларды сыртқа шығарады. Сол арқылы дүние болмысы, адам жаратылысы туралы пәлсапалық ойлар қозғайды. Доспыз, біргеміз деген ұрандардың жалғандықтан жасалғанын Абай бұл өлеңінде ашық айтады. Ең негізгі сырашар сырласы осы қалам мен қағаз екендігіне көз жеткіземіз. Абай жалпы психология бағытында арнайы еңбек жазбаса да барлық өлеңдерінен терең психолог екенін байқаймыз. Әр өлеңінде психологиялық пікірлері көптеп кездеседі. Сонымен қатар өте терең, жан-жақты психологиялық күй баяндалады. Өмірінің соңына қарай, 1900 жылғы жазылған шығармалар қатарындағы «Жүрегім, нені сезесің» дейтін өлеңінде жоғарыда айтылған ой одан әрі жалғасын табады. Бұл өлеңде ақын жүрегімен тілдеседі. Жүрегіне мұңын шағады.

Жүрегіне сауал қою арқылы ішкі күйін, тілеуін жеткізеді. Қоғамдағы адамдардың ойының, тілеуінің басқа арнаға ауысқаны сонша, тыңдаған ақылы үшін ақы сұрайтындарын, бермеген жағдай болса түңіліп қалатындарына өкінішін білдіреді. Кеңесетін адамының болмауы, ақылына ақыл қоспауы ақын жанын күңіrentкені осы өлеңінде анық көрінеді. Алғашқы шумақтан бастап жүрегімен диалогқа түсіп отырып, ойын былайша қорытындылайды:

«Күйесің, жүрек, күйесің,  
Күйгеніңнен не пайда?  
Дүниеде нені сүйесің,  
Өмір қайда, дос қайда?» [2, 363].

Өлең соңында өзіне де, өзгеге де сұрау салады. Осылайша, прагматикалық тұрғыда ақынның өз-өзімен сырласуы «жүрекке» қарата сөз арнау арқылы іске асады. Жүрек бұл поэтикалық жағдайда дербес көркем тұлғаға айналады. Лирикалық лептегі арнау сөздері, шын мәнінде, ақынның ішкі ой-сезім арпалысын, ондағы қайшылықтарды арқау еткен. Ақын «күйіну» етістігінің семантикалық шеңберіне әр тарапты толғамдарды сыйғызып жібереді. Ақын қолданысындағы күй сөзі асықтық, достық сезімдерімен қоса, налу, өкіну, ызалану сынды эмоцияларды да жинақтап жеткізеді. Өлеңдегі «күй» – поэтикалық жағынан «өмір сүру», «тіршілік ету» ұғымдарының баламасы. Болмысты Абайша сезіну мен саралаудың ерекшелігі де осы тұста

айқындала түседі. Бұл өлең жолдарының мәні от болып лаулап жанып күн кешкендегі тапқаның не деген риторикалық сауалды арқау еткен.

Абай Құнанбайұлының уақыт пен кеңістік аясындағы ішкі ойы, түйгені, өмір туралы көзқарастары, түсініктері әр тақырыпта жазған шығармаларынан байқалады. Жастық шақ, кәрілік кезеңдері жөнінде жазған шығармаларында әр кезеңге тән мінезді суреттеп, адам табиғатын қарастырған.

«Бір дәурен кемді күнде бозбалалық» деп аталатын өлеңінде адам өмірінің ең бір құнды, құнарлы кезеңі жастық шақтың ерекшелігі, маңызыдылығы жөнінде ой қорытады. Жас кезде әр нәрсеге мән беріп, тереңірек ойланып, білім іздеу қажет екендігін ұғындырады. Жас кезінде бойдағы қайратты өнер іздеп, адал еңбекпен мал табуға жұмсау ең басты мақсат екенін естен шығармай, бос күлкіге алданбауға үндейді. Осы ой ақынның «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» атты өлеңінде жалғасын табады. Думанды өмірдің шынайы парқын бағалауға үндейтін осы туындысында ақын «күлкі» метафорасына үлкен философиялық-эстетикалық мән үстейді. Абайдың стильдік қолданысындағы күлкінің астарында поэтикадағы карнавалзация тұжырымы жатыр деп топшылаймыз. Әлемдік әдебиеттануда беделді теориялық толғамдарымен өз орнын алған М.Бахтин пікіріне сүйенсек, әдебиеттегі салмақты ой мен әжуаның сапырылыса көрініс табуы, былайша айтқанда, фарс деңгейіне жеткізілуі, осы карнавалдық құбылысты білдіреді.

Қорыта келетін болсақ, Абай шығармашылығы арқылы ұлттық болмысты танудың моделі қарастырылып, жеке тұлғаның рухани кемелдену жолындағы «толық адам» ілімінің алатын орны айқындалды. Ақын өлеңдері мен қара сөздерінен нақты мысалдар келтіре отырып, ұлттық кодты, танымды айқындайтын категориялар жүйесі ашылды. Сол арқылы Абай мұрасының қазақ болмысынан ажыратып қарауға болмайтын негізгі бөлшегі екендігіне көз жеткізілді.

### Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 8-т. Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 504 б.
2. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. Т.1. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. – 604 б.
3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 10-т. Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2003. – 456 б.

**Гүлсезім Болат,**  
М.О. Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институтының  
1-курс магистранты

## **ДУЛАТ ИСАБЕКОВ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САРЫННЫҢ КӨРІНІСІ**

Барлық іргелі елдердің әдебиеті сияқты қазақ халқының дәстүрлі ұлттық әдебиетінің де өзінің әдет-ғұрып, салт-дәстүр мәселелерін фольклорларынан білуімізге болады. Ол – бүгінгі тым жеделдеп кеткен жаһандану үрдісінде де ұлттың өз болмысын сақтап қалуға пана болатын алып бәйтерек. Елдің ежелгі дүниетанымын саралауда, өмір салты мен рухани әлемін бағамдауда одан өткен кенен қазына, құнды да құнарлы дерек өзі жоқ.

Жырау мен жыршылар көлемді эпостық жырларды айтуды үрдіс етсе, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, тұрмыс-салт, айтыс сияқты ұсақ формалы өлеңдерді кішігірім айтушылар тудырып, көпшілікке ортақ рухани мұраға айналдырып отырған. Осы ретпен туып, атадан балаға жетіп, ел аузында сақталып келген көркем сөз өнерін, оның айтылу және орындалу ерекшеліктерін фольклор дейміз.

Суреткер шығармашылығының халықтығы туралы сұрақ оның фольклормен байланысын талдамай шешілмейді. Фольклор – көне дүниенің тамырымен тығыз байланысқан ортақ шығармашылық. Қаламгерлер баяндаудың тұрмыстық сипатын айқындай түсу үшін фольклорлық сарындарды жиі қолданады. Фольклор мен әдебиет екеуі де тілдің ұлттық байлығының негізінде қалыптасып, дамиды, олардың тақырыптары халқымыздың тарихи және әлеуметтік өмірімен, тұрмысымен, еңбегімен байланысты. Сондықтан да фольклор мен әдебиеттің шығармашылық байланысы, олардың үнемі болып тұратын идеялық-көркемдік әсер-ықпалы өте заңды құбылыс. Жазушы шығармашылығындағы фольклорлық дәстүрлерді зерделегенде, фольклордың үлгілері әр қырынан көрінеді.

**Мақал-мәтелдер** қазақ фольклорының ұсақ жанрларының бірі саналады (Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.1. 2008: 788). Ал халық даналығы саналатын мақал-мәтелдердің мән-маңызын ашып, оны шығармаларында өте талғампаздықпен пайдаланғаны жазушы повестерінен айқын көрінеді.

Жазушының өз ойын дәлді көрсету үшін шығармаларында мақал-мәтелдерді жиі пайдаланғаны төмендегі шығарма үзінділерінен көруімізге болады:

**«Тыныштық күзетшісі» повесінен алынған мақал-мәтелдер:**

«Мұндай қазаны жыламай қарсы алайық. Еркек тоқты құрбандық... *Ер адам үйде туылып, түзде өледі.* Амал қанша... Мықты бол!» деген үйреншікті сөзден басқа ешнәрсе айта алмады. [2, 14]

**Жау жазадан алғанда, бөрі етектен.** Осындай кезде кісі тонап жүрген қандай қара жүрек екен десеңші! – Мұны айтқан Баяғы Жылауық Шәмсия. (19-бет)

Қазақтағы **«кімді айтсаң – сол келеді»** деген мақалдың таза өмірден алынғандығын іс жүзінде дәлелдегісі келгендей дәл осы сәтте есік айқара ашылып, қолында дорбасы бар Демесін кіріп келді. [2, 21]

**«Жазым болса быламыққа тіс сынады»** деген. Кеше менің де бір тісім сынып қалды, міне, - деп дәлел ретінде аузын ашты. [2, 46]

#### **«Кеш туған жұлдыз» повесінен:**

Намысшылың қарай гөр өзінің. Намысшыл болсаң, тіліңмен емес, ісіңмен намысшыл бол. **«Еңбек ет те, міндет ет»** [2, 175]

**«Қорқақты қуа берсең, батыр болады»** дегендей бойжеткен қыздың да бірте-бірте тілі шыға бастады. [2, 206]

**«Тоқшылық не дегізбейді, жоқшылық не жегізбейді»** деген бұрынғылар, әне солар дұрыс айтады. [2, 220]

**«Жақсы адамнан жан аяма»** деген. Апаң сыйлап тұр екен, сен ала бер. [2, 234]

#### **«Ертегі елінде» повесінен:**

Алдар көсенің елінде **«Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ»** деген жақсы мақал бар. [2, 127]

**Батырлар жыры.** Ауыз әдебиетінің ең бай да көне жанрларының бірі эпостық жыр да Дулат Исабеков повестерінде көрініс алды. «Тыныштық күзетшісі» повесінде Демесіннің образын сипаттау мақсатында «Қобыланды батыр» жырынан үзінді келтірген:

Алыстан тыныштық күзетшісінің даусы талып естілді. Дауыс бірте-бірте жақындай түсті.

Қабағынан қар жауып,  
Кірпігіне мұз тоңып,  
Қатуланып қаттанды  
Буырқанып бұрсанды  
Мұздай темір құрсанды.  
Топталып тұрған жауларға  
Қобыланды батыр жол салды.  
Жалғыз өзі батырың  
Жойып кетіп барады... [2, 35]

**Ертегі.** Әлемдегі барлық халықтардың фольклорында бар жанр. «Ертегі – халық жанынының айнасы», – дейді В. Белинский. Фольклордың бұл түрінде жазушы назарынан тыс қалдырмаған.

«Ертегілер елінде» повесінде жазушы «Алдар көсе мен шайтан» ертегілерінен үзінділер еш өзгеріссіз келтірген.

*Бір күні Алдар көсе мен шайтан екеуі түлкі қуып соғып алып, қай жасы үлкеніміз алайық дейді.*

*Алдар көсе шайтанға: «Кәні, сен нешедесің? Жасыңды айт», – дейді. Шайтан: «Мен туғанда көк табақтай ғана, жер кеседей ғана еді», – дейді. Алдар көсе еңіреп қоя береді. Шайтан:*

*«Неге жылайсың?» – дейді. «Менің үлкен балам нақ сол жылы туып еді, құрдас екен - ау деп жылап тұрмын», – депті. Сүйтіп, Алдар көсе үлкен шығып, түлкіні алады.*

*Жастық кезде жасаған бір білместігім бар еді, мына шайтандар соны әлі күнге дейін сөз қып қояр емес, - деп былдырлады Әңгүдік. – Алдар екеуіміздің ұзақ сапарға шыққанымыз рас еді. Жаяу жүріп шаршаған соң мен тұрып: «Алдар! Бүйітін жаяу жүріп екеуіміз де бірдей шаршағанша кезек-кезек шаршайық» дедім. «Қалай?» деді ол. «Екеуіміз бір-бірімізге мінейік те ән айтайық. Кімнің әні ұзақ болса, сол ұзақ мінеді» дедім. Ол келісті. Бірақ, бірінші кім кімге мәнеді деп ұзақ ойландық та, кімнің жасы үлкен болса сол мінсін деп шештік. Сөйтіп жас сұраса бастадық. Мен туған кезімді айттым. «Мен туғанда аспан алақандай, жер тоқымдай еді. Менің туған күнімде үлкен той бопты» дедім. Сөйтіп ем, алдаркөсе ал кеп жыласын. «Бауырым-ай, бауырым-ай» деп екі бүйірін таянып алып қояр емес. «Не болды?» деп сұрап ем: «ойбай, сол тойда менің кенже балам көкпар шауып жүріп аттан құлап қайтыс болып еді, сен сол баламды есіме салдың» деп тағы жылағаны. Әрең қойдырдым. Сөйтіп, ол бірінші мінді. Мінді де өлең бастады. «Әлаулай-лай» деген өлең: «Әлаулай-лай» деп айтып келеді, айтып келеді. Бітер емес. Әбден шаршадым. Сонан соң: «Ей, Алдар, сенің «әләуләйің» біте ме өзі?» дедім. «Ойбай, бұл өте ұзақ өлең. Егер «әләуләйім» бітсе, «әриайдайым» тағы бар деп, «әриайдай, әриайдай» деп әндете жөнелгені. Сөйтіп ол мені бір ай мінді. [2, 141]*

**Халық әндері.** Ауызша дәстүрмен сақталған және қоғамға таныс қандай да бір ұлт пен этникалық топ адамдарына арналған ерекше әуендер – халық әндері де Д. Исабеков повестерінде кездескен.

**«Тыныштық күзетшісі» повесінен:**

Перизат жасқана басып ортаға шықты да, балаң дауыспен **«Күләнда»** әнін бастады.

Көк ала үйрек жүзеді көл бетінде,  
Жаксылардың мейірімі келбетінде.

Тел қозыдай тең өскен қайран көкем,  
Есен-аман жүрмісің жер бетінде.  
Беу, Күлэнда-ай,  
Кім салды екен бұл әнді-ай,  
Еске түссе аңсаймын.  
Отырған жерден-ай тұра алмай.  
Беу, Күлэнда-ай,  
Жатсам ұйқым келмейді  
Тірі де ме екен-ау жалғанда-ай... [2,17]

Мәнсия мен Шәмсия өлең бастап кеп жіберді.  
«Қаратаудың басынан көш келеді.

*Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді...*» деп олар «Елім-ай» әнінің зарлы жолдарын озандата жөнелді. [2,38]

**Мифология.** Фольклорлық санамызға берік орын тепкен, қазіргі прозада ұлттық негізбен байланыстырылатын рухани байлығымыздың бір қайнар көзі мифтер болып табылады. Қазақ әдебиетінде ескі аңыздары қайта жандандыра отырып көркем игеру, мифтік сюжеттерді көркем сюжетке айналдыру тарихы ХІХ ғасырдан басталады. ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде аңыздарды көркем құралдар арқылы игеру дәстүрін қалыптастырған М.Жұмабаев, С.Сейфуллин шығармашылықтарында поэмалық сюжет жасаудың үлгілері түрінде көрінді.

**Мифтік элементтер көп кездесетін еңбегі** – «Ертегілер елінде повесті. Жазушы бұл еңбегінде мифтік, ертегі, аңыздық элементтерді астарлы ойдың негізгі кілті есебінде пайдалануды көздейді. Автордың бұл повесі өз үйінен қашып кеткен оқушы Ермектің бұлақ жанындағы апанның түбінде отқан алба-жұлба киінген мыстан кемпірді көруімен басталады.

- *Талай рет алдаймын деп опық жеп қайттым. Бастығым қайта жібереді: мен қайта келем. Брде шайтан боп келем, бірде жай адам боп келем, бірде кез-келген жануарға айналып, түйе, ат, сиыр, есек боп та келем.* (Құбылту мотиві) [2,117]

Автор прозалық шығармаларда мистикалық сарынды принцип ретінде мақсатты түрде жүзеге асырылған. Ол фольклорлық жанрлар мен образдардың қолданысынан байқалады. Ертегі қоғамның өзекті мәселелерін көтеріп, жағымсыз құлықтарды әшкерелейді. Шығармаларын жазарда автор көрермен жүрегіне әсер ету мақсатында байланыстың әр түрін қолдануы көркемдік тәсіл мақсатында пайдаға асырылады.

**Фольклорлық образдар.** Жазушы шығармашылығында фольклорлық образдарды қолданға. Оның шығармаларындағы фольклормен байланыс, негізінен, генетикалық және үндестік түрде жасалған. Генетикалық байланыс, әсіресе, мифологиялық образдарға қатысты.



**Автор өзінің «Ертегі елінде» повесінде фольклорлық образдарды кеңінен қолданған:**

Қазақ ауыз әдебиетінің кейіпкері, зерделі қу, айлакерлігімен елге әйгілі Алдар көсе жайлы бір емес, бірнеше рет атап өткен:

- *Күнi бойы ешкiмдi алдай алмадым. Қазiр жұрттың бәрi пысық, бәрi қу боп алған. Кейде өзiңдi алдап жiбередi.*

- *Рас па? Сiздi кiм алдады? Есiңiзде ме?*

- *Неге болмасын! Ордабасы деген жерде, қазiргi Шымкент облысында Алдар деген бiреу тұрып едi. Ойбоой адамның қуы едi-ау, талайысызды алдап, жер соқтырып кеттi гой?!*

- *Алдаар? Кәдiмгi әйгiлi қу Алдаркөсе ме? Сiз Алдарды көрдiңiз бе?*

*Е, көрмегенде! Өзiнде бiр тал сақал-мұрт жоқ, көсе болатын.* [2,117]

- *Содан соң, бұл тойға қазақтың батыры Ермек қатыспақ.*

- *Кiмнiң батыры дедiң?*

- *Қазақ батыры, ұлы мәртебелiм*

- *Қазақ? Ондай ел бар ма?*

- *Бар болғанда қандай. Бiз қазiр сол елдiң территориясында отырмыз.*

- *Бәрiбiр мұндай халықты естiмеппiн.*

- *Естiмеуiңiз мүмкiн емес, әмiршiм, Атақты Алдар көсе осы елден шыққан. Ол сiздiң жиенiңiздi осыдан мың жыл бұрын бiр ай бойы есең қып мiнiп жүрiп, бәрiмiздi масқаралаған болатын.*

- *Ах! Ах! Оңбаған... Есiмде... [2,125]*

Сонымен жеке авторлардың көркемдік көзқарастары мен принциптерін де атаймыз» деген болатын. Зерттеуіміздің мақсаты – қазіргі қазақ поэзиясындағы мифопоэтикалық образдар жүйесін талдау. Соңғы жиырма жылдықта жарық көрген шығармалар жинағынан мифтік сарынның ізін байқап, ақындар сомдаған, не ойлап тапқан мифтік образдарға тоқталамыз.

Зерттеушілер А.А. Мауленов, Д. Қалиақпар [3]: «Қазақ прозасында мифті шығармашылықпен игерудің үш бағытын атап өтуге болады. Оның бірі таза мифтік сюжеттерді, екіншісі мифтік образдарды, үшінші мәтін бойында мифтік архетиптерді кейіпкер бейнесін ашу мақсатында пайдалану. Оның бар екенін және ол барша қаламгерлерімізге ортақ қолданыс екенін де есте ұстағанымыз орынды» - дейді. Бүгінгі қазақ поэзиясында мифологияға соқпай кеткен ақындар кемде-кем. Өйткені рухани жаңғыру, ұлттық код, түркі мәдениетінің бастауларына деген қызығушылық артты. Халық өз қазығына орала бастады.

Г.Мүрсәлім «Қазақ поэзиясындағы мифология» атты мақаласында қазақ мифологиясындағы кейіпкерлерге тоқтала келіп, олардың қазіргі қазақ поэзиясындағы зерттелуі кешендеп

қалғанын айтқан болатын [4]. Біз білетін Албасты, Алып, Айдахар, Жезтырнақ, Жалмауыз кемпір, Пері, Жалғыз көзді Дәу, Дуана, Желаяқ, Көлтауысар, Сайтан, Сөрел (орман иесі) киелі саналатын Ұмай ана, Көк Тәңірі, Пырақ, Бөрі, Көк өгіз, Су иесі, төрт түлік атасы Ойсыл қара, Қамбар ата, Зеңгі баба, Шопан ата, Сексек ата, діни сенімдерден Баба шәшті Түкті Өзіз, Қыдыр ата, т.с.с. мифтік образдар ақындар шығармашылығында қазақ дүниетанымына тән болмыспен кездеседі. Қазақ және түркі халықтарының түсінігінде Ұмай ана – Тәңірдің жұбайы екен. Жер ана осы Ұмай ана есімімен байланысты болса керек. Себебі, қырғыз мифологиясында Ұмай сүтімен асыраушы, мал мен өнімнің құдайы деседі. Сонымен қатар, ұрпақ жалғастырушы, аналардың періштесі деген түсінік те қалыптасқан. Мысалы, ақын Ерлан Жүністің «Ұмай» өлеңінде [5, 11]:

Еркіндікте махаббат туылмайды, а, Ұмай,  
Өкініштің қанаты суылдайды, а, Ұмай,  
Дәл төбемнен жұлдыздар зуылдайды, а,  
Ұмай,  
А, Ұмай,  
Ұмай! –

деп шарасыздықтан көмек сұраған жанды байқаймыз. Өлеңнің әр жолында Ұмайдың аты аталған. «Келіп маңдайымнан сүйіп кет» деп Ұмай ананы шақырады. Өйткені аңызға сенсек, отбасы, ошақ басының киесі, оның берген батасы қабыл болып, тілектер орындалады. Ал ақын Мирас Асанның «Ұмай ананың жыры» өлеңінде Ұмайды сөйлеткен [6,5]:

Қан жұмып туған қолымды бермедім,  
Іргеміз сөгілер еді...  
Қан жұтып жатқан елімді көрмедім,  
Көз жасым төгілер еді...  
Ұлым уызымды тауыса алмай,  
Орысқа омырауымды еміздім.  
Қызым құнан қойды тауыса алмай,  
Қытайға қалжамды жегіздім!

Осы өлеңде Ұмай ана-Жер ана-Отан ұғымында ұштасып, халықтың басынан өткен тарихын баяндаған. жауға бір нәрсені беріп, басқа сын қорғап отырдым дегенге саяды. Ақынның тұспалды тұжырымдарына сұғына отырып ұққанымыз, қазақ жерін Ұмай ана желеп-жебеп отырған.

Түркі халықтары, оның ішінде қазақтар да тәңірге сыйынған. Осы тәңіршілдік қанымызда болғанын Мирас Асан «Тәңірсый»

өлеңінде Көк Түркілер, Көк Тәңір, Көк бөрілер деген мифтік образдар арқылы көрсеткен. Осы орайда қазақ ұғымындағы Көк атрибуты аспан әлемі, жеті қат аспан үстіндегі Жаратушыны меңзеп тұр [6, 15]

Алаш рухын арқала, аға!  
Көк тер боп,  
Алаш туын арқала, аға!  
(Көкпар көп...)  
Көк бөрілер ұлыған Көк Тәңірге,  
Көк Түркілер бара жатыр  
Тоқтар боп!

Осы ақынның «Көктем» өлеңінде «Көк бөрі ұлып, әуелі керілмейінше» деген жолдар бар. Түркі халықтары көк бөріден тараған деген аңыз бар. Сондықтан халықтың айбындылығын, тектілігін көрсетіп, рухты көтеру мақсатында ақындардың «көк бөрі» образын жиі қолданатынын байқаймыз.

Сонымен қатар, мифтік аңызға желі болған Баба түкті Шашты Әзізді де ақындар жырға қосқан. Баба түкті Шашты Әзіз – бүкіл қазақ жұрты жауға шапқанда ұрандатып, қиын заманда табынатын киелі әулеі болған екен. Мирас Асаннның «Ұлытау» өлеңінде Ұлытау куә болған тарихи жайттарды тізбектеп шыққан. Тарихтан белгілі Едіге батырды осы бабамыздың ұрпағы деген мифтік оқиғаны негізге алады [6, 45]:

Ұлытаудың төрінен,  
Қолтығы тесік періден,  
Шашы түкті Әзізден,  
Қалған ұлы – Едігем!  
Бижантайған – Ұлытау...

Қазақ поэзиясындағы мифопоэтикалық образдардың бірі – киелі пырақ.

Академик С. Қасқабасов: «Егер Еуропада миф құдайлар туралы әңгімелер деп түсінілсе, онда біз қазақтардың мифі бойынша адамдар мен жануарлардың мифтік ата-бабалары туралы, демиургтер туралы, мифтің жасалуы туралы, жануарлар мен құстардың ерекшеліктері туралы әңгімелер айтамыз <...> Типологиялық тұрғыдан алғанда, қазақ мифтері (архаикалық) классикалық мифтерге жақын» [7, 65] дейді. Киелі пырақ образы аспаннан түскен Бурақ деген қанатты атпен байланысты. Біз ол қанатты аттың болғанын құран аяттарынан, хадистерден білеміз. Пырақ осы Бурақ сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшараған түрі. Жылқы көшпенді халықтың тотемдік белгіге ие атрибуттарының бірі. Өйткені жылқыны үйретіп, мінуте

үйреткен түркілер деседі. тіпті атқа мінген адамның негізінде басы адам, денесі жылқы кентавр образы пайда болған. Тоқтарәлі Таңжарықтың «Жолушы» өлеңінде киелі пырақты есіне алады [8, 24]:

Түнжыр мұңлы көздерін түнге малып кісінеп,  
О, киелі пырағым, қасіретінді түсінем.  
Мың жылғы бір мұңдары енгендейін түсіне,  
Көкбөрілер ұлиды көгілдір тау ішінен.

Ақынның шығармасы реалистік сипаттан гөрі мифтік поэтикаға ден қойған. Ал, Мирас Асанның «Адай аңыз. Суын жыры» деген өлеңінде бұрын кездеспеген мифке жолығамыз. Суын - теңіз жылқысы екен. Ұрғашы құлын есейген соң, түсінде суынды көріп ғашық болған. сөйтіп айлы түнде теңіздің қасына барады. Сол кезде теңізден суын-су жылқысы шығып, оған шабады. Сөйтіп, үстінен су тамшылап тұратын құлын туылады. Оны көзден таса, оқшаулап өсіреді екен. Шығарма осы аңызға құрылған. Арғықазақ мифологиясын зерттеуші Серікбол Қондыбай судан шығатын жылқыға қатысты мынадай дерек келтіреді [9, 59]: «Бір ертегіде» алтын жылқылар бір көлдің астын жайлайды екен» делінсе, екінші біреуінде «алып қарақұс алып кеткен алтын құйрықты биені іздеп келсе, қасында көлден шыққан бір ат тұр екен деген үзінді бар. Қарап отырсаңыз, қазақ ертегісінде әлдебір көлдің бар екендігін, осы көлдің астында алтын жылқылардың бар екендігін білуге болады, тек қазақтар аңыз-хикаяларда осындай түсініктерді мөлдір күйінде сактай алмаған». Сонымен ақын суын жайында былай дейді [6, 31]:

Сүттей аппақ Теңіз түні.  
Тамыры бір, егіз түбі.  
Су ұсынған еріне әйел,  
Суын келген – Оғыз пірі!

Ақындар шығармашылығында кездесетін мифтік образдардың бірі – киелі жерлер. Қазақ даласында киелі тастар, ағаштар, құдықтар, бұлақтар, үңгірлер, сулар жетерлік. Бірақ біздің санамызда әлі іздеп таба алмаған бір мифтік жер бар. Ол - Жерұйық. Зерттеуші А.Таңжарықованың мақаласында «Виртуальды санадағы мекендер (ғұн заманындағы Ергенекөн, түркі дәуіріндегі Өтүкен, Асанқайғы іздеген Жерұйық)» деп берілген [10]. Расымен де туғаннан адам өз Жерұйығын іздейтіндей көрінеді. Асан Қайғы суреттеген Жерұйықтың адамның санасынан өшпейтіндей көрінеді. Оны өмір бойы іздеп өтетін сияқты. Осы пәлсапаны ақын Мирас Асан былай деп тұжырымдайды [6, 15].

Жерұйық туралы ұғым -  
Мәңгілік ғұмырға сапар  
Көру де тым қиын мұны  
Сызылып таң қазір атар.

Қорыта келе, қазіргі қазақ поэзиясы түркі халықтарына тән мифологиядан сусындаған, ілкі замандардағы ой мен танымды ұғына алған, кейінгі ұрпаққа осы тәмсілді жеткізе алған шығармаларға бай екенін байқадық. Зерттеу кезінде біз талдаған шығармалардағы мифопоэтикалық образдар - адамзаттың қиын-қыстау кезеңінде жалбарынатын құдайы, әулие-әнбиесі, пірі, жаны тынышталатын, дертіне шипа беретін мекені, сырласатын, жорытқанда жолдас болатын жануары. Миф арқылы тарихты тануға болады. Ал поэзия осы миссияны сөз өнері арқылы адамның сезімдеріне әсер етіп, санасына сәуле шашып жүр.

#### Әдебиеттер:

1. Осмонов О. Дж. История Кыргызстана (с древнейших времен до наших дней). Учебник для вузов. Бишкек : Мезгил, 2012. 612 с.
2. Токарева Г.А. Мифопоэтика У. Блейка. «Миф и мифопоэтика» [Электронный ресурс] / Г.А. Токарева. – Режим доступа: <http://lit-prosv.niv.ru/lit-prosv/tokareva-mifopoeitika-blejka/mif-i-mifopoeitika.htm>.
3. Мауленов А.А., Қалиақпар Д. қазіргі әлем және қазақ неомифологиясындағы мифтік мотивтер мен архетиптердің өзара үндестігі // Хабаршы. Филология сериясы. №2 (186). – 2022. – 156-164 бб.
4. Миннегулов М.Х., Мүрсәлім Г.Х. Қазақ порэзиясындағы мифологизм // Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің хабаршысы.- №1(45). – 2020. – 104-109 бб.
5. Жүніс Е. Үміт жырлары. Өлеңдер. Алматы, «Хантәңірі», 2014. – 324 б.
6. Асан Мирас. Бекзат. Өлеңдер. Алматы. «Жалын баспасы» ЖШС, 2012. – 112 б.
7. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
8. Токтарәлі Таңжарық. Түн парактары: өлеңдер / Таңжарық, Токтарәлі, – Алматы: Жалын, 2008. – 63 б.
9. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 12-том. Арғықазақ мифологиясы. 4-кітап. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 536 б.
10. Таңжарықова А.В., Юсуп А.Н. Қазіргі қазақ поэзиясындағы киелі жердің мифопоэтикалық бейнесі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы. №4 (125). – 2018. – 115-120 б.
11. Жанысбекова, Э.Т. Мифологические образы и мотивы в современной казахстанской прозе: диссертация на соискание степени доктора философии (PhD) 6D020500 – Филология [Текст]. – Алматы: Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2018 – 161 с.

**Нұрсәуле Толқын,**  
М.О. Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институтының  
1-курс магистранты

## **ЖАЗУШЫ ЖАҚСЫЛЫҚ СӘМИТҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРБАЯНЫ**

Жазушы Жақсылық Сәмитұлы 1940 жылы 8 мамырда Қытайдың Алтай аймағы, Жеменей ауданының Жәке Ласты деген жерінде дүниеге келген. Дәл осы жылы Алтай аумағының Көктоғай, Шіңгіл аудандарында жергілікті үкіметке қарсы шаруалар көтерілісі басталған болатын. Ел үшін соғыстың суық үрейі кезіп, Алтай бетінен тыныштық кете бастаған аласапыран кез еді. Немересінің алды болып өмірге келген болашақ жазушыға атасы Сәмит «елде тыныштық, жақсылық болсын» деген ырыммен «Жақсылық» деп ат қояды.

Сәмит Тәкебайұлы – Жақсылықтың атасы, қазақы дәстүрмен үлкен немересін баласы есебінде бауырына басып, әжесі Сақыпжамал екеуі ержеткізеді. Ал туған әкесі – Кенжеәлі, анасы – Шолпан.

Ж.Сәмитұлы 19 ғасырдағы қазақ қоғамында қалыптасқан білім алудың, сауат ашудың дәстүрлі үлгісі бойынша ең алдымен діни оқу оқиды. Небәрі төрт жасында Тышыбай деген ауыл молдасының алдынан қара таниды. Тумысынан алғыр Ж.Сәмитұлы діни оқуды да аз уақыттың ішінде жетік меңгереді. Тіпті құран аяттарын жатқа оқитындай дәрежеге жетеді. Сөзімізді мына бір нақты дерек айғақтайды: «Ұлы атасы Жақана «мен өлгенде қабірімнің басына қырық күн құран оқып тұр» деп арыз айтқан екен. Атаның немересінен күткен ол тілегі де орындалады. Жақан тоғыз жасқа келгенде Атасы Сәмит ақсақал дүниеден өтеді. Жақан бұл тұста құранды үш аударып, толық сауатты болған еді» [1, 18].

Ж.Сәмитұлы оқуын ары қарай жаңаша үлгіде жалғастырады. Бұл шынымен де сол кез үшін шетін жағдай. Себебі ол кезде қазақ даласында, әсіресе Алтай бетінде заманауи үлгіде шәкірт тәрбиелейтін мектеп-медресе жоқтың қасы еді. Талапты балалардың көбісі ауыл молдасынан ары асып білім ала алмайтын-ды. Осы тұрғыда Ж.Сәмитұлының тағдыры өзгеше болды. Оның ауылында ірге тасы 1889 жылы қаланған «Жәке мектебі» болды. Жәке Қойтанұлы – Қытай қазақтарының арасынан шыққан көрнекті би, шешен, оқу ағарту ісіне өлшеусіз еңбек еткен тұлға. Бұл туралы Ж.Сәмитұлы «Қытайдағы қазақтар» деген кітабында мынадай деректер айтады: «Жәке би сауат ашу, оқып білім алу сияқты игілікті істерге өте ерте

көңіл аударған адам. Ол сонау 1989 жылдың өзінде Ажының Қаражартасына кірпіштен бір мешіт, үш бөлмелі медресе салдырыпты. Зайсаннан Нұғыман қазірет деген татар оқымыстыны алдырып, оны мешітке имам, медресеге сабақ беретін ұстаз етіп белгілеп, татар тілінде, шағатай емлесінде сабақ бергізіпті» [2, 45].

«Жәке медресесінен» білім алған оқушылардың арасынан кейіннен қытай қазақтарының саяси, оқу-ағарту, мәдени рухани ісіне белсене араласқан Сәмит молда, Баймолла Қарекеұлы сияқты тұлғалар шықты.

1930 жылдары Қабыл Жәкеұлы әкесінен қалған медресенің білім беру жүйесін жаңалайды. Ол үшін А.Байтұрсынұлы емлесіндегі «төтеше жазуды» пайдаланып, сол кездегі Қазақстанның білім беру үлгісіне көшеді. Ж.Сәмитұлы алты жасында осы мектептің табалдырығын аттайды. Бес жылдық бастауыш сыныпты үш жылда аттамалап оқып бітіреді де, Жеменей ауданындағы орта мектепке оқуға түседі. Кейіннен Алтай қаласына ауысып мектепті сонда тәмәмдайды.

1955 жылы Шыңжаң институтының филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1958 жылы аяқтайды. Бұдан ары болашақ қаламгердің тағдыры күрт өзгереді. Тұтас Қытай топырағын шарпыған «Мәдени революцияның» кара дауылы оны да іле кетеді. Институтта оқып жүргенде курстастарымен бірге «жоғары оқу орындарында қазақ тілі сыныптары ашылсын» деген өтініш айтады. Олардың мұнысы «ұлтшылдық» болып саналады. Халық жазушысы Қ.Жұмаділов осы саяси науқанның куәгері ретінде оқиғаны былай баяндайды: «... өрімдей төрт жігітті белсенділер алдына салып айдап барады екен. «Осылар» деді білетіндер сырттарынан нұсқап, жастары жиырманың о жақ, бұ жағында. Сол жылы университеттің тіл әдебиет факультетін бітіргелі тұр екен. Кешікпей аттарын да біліп қалдық Задахан, Жақсылық, Оразхан, Талыпбай...» [3, 6].

Осыдан кейін саяси жағдай тіпті де қиындай түседі. Оқыған, тоқыған, көзқарақты кісілерді түрлі жаламен қуғындау жиілей береді. Ақыры Ж.Сәмитұлының да басына кара бұлт үйіріледі. Бастапқы кезде, яғни 1958-1960 жылдары институтта саяси тәрбиеде болады. Екі жылдай тергеп-тексерілген соң Корла жаза лагеріне, ауыр еңбекпен түзеуге жіберіледі. Мұнда жантөзгісіз азап пен қиындық астында үш жыл «тәрбиеленеді». Кейін, 1963 жылы Корла жаза лагерінен босап, өзінің туған ауылы Алтай аймағы, Жеменей ауданының Қызыл ту су қоймасы ауылына ұстаздық етуге жіберіледі. Мұнда да жұмыстан тыс түрлі ауыр еңбектерге жегіледі, белсенділердің қатаң бақылауында болады. Күн сайын саяси іс қимылдарға мәжбүрлі түрде қатысып, «қылмысын мойындау» секілді тергеулерге алынады. Екі

жылдан соң Көктоғай ауылындағы отбасына оралады. Бірақ тергеп-тексеру, бақылап-қадағалау еш босансымайды. Әрбір әрекеті қатаң бақылауда болады, ұйымның рұқсатынсыз беталды ешқайда бара алмайды. Осындай ереже тәртіптің қатаң болғаны соншалық Жақаң 1961 жылы әкесі Кенжеәлі қайтыс болғанда келіп топырақ салып қоштаса да алмайды.

Замана қабағына қатқан саяси тоң 1976 жылы Мао қайтыс болған соң ғана жіби бастайды. Осыдан кейін ұзақ уақытқа созылған «Мәдени революция» деп аталған саяси әрекет тоқтатылып, нақақ жазаға ұшыраған азаматтар бір бірлеп ақталып, бастапқы атақ абыройы, жұмысы қалпына келе бастайды. Сөйтіп, 1978 жылы Ж.Сәмитұлы да жазықсыз жазаның бұғауынан құтылып шығады.

1958 жылы институтты енді ғана аяқтап жатқан, небәрі 18 жасар өрімдей бозбала саяси науқанның тырнағына ілініп жаза лагеріне айдалады, содан 1978 жылы ғана толық ақталып шығады. 20 жыл түрлі лагерлерде, тергеп тексеру астында, қатаң бақылауда өмірі өтеді. Шығармашылық адам үшін, әсіресе жазуды енді бастаған, әлі толық игеріп, менгеріп үлгермеген қаламгер үшін бұл 20 жыл үлкен жоғалту болғаны анық. Осы тұста мына бір мәселені де айта кеткеніміз жөн. Қытайда жүргізілген «Мәдени ревоюция» кезінде көптеген қазақ ақын-жазушылары Тарым, Корла және басқа да жаза лагерлеріне айдалды. Алды 25 жыл, арты 5-10 жыл еңбекпен өзгерту орталықтарында «жазасын өтеді». Міне осы ауыр да азапты мезгіл Қытайдағы қазақ әдебиетінің дамуына, көркемдік тұрғыдан өсіп жетілуіне үлкен кедергі кесірін тигізді. Сондай-ақ қазақ әдебиетінде «түрме әдебиеті», «лагер әдебиетінің» қалыптасуына негіз болды. М.Разданұлы Қ.Шабданұлы, О.Ахмет, Б.Құсбегин сияқты жазушылар түрме, жаза лагерлері туралы, ондағы ауыр азап, жантөзгісіз қинау, өмір үшін күрес, қандай қиын кезде де өшпейтін адамның сезімі, үзілмейтін үміті туралы сүбелі туындылар жазды. Мұны да Қытай қазақ әдебиетінің өзіне тән жанрлық, тақырыптық ерекшелігі деп атасaq еш қателеспейміз.

1978 жылдан кейін Қытайда қайтадан жылымық орнап, саяси жағдай жақсара түседі. Ұзақ уақыт әбден тұралаған мәдени, рухани құндылықтар жандана бастайды. 1980 жылы ауылда ұстаздық етіп, бала оқытып жүрген Ж.Сәмитұлын аймақ орталығы Алтай қаласына алдырып, жаңадан ашылып жатқан «Алтай аясы» деп аталатын әдеби-көркем журналдың бас редакторы етіп тағайындайды. Жаңа әдеби басылымның аяғынан қаз тұрып, қатарға қосылуы үшін автор аянбай еңбек етеді. Әбден ширғып келген өзі де өнімді түрде шығармашылықпен айналысады. «Алтай аясы» журналының редакциясында



Ж.Сәмитұлының ең бір жемісті, нәтижелі 9 жылы өтеді. Бұл тұста бірнеше прозалық кітабы жарық көріп, әдеби ортада өз қарым қабілетін айғақтап, өз бағасын алып үлгерді.

1989 жылы Ж.Сәмитұлы жұмыс бабымен Үрімжі қаласына ауысып келеді. Негізгі қызметі – Шынжаң өлкелік телевизиясына қарасты қазақ редакциясы, аударма бөлімінің меңгерушісі. Ж.Сәмитұлы мұнда 1993 жылға шейін еңбек етті. Өнімді, тындырымды жұмыс істеді. Көптеген телехикаялардың аударылып, дубляж жасалуына еңбегі сінді. Ж.Сәмитұлы дубляж барысында әр бір детальға қаншалықты мән бергенін мына бір естеліктен анық аңғаруға болады: «...Бір жолы Жақан мені кабинетіне шақырды:

– Бізде бір аударма фильм бар. Соның түсіндірмесін сен оқы, – деді.

– Мен дубляж актері емеспін ғой, бұл қалай болады екен аға, – дедім.

– Бұл кейіпкердің диалогы емес, көлденең мәтін, сен дикторсың ғой, – деді Жақан.

Сөйтіп, «Жаза лагерінен қашып шығу» көпсериялы телехикаяның түсіндірме мәтінін оқыдым. Бұл арада Жақан менің жеке басымды емес, көркем фильмдегі дыбыс бояуының әр алуан болуын, көрерменге тың әсер беруін ескеріп отыр» [4, 75] Осы бір үзік естеліктен-ақ Ж.Сәмитұлы Қытай қазақтарының телеарналарда аударма ісінің, дубляж мәселесінің жандануына, кәсіби деңгейде жетілуіне қаншалықты қалтқысыз еңбек еткенін анық байқауға болады.

Ж.Сәмитұлы 1993 жылы атажұрты Қазақстанға, Алматы қаласына көшіп келеді. Бұл 1962 жылдан кейін үзіліп қалған Қытайдағы қазақ көшінің қайта жалғанғаны еді. Жазушы өзінің атажұртына қалай алып ұшып жеткенін еларалық «Шалқар» газетіне берген сұқбатында былай түсіндіреді: «1991 жылы Тәуелсіздік күнін жариялап, дербес мемлекет болдық деген хабарды алғаш Қазақстан радиосынан естігенімде жүрегім жарылардай қуанып, көзіме жас алғанымды, ерекше күй кешіп, лепіріп тасығанымды дәл қазір тілмен айтып жеткізе алмаспын. Ойымда жүрген арманым сол сәт орындалғанын сездім. Ол – менің Атажұртқа кетуім еді» [5, 2] Үрімжідегі жайлы жұмысын, үйреніскен шығармашылық ортасын тастап Қазақстанға жазушыны алып келген атажұртына деген ыстық махаббаты болса керек. Сондай-ақ ойында жүрген, көкейіне ұзақ жыл сақтаған тағы бір басты мақсаты Алтайдағы қазақтардың ұлт азаттық көтерілісін негіз еткен, 18 ғасырдың соңы, 19 ғасырдың орта шеніне дейінгі Шынжаңдағы қазақтардың қоғамдық, әлеуметтік, саяси өмірін суреттеген «Қаһарлы Алтай» тарихи трилогиясын жазу болатын.

Алматыға келгеннен соң Ж.Сәмитұлы бір жылдай еларалық «Шалқар» газетінде жұмыс істейді. Кейінен 1994 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Шығыстану факультетінде доцент болып, Қытай тілінен сабақ берді. Мұнда 2007 жылға дейін шәкірт тәрбиелейді. 2008 жылы Алматы қаласында қайтыс болды.

Жақсылық Сәмитұлының шығармашылық жолын, қалыптасып, даму үдерісін бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең – «Мәдени революцияға» дейінгі кезең, яғни 1955-1958 жылдар. Мұны қаламгердің алғашқы қанат қағысы, әуестік ұмтылысы деп бағалаған жөн. Белгілі әдебиет сыншысы Ә.Сағындықұлының зерттеуіне сүйенсек, бұл кезде Ж.Сәмитұлының ресми басылымда бір өлеңі мен бір шағын әңгімесі ғана жарық көрген екен. «Басқа да көптеген әріптестері сияқты Жақсылық та о баста әдебиетке өлеңмен келіп араласқан екен. «Шопандарға» деп аталатын алғашқы өлеңі 1955 жылы «Алтай» газетінде жарияланыпты. Студент кезінде жазған алғашқы әңгімесі «Алғыс пен қарғыс» 1957 жылы «Шынжаң Әдебиет искусствосы» журналында (қазіргі «Шұғыла» журналы) жарияланған екен. Жақсылықтың «Мәдениет революциясынан» бұрын жарық көрген біз білетін шығармасы осы екеуі ғана» [6, 12]. Одан кейін Қытайда саяси жағдайдың қиындағанын жоғарыда айттық. Ондай кезде жазу түгілі жаныңның аман қалуының өзі үлкен олжа болды. Бірлі жарым жазылған шығарманың өзі қатаң бақылаудан, сүзгіден өтті. Партияның нұсқауымен ғана жарық көрді. Сәл қиыс кеткен, бұра тартқан дүниелер болса цензураның қырағы көзінен тыс қалмады. Ондай шығарманың иесі «саяси элемент», «партияға, үкіметке қарсы» есебінде аяусыз жанышталынды. Мұндай жағдайды Ж.Сәмитұлы да басынан өткізеді. 1960 жылдары Қызылту су қоймасында еңбекпен түзетуде жүргенде, түнде егістік суарғанда ығыр еткен масалар туралы «Мазаны алған масалар» деген өлең жазады. Мұны көзі шалған белсенділер Ж.Сәмитұлын тергеп-тексеріп, әбден мазасын алады, «сен бұл өлеңінде саяси төңкерісті мазақтап, мысқылдап отырсың» деп жазғырады. Ең ақырында «төңкеріске қарсы элемент» деген үстеме айып тағып, жазасын ауырлатады. Міне осындай әр ісін аңдулы, әр қадамың бақылаулы, күдір, қиын кезеңде шығармашылықпен айналысу қалай мүмкін болсын?!

Екінші кезең – Ж.Сәмитұлының өнімді жазған кезі –1978-1993 жылдар. Бұл уақыт аралығында жазушы ретінде әбден қалыптасты. Оқырмандарға кеңінен танылды. Жазушының мерзімді басылымдарда жарық көрген әңгіме-повестерін айтпағанның өзінде әр жылдары «Атамекен» (1983), «Тау самалы» (1985), «Ақ тілек» (1987), «Ақ сәуле» (1992) секілді прозалық

жинақтары жарық көрді. Бұл кітаптарға «Әке бейіті», «Ана сүті» қатарлы жиырма шақты әңгіме, «Гүлсары», «Атамекен», «Ақ сәуле» секілді сияқты он повесть кірген. Шығармаларда негізінен Қытайдағы қазақтардың өмірі, олардың қоғамдық өзгерістер мен саяси құбылуларға тап болғандағы жан күйі, іс әрекеті, ішкі ширыққан сезімі суреттеледі. Сонымен қоса Ж.Сәмитұлы бұл кезде аударма ісіне де ден қояды. Түрлі телехикаялардан тыс қытайдың Янь Мо дейтін жазушысының «Жастық жыры» деп аталатын екі томдық романын қазақ тіліне аударады. Мұнымен қоса шетелдің біраз жазушыларын тәржімалайды.

Үшінші кезең – жазушының Қазақстанға келген кезі. Яғни атақты «Қаһарлы Алтай» тарихи трилогиясының жазылуы. 1987 жылы Алтай қаласында басталған шығарма 2001 жылы Алматы қаласында аяқталды. (трилогия алғашында «Сергелден» деген атпен әр жылдары әр түрі баспадан 4 кітап болып жарық көрді, кейін автордың толықтырып, өзгерткен нұсқасы 2010 жылы «Дәуір» баспасынан «Қаһарлы Алтай» деген атпен басылып шықты). Дәл осы уақыт аралығында жазушының 2000 жылы жарық көрген «Қытайдағы қазақтар» монографиясын қоспағанда, «Қаһарлы Алтайдан» өзге шығарма жазылмаған. Қаламгердің бұл туындысына қаншалық салмақ салғанын, күш жұмсағанын осыдан-ақ сезуге болады. Жазушы күрделі тарихи кезеңді қамтыған бұл трилогияны 14 жыл бойы жазды. Бұл кезеңді қаламгердің ең бір зар бабына келген, шығармашылық тұрғыдан пісіп жетілген кезі деп айтсақ қателеспейміз.

Төртінші кезең – қаламгер өмірінің соңғы кезеңі. 2001-2006 жылдар аралығы. Қазірге дейін жарияланған шығармаларының соңғысы «Жалғыз тілек» деп аталатын әңгіме, 2006 жылы қағазға түскен. Жазушы бұл уақыттарда қытай тілін оқытуға қатысты «Аударма теориясы және практикасы» атты ғылыми монографиясын және «Тәкімән батыр» (әлі жарияланбады), «Алтын қазық», «Қаріптер» сияқты повестерін, «Таныс дәрігер», «Белгілі мінез» сияқты он шақты әңгімелерін жазды. Ең өкініштісі Алтайдан басталып Алматыда аяқталған қиын да, бұралаң тағдырын қамтыған ғұмырбаяндық романын аяқтап үлгере алмады.

Жазушының Қазақстанда «Қытайдағы қазақтар» (2000), «Қаһарлы Алтай» (2010), «Аударма теориясы және практикасы» (2005), «Алтын қазық» (2008), «Атамекен», (2008), «Сарыалақаз» (2015) кітаптары жарық көрді. Қазақстан жазушылар одағының мүшесі атанды. 1996, 2001 жылдары Президенттік стипендияны иеленді. «Атамекен» кітабы 1985 жылы Қытай аз ұлт жазушыларына арналған мемлекеттік сыйлықты еншіледі.

Ж.Сәмитұлы шығармашылығы Қазақстанда да біршама зерттелді. 2015 жылы жазушының 75 жасына орай Қазақстан

жазушылар одағының ұйымдастыруымен «Қазіргі қазақ прозасының өзекті мәселелері» атты ғылыми тәжірибелік конференция өтті. Сондай-ақ «Сөзі жеткен алашқа» атты естелік кітап жарық көрді. Жазушы шығармашылығына қатысты Қ.Жұмаділов, Г.Орда, Ж.Мәмбетов, Ж.Шәкенұлы, Д.Мамырбекова, Ә.Сағындықұлы қатарлы жазушы, зерттеуші ғалымдардың мақалаларын атап айтуға болады.

Біз бұл мақалада қаламгердің шығармашылық өмірбаянын хронологиялық ретпен барынша қамтуға тырыстық. Кейбір жаңсақ айтылып жүрген деректерді нақтыладық. Алдағы уақытта Ж.Сәмитұлы шығармашылығы әр қырынан жан-жақты зерттеледі деп ойлаймыз. Әсіресе «Қаһарлы Алтай» трилогиясы дендеп зерттеуді қажет ететін сүбелі шығарма.

#### **Әдебиеттер:**

1. Мұстақиұлы С. Сөзі жеткен алысқа. – Алматы: Жанашыр. 2010, – 18 б.
2. Сәмитұлы Ж. Қытайдағы қазақтар. – Алматы: Атажұрт. 2000, – 328 б.
3. Қ.Жұмаділов Қ. Алтайдың ақиығы // Түркістан газеті. – 2010 жыл. № 29, Қараша. Б. 5-6.
4. Рабат Б. Жадымда қалған Жақаң // Сөзі жеткен алашқа. Алматы: Жанашыр. 2010.
5. Ж. Сәмитұлы сұқбаты. Шалқар газеті. №5. Сәуір, 2001.
6. Сағындықұлы Ә. Ж.Сәмитұлының өмірі мен шығармашылығы туралы. // «Сарыала қаз» әңгімелер жинағы. – Алматы: Мерей. 2015, – 276 б.

**Арна Айдосқызы,**

Сүлейман Демирель атындағы университет  
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс  
магистранты

### **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МИФОПОЭТИКАЛЫҚ ОБРАЗДАР ЖҮЙЕСІ**

Сөз өнері – халықтың дүниетанымы мен болмысын, яғни дүниенің тілдік суретін көрсетеді. Қазақ халқының тарихи даму жолын аңыз-эпсаналардан, ертегілерден аңғаруға болады. Бір сөзбен айтқанда, фольклорға кіретін барлық тармақтар халықтың арман-тілегі мен мақсат-мүддесін, таным-түсінігінен хабар береді. Әдебиеттанушылардың айтуынша, қазір әдебиет пен өнер даму ерекшелігі жағынан түбегейлі өзгеріске ұшыраған. Осы екі саланы байланыстырушы ретінде миф алдыңғы орынға шығады. Миф – адам интеллектісінің даму эволюциясын көрсететін алғашқы мәдениеттің әмбебап жанры. Мифсіз,

шындықты тікелей қабылдау формасы және әлемнің рухани дамуының бірінші кезеңі ретінде адам да, қоғам да, ғылым да жоқ, өнер де жасай алмайды. Қырғыз зерттеушісі Н.И. Осмоновтың пайымдауынша, «қазіргі заманның өзекті міндеті - ұлттық сәйкестендіру, оның қызметі ел халқын «гомогенизациялау», оны біртекті ету, ортақ мүдделер мен идеяларға қанықтыру. Ұлттық сәйкестендіру тетіктері жүйесіндегі маңызды элемент-мифология. Ол этникалық және ұлттық сананың құрылымдық факторы ретінде ұлттық сананың құрамдас бөлігі болып табылады [1].

Қазақ әдебиетінде ХХ-ХХІ ғасырда мифке қызығушылық артты. Ақын-жазушылар үзіліп қалған тамырды жалғау үшін ілкі замандағы мифтік образдарды шығармаларына арқау етті. Киелі жерлер, ағаштар, таулар, құтты мекен, халық ауыз әдебиетінде сақталған Қорқыт, Асан Қайғы, Ұмай ана, т.б. образдар арқылы айтпақ болған ойлар поэзиямен әкелді. Ескі замандарда қалыптасқан дүниені танудың формаларын мифтік таным синкретизмде көрсетеді. Бұлардың барлығы түбінде бір сақаралды ұғымды білдереді. Әдебиеттануда мифке қатыстының барлығы мифопоэтика деп арнайы зерттеліп жүр. Г.А. Токарева [2]: «Әдеби шығармадағы мифологиялық принциптің көріну механизмі әлдеқайда маңызды, біз бұл процестің нәтижелері мифопоэтиканы зерттейтініне келісеміз. Мифопоэтика деп ақын шығармасында жүзеге асырылатын және мифпен байланысты жеке авторлардың көркемдік көзқарастары мен принциптерін де атаймыз» деген болатын. Зерттеуіміздің мақсаты – қазіргі қазақ поэзиясындағы мифопоэтикалық образдар жүйесін талдау. Соңғы жиырма жылдықта жарық көрген шығармалар жинағынан мифтік сарынның ізін байқап, ақындар сомдаған, не ойлап тапқан мифтік образдарға тоқталамыз.

Зерттеушілер А.А. Мауленов, Д. Қалиақпар [3]: «Қазақ прозасында мифті шығармашылықпен игерудің үш бағытын атап өтуге болады. Оның бірі таза мифтік сюжеттерді, екіншісі мифтік образдарды, үшінші мәтін бойында мифтік архетиптерді кейіпкер бейнесін ашу мақсатында пайдалану. Оның бар екенін және ол барша қаламгерлерімізге ортақ қолданыс екенін де есте ұстағанымыз орынды» - дейді. Бүгінгі қазақ поэзиясында мифологияға соқпай кеткен ақындар кемде-кем. Өйткені рухани жаңғыру, ұлттық код, түркі мәдениетінің бастауларына деген қызығушылық артты. Халық өз қазығына орала бастады.

Г.Мүрсәлім «Қазақ поэзиясындағы мифологизм» атты мақаласында қазақ мифологиясындағы кейіпкерлерге тоқтала келіп, олардың қазіргі қазақ поэзиясындағы зерттелуі кешендеп қалғанын айтқан болатын [4]. Біз білетін Албасты, Алып, Айдахар, Жезтырнақ, Жалмауыз кемпір, Пері, Жалғыз көзді

Дәу, Дуана, Желаяк, Көлтауысар, Сайтан, Сөрел (орман иесі) киелі саналатын Ұмай ана, Көк Тәңірі, Пырақ, Бөрі, Көк өгіз, Су иесі, төрт түлік атасы Ойсыл қара, Қамбар ата, Зеңгі баба, Шопан ата, Сексек ата, діни сенімдерден Баба шәшті Түкті Өзіз, Қыдыр ата, т.с.с. мифтік образдар ақындар шығармашылығында қазақ дүниетанымына тән болмыспен кездеседі. Қазақ және түркі халықтарының түсінігінде Ұмай ана – Тәңірдің жұбайы екен. Жер ана осы Ұмай ана есімімен байланысты болса керек. Себебі, қырғыз мифологиясында Ұмай сүтімен асыраушы, мал мен өнімнің құдайы деседі. Сонымен қатар, ұрпақ жалғастырушы, аналардың періштесі деген түсінік те қалыптасқан. Мысалы, ақын Ерлан Жүністің «Ұмай» өлеңінде [5, 11]:

Еркіндікте махаббат туылмайды, а, Ұмай,  
Өкініштің қанаты суылдайды, а, Ұмай,  
Дәл төбемнен жұлдыздар зуылдайды, а,  
Ұмай,  
А, Ұмай,  
Ұмай! –

деп шарасыздықтан көмек сұраған жанды байқаймыз. Өлеңнің әр жолында Ұмайдың аты аталған. «Келіп маңдайымнан сүйіп кет» деп Ұмай ананы шақырады. Өйткені аңызға сенсек, отбасы, ошақ басының киесі, оның берген батасы қабыл болып, тілектер орындалады. Ал ақын Мирас Асанның «Ұмай ананың жыры» өлеңінде Ұмайды сөйлеткен [6,5]:

Қан жұмып туған қолымды бермедім,  
Іргеміз сөгілер еді...  
Қан жұтып жатқан елімді көрмедім,  
Көз жасым төгілер еді...  
Ұлым уызымды тауыса алмай,  
Орысқа омырауымды еміздім.  
Қызым құнан қойды тауыса алмай,  
Қытайға қалжамды жегіздім!

Осы өлеңде Ұмай ана-Жер ана-Отан ұғымында ұштасып, халықтың басынан өткен тарихын баяндаған. жауға бір нәрсені беріп, басқа сын қорғап отырдым дегенге саяды. Ақынның тұспалды тұжырымдарына сұғына отырып ұққанымыз, қазақ жерін Ұмай ана желеп-жебеп отырған.

Түркі халықтары, оның ішінде қазақтар да тәңірге сыйынған. Осы тәңіршілдік қанымызда болғанын Мирас Асан «Тәңірсый» өлеңінде Көк Түркілер, Көк Тәңір, Көк бөрілер деген мифтік образдар арқылы көрсеткен. Осы орайда қазақ ұғымындағы Көк

атрибуты аспан әлемі, жеті қат аспан үстіндегі Жаратушыны меңзеп тұр [6, 15]

Алаш рухын арқала, аға!  
Көк тер боп,  
Алаш туын арқала, аға!  
(Көкпар көп...)  
Көк бөрілер ұлыған Көк Тәңірге,  
Көк Түркілер бара жатыр  
Тоқтар боп!

Осы ақынның «Көктем» өлеңінде «Көк бөрі ұлып, әуелі керілмейінше» деген жолдар бар. Түркі халықтары көк бөріден тараған деген аңыз бар. Сондықтан халықтың айбындылығын, тектілігін көрсетіп, рухты көтеру мақсатында ақындардың «көк бөрі» образын жиі қолданатынын байқаймыз.

Сонымен қатар, мифтік аңызға желі болған Баба түкті Шашты Өзізді де ақындар жырға қосқан. Баба түкті Шашты Өзіз – бүкіл қазақ жұрты жауға шапқанда ұрандатып, қиын заманда табынатын киелі әулеі болған екен. Мирас Асаннның «Ұлытау» өлеңінде Ұлытау куә болған тарихи жайттарды тізбектеп шыққан. Тарихтан белгілі Едіге батырды осы бабамыздың ұрпағы деген мифтік оқиғаны негізге алады [6, 45]:

Ұлытаудың төрінен,  
Қолтығы тесік періден,  
Шашы түкті Өзізден,  
Қалған ұлы – Едігем!  
Бижантайған – Ұлытау...

Қазақ поэзиясындағы мифопоэтикалық образдардың бірі – киелі пырақ.

Академик С. Қасқабасов: «Егер Еуропада миф құдайлар туралы әңгімелер деп түсінілсе, онда біз қазақтардың мифі бойынша адамдар мен жануарлардың мифтік ата-бабалары туралы, демиургтер туралы, мифтің жасалуы туралы, жануарлар мен құстардың ерекшеліктері туралы әңгімелер айтамыз <...> Типологиялық тұрғыдан алғанда, қазақ мифтері (архаикалық) классикалық мифтерге жақын» [7, 65] дейді. Киелі пырақ образы аспаннан түскен Бурақ деген қанатты атпен байланысты. Біз ол қанатты аттың болғанын құран аяттарынан, хадистерден білеміз. Пырақ осы Бурақ сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшараған түрі. Жылқы көшпенді халықтың тотемдік белгіге ие атрибуттарының бірі. Өйткені жылқыны үйретіп, мінуге үйреткен түркілер деседі. тіпті атқа мінген адамның негізінде басы адам, денесі

жылқы кентавр образы пайда болған. Тоқтарәлі Таңжарықтың «Жолушы» өлеңінде киелі пырақты есіне алады [8, 24]:

Тұнжыр мұңлы көздерін түнге малып кісінеп,  
О, киелі пырағым, қасіретінді түсінем.  
Мың жылғы бір мұндары енгендейін түсіне,  
Көкбөрілер ұлиды көгілдір тау ішінен.

Ақынның шығармасы реалистік сипаттан гөрі мифтік поэтикаға ден қойған. Ал, Мирас Асанның «Адай аңызы. Суын жыры» деген өлеңінде бұрын кездеспеген мифке жолығамыз. Суын - теңіз жылқысы екен. Ұрғашы құлын есейген соң, түсінде суынды көріп ғашық болған. сөйтіп айлы түнде теңіздің қасына барады. Сол кезде теңізден суын-су жылқысы шығып, оған шабады. Сөйтіп, үстінен су тамшылап тұратын құлын туылады. Оны көзден таса, оқшаулап өсіреді екен. Шығарма осы аңызға құрылған. Арғықазақ мифологиясын зерттеуші Серікбол Қондыбай судан шығатын жылқыға қатысты мынадай дерек келтіреді [9, 59]: «Бір ертегіде» алтын жылқылар бір көлдің астын жайлайды екен» делінсе, екінші біреуінде «алып қарақұс алып кеткен алтын құйрықты биені іздеп келсе, қасында көлден шыққан бір ат тұр екен деген үзінді бар. Қарап отырсаңыз, қазақ ертегісінде әлдебір көлдің бар екендігін, осы көлдің астында алтын жылқылардың бар екендігін білуге болады, тек қазақтар аңыз-хикаяларда осындай түсініктерді мөлдір күйінде сақтай алмаған». Сонымен ақын суын жайында былай дейді [6, 31]:

Сүттей аппак Теңіз түні.  
Тамыры бір, егіз түбі.  
Су ұсынған еріне әйел,  
Суын келген – Оғыз пірі!

Ақындар шығармашылығында кездесетін мифтік образдардың бірі – киелі жерлер. Қазақ даласында киелі тастар, ағаштар, құдықтар, бұлақтар, үнгірлер, сулар жетерлік. Бірақ біздің санамызда әлі іздеп таба алмаған бір мифтік жер бар. Ол - Жерұйық. Зерттеуші А.Таңжарықованың мақаласында «Виртуальды санадағы мекендер (ғұн заманындағы Ергенекөн, түркі дәуіріндегі Өтүкен, Асанқайғы іздеген Жерұйық)» деп берілген [10]. Расымен де туғаннан адам өз Жерұйығын іздейтіндей көрінеді. Асан Қайғы суреттеген Жерұйықтың адамның санасынан өшпейтіндей көрінеді. Оны өмір бойы іздеп өтетін сияқты. Осы пәлсапаны ақын Мирас Асан былай деп тұжырымдайды [6, 15]



Жерұйық туралы ұғым -  
Мәңгілік ғұмырға сапар  
Көру де тым қиын мұны  
Сызылып таң қазір атар.

Қорыта келе, қазіргі қазақ поэзиясы түркі халықтарына тән мифологиядан сусындаған, ілкі замандардағы ой мен танымды ұғына алған, кейінгі ұрпаққа осы тәмсілді жеткізе алған шығармаларға бай екенін байқадық. Зерттеу кезінде біз талдаған шығармалардағы мифопоэтикалық образдар - адамзаттың қиын-қыстау кезеңінде жалбарынатын құдайы, әулие-әнбиесі, пірі, жаны тынышталатын, дертіне шипа беретін мекені, сырласатын, жорытқанда жолдас болатын жануары. Миф арқылы тарихты тануға болады. Ал поэзия осы миссияны сөз өнері арқылы адамның сезімдеріне әсер етіп, санасына сәуле шашып жүр.

#### Әдебиеттер:

1. Осмонов О. Дж. История Кыргызстана (с древнейших времен до наших дней). Учебник для вузов. Бишкек: Мезгил, 2012. 612 с.
2. Токарева Г.А. Мифопоэтика У. Блейка. «Миф и мифопоэтика» [Электронный ресурс] / Г.А. Токарева. — Режим доступа: <http://lit-prosv.niv.ru/lit-prosv/tokareva-mifopoetika-blejka/mif-i-mifopoetika.htm>.
3. Мауленов А.А., Қалиақпар Д. қазіргі әлем және казак неомифологиясындағы мифтік мотивтер мен архетиптердің өзара үндестігі // Хабаршы. Филология сериясы. №2 (186). – 2022. – 156-164 бб.
4. Миннегулов М.Х., Мүрсәлім Г.Х. Қазақ порэзиясындағы мифологизм // Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің хабаршысы. - №1(45). – 2020. – 104-109 бб.
5. Жүніс Е. Үміт жырлары. Өлеңдер. Алматы, «Хантәңірі», 2014. – 324 б.
6. Асан Мирас. Бекзат. Өлеңдер. Алматы. «Жалын баспасы» ЖШС, 2012. – 112 б.
7. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
8. Тоқтарәлі Таңжарық. Түн парактары: өлеңдер / Таңжарық, Тоқтарәлі, – Алматы: Жалын, 2008. – 63 б.
9. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 12-том. Арғыказак мифологиясы. 4-кітап. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 536 б.
10. Таңжарықова А.В. Юсуп А.Н Қазіргі қазақ поэзиясындағы киелі жердің мифопоэтикалық бейнесі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы. №4 (125). – 2018. – 115-120 б.
11. Жанысбекова, Э.Т. Мифологические образы и мотивы в современной казахстанской прозе: диссертация на соискание степени доктора философии (PhD) 6D020500 – Филология [Текст]. – Алматы : Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2018 – 161 с.

**Томирис Аралбай,**  
Сүлейман Демирель атындағы университет,  
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс магистранты

## **«ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» ПЕН «СӨЗ ӨНЕРІ» ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ӘДЕБИ-ТЕОРИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСЫ**

Қазақ әдебиеттану ғылымында әдебиет теориясына арналып жазылған тұңғыш еңбек А. Байтұрсынов қаламынан шыққан. Алайда ғалым еңбегі ұзақ уақыттар ғылымда оқылмай, оқырман қолданысын таппай келді. Осы жайлы академик Зейнолла Қабдолов өзінің «Сөз өнері» кітабының басылымында: “...жетпісінші жылдарға шекті студент-филологтардың қолында жүрген бірден-бір құрал – Қажым Жұмалиевтің орта мектепке арналған «Әдебиет теориясы» ғана; ал Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926), Есмағамбет Ысмайловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» (1940) атты кітаптары белгілі себептермен пайдалануда болмағаны мәлім» [1, 4], – деп жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет зерттеушісі, әдебиеттанушы ғалым ретіндегі тұлғасын айқын танытатын аса күрделі, өз уақытындағы жаңашыл зерттеу еңбегі – 1926 жылы Ташкентте басылған «Әдебиет танытқыш». Әдебиеттану ғылымындағы Ахмет Байтұрсынұлының дәстүрін жалғастырушы, қазақ әдебиет теориясы ілімін дамытушы академиктер Қ.Жұмалиев, З. Қабдоловтың еңбектерінде сабақтастық бар екенін жоққа шығаруға болмайды. “Әдебиет танытқыш” – қазақ топырағында әдебиет тарихы мен теориясы туралы жазылған тұңғыш кең көлемдегі жүйелі зерттеу. Өз дәуірінде қолданыста көп бола қоймаса да, жоғары мектепте оқулық ретінде пайдаланылды. Бүгінде сөз өнерінің ажарын ашқан асыл еңбекпен қайта табысып, әдебиет жайлы ой-танымымыздың негізі ретінде нәр алудамыз.

Академик Р. Нұрғали «Әдебиет танытқыш» туралы алғаш болып пікір білдіріп, «Қазақ әдебиеті» газетінде «Алып бәйтерек» атты мақаласында «Әдебиет танытқышқа»: «...Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» деп баға береді. Ал «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» атты зерттеу еңбегінде жоғарыдағы пікірін толықтыра түсіп. «...Әдебиет танытқыш» – Ахмет Байтұрсынұлының эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында

болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, асыл еңбек» [2, 25] деген тұжырым жасайды.

Ғалым А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» ешкімнен дәйексөз келтірмейді, ешкімнің пікіріне сүйенбейді. Ғылыми еңбек алғы зерттеулерді негіздей отырып жасалатынын ескерсек, Ахмет оны жақсы ұстанған. Бірақ ол мына ғалымның мынадай пікірі бар, анау зерттеушінің түгендей қисындары бар деп атын атап, түсін түстеп жатпайды. Өз заманына дейінгі қоғамдық ой-сананың, әдеби-эстетикалық танымның, философиялық ілім-білімнің, әсемдік ойдың тұнығын екшеп, ұлттық әдебиет материалы негізінде ұлттық әдебиет ғылымының ақиқатына айналдырған. Әдебиеттану ғылымының бастауында Ахмет Байтұрсынұлы тұрса, оның әдебиет теориясы саласын шырқау биікке көтерген ғалым академик Зейнолла Қабдолов екендігін ешкім жоққа шығара алмас. Оның дәлелі ғұламаның мына сөздерінен айқын көрініс тапқан: «Әдебиеттану – сөз өнерін зерттейтін ғылым. Бұл ғылымға беташар тәрізді әдебиеттің табиғатына тән ең бір қарапайым қағидалар, ілкі түсініктер «Әдебиеттануға кіріспе» деп аталатын арнаулы пән арқылы талданып, тексеріледі. Одан арғы күрделі мәселелердің бәрі әдебиеттанудың өзге салаларының үлесіне қалады. Ал, әдебиет туралы ғылым, негізінен, мынадай үш түрлі ғылыми салаға бөлінеді: әдебиет теориясы, әдебиет тарихы және әдебиет сыны.

Әдебиет теориясы көркем әдебиеттің болмысы мен бітімін, әдеби шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін байыптайды. Әдебиеттің өзіне тән ерекшелігін, оның қоғамдық қызметін, көркем шығарманы талдаудың принциптері мен методикасын, әдеби жанрлар мен оның түрлерін, өлең жүйелерін, тіл мен стиль, әдеби ағым мен көркемдік ағым мәселелерін түп-түгел тек әдебиет теориясынан ғана танып-білуге болады» [1, 35-36]. З.Қабдолов еңбегі А. Байтұрсынұлы еңбегімен астасып жатады. Мәселен, «Әдебиет танытқышта» А. Байтұрсынұлы сөз өнерінің адам жан дүниесіне әсер етуі қалам қуатына тығыз байланысты екенін байыптай келе: «Сөз өнері – адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге» (3, 168), – деп түйіндесе, З. Қабдоловтың «Сөз өнері» кітабында суреткерге тән ерекше қасиеттер сегізге жеткізілген. Олар: «сезім, бақылау, қиял, интуиция, өмірбаян, парасат, шеберлік, шабыт» [1, 12]. Соңғы сегіздің алғашқы үштен қанат қағып тұрғаны бесенеден белгілі. Бұл өзі баяғы Абайдың адамның адам болып қалуының жолы деп ұсынған «Бес нәрседен қашық, бес нәрсеге асық болуды», Шәкәрімнің 8-ге жеткізгені тәрізді нәрсе. Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» Сөз арқылы дүниеге келген өнер туындысының өзіндік ерекшелігін «Сөз өнерінен жасалып

шығатын нәрсенің, жалпы аты шығарма сөз, алаты қысқартылып көбіне шығарма деп аталады», деп анықтай келіп шығарма сөздің 4 тысқы сипатын көрсетіп, әрқайсысына анықтама береді. «Шығармасөздің» бәрінен бұрын байқалатын тысқы нәрселері: 1) тақырыбы, 2) жоспары, 3) мазмұны, 4) түрі» [3, 170]. Ахметтің пайымдауынша тақырып – ойға алған пікірдің атауы, жоспар – шығарманың неден басталып, неден аяқталарының белгілеп алу, мазмұн – ойға алған пікірді жеткізуге жұмсаған бүкіл сөз, түр - шығарма мазмұнын ең оңтайлы жолмен берудің ыңғайлы түрі. Міне, осы аталған мәселелер «Сөз өнерінде» одан әрі дамытылып, өзіндік ой-тұжырымдар арқылы бекітіледі. Зекеңде әңгімені тақырыптан бастайды. Ол кісінің пайымдауынша: «Тақырып – өнер туындысының ірге тасы». «...Жазушының шындық болмыстан таңдап, талғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының тобын тақырып дер едік» [1, 149] – деп түйіндейді өзіндік ойын ғалым. Одан әрі осыдан туындата отырып, шығармадағы идея, тенденция, тартыс, фабула, сюжет, копозициялардың мәнін ашып, олар туралы ой-тұжырымдарын әлемдік әдеби зерттеулермен нақтылап отырады. Мысалдық материалдардың көбі өз заманындағы танымал шығармалардан алынған. «Әдебиет танытқышта» шығарманың екі жағы бар деп алып, А. Байтұрсынұлы алғашқы бөлімде «шығарманың тілінің ғылымына» назар аударса, З. Қабдоловтың «Сөз өнерінде» бұл мәселе «Сөз сыры», «Сөз сарасы» тарауларында кеңінен сөз болып, негізгі ой-тұжырымдар Ахаң еңбегінен тамыр тартып жатады. А. Байтұрсынұлы тіл көрнекілігінің (бүгінгі түсінікте образдылық) 3 түрін көріктеу, меңзеу, әсерлеуді атап, көріктеуге айқындау, теңеу, ауыстыруды жатқызады. Әсерлеудің түрлері «арнау, қайталақтау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, бүкпелеу, кескіндеу», деп дәлелдейді. Өз ойларын ұлттық әдебиеттің озық үлгілерінен алынған мысалдар арқылы бекіте түседі. Ал, кейіннен жазылған еңбектерде, осы көріктеу құралдары шет тілден енген терминдермен – троптар, фигуралар деп аталып кеткен. З. Қабдолов «Сөз өнерінде» Ахаң салған сара бағытпен кетіп, «тропты» – «құбылту» деп алып, оның ауыстыру (метафора), кейіптеу (олицетворение), астарлау (символ), алмастыру (метонимия), т.б. түрлерін таратып алып кетеді. Олардың аты өзге болғанымен, затында айырмашылық жоқ. Анықтамаларындағы айырмашылық та жоқтың қасы деуге болады. Тек кейбір түрлердің жіктемелерінде аздаған өзгешеліктер кездеседі. Айталық, Ахмет Байтұрсынұлы теңеуді жай, әншейін деп екіге бөлсе, З. Қабдолов теңеулердің жай және күрделі деген екі түрін көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышының» ұлылығы

– академик Зейнолла Қабдолов тұжырымдағандай «Әдебиет теориясының басы» болуында ғана емес, асыл сөздің бүгінгі күннің сұранысы. Тұңғығына сүңгіп, тұнығынан қанып ішсек, ұлттық, ой-танымнан тірек тапқан әдіснамалық арналары қазақ әдебиеттануының ғылыми негізі болмақ. Ахмет бастаған дәстүрді жаңаша дамыта білген, академик Зейнолла Қабдолов еңбектері куә. Кезінде кемеңгер Ахмет, Зейнолла еңбегіндегі ұлттық танымға негізделген қасиеттерді тап басып танып, оның өміршең болмысын жан-жақты насихаттауға белсене кірісті. Бүгінгі күні ғалым еңбектерін зерттеу әдебиеттану ғылымында еңбек етіп жүрген ғалымдардың борышты ісі.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
2. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана: Күлтегін, 2002.
3. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Том 1. – Алматы: Алаш, 2003.

## МАЗМҰНЫ

<b>Матыжанов К.</b>	
<i>Кіріспе сөз</i> .....	3
<b>Дәдебаев Ж.</b>	
Менің Университетім.....	5
<b>Ақыш Н.Б.</b>	
Әдебиеттану ғылымының алдыңғы сапында еді.....	15
<b>Мәдібаева Қ.Қ.</b>	
Абайдың аударма шығармаларының текстологиясы.....	21
<b>Пірәлі Г.Ж., Әмірбаева Ш.М.</b>	
Зәки Ахметов – мұхтартанушы ғалым.....	39
<b>Мәдібаева Қ.Қ., Мұхамеди Қ.</b>	
Жамбылдың «Сұраныш батыр» жыры.....	50
<b>Ананьева С.В.</b>	
Теоретическое наследие академика Заки Ахметова, проблемы теории и истории литературы в мировом научном контексте.....	60
<b>Кунаев Д.А.</b>	
Заки Ахметов и проблемы ауэзоведения.....	66
<b>Шаңбаев Т.Қ.</b>	
Ғалым ұстаздың ғибраты.....	71
<b>Зейферт Е.И.</b>	
«Японский роман» в новейшей русской прозе («Осьминог» Анаит Григорян).....	75
<b>Хамраев А.Т.</b>	
Научные труды академика З. Ахметова как фактор истории казахского литературоведения.....	79
<b>Әубәкір Ж.М.</b>	
Абай және адами қасиеттер.....	85
<b>Оралбек А.</b>	
Тарихи аңыздардың жиналуы мен зерттелуінің негіздері.....	93
<b>Жолдыбаев О.М.</b>	
Ұлттық ойындардың өзекті мәселелері.....	99
<b>Балтымова М.Р.</b>	
Балаларға арналған фольклорлық шығармалардың тәрбиелік мәні.....	105

<b>Арукенова О.А.</b>	
Генезис образа и проблемы безотцовщины в романе Андрея Битова «Пушкинский дом».....	112
<b>Қушқимбаева А.С.</b>	
Зәки Ахметов зерттеулеріндегі әуезовтану мәселелері.....	119
<b>Қуатбекұлы Е.</b>	
Зәки Ахметов еңбектеріндегі өлең теориясы: қазіргі қазақ поэзиясы.....	124
<b>Мұқатаева С.А.</b>	
«Абай менің өмірлік тақырыбым...».....	126
<b>Қалиасқарова А.Т.</b>	
Зәки Ахметовтің аударма туралы тұжырымдары.....	133
<b>Тілеуберді Қ.</b>	
Оқушы есінде отыз бірінші сөз болса?.....	138
<b>Мағазбеков Н.Ж., Әубәкірова Н.Ә.</b>	
Абай танымындағы мінез типологиясы.....	140
<b>Болат Г.</b>	
Дулат Исабеков повестеріндегі фольклорлық сарынның көрінісі.....	149
<b>Толқын Н.</b>	
Жазушы Жақсылық Сәмитұлының шығармашылық өмірбаяны.....	158
<b>Айдосқызы А.</b>	
Қазіргі қазақ поэзиясындағы мифопоэтикалық образдар жүйесі.....	164
<b>Аралбай Т.</b>	
«Әдебиет танытқыш» пен «Сөз өнері» еңбектерінің әдеби-теориялық байланысы.....	170

Басуға 9.10.2023 ж. қол қойылды.  
Пішімі 60x90/16. Гарнитура «Times New Roman»  
Шартты баспа табағы 14,3.  
Таралымы 200 дана. Тапсырыс № 149.  
АҚ «Алматы-Болашақта» түптелді.